

**С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік
университетінің ғылыми журналы
Научный журнал Павлодарского государственного
университета им. С. Торайғырова**

*1997 жылы құрылған
Основан в 1997 г.*



**С. Торайғыров атындағы ПМУ-дің
50 жылдық мерейтойына арналады**

İ Ì Ó
ÕÀÁÀÐØ ÛÑÛ

ÂÃÑÒÍ ÈÊ Ì ÑÓ

ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ

3 2010

Научный журнал Павлодарского государственного университета
им. С. Торайгырова

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на учет средства массовой информации
№ 4533-Ж

выдано Министерством культуры, информации и общественного согласия
Республики Казахстан
31 декабря 2003 года

Арын Е.М., д.э.н., профессор. (главный редактор)
Сарбалаев Ж.Т., к.ф.н., профессор (зам. гл. редактора);
Демесинова Г.Х., к.ф.н., доцент (отв. секретарь);

Редакционная коллегия:

Еспенбетов А.С., д.ф.н., профессор;
Жусип К.П., д.ф.н., профессор;
Кеңжебалина Г.Н., к.ф.н., доцент;
Загидуллин Р.З., д.ф.н., профессор;
Хасанулы Б., д.ф.н., профессор;
Айтжанова Д.Н. (тех.редактор).

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели.
Мнение авторов публикаций не всегда совпадает с мнением редакции.
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов.
Рукописи и дискиеты не возвращаются.
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник ПГУ» обязательна.

МАЗМҰНЫ

Е.Б. Ахметов, Ғ.Е. Имамбаева	
Етіс категориясының теориялық мәселелері.....	6
Л.Е. Дальбергенава, К.Т. Рысалды	
Немістің көмекші сөз тіркесі себеп - салдарлық қатынас	11
А. Әбілов	
О. Бөкей әңгімелеріндегі ырғақтар	19
Ғ. Әнес	
Мәтінтанулық зерттеулер жүргізудегі қолжазбалардың (басылымдардың) маңызы	27
Н.Қ. Жүсіпов	
Қазақ фольклорын зерттеу мәселелері: XX ғасырдың I жартысы	39
А.Ф. Зейнулина	
Кәсіби қазақ тілін оқытудағы білім мазмұны	45
Б. Қасым	
Күрделі аталымдардың түркітанудағы зерттелуі	53
Қ. Мәшһүр-Жүсіп	
Жан және аруақ	65
Б. Момынова	
Қазақ әдеби тілінің өміршеңдігі	75
Ж.Т. Сарбалаев	
Тілдегі ауысу процесстері	79
А.Қ. Тұрышев	
Этномәдени құндылықтар	88
А.Қ. Тұрышев	
Рухани құндылықтардың негіздері	109
А. Утанова, М. Шындалиева	
Мәтін стилистикасының құрылымы мен бағыттары.....	132
М.Б. Шындалиева	
БАҚ -тағы жарнаманың өзіндік ерекшеліктері	141
Ж. Камалқызы	
Қазақ ауыз әдебиетіндегі роман жанры	151
Біздің авторлар	161
Авторлар үшін ереже	162

СОДЕРЖАНИЕ

Е.Б. Ахметов, Г.Е. Имамбаева Теоретические проблемы категории залога	6
Л.Е. Дальбергенава, К.Т. Рысалды Причинно-следственные отношения в немецких предложных словосочетаниях	11
А. Абилов Ритмические особенности рассказов О. Бөкея	19
Г. Анес Роль рукописей в исследовании текстологии	27
Н.К. Жусупов Проблемы исследования казахского фольклора : I половина XX века	39
А.Ф. Зейнулина Содержание обучения профессиональному казахскому языку	45
Б. Касым Исследование сложных номинативов в тюркологии	53
К. Машхүр-Жусуп Душа и дух	65
Б. Момынова Перспективы в казахском литературном языке	75
Ж.Т. Сарбалаев Переходные процессы в языке	79
А.К. Трушев Этнокультурные наследия	88
А.К. Трушев Основы духовно-культурных наследий	109
А. Утанова, М. Шындалиева Структура и направления стилистики текста	132
М.Б. Шындалиева Особенности рекламы в средствах массовой информации	141
Ж. Камалкызы Жанр романа в казахской литературе	151
Наши авторы	161
Правила для авторов	162

CONTENT

Y.B. Akhmetov, G.Y. Imambayeva The theoretical problems of voice category.....	6
L.E Dalbergenova, K.T. Ryssaldy Functional-semantic field of causation in modern German	11
A. Abilov Rhythm in O. Bokey's stories	19
G. Anes The role of manuscripts in the research of textual criticism	27
N.K. Zhusupov Research problems of Kazakh folklore: I half of the twentieth century.....	39
A. F. Zeinulina Content of professional kazakh language teaching	45
B. Kasym Investigation of complex nominatives in turkology	53
K. Mashkhur-Zhusip Soul and spirit	65
B. Momynova The perspectives in the kazakh literary language	75
Zh.T. Sarbalayev Transition processes in languages	79
A.K.Trushev Ethnocultural heritags	88
A.K.Trushev Bases of mental-cultural heritage	109
A. Utanova, M.Shyndaliyeva The structures and directions of stylistics of texts	132
M. Shyndaliyeva The peculiarities of advertisement in the Mass Mediai.....	141
Zh. Kamalkyzy Novel's genre in kazakh spoken literature.....	151
Our authors.....	161
Rules for authors	162

ETIC КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛелЕРІ

Е.Б. Ахметов

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Ф.Е. Имамбаева

Инновациялық Еуразия университеті, Павлодар қ.

Тіл білімінде етіс категориясы күрделі тақырып екендігі – бұл мәселе төңірегінде әлі де аяқталмаған зерттеулер нәтижелерінен орын алып отыр. Түркі тілі, соның ішінде, қазақ тілінде, етістік көптеген түркітанушы ғалымдар өздерінің ғылыми еңбектерінде сөз етіп, жан-жақты қарастыруға тырысқан еді. Солардың бірі етіс - етістіктің көп қолданылатын ерекше грамматикалық категориясы. Етіс жайында тіл білімінде қабылданған ортақ анықтама жоқ. Етіс жайын ең алғаш сөз еткен - М. Қашқари. Біздің көптеген ғалымдарымыз етіс туралы зерттеу жүргізгенде, алдымен М. Қашқаридың пікірлеріне тоқталады. Тілші ғалымдар арасында етіс категориясы әр түрлі пікір тудыратын грамматиканың қиын да күрделі мәселелерінің бірі ретінде қаралып келді. Мұндай пікір ала-құлалығының туындауы, біріншіден, етіс категориясы табиғатының ерекшелігіне, екіншіден, аралас лексика-грамматикалық категория болып есептелінуіне, үшіншіден, тарихи даму, өзгеру, жетілу процестеріне байланысты болу керек. В.В. Виноградов орыс тіліндегі етіс категориясы жөнінде айта келіп: «... категория залога находится на самой пограничной черте между грамматикой, лексикологией и фразеологией, в области грамматики - ближе к синтаксису предложения, чем к морфологии слова», - деген болатын. [1, 606 б.]. В.В. Виноградовтың пікірі бойынша етіс категориясы морфологиядан гөрі синтаксис саласына жақын, яғни сол тұрғыдан қаралу керек. Сондықтан тілші ғалымдар етіс категориясын әр түрлі тұрғыдан, әр түрлі деңгейде қарастырды, соған орай әр түрлі анықтамалар берілді. Орыс тіл білімінде үш түрлі анықтама белгілі. Семантикалық анықтама: формы залога выражают разл. отношения глагольного действия к его субъекту (Ф.Ф. Фортунатов, А.М. Пешковский, Р.О. Якобсен. «Грамматика современного русского литературного языка». 1970, и др.); ... Синтаксистік анықтама: форма залога выражают разл. отношение глагола к подлежащему (А.В. Исаченко и др.); ... Семантикалық синтаксистік анықтама: форма залога выражают разл. отношения глагольного действия и его субъекта к подлежащему и дополнению (А.И. Моисеев).

Етіс категориясы жайындағы әр түрлі көзқарастар түркітанушы ғалымдар тарапынан да болды. 1957 ж. 27-30 тамызда Уфада өткен

Бүкілодақтық үйлестірілген (координационный) кеңесте Б.А. Серебренников «О залогe в финно-угорских и тюркских языках» атты баяндамасында түркі тілдеріндегі етіс жүйесінде қалыптасқан күмәнді пікірлердің бар екендігін айтты. Ол өзінің көзқарасы тұрғысынан мынадай дәлелдер келтірді:

1. Түркітанушы көрнекті ғалымдардың біразы (Н.П. Дыренкова, В.В. Решетов, А.Н. Кононов, Ж. Дени, М. Рясен, Д. Рамстедт) өздерінің еңбектерінде «етіс» деген атауды қолданудан қашады және етістіктер сөзжасамы тарауында қарастыра отырып, суффикстердің тек өздік, ырықсыз, ортақ, өзгелік (говорят лишь о возвратном, страдательном, взаимном, и понудительном значениях суффиксов, рассматриваемых в разделе словообразования глагола) мағыналары жөнінде айтады. Басқа авторлар (Н.К. Дмитриев, Н.А. Баскаков, И.П. Батманов т.б.) түркі тілдерінің құрылымына формальды көрінетін толық дамыған етіс категориясы тән екендігін дәлелдейді.

2. Түркі тілдеріндегі «етіс» деп аталатын категория «анық семантикалық жіктелуді» көрсетеді, көпшілік жағдайда етіс мағынасын білдірмейді, сондай-ақ өзінің ерекше жағдайда парадигмасы жоқ. Б.А. Серебренников баяндамасының соңында мынадай қорытынды жасады: «С известной натяжкой в тюркских языках можно бы выделить возвратный и взаимный залог, но полисемантность оформляющих их суффиксов вызывает необходимость их рассмотрения в разделе глагольного словообразования». Б.А. Серебренниковтің сөзіне қарағанда, біраз ғалымдардың етістігі етістіктің жеке категориясы ретінде қарамай, сөзтудырушы жұрнақ ретінде беруі етіс табиғатының толық ашылмағандығын көрсетеді. А.М. Щербак, Э.В. Севортян т.б. сынды ғалымдар да етіс категориясын сөзжасам тарауында қарастырады. А.М. Щербак етістік сөз тудырушы жұрнақтарды етістіктің бабтары деп атайды да, сол бабтардың ішіндегі көрнекті орын алатыны - қимыл-әрекет пен оны нақты іске асырушы арасындағы қатынасты білдіретін көрсеткіштер, яғни түркі етістері мен модальдықты білдіретін көрсеткіштер деп береді. А.М. Щербак грамматикалық көрсеткіштер арқылы айқындалған қимыл-әрекет пен оны нақты іске асырушы (өндіруші-производитель) арасындағы қатынасты беске бөліп көрсетеді [2, 165 б.]. Э.В. Севортян етістігі сөз еткенде, М. Қашқаридың еңбегінен етіс жөніндегі пікірлерін келтіре отырып, әрбір етіс түрлеріне жеке тоқталады [3, 124 б.].

В.В. Радлов бастаған бір топ зерттеушілер етіс категориясын «сөз тудырушы жұрнақ» ретінде қарастырды. А.Н. Кононов: «Етіс категориясы, бір жағынан, өзінің сөз тудырушылық үлгісімен, екінші жағынан, өзінің грамматикалық қызметі жөнінен қимыл иесі мен сол қимылдың арасында пайда болған, әр түрлі қатынастарда айқын білінетін форма тудырудың (сөз түрлендірудің) бір түрі болып табылады», - дейді. Етіс категориясының екі түрлі қызметін айта келіп, А.Н. Кононов етістер кейде лексикалық мағынасына қарай бастапқы негізгі етіс мағынасын емес, жана лексикалық

мағына жамайтын, яғни сөз түрлендіруші емес, сөз тудырушы қызметін атқарған дейді. Оған мынадай мысалдар келтіреді: *seb* – «любить» - вовр.з. *seb* - + *in* – «радоваться». еқ – «хвалить» - понуд.з. еқ- + *ig* – «радоваться» [4,173 б.].

А.Н. Кононовтың пікірінен байқалғаны: етіс категориясын, біріншіден, сөз тудырушы қосымшалардың қатарына, екіншіден, сөз түрлендірушілердің қатарына қосады. Олай болса, етістер жөнінде ғалымдар арасында бір ізділік жоқ. Көпшілік ғалымдар етіс қосымшаларын сөз тудырушы аффикс ретінде қарастырады. Сондықтан етіс жөнінде айтылған ғалымдардың пікірлерін саралай келіп, етіс көрсеткіштері екі түрлі тұрғыдан қарастырылды деуге болады: біріншіден, етістіктің өз алдына грамматикалық категориясы ретінде, екіншіден, сөзжасамдық қызметі жағынан. Бір топ зерттеушілер етістің грамматикалық категория сипаты басым десе, келесі бір топ ғалымдар сөзжасамдық жағы басым дейді. Алайда етіс қосымшалары тарихи тұрғыдан сөз болғанда, сөзжасамнан грамматикалық категорияға айналуы тұрғысынан түсіндіріледі. Етіс табиғатына байланысты ала-құлалық етіс түрлеріне жіктеуде де байқалып отырды. Орыс тілшілерінің жіктеуі бойынша, етістіктің екіден он беске дейінгі аралықта мағыналық түрлерін көрсетті. Қазақ тілші ғалымдарының арасында да етіс түрлерін жіктеп көрсетуде бір ізділік болған жоқ. Оған себеп: біріншіден, орыс тіл білімінің әсері болды, екіншіден, етіс категориясы әр түрлі тұрғыдан (морфологиялық, синтаксистік, семантикалық, лексика-грамматикалық т.б.) зерттелінді.

Мәселен, А. Байтұрсынұлы етістің он түрін атап көрсетті, Н. Сауранбаев пен Ф. Бегалиев етісті семантикалық категория ретінде қарастырып, сегіз түрін, С. Аманжолов үш түрін, А. Ысқақов бес түрін көрсетті. Қазіргі тілімізде қалыптасқан өздік, өзгелік, ортақ, ырықсыз түрлерін Ы. Маманов айтқан болатын. Етіс категориясы жоғары оқу орындарына арналған оқу құралдары мен қазақ тілінің академиялық грамматикасында, соңғы шыққан «Қазақ грамматикасында» да (Астана – 2002) арнайы сөз болады. Осы тақырып бойынша А. Қалыбайқызының ғылыми зерттеу жұмысын, М. Қашқаридың сөздігін пайдалана отырып жазған келелі ойларын атап өтуге болады. Соңғы уақыттарда осы тақырыпқа арнайы зерттеу жүргізген М.Ә. Жүнісованың «Ескі түркі тіліндегі етіс категориясы» (М. Қашқаридың «Диуани-л лугатит түрік» деген еңбегі бойынша, XI ғ.) кандидаттық диссертациясы да біраз мәселелердің бетін ашып береді. Б.М. Сүйеркүл «Ат-тухфа...» ескерткіші (XIVғ.) тіліндегі етістік категориялары» атты кандидаттық диссертациясының III тарауын етіс категориясына арнады. Етіс категориясын тарихи тұрғыдан зерттеп, құнды пікірлер айтқан М. Томанов пен М. Оразовтың еңбектеріне арнайы тоқталуға болады. М. Оразов «Етістік» атты еңбегінің бір бөлімін «Етіс қосымшаларына» арнаған. Ол бұл тақырып бойынша алғашқы пікірін ғалымдар тарапынан айтылып жүрген анықтамаларға талдау жасаудан бастайды. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай жүйінін бір ауыз сөзге сыйдыру етіс

категориясының табиғатын ашып көрсетері сөзсіз. Сондықтан да ғалымдар тарапынан айтылып жүрген анықтамалар осындай талапқа жауап бере ала ма? Түркі тілдерінде болсын, орыс тілінде болсын етіске анықтама бергенде, етіс іс-әрекеттің объекті мен субъектіге әр түрлі қатынасын көрсететін немесе іс-қимылдың бастауышқа, іс-қимыл мен оның субъектісінің бастауыш пен толықтауышқа қатынасын, тіпті керісінше субъекті мен объектінің іс-қимылға қатынасын білдіретін категория деп түсіндіріледі. М. Оразов осындай анықтамалардың біразына талдау жасай келе, өз тұжырымын ұсынады. Етіс қосымшаларының білдіретін мағыналарына қарайтын болсақ, біріншіден, барлық кезде де етіс қосымшалары объекті мен амал-әрекеттің арасындағы қатынастарды білдіре бермейді; екіншіден, етіс қосымшалары кез-келген етістіктерге қосыла бермейді. Тіпті бір етіс қосымшасы барлық етістік түбіріне қосыла бермейтіндігі қазір анықталынған. Үшіншіден, етіс қосымшасының түбір етістікке қосылуы салт және сабақтылықпен байланысты емес [5, 12-13 б.]. М. Оразовтың пікірі қазақ тілші ғалымдарының етіс қосымшаларының салт, сабақты етістіктерге тікелей немесе қосалқы байланысы бар деген пікірлеріне қарата айтылған. М. Оразовтың пікіріне қосыла отырып, етістің салт, сабақты етістікпен байланысы барлығын жоққа шығаруға болмайды, ал мұндағы әңгіме - етіс қосымшалары арқылы салт, сабақты етістіктердің бірінен екіншісіне ауысып жататындығында болу керек. Салт, сабақты етістіктер мен етіс категорияларының семантикалық жағынан ұқсастықтары болғанмен, тұлғалық жағынан тікелей қатынасы жоқ. Себебі салт, сабақтылық мәнді етістіктер тікелей түбір қалпында тұрып, контексте байланысты беретін болса, ал етістің арнайы қосымшалары бар. Сондықтан етістіктің салт, сабақтылық мәні морфологиялық категория емес, семантикалық категория болып саналады. Ал етістің сөзжасамдық сипатын өз алдына салт, сабақтылыққа қатысты қарастырған дұрыс. Етіс қосымшалары тарихи тұрғыдан қазіргі түрлеріне қарағанда әлдеқайда көп болған және олардың сөзжасамдық қызметін де жоққа шығаруға болмайды. Қазіргі тілімізде қолданыста бар туынды түбір етістіктер мен етістіктерден жасалынған есім сөздердің құрамынан да етіс көрсеткіштерін аңғаруға болады. Себебі түркологияда етіс қосымшалары сөз жасаушы жұрнақтар мен сөз түрлендіруші жұрнақтарға қаншалықты қатысты деген сұраққа жауап беруге әлі күнге дейін ғалымдарымыз талпынып келеді. Біз етіс көрсеткіштерін сөз тудырушы жұрнақтардың қатарына қоспағанмен, тарихи тұрғыдан етіс қосымшаларының қазір түбір деп ұғынылатын сөздердің құрамында сақталып қалғандығын мойындаймыз. Мысалы, түй, түйін (зат есім, етістік), түйіншек сөздерінің мағыналарынан жаңа сөз жасалынбады дей алмаймыз. Түй, түйін (өздік етіс) дегенде ешқандай жаңа мағына туған жоқ, бір ғана іс-қимылды білдіріп тұр. Ал түйін сөзі бір нәрсенің шиеленіп байланған жері немесе қорытынды, байлам, шешім, сондай-ақ өсімдіктің

алғашқы байланған жеміс түйнегі сияқты мағыналарды білдіреді. Түй етістігінен жасалынған түйін зат есімі жаңа лексикалық мағына тудырып тұр. Түйін сөзінің лексикалық мағынасы жағынан жіктелуі көне дәуірлерден бастады. М. Қашқари сөздігінде мынадай сөйлем кездеседі: Ол тугун тугунді «ол түйін түйді». Осы сөйлемдегі «тугун» зат есім мәнінде жұмсалып тұр. Ал осы сөзбен төркіндес «түй» сөзі Орхон-Енисей ескерткіштерінің тілінде кездеседі. Көне түркі сөздігінде (ДТС) оның «замечать, чувствовать, догадываться» сияқты мағынасын берсе, Ф. Айдаров «түй, түсін» деп береді. Әуелден-ақ бұл сөздің екі варианты (егер одан көп болмаса) болған және етіс қосымшасын қабылдап, өздік етіс мәнін де, сондай-ақ сөз жасаушы қызметін де атқарған. Орта ғасырларда қолданылған өздік етіс формасының бәрі бірдей қазіргі кезде өздік етіс мәнін бермейді. Бір сөздерде -н қосымшасы әрі өздік, әрі ырықсыз етіс мағынасын береді. Иығаш бутанды. Ағаш бұталды. М. Қашқаридың түсіндіруі бойынша адам ағаш бұтап жатқандай көрінгенде де осы сөз қолданылады. Сондай-ақ өздік етістен кейін бұйрық рай тұлғасының жалғанып келуі де қазірде әдеби тілдік норма болып есептелінбейді. Ыш кедіңе бақынғыл. Істің соңына баққын [6, 198 б.]. Бұл айтылғандармен ойымыз аяқталған жоқ, етістің табиғатын ашып беру - болашақтың ісі. Аталмыш ғылыми пікірлерді меңгере келе, ғалым А.С. Аманжоловтың етіс жайлы ғылыми көзқарасына тоқтауды жөн көрдік. Бастысы – ғалым етісті көне категория екендігін нақтылай отырып, қазіргі тіл білімі грамматикасында қалыптасқан етістің төрт түрін (ырықсыз, ортақ, өзгелік, өздік) Орхон-Енисей көне жазбаларында болғандығын дәлелдей келе, олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді. Осыған орай, біз етісті етістікке тән категория екендігін баса айта отырып, оны етістіктің негізгі категориясы есебінде қарастыруымыз қажет. Тілші ғалымдардың етіс жайлы пікірлерімен таныса отырып, бұл тақырыптың толық ашылмаған жақтарымен қатар, қандай да тіл болсын, әр тілде өзіндік ерекшеліктері бар екендігін мойындауға келеді. А.С. Аманжоловтың ғылыми ерекшеліктерінің құнарлығы, ғалым етісті тарихи тұрғыдан қарастыруында жатыр. ғалымның ойынша, етіс ескерткіш тілдерінде мағыналық жағынан қазіргі күйіндегі етіс мағынасымен сәйкес бола тұра, морфологиялық тұрғыдан қарағанда, етіс жұрнақтарының өзгешеліктері мен ерекшеліктерінің болғандығы баршамызға аян. Бұл жерде тілдің тарихи тұрғыдан дамуына байланысты көптеген жұрнақтар түсіп қалып, сақталғандары қазіргі тіл грамматикасында орнығып, көрініс тапты. Осындай өзгерістерді ғалым А.С. Аманжолов өзінің «Көне түркі ескерткіштер тіліндегі етістіктік басқару» атты еңбегінде нақты көрсетуге тырысып, етістің қазіргі кездегі даму жолында екендігін баса айтады. Сайып келгенде, тіл грамматикасында бұл категория тиісті орын алып, өзіндік ерекшеліктерімен белгілене шектеліп тұрғанына қарағанда, етістікке тән етіс категориясы нақты зерттеуді талап етеді деген ойдамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Виноградов В.В. Русский язык. - М.: Наука, 1947. – 606 с.
2. Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. - Л.: ЛГУ, 1970. – с. 142-165.
3. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – М., 1989. – 766 с.
4. Кононов А.Н. Грамматика современного – турецкого литературного языка. - М., 1956. – 215 с.
5. Оразов М. Етістік. - Алматы, 2001. - 387 б.
6. Махмуд Қашқари. Девону лугат-ит-турк, II. - Ташкент, 1961. - 191-226 бб.

Резюме

В статье на основе научных трудов видных учёных - тюркологов рассматриваются теоретические проблемы категории залога в казахском языке.

Resume

The article deals with the theoretical problems of voice category in the Kazakh language based on scientific works of famous researchers of Turkic languages.

УДК 801.5.30

**ПРИЧИННО-СЛЕДСТВЕННЫЕ ОТНОШЕНИЯ В
НЕМЕЦКИХ ПРЕДЛОЖНЫХ СЛОВСОЧЕТАНИЯХ**

Л.Е. Дальбергенова

*Кокшетауский Государственный Университет
им. Ш.Ш. Уалиханова, г. Кокшетау*

К.Т. Рысалды

*Казахский университет международных отношений
и мировых языков им. Аблай хана, г. Алматы*

Целью данной работы является выявление семантических вариантов каузальности в предложных словосочетаниях в современном немецком языке. Каузальность как функционально-семантическая категория характеризуется широкой семантической вариативностью, связанной со сложной и разнородной системой средств формального выражения [1, 3-8]. Словосочетания каузального типа, которые по грамматической природе опорного слова могут

быть глагольными, адъективными, субстантивными, по наличию служебных слов бывают предложными, союзными (А. П. Комаров [2, 30], Duden - Grammatik [3], Rosenfeld [4], Forstreuter [5], Pleines Jochen [6]). Особое внимание в работе уделяется исследованию предложных словосочетаний. В отличие от союзов, которые начинают предложения или части предложения, предлоги образуют лишь фразы. Основным условием преобразования предложений во фразы Паш [7, 173] называет субстантивацию сказуемого каузального предложения.

Предлоги wegen / aufgrund

Синтез теорий вышеназванных грамматиков, а так же анализ работы J. Schröder [143] выявляет следующий факт: лишь два предлога „wegen“ и „aufgrund“ выражают каузальное значение без оттенков. Остановимся сначала на анализе предлога „aufgrund“. Несмотря на то, что предлог „aufgrund“ уступает предлогу „wegen“ в частотности употребления, семантический диапазон данного предлога очень широк. Индекс частотности употребления согласно Мейр [8]: aufgrund –325, wegen- 275. Это объясняется тем, что „aufgrund“ чаще всего распространён в научной, административной сфере, официальном стиле, в то время как „wegen“ предпочитается в разговорной речи.

Например: Ein Gericht kann einen Angeklagten nur aufgrund von Beweisen, aber nicht aufgrund von Indizien verurteilen. (KL)

В данных предложениях невозможна замена предлога «aufgrund» предлогом «wegen», т.к. «aufgrund» семантически близок сочетанию auf der Grundlage. Такие предложные конструкции выражают юридические предложения, реже необходимые (неизбежные) условия, и могут вовсе не использоваться для отражения причинно-следственной связи.

Например: Ein Gericht kann einen Angeklagten selbst wegen eines Tötungsverbrechens nur aufgrund von Beweisen, aber nicht aufgrund von Indizien verurteilen.

Функциональные особенности предлогов aufgrund и wegen:

1. Данные предлоги функционально синонимичны при выражении предметной причины: Ich war schliesslich noch die Gleiche; zwar hatte sich mein Äußeres ein bisschen verändert, doch nur aufgrund/wegen dieser Veränderung wahrgenommen zu werden, war das Letzte, was ich wollte. (M. Ryan, S. 173)

2. Тожественны функции предлогов при ссылке на причину – состояние.

Aufgrund/ wegen seiner Krankheit war er nicht imstande, die Arbeit termingemäß abzuschließen. (KL)

3. Замена предлогов возможна, если речь идет о действии, процессе, но не о личностях.

Ich wurde während der Schulstunden besonders gern aus Korn genommen, weil die Nonnen wussten, dass ich wegen/aufgrund schlechter Leistungen ins Internet geschickt worden war. (M. Ryan, S. 164)

Предлог *wegen* означает предмет, явление, не учитывая временное сочетание.

Vermutlich wegen der scharfen Reaktion der Geistlichkeit fielen die folgenden Teile der Satire etwas zahmer aus. (KL)

4. В отличие от предложных конструкций с „aus“, где указывается как причина и зачинщик/виновник (*vom Mann der Köchin, ...aus Eifersucht getittet*), так и причина и ссыльный объект, многокомпонентность (*aus Liebeit zum Bruder*) антецедент-структура ограничено интегрируется, эта общая неэксPLICITность означает широкий семантический спектр. *Wegen* выражает каузальное значение в более широком смысле, чем *weil*. Согласно Ейзенбергу [9, 71] предложная конструкция с *wegen* семантически соотносима не только с предложениями с *weil*, но и с конструкциями уступки и объекта.

Deine Mama hat sich Sorgen gemacht wegen der langen Fahrt. (M. Ryan, S. 264)

Deine Mama hat sich Sorgen gemacht, weil die Fahrt lange war.

Deine Mama hat sich Sorgen gemacht, dass sie lange fahren wird.

Семантическая вариативность в конкретном примере имеет свои основания; каузальный предлог обосновывается здесь слабо.

5. *Wegen*- фразы выражают так же повод, цель.

Der Junge macht seine Hausaufgaben so brav wegen seinem Vater.

Der Junge macht seine Hausaufgaben so brav, um seinem Vater Freude zu bereiten (aus Angst vor seinem Vater).

Предлоги *aus / vor*

И. Буша рассматривает предлоги *aus* и *vor* как синонимичные каузальные предлоги: *etwas aus Angst tun (causa)* и *vor Freude heulen können (causa)* [10, 69-70]. Duden-Grammatik уточняет лишь, что *vor* выражает побудительную причину состояния, характера, нравов [3, 693]. Е. Форстройтер, изучая сходства и различия предлогов *aus* и *vor*, рассматривает семантику антецедент и консегвенс: „В каузальном значении *aus* стоит перед существительным, выражающим субъективное человеческое чувство для мотивирования осознанного, запланированного поступка. *Vor* в каузальном значении стоит перед существительным, объективное влияние которого выражается в глаголе» [5, 161]. Посредством данных предлогов выявляются существенные различия каузальных значений, синтаксически предлоги так же не взаимозаменяемы.

Es versetzte mich zurück in die Zeit, als ich ein zehnjähriges Mädchen war, verdingstigt, unsicher und verzweifelt aus hoffnungsloser Liebe. (M. Ryan S. 345)

Vor Schreck verschlug es mir den Atem, bis mir klar wurde, dass nur Dracula war. (M. Ryan S. 129) или наоборот:

Ich könnte dich fressen vor Liebe.

*Ich könnte dich fressen aus Liebe.**

Синтаксическое различие указывает на семантическое „поведение“ предлогов. По мнению Розенфельд [4, 36-37] двухчленный antecedent выражает такие семантические оттенки как внутренний мотив и внешний предлог (Anlaß): Aus Angst (vor dem Orakel) flieht Ädipus. Оба члена словосочетания Angst/ Orakel отличаются друг от друга различным отношением к субъекту, первый член словосочетания служит мотивом, второй- поводом.

„Angst etc. ist etwas, was aus dem Inneren des Handelnden (sich intentional Verhaltenden) hervorgeht und wird daher „innerer Beweggrund“ oder „Motiv“ genannt, und Orakel etc. ist etwas, was außerhalb seiner existiert, weswegen ich es als „äußeren Beweggrund“ oder „Anlaß“ bezeichne.“ [4, 37] С точки зрения синтаксиса между предлогами aus и vor необходимо отметить три основных различия в отношении сочинения (согласования), примыкания дополнений и вопросительной формы.

1. Сочинение

Vor- фразы невозможно комбинировать с oder. Предложения с vor не могут сочетаться с каузальными придаточными. Aus- фразы сочетаются как с und, с oder, так и с придаточными с союзом weil. Синтаксическая несочетаемость обусловлена семантически. Семантические свойства глаголов следствия (Consequens) в предложениях с aus интенциональны, семантические свойства предложений следствия с vor не интенциональны. Но существует ряд глаголов как например: weinen, schreien, выражающих эмоции, которые происходят как произвольно так и непроизвольно [4, 29].

2. Примыкание дополнений.

Vor-фразы не стоят с дополнениями, это является обязательным свойством фраз с предлогом vor. Aus- фразы могут сочетаться с дополнениями независимо от семантики antecedent: внутреннего состояния и значения количественности (Quantitativa). Внутреннее состояние именуется у Розенфельд эмоциями (Emotive) [4, 29]. А.П. Комаров называет их внутренними причинами [1, 12]. Предложные конструкции означают эмоции и сочетаются с дополнениями каузального значения.

Например:

Der herausgeforderte verwundert Gauvaih tödlich, scheut aber aus Ritterlichkeit vor einem direkten Angriff gegen seinen König zurück. (WL)

3. К vor-фразам нельзя задать вопрос „почему?“ или же вопросительное предложение без вопросительного слова.

*Warum konnte er nicht einschlafen?

Vor lauter Freude.

*Hält er sich den Bauch vor Lachen?- Ja/Nein.

Выражения с vor не употребляются в предложениях с глаголами обозначающими неопределенность, неизвестность.

*Ich weiss nicht, ob er vor lauter Freude nicht einschlafen konnte.

С выражением с *aus*, напротив, можно расспрашивать об основании:

Ich weiss nicht, ob er aus Angst oder aus Gleichgültigkeit so handelte.

Aus- фразы отвечают на вопрос „почему?“.

Этот тезис подтверждает сочетание фраз с предложениями с *weil*, которые так же могут использоваться в качестве ответа на вопрос „почему?“.

Warum handelte er so? Aus Angst/ weil er Angst hatte.

Это доказывает, что в выражении с *aus* речь идет об обосновании, в *vor*-фразах же нет. Л.Ф. Пуш отмечает, «что предложные конструкции с *vor* в отличие от *aus* выражают большую интенсивность физического и душевного восприятия» [11, 152]. Поэтому предложные конструкции с *vor* синонимичны с придаточными следствия.

Например: *Er war vor Liebe ganz krank.*

Er konnte sich vor lauter Eifersucht nicht beherrschen.

4. Таким образом, использование предлогов *aus* и *vor* возможно, если существительное выражает осознанные чувства и мотивы поведения (*aus*) и чувства, последствия которых не могут повлиять на действие или состояние. Предложные конструкции с *aus* используются скорее для выражения мотива осознанного поступка [12, 83; 13].

Er war aus Liebe bereit, alles zu tun.

Предложные конструкции с *vor* выражают невольно вспыхнувшие неосознанные чувства: *Ekel, Scham, Schmerz, Freude, Furcht.*

Vor Freude, vor Scham, vor Schmerz, vor Furcht

Der nasse Sand stob unter mir davon, und ich verkrampfte mich vor Furcht.
(M. Ryan, S. 98)

Ihre Stimme war ganz heiser vor Freude. (M. Ryan, S. 368)

5. Существенным различием данных предложных конструкций является выражение внешних экологических явлений, влияющих на человека, присущее только предложным конструкциям с *vor*. Мнение А.П. Комарова о „внешней причине“ находит подтверждение в тезисах И. Шрёдера. Несмотря на влияние извне, явления окружающей среды отражаются во внутреннем состоянии человека [12, 84].

Und doch zittert mein Körper noch immer vor Kälte. (N. Sparks, S 9.)

Внешнюю причину выражает предлог *aufgrund*. Однако при замене предлога *vor* предлогом *aufgrund* появляется артикль.

Vor Krach konnte er nicht arbeiten.

Aufgrund (wegen dieses Kraches) konnte er nicht arbeiten.

Использование предлога *bei* так же возможно:

Bei diesem Krach konnte er nicht arbeiten.

Выражения с *bei* можно перефразировать в предложения с союзом *weil*.

Предлог von:

1. Каузальные отношения, в частности, внешняя причина, могут быть выражены предлогом von.

Die anderen Nächte schliefen wir durch, müde vom Fahren, von Sonne und Wind. (B. Schlink, S. 53)

В данных предложениях речь идет о „конструкциях“, выражающих состояние, причем состояние личности обусловлено не осознанно, а влиянием силы природы. В качестве агенса выступают естественные явления природы: Das Fahren, die Sonne und Wind machten uns müde. То есть можно ввести термин „семантический пассив“ [12, 85]. Существует ограниченное количество существительных, обозначающих данные силы в человеке самом. Например: Kälte

Ich bin nicht von Schmerzen und Kälte geplagt, nicht mehr vom grauen und grünen Star geplagt. (N. Sparks, S.181)

2. von выступает в наречиях, которые характеризуют состояние как следствие. Причиной состояния является деятельность или же состояние личности.

Например: „Wie findest du Brigitte“? Fragte ich genervt von seiner ewigen Begeisterung über Europa in Schutt und Asche gelegt hatte. (M. Ryan, S. 306)

Или например:

Von der schweren Arbeit hatte er Schwülen an den Händen.

Vom langen Stehen spürte sie ihre Füße.

Функцию агенса здесь выполняют существительные, выражающие деятельность, работу и состояние человека.

Предлог auf:

Helbig/Buscha пытаются отнести к каузальным предлогам предлог auf. Семантический диапазон каузальности этого предлога очень ограничен. Речь идет о поводе, побуждении к действию, это побуждение даётся, поскольку не точно названо основание [13, 109]. Р. Бартш [14] называет следующие словосочетания:

auf Wunsch

auf Befehl

auf Ersuchen

Например:

Der Name war auf Drängen Johannes überklebt.

Предлог durch:

Каузальное значение предлога durch очень слабо выражено и очень тесно связано с модальным, от которого его редко отличишь. Durch используется в пассивных конструкциях залога. Хельбиг/Буша считают, что через данный предлог выявляются агент, виновник, инициатор, причина процесса [13, 110]. С. Форстройер [5] называет пассивные конструкции: +Агент+ зачинщик/

виновник, + причина, + посредник; + средство. Так например, на вопрос: Waren Ihnen diese Erfolge aufgrund des Forderungsvertrags möglich? следует ответ: „Nicht deswegen, aber eventuell dadurch“. В данном предложении расспрашивают об условии успеха, в ответе же договор является причиной успеха (wegen), а так же средством успеха (durch). В некоторых случаях предлог durch синонимичен с предлогом aufgrund.

Durch die / aufgrund der Politik Peters I und mit dem Einsatz seiner Persönlichkeit kam es zu einer nachwirkenden Begegnung zwischen beiden Völkern. [5: 45]

В предложении: Die Situation hat der Genosse Groth durch seine Eigenmächtigkeit heraufbeschworen. Наречие является как условием, предпосылкой (+ caus) так и средством (instrumentalis). Перефразировать можно следующим образом: Die Situation hat der Genosse Groth dadurch heraufbeschworen, daß eigenmächtig handelte.

... aufgrund dessen heraufbeschworen, daß er...

..., weil er...

В. Хартунг [15] относят durch как к модальным, так и к каузальным предлогам. Каузальное значение выражено имплицитно.

Предлог dank:

В качестве варианта конструкций с durch можно рассматривать предлог dank, который может выражать и предпосылку / условие, и основание. Например:

Und dank (aufgrund) Anette Wunders Bedeutung waren immer Kohlen im Keller.

Dank (aufgrund/ wegen) der Verbindungen zu vielen Ländern der Erde war das kulturelle Leben in K. vielseitiger.

К. Хеншельманн [16] отмечает каузальное соединительное средство dank. Dank имеет дополнительное значение, на основании которого говорящий подразумевает имплицитное следствие как позитивное. Dank употребляется чаще всего с существительными, обозначающими лица: dank dir. Предложные конструкции с dank используются как позитивно оцененное обоснование других событий.

Dank dem schräg einfallenden Licht erhielt das Foto seine besondere Note.

Предлог dank не имеет ограничений в образовании текстов, он используется как в устных, так и в письменных текстах. Постпозиция – zuliebe имеет аналогично предлогу dank позитивную семантику и относится к личностям. Ich lade ihn nur dir zuliebe ein.

Таким образом, анализ вышеназванных предлогов выявил, что они могут выражать как предметные причинно-следственные связи, так и побудительные причины, обуславливающие психическое, эмоциональное состояние субъекта.

ЛИТЕРАТУРА

1. Комаров А.П. О лингвистическом статусе каузальной связи. А.: Изд-во Госком. Совета Министров Казахской ССР, 1970. - 224с. (С. 3-7).
2. Комаров А.П. Система средств выражения причинно-следственных отношений в современном немецком языке. Автореферат дисс. ...канд. филол. наук: 10.02.04. М: Изд-во МГПИИЯ им. Мориса Тореза, 1973. 70 с. (С. 12, С. 30-37).
3. Duden. Grammatik der deutschen Gegenwartssprache. Band 4. Bibliographisches Institut. Mannheim (Wien), Zürich: Dudenverlag, 1984. S.692-693.
4. Rosenfeld H. Erklärungen und Begründungen. Sätze mit kausalem aus und vor. Eine Korpusanalyse. Frankfurt am Main: Verlag Peter Lang, 1982. 164 s., (S. 36-37, S. 29)
5. Forstreuter E. Vergleichende Betrachtungen zur Semantik einiger deutscher Präpositionen. in Problemen der Bedeutungen und Kombinierbarkeit im Deutschen. Hrsg. G.Helbig, Leipzig: Breitkopf, 1977. (S. 161, S.171, S. 45)
6. Pleines J. Handlung, Kausalität, Intention: Probleme der Beschreibung. Relationen.// Тьбinger Beiträge zur Linguistik; 68. Тьbingen: Narr, 1976.151s.
7. Pasch R. Untersuchungen zu den Gebrauchbedingungen der deutschen Kausalkonjunktionen „da“, „denn“ und „weil“.In: Untersuchungen zu Funktionswörtern (Adverbien, Konjunktionen, Partikeln). Linguistische Studien A, 104. Berlin: Akademie, 1983. S. 173
8. H. Meier, Deutsche Sprachstatistik, 1/2. Bd. In einem Bd., Hildesheim: Olms, 1964. S.37.
9. Eisenberg P. Grundriß der deutschen Grammatik. 3. überarbeitete Auflage. Stuttgart, Weimar: Verlag J.B. Metzler, 1994. S. 71.
10. Buscha J., Freudenberg-Findeisen R., Forstreuter E. Grammatik in Feldern Ein Lehr-und Übungsbuch für Fortgeschrittene, Leipzig: Verlag für Deutsch, 1998, S. 69-70.
11. Pusch L.F. Kausale Adverbialphrasen vom Typ aus/vor+NP., in: Linguistische Arbeiten 5, Тьbingen: Niemeyer, 1973. S.152.
12. Schröder J. Präpositionen in Kausaladverbien. //DaF-20.Jahresgang; Leipzig: Herder-Institut der Karl-Marx Universität, 1983. S.83-87.
13. Bartsch R. Adverbialsemantik. Frankfurt a.M.: 1972. S. 109.
14. Hartung W. Systembeziehungen der kausalen Konjunktionen in der Gegenwartssprache, Berlin: Diss.A, 1961. S.55.
15. Henschelmann K. Kausalität im Satz und im Text. Semantisch-vergleichende Studien zum Französischen und Deutschen. Heft 3, Heidelberg: Winter Studia Romanica, 1977. 317 s.

Түйіндеме

Берілген бұл мақала неміс тіліндегі себеп-салдарлық қарым –қатынасты білдіретін сөз тіркесінің талдауына арналған. Сонымен қатар мақалада сөз тіркесінің әртүрлі себеп-салдарлық әртүрлі семантикалық реңкі қаралған.

Resume

The given article is devoted to the analyses of prepositional word-combinations in German language, expressing causal relations. Deferent semantic variants of causality expressed by prepositional word-combinations are considered in the article.

ӘӨЖ 811.512.122-26

О. БӨКЕЙ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ ЫРҒАҚТАР**А. Әбілов**

*Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қызылорда қ.*

Жалпы әлем әдебиеті көркем проза ырғағына қатысты пікірлер мен зерттеулерден кенде емес. Бірақ, олардың көпшілігі негізінен буын, сөйлем, дыбыстар кезектестігіне көбірек назар аударады да, оның көркемдікке қатысты жағын назардан тыс қалдырады. Көркем прозада ырғақтылық болмаса, ішкі ырғағы дұрыс болмаса – онда шығармадан көркемдік, шеберлік іздеудің өзі де басы артық еңбек, бос тірлік. Әлде осы күнге дейін мәселенің қыр – сырын аша жасалған зерттеулердің болмауынан ба, әйтеуір, қазақ әдебиеттануындағы аса күрделі мәселелердің бірі де – қаламгердің шығармашылық даралығы және көркем проза ырғағы болып қалып отыр. Бұл екі мәселе бір – бірімен тығыз байланысты, қаламгердің шығармашылық даралығы оның шығармашылығындағы ырғақ мәселесін анықтап алмай кұпиясын аша қоймасы белгілі. Прозада ырғақ табиғаты поэзиялық шығармаларға қарағанда өзгешелеу екені де, бірден көзге түсе қоймайтыны да анық. Иә, прозалық шығармалардағы ырғақ өте күрделі, көп қырлы. Сонымен қатар, көркем проза ырғағы өз алдына жеке тұратын, томаға тұйықтық емес, керісінше, бұл - өмір шындығының кара сөзбен көркем бейнеленуіндегі тілдік–көркемдік құрылымның әсем тұтаса жарасымдылық табуының көрсеткіші. Бұл көрсеткіш жазушы стиліне, шығарманың өмірге келген кезеңіне, жанрына және т.б. жәйттерге қатысты күрделілене түседі.

Қазақ әдебиетіндегі проза ырғағының өзге ұлт әдебиетіндегі проза ырғағынан айырмашылығы болуы заңды құбылыс. Мұның негізі әдебиеттің

ұлтық сипатында, ұлттық ерекшелік мәселесінде жатқаны да анық. Соған сай, қазақ көркем прозасының ырғағы өзіндік ерекшелікті, ал әр қазақ қаламгерінің өзіндік ырғағы болары тағы да ақиқат. Соңғы мәселенің ең соңғы нүктесі, нәтижесі – қаламгердің өзіндік қолтанбасы, жазу ерекшелігі, яғни стиль болары да күмәнсыз. Осыған орай, қазақтың талантты ұлдарының бірі, аса дарынды қаламгер Оралхан Бөкей әңгімелеріндегі ырғақ мәселесіне назар аударар болсақ, бірталай жәйттің сырын ашарымыз анық. Оның қаламгерлік қолтанбасы жазушының ырғақ табиғатын жете түсінгенін және оны өз шығармашылығында айрықша назарда ұстағанын аңғартады, әңгімелерінен ырғақтылықтың сан түрлі қалпын, сан түрлі жағдайын байқаймыз және көбіне – көп негізгі ырғақ жетекші болып отырады да, ішкі ырғақтар өзара байланыса келіп, сол негізгі ырғаққа тоғысады. Алайда, идеяны, ойды жеткізуде кейде ырғақтар алмасуы немесе екі ырғақтың кезек – кезек көрінуі де болады. Бұл әсіресе ішкі сезімді, кейіпкердің ішкі әлемін ашуға көбірек көңіл бөлінген, осыны негізгі тірек етіп алған шығармаларында анығырақ, көбірек байқалады. Мәселен, «Жылымық» атты әңгімедегі ырғақтарды саралап көрелік.

«Мен осы бір суретті көрген сайын, сені есіме алатынмын, немесе сені есіме алған сайын осы суретті көретінмін. Қазір қайда, не істеп жүргенінді білмеймін. Мүмкін... аузым бармайды ондай жамандыққа... Мүмкін бұл дүниелік емес шығарсың. Оған өкінішім жоқ, сен бәрібір қашанда менің қасымда жүрер едің; жалғыз – ақ өкінішім, мына өзін туралы новелланы өз бетіңмен оқи алмайтының. Сен қу мекен далада өскен ақ қайың ең, желіккен жел жүп – жұқа қабырғанды сыдырып, қалтырап тұрсың – ау жазған; қалтырап тұрып сынсып ән саласың – ау жазған; сол мұңлы үн менің құлағымға еміс – еміс естілгендей болады; сол сай сүйегінді сырқыратар жетім әуен тым жалғыздығыңның – тым жарымжандығыңның бебеу қаққан жаршысы, адамдар, тіпті, бүкіл әлем алдындағы аппақ ар – ойданыңның арашашысы сықылданатын» [2].

Осылайша басталған әңгіме үзіндісі қаламгердің өз шығармашылығында ырғақтылыққа, ішкі үнге ерекше назар аударғанына дәлел бола алады. Қазақ прозасында роман, повестерге қарағанда әңгіме, новеллалар ырғағы жиірек болады десек те, бұл әңгіменің ырғақтылығы басқаларға қарағанда жоғары екендігін айта өткеніміз жөн. Ол тіпті, әңгіменің әу басынан, алғашқы сөйлемдерінен де анық байқалады. Алғашқы сөйлемдегі «Мен осы бір суретті көрген сайын» деген тіркес шығармадағы негізгі ой ырғағын танытушы десек, мұны жазушы сол алғашқы сөйлемнің, айтылар алғашқы ойдың өзінде – ақ қарама – қарсы қайталау арқылы «Мен осы бір суретті көрген сайын, сені есіме алатынмын, немесе сені есіме алған сайын осы суретті көретінмін» деп ішкі ырғақтар құйылысына айналдырып жібереді. Осы алғашқы сөйлемнің өзінде төрт ой ырғағы бар және осы ырғақтар ішкі алты иірімнен тұрады. Осы үзіндінің поэзиялық үлгіге жақындай түсуіне де сол ырғақтылық, яғни

ырғақтар жиілігі әсер етіп тұрғаны анық. Алғашқы сөйлем құрамында екі жай сөйлем бар екені белгілі, ал осы жай сөйлемдер екі ой ырғағынан тұрса, осы реттілік кейінгі жолдарда да сақталады. Алайда, бесінші сөйлемнен бастап ой ырғағы жиілей түседі, оның себебі ішкі ырғақтар кезектестігінің жиілеуінен деп ойлаймыз. Пікірімізді нақты мысалмен дәлелдеп, дәйектеп көрелік. Сонымен қатар, біз әңгіме желісінде бөліп алып отырған үзіндіге назар сала қарасақ, әлгі пікірге дәйек болар жәйттерді ғана емес, жазушы шеберлігінің сырына барлау жасатар басқа да тұстарды көреміз. «Сен қу мекен далада өскен ақ қайың ең, желіккен жел жұп–жұқа қабырғанды сыдырып, қалтырап тұрсың–ау жазған; қалтырап тұрып сыңсып ән саласың–ау жазған; сол мұңлы үн менің құлағыма еміс–еміс естілгендей болады; сол сай сүйегінді сырқыратар жетім әуен тым жалғыздығыңның–тым жарымжандығыңның бебеу қаққан жаршысы, адамдар, тіпті, бүкіл әлем алдындағы аппақ ар–ожданыңның арашашысы сықылданатын». Жазушы, байқап отырғанымыздай, далада өскен қайың ең, қалтырап тұрсың – ау жазған, қалтырап тұрып ән саласың–ау жазған – деп, ойды да, ырғақты да үстемелете береді, бұл иірімдерде «тұрсың–ау жазған», «ән саласың–ау жазған», «қалтырап», «қалтырап тұрып» деген тұстағы қайталаулар ой құйылысына да, сөйлем бітіміне де үлкен әсер етіп тұр. Осы ішкі ырғақтар, иірімдер тұтаса келіп «Мен осы бір суретті көрген сайын» деген сөйлеммен берілетін негізгі ырғаққа бірігеді. Енді келесі абзацқа келелік. Мұнда да ой «Мен осы бір суретті көрген сайын» деген сөйлемнен басталады. «Мен осы бір суретті көрген сайын, тіршіліктің мәнін бұрынғыдан әлдеқайда терең түсініп, адам өмірінің шын қуанышын, шын қайғысын жырлау, сипаттау екінің бірінің қолынан келмейтіндігіне илана түсетінмін. Бұл суретке ұзақ үнсіз қарап тұрып бақыт, құлкітоқтық дегеннің бәрін санамнан сылып тастап, өзім де біле бермейтін мәңгі шексіздікке, мәңгі тұманды сапарға аттанып кетуді көксер едім...» [2]. Міне, шығармадағы екінші ой, екінші үлкен ырғақ осылай басталады. Бұдан да байқарымыз жоғарыда әңгімелеп өткендей жәйттер. Бірақ бұл үзіндіде, осы екінші абзацта ішкі ырғақтар «сурет» сөзіне қатысты көрінеді, яғни автор бір абзацта «сурет» сөзін бес жерде қайталап қолданады да, ырғақтар байланысын үйлестіруді де, ой тұтастығын үйлестіруді де, оны бұдан бұрынғы абзацтағы оймен, ырғақпен біріктіруді де осы сөзге жүктейді. Сол сияқты үшінші абзац та, үшінші үлкен ырғақ та тағы да «Мен осы бір суретті көргенде» деген ойдан басталады. «Мен осы бір суретті, алғаш көргенде сұлулық һәм тамаша өнер жайлы жайдақ ұғымыма ұлы өзгеріс енгізгенмін...» [3]. Міне, көріп отырғанымыздай осы әңгіменің басталу ырғағы жиі, ал бұдан соң негізгі оқиға баян етілер тұста ырғақ созылықтылығы бар және осы тұста екінші бір үлкен ырғақ басталады. Мұны беруде автор негізгі міндетті «жылымық» деген сөзге, сөзге емес – ау, ойға жүктейді. О.Бөкей шығармашылығында кейде жекелеген сөздің де абзацтар, сөйлемдер атқарар міндетті атқарып,

солар көтерер жүкті алып шығатынын жасырын емес. Бұл – жазушының өзіндік жазу өрнегі, бұл – қаламгер даралығына тән жәйт.

«Жылымық! Ақырған аяздың дәурені бітіп, бұл өңірге жылымық ұялағаннан бермен қайғы жұтып жүдеген далада қыбыр – қыбыр қозғалыс барға ұқсайды...» [3]. Міне осылайша басталған ой да, ой ырғағы да манағы, әңгіме басындағы «мен осы бір суретті көргенде» деп басталар ой мен ой ырғағын ауыстырады. Дәл манағы айтқанымыздай осы абзацтағы ішкі ырғақ «жылымық» сөзі арқылы, осы сөзді қайталай үш рет қолдану арқылы біріктірілген. Бұдан кейінгі оқиға желісінде тағы да «сурет» сөзі, сол арқылы берілер ырғақ қайталанады. Мұның себебі мынада, сайып келгенде әлгі екі ұғымның тұтасып кетер жері де бар, бар емес – ау екеуі ішкі бірліктегі нәрсе. Сырт қарағанда осы екі ұғым, екі сөз екі ырғақ тудыратын сияқты болып көрінгенмен, ақиқатында бұл екеуі ішкі тұтастықта, ішкі бірлікте берілген, бірін–бірі толықтырар, бірін–бірі ашар ой иірімдері. Міне сондықтан, біз мұны ырғақтылықтың екі түрде, екі формада, екі сөз арқылы берілуі түрінде де қарай аламыз. Өйткені, Жылымық – сурет, сурет – жылымық.. Әңгімеде бас кейіпкер басынан оқиға өткен кез де – жылымық кез, сол оқиғаны кейіпкердің еске түсірер кезі де – жылымық кез және сол оқиғаны, өткенді еске түсірер нәрсе - сурет, ал ол суреттің аты – Жылымық. Осы абзацта автор былайша көркем кесте жасайды:

«...Менің айтып отырғаным В. Васильевтің «Жылымық» атты сурет екені есіңе түскен шығар. Өйткені біз дәл осы мезгілде танысып едік қой. Бұл сурет жайлы өз ғұмырымда әңгімелеп те, жазып та тауыса алмас едім. Оның кереметтігі, тіпті суретшінің асқан талантынан гөрі біздерді таныстырған дәнекерлі қуатында шығар» [4]. Міне, біздің де әлгі «жылымық» деген ой мен «сурет» деген ойдың бірлігін, екі ой ырғағының тұтас бір ырғаққа әкелетіндігін айтып отыруымыздың себебі де осы. Бұдан соң шығарма желісінде екі сөздің бірін – бірі ауыстыра қолданылуы да, бірін – бірі толықтыра қатар қолданылуы да, бірінен соң екіншісі кезектесе қолданылуы да кездесе береді. Автор мұны бір жағынан ой желісінің үзілмеуіне кілт ретінде алса, екінші жағынан ішеі иірімдердің ырғаққа айналуының тетігі ретінде пайдаланады. Санаториге келе жатқан автобус ішінде жігіт қолындағы «Жылымық» атты суретті өзі түрегліп тұрғандықтан оң жақ терезе тұста орындықта отырған қызға ұстатады. «Он екіде бір гүлі ашылып, кулық–сұмдықтың есігінен сығалай қоймаған, өмірге, айналасындағы адамдарға деген сезім – түйсігіне қылау түспеген, таңсәрі шағындай» әдемі қыз суретке қарамйды да. Бір – екі ауыз тілге келген соң, жігіт қыздан «Қарындас, қараңызшы, қазіргі шақ дәл мына суреттегідей емес пе?» - дейді. Қыз көзі көрмейтінін айтады. міне, осы тұстан әңгіме оқиғасы негізгі арнаға түседі де, жігіт пен қыз сезімдері кезек беріле, өмір, табиғат тылсымы, көз және көңіл соқырлығы, жақын адамдар арасындағы сатқындық және т.б. туралы ойлар, тұжырымдар, пікірлер, ой

түйіндері, толғамдар кейіпкерлер әрекеті, сөзі және ойы арқылы беріледі. Мұндағы негізгі ырғақ «Жылымық», «Тағы да жылымыққа оралайыншы», «Жылымық... бір жылы нұр тарайды бойыма», «Жылымық» деген суретті көтеріп», «Жылымық кез», «Тағы да жылымық» «Жылымық!» және т.с.с қолданыстар арқылы беріледі. Алайда негізгі оқиға арнасында енді ішкі ырғақтар тудырушы «көз», «көру», «Жанар», «көрмеу», «соқырлық», «көзінің саңылауы бар» және т.б. осы мағыналас сөздер арқылы ішкі иірімдер байланысы жасалған. Бұл да шығарма желісінде негізгі ырғаққа келіп бірігеді. О. Бөкейдің бұл әңгімесінде ырғақтар өзгешелігі бар екенін жоғарыда айтып өттік. Әңгіменің бөлімдері арасындағы ырғақтар тұтастығын сақтау үшін де автор «жылымық» сөзін алады. «Жылымық... Қыстай қысырап жатқан қардың көбесі сөгіліп, жіби бастаған шақ жан-жануардың ең бір азып-тозған күйінің көктемді көксетер үміт жыршысына айналатын. Салқын да, сабырлы қабақпен қарсы алатын наурыздың кеші түнге ұласқанда дәуренінің дәм – тұзы таусыла бастаған ақпанның ақырғы айғайына, ақырғы күрсінуіне айналатын» [5].

О. Бөкейдің «Сарыарқаның жаңбыры» атты әңгімесіне назар аударсақ, мұндағы ырғақ тек әңгіме басында ғана емес, өзгеріссіз қалпында әңгіме соңында да қолданылған, ал әңгіме ортасындағы қолданыстар өзгеріске ұшыраған. «Күн еңкейіп барады. Мен Қызылқайың сарқырамасы жағасындағы көрі қайыңның түбінде ойға батып отырмын» [6]. Бұл шығарманың басталуы. Автордың осы бір үзіндіге, осы жолдарға айрықша назар аударуы, айрықша мән беру неліктен екен? – деген ой туары да белгілі. Бұл мәтін тек ойдың басталуы ғана емес, бұл мәтін тек ырғақтың басы ғана емес. Автор бұл мәтінге, бұл ойға тіпті бөлім ретінде де маңыз берген. Осыған ұқсас ырғақтар, осыған ұқсас сөйлемдер шығарманың өне бойында жиі кездеседі. Бірақ, олар өзгеріске ұшыраған, ырғақтылығы да бөлектеу. Мәселен, кейіпкер Қызылқайың сарқырамасы жағасына жиі барады, өлең жазғысы келсе де, өзін ойлар мазаласа да, төңірегіндегілерге ренхісе де, қуанса да, әйтеуір, кейіпкер Қызылқайың сарқырамасының жағасынан жанына сая табады. Бірақ, бұл тұстағы ырғақтар ішкі иірімдерді біріктіріп, негізгі ырғаққа тұтастыру үшін ғана қызмет атқарады. Сонымен қатар, адам мен табиғат бірлігіне қатысты ой осы иірімдердің негізгі тірегі екені аңғарылады. Енді әңгіменің аяқталуына, ойдың қорытындылануына келейік. «Ақ жауын сілбілеп тұр. Мен Қызылқайың сарқырамасының жиегіндегі көрі қайыңның түбінде таң алдындағы шолпан жұлдыздай туып батқан аяулы ағаны емірене есіме алып әлі отырмын» [7]. Бұл жерде де автор осы мәтінге бөлім құқығын береді, яғни идеяны, ойды жеткізуде дәл осы мәтінге айрықша міндет жүктейді. Міне, көріп отырғанымыздай, көркем прозада ырғақ – маңызды мәселенің бірі ғана емес, ойды бастаушы да, қорытындылаушы қызметке де ие екен. Бұл – ырғақтың көркемдік қызметінің бір ғана қыры.

О. Бөкейдің «Қамшыгер» атты әңгімесі туралы да жоғарыдағы пікірді қайталауға болады. «Ай астында: Қанжылап, жетімсіреген қараша үй қалды; қара жамылған жесір әйелдің мұңдықты басы қалды.

Ай астында: Марғауланып ер мен елдің осыншама еркелігін, осыншама қасіретін мамырстан кеудесіне сыйғызып, қазақтың күренселі даласы жатты» [8]. Ал, енді әңгіме соңы тура осы үзіндідегідей болып аяқталады. Тек «Бірақ осы аңғал – саңғал Алтай тауында өткен уақиғаның бәрі – бәрі де баяғының садағасы еді...» деген [9] сөйлем ғана қосылған. Табиғаты бөлек, көркем шығарма ретінде көтерер жүгі үлкен осы бір әңгімедегі негізгі екі ырғақ та бір–бірімен тығыз байланысты. Олар – Қамшыгер және қамшы. Осы екі ой ырғағы тұтаса келіп автордың айтпақ ойын жеткізеді. Әңгіменің ішкі ырғақтары осы екі негізгі ырғақ төңірегіне үйірілгенмен, бұдан да басқа толып жатқаны ырғақтылыққа әкелер қолданыстар аз емес. Солардың бірі – баяндаудың өткен шақтық үлгіде берілуі. Мәселен, «Қараша үйден кейде қолында құманы бар бөкебайлы әйел шығар еді; шығар еді де қазандай басып Шарықтыбұлақтан су алар еді. Су алған күйі киіз үйге қайта кіріп жоқ болар еді. Бұдан соң оның төбесін қайтып көрмейсің. Жым–жырт... меп–меңіреу тыныштық ұйып, қаймағы бұзылмастан мелшиеді – ау кеп. Аңғарды құлазыған өлі тыныштық жайлайтын...Өлі тыныштық жайламайтын кейде. Құлаққа: Шарықтыбұлақтың арсыл–гүрсіл арыны, әупілдектің әні шалынатын; мұрынға: боз көденің ісі келіп, қытықтайтын, тау қызғалдақтары қызықтыра мен мұндалайтын. Қазір тау қызғалдақтары жоқ – тын. Күз ғой, солған, қуарып қалған...» [10] деген үзіндінің өзі жоғарыдан біз айтқан пікірге дәйек болумен қатар, түрлі ырғақтар тоғысын да байқатады. Біріншіден, көркемдікке келісімін таба қызмет еткен қос сөздер қолданылысы ырғақтылық тудырса (жым – жырт, меп – меңіреу, арсыл – гүрсіл), екіншіден, ой қарсылығы арқылы керемет иірім жасалады (Аңғарды құлазыған өлі тыныштық жайлайтын, Өлі тыныштық жайламайтын кейде). (Сөзер мен сөйлемдер астын сызған – біз). Үшіншіден, ой жалғаспалылығы – ырғақ жалғаспалылығына әкелген. Сөйтіп іс-әрекеттің кезектілігі, ой кезектілігі ырғақ кезектілігіне ұласқан. Мәселен, Қараша үйден кейде қолында құманы бар бөкебайлы әйел шығар еді; шығар еді де қазандай басып Шарықтыбұлақтан су алар еді. Су алған күйі киіз үйге қайта кіріп жоқ болар еді. Төртіншіден, «келіп» сөзінің ауызекі сөйлеу стиліндегі «кеп», ал «болатын» сөзінің «тын» түріндегі қолданылу жағдайын жазушы ішкі ырғақты сақтау үшін шебер пайдаланады. (мелшиеді – ау кеп, қызғалдақтары жоқ – тын) Бесіншіден, «Құлаққа: Шарықтыбұлақтың арсыл – гүрсіл арыны, әупілдектің әні шалынатын; мұрынға: боз көденің ісі келіп, қытықтайтын, тау қызғалдақтары қызықтыра мен мұндалайтын» деген тұста ырғақты сақтау міндеті құлаққа, мұрынға сөздеріне жүктеліп тұр. Міне, көріп отырғанымыздай шағын ғана үзіндінің өзінен ырғаққа қатысты талай нәрсені аңғаруға болады екен. Оның үстіне, бұл тұста біз тыныс белгілердің

және т.б. ырғаққа әкелуі деген мәселені тіпті әңгіме етіп отырғанымыз да жоқ, тек анық, байқалуы айқын ырғақтар хақында ғана сөз қозғап отырмыз. Ал, «Кербұғы» атты әңгімедегі ырғақ бұдан өзгешелеу. Бұл әңгімеде ырғақтылық өте жоғары, тек ішкі ырғақтар, ішкі иірімдер ғана емес, сыртқы ырғақтар, ой ырғақтары жиілігі мен мұндалап көзге ұрады. Сайып келгенде, мұндай жәйт қаламгер жанының шиыршық атуын, жан – дүниесінің шығармамен қоса қым – қуыт тірлік кешкенін де аңғартады. Бұл әңгімеде автор шешімі – шеберлік нышанын көрсетіп қана қоймайды, сөзбен салынған көркем шындықтың ғажап күдіретін де сездіреді. Әңгіменің басталуы да бөлек, басқа әңгімелеріне ұқсамайды.

« А-а-у-у-а!

Кербұғы бүгін де су ішкен жоқ» [11]. Бұл әңгімедегі ой ырғағы бүкіл әңгіме желісін тұтастырушы болумен қатар, негізгі ырғақпен қос өрім өріліп, бөлек иірім арқылы ырғаққа әкелетін кербұғының « А – а – а – а - у – уу – аaaa» деп шығар үнімен беріледі. Табиғат атты күдіретті, оның ғаламат құпиялы тіршілігін әңгімеде адамзатпен, адам ойымен, түсінігімен, тіршілігімен байланыстырушы да осы үн, осы ырғақ. Бұл әңгімеде де Оралхан қолтаңбасын танытар ырғақтық қолданыстар көп және жоғарыда біз әңгімелеген жәйттер де көп кездеседі. Қос сөздер, сөйлем мүшелерінің орнын ауыстыра қолдану, ауызекі сөйлеу стилінің қолданыстарын шебер пайдалану, тыныс белгілеріне ырғақтылыққа қатысты міндет жүктеу, баяндаудың өткен шақтық формасы және т.б. жиі кездесетін шығармада кербұғы тіпшілігінің шиыршық атуы да, қалыпты жағдайға көшуі де, тіпті оның торығу, түңілу сәтіне жетуі де, ойдың күрделілігіне түсуі де, барлығы жоғарыда айтылып өткен кербұғы үні арқылы жеткізіледі. Сөйтеді де, соңғы ырғақты, Жасбұғының үнімен өрнектейді. Салыстыра қаралық. 1. « А-а-у-у-а!

Кербұғы бүгін де су ішкен жоқ...» [11].

2. «...Әбден көндімге көшкен орман уілдеген суық желге қосылып, ала жаздайды көрген қызығын сағына ма, белгісіз бір мұңның, белгісіз бір үміттің, болымсыз бір арманның жүдеу жырын гөй гөйлейтін. Ал кербұғы сол салдақы желге артын беріп, ұзақ, тым ұзақ шақыратын үйірді.

- А – а – а – а – у – уу – аaaa!

Бұл бедеу үн баяғыдай дүниені дүр сілкіндірер зор болмағанмен, тегіндегі тегеурінді дауыстан қалған жұрнақ айқай екенін аңғартарлық...» [12].

3. «... Әлде көз алдында ақырғы рет секіріп билеп кетіп бараған жас марал – қызды енді қайтып (түсінде, қиялында болмаса) көре алмайтыны; енді қайтып салмақпен жүріп, сабырмен еркелейтін марал – анаға көз қыла алмайтыны; енді қайтып көре алмасы, ести алмасы, көп баянсыз жалғанның тұмбасына шым батып, тұманына шын адасқаны енді ғана есіне түскендей селк етіп, ұнжырғасын көтерді де, тағы да бір рет жан дүниесін қақырата ышқынды

- Ааааа, ууууу, ааааа!...» [13].

4. «...Бұл Кербұғының басқа бұғылардан бөлекше үнін баяндайтын ең ақырғы шақыруы еді.

- Ааааааааа, уууууууууу, ааааааааа!...» [14].

5. «... Баяғыда бұл да кәрі бұғының шекесін қақ айырып, үйірді өзі иемденгенде, дәл осылайша шаттыққа, шабытқа толы жеңімпаз әнін шырқап еді – ай...Дүние кезек екен, дүние кезек екен...

- Аааа, уууу, аааа!...» [15].

6. «... Кербұғы самырсынның астынан шығып, зеңіген маңдайын шуаққа төседі, сонсын аса қинала ышқынып еді, дауысы қырылдап өзгеше қорқынышты, әрі келте қайырылды.Өзімен бірге үні де өше бастапты.

- Ааа, ууу, ааа?...» [16].

7. «... Кербұғы қаңси бастаған кеудесін қақ айыра шақырмаққа аузын ашты, бәрібір баяғыдағы сырнай үні тарғылданып шықты.

- Аааа, уууу, аааа?...» [17].

8. «... Бұдан соң көзіне жас алып тұрып, баяғыша, жас шағындағыдай, арқырап, таза әрі зор дауыспен күйек шақырды.

- Ааааааааа, уууууууууу, ааааааааа, уууууууу, аааааа !!! ...» [18].

9. «...Ағаш қоршаудың ішінен Жасбұғының рахатқа батқан ессіз үні естілді.

- Аааааа, уууууу, аааааа,уууууу !!?...» [19].

Бұл мысалдарды біз жоғарыдағы пікірімізге дәйек ретінде алып отырмыз. Бұдан шығарар қорытындымыз - Оралхан Бөкей әңгімелерінің ырғағы өте күрделі екендігіне және оның ырғаққа айрықша назар аударғанына, ырғақтылыққа әкелер шебер қолданыстар сырын асқан талғампаздықпен, шеберлікпен игергендігіне шүбә болмасы анық деген түйін..

Жоғарыда айтылған жәйттер проза ырғағының бір жағынан тілдік материалды ұйымдастырудың белгілі бір формасы болуымен қатар, екінші жағынан, эстетикалық қызмет атқаратын сапа екендігін де көрсетеді. Қорыта айтар болсақ, көркем прозадағы ырғақ – шығарманың тілдік–көркемдік құрылымының үндестігі, оның тыныс – тіршілігінің қан айналысы, жүрек соғысы, өмір бейнесінің көркем шындыққа айналуындағы ерекшеліктердің түпкі қазығы, көркем шығарма эстетикалық сапасының өзегі...» [1]. Біздің жүргізіп отырған жұмысымыз бір қарағанда шығарманы бөлшектеу сияқты көрінуі мүмкін немесе тіпті қарадүрсіндеу ойлағанда арифметикаға барып тірелетіндей көрінуі мүмкі. Жок, мәселе басқада. Біз мәселеге көркемдік тұрғысынан келіп отырмыз. Жазушы стилін, оның шығармашылық даралығын анықтаудағы ырғақтың рөлін ашуға қатысты ой қорытудамыз. Мысал ретінде алынған әңгіме үзінділеріне ой жібере қарасақ, осы әңгіменің өзінен қазақ көркем прозасының ырғағы күрделі екендігіне көз жеткіземіз,

Қазақ әдебиетінің дамуына өзіндік үлес қосқан қазақ қаламгерлерінің

бірі, бірі емес – ау бірегейі, көркем қара сөз өнерінде өзіне ғана төн жазу өрнегін қалдырған талантты жазушының шығармашылығын зерттеуде біраз еңбектердің өмірге келгені белгілі, біз де осы Оралхантану ісіні аз да болса үлес қосуды мақсат ете отырып, оның шығармашылығының кей қырларына ғана қатысты ой түйдік. Проза ырғағына байланысты О.Бөкей шығармашылығының көп сырлары, құпия қырлары мол, сондықтан бұл - өз алдына көлемді және жан – жақты зерттеулер жасауды қажет ететіні ақиқат.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбілов А. Көркем аударма шеберлігі. - Алматы: Қаз.унив., 1997. - 111-112б.
2. Бөкеев О. Үркер ауып барады. - Алматы: Жалын, 1981. - 272 - 483б.

Резюме

В статье рассматриваются ритмические особенности рассказов О. Бокея.

Resume

The article deals with rhythmic peculiarities of O.Bokey's stories.

ӘӨЖ 811.512.122-122

МӘТІНТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ЖҮРГІЗУДЕГІ ҚОЛЖАЗБАЛАРДЫҢ (БАСЫЛЫМДАРДЫҢ) МАҢЫЗЫ

Ғ. Әнес

«Арыс» баспасы, Алматы қ.

Арнайы мамандаған мәтінтанушылардың аздығы мен мәтінтану ғылымының қанат жая алмай отыруы тілдің тарихын зерделеуде, қазақ әдебиеті классиктерінің академиялық жинақтарын, канондық мәтіндерін қайта қалпына келтіруде үлкен кедергі тудырумен қатар, кейде тарихи шындықтың бұрмалануына себепкер болып жататынын ұмытпаған жөн.

Яғни, бүгінгі таңда туындап отырған мәтінтану проблемалары, негізінен, әдебиеттану мен баспа ісі қызметкерлерінің ғана керегін өтейді деген сынаржақ көзқарасты ығыстырып, оны қолданбалы филологиялық пән (дисциплина) мәртебесіне көтеріп, лингвистикалық тұрғыдан да зерттелуі түбегейлі қолға алуды керек етіп, зәрулігі арта бастағанын айғақтайды.

Мәтінтану мәселесі сөз болғанда, фольклор, ескі әдеби нұсқалар мен жаңа әдби нұсқалардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі болатынын естен шығармау дұрыс. Бұларды бір-бірінен айырғанмен, бір-бірімен зерттеу нысаны ретінде мәртебелері тең. Басқа тілдерде көне мұралардың авторлық қолжазбасы бола бермейді, тек қана бүгінгі күнге жеткен және жоғалған тізімдердің генеологиясы болады. Осындай генеологияны қалпына келтіру мәтінді қалпына келтірумен пара-пар болып келеді. Ал қазіргі әдеби шығармалардың (басқа да мәтін түрлерінің) автографтары анық. Бұл әр кезеңге тән мәтіндердің нақты болуы мен көпшілік үшін қолжетімді мәтінге айналуының қоғамдық мәні зорын көрсетеді, бірақ мәтінтанушы үшін, қандай мәтін болмасын, маңызы бірдей, мұндайда мәтінтанушының мақсаты да дара да жалғыз – ол нақты, қалпына келтірілген толық канондық мәтінді оқырманға жеткізу болып табылады. Дегенмен, бұларды, яғни жаңа мен ескі мәтінді, зерттеудің тәсілдері бір-бірінен айырықшаланып тұрады.

Көне жазбаларды мәтінтанулық тұрғыдан зерттеу олардың тұтастығын қалпына келтіруден басталады. Қазақтың ескі мәтіндерін қалпы келтіру де оңайлыққа түспейді.

Ғұмырын Абай өлеңдерінің түпнұсқалық қалпына келтіруге арнаған белгілі ғалым Қ. Мұхамедхановтың мәтінтанушылар үшін үлгі-өнеге боларлық еңбегіне тоқталмай кетуге болмайды. 1951 жылы «Абайдың ақын шәкірттері» атты кандидаттық диссертация қорғаған ғалымның бұл еңбегі баспадан шықпай жатып жойылып, өзі «кітабына ұлтшыл ақындарды енгізгені үшін» 25 жылға сотталады. 1958 жылы «Абай төңірегіндегі ақындар» деген тақырыпта екінші рет кандидаттығын қорғаған ғалым 1955 жылдан бастап, «Абай шығармаларының текстологиясы» жайында ғылыми еңбек жазғаны белгілі. 1959 жылғы «Абай шығармаларының текстологиясы» атты еңбегі абайтанудағы сирек кітаптардың бірінен саналады. «Текстолог аталған зерттеуінде нысанаға алған 1954 жылғы жинақ пен 1909 жылы жарық көрген жинақты, Мүрсейіт, О. Уақбаев, Р. Жандыбаевтардың қолжазбаларымен салыстырып, соңғы басылымда ақын шығармаларына енген, бұрмаланған «бөтен сөздерді» нақты деректер арқылы дәлелдейді. Негізгі мазмұны, көркемдігі астасып жатқан ақын шығармаларының әр түрлі нұсқада басылуы – оны мазмұны жағынан да, өлеңдік қисын жағынан да ойсыратып тұрғанын дәлелдейді. Қ. Мұхамедхановтың ақын шығармаларындағы текстологиялық мәселелерге арналған зерттеуі абайтанудағы күні бүгінге дейін құнын жоймаған еңбек болып табылады. Ғалым айғақты деректерімен Абай өлеңдерінің бұрмаланып берілген тұстарын, арасына енгізілген сөздерін осылай айқындап береді. ...Қ. Мұхамедханов тарапынан табылған 80 жол өлеңі немесе 1961 жылы шыққан Абайдың бір томдығына тыңнан тағы да алты өлең қосылуы, ақын шығармаларын толықтырып, ақын өмірінің кей жақтарын айқындауға жаңа мүмкіндік береді» [1, 8-9 бб.]. Сондай-ақ, Қ. Мұхамедханов

мәтінтанушы ретінде әлі әдебиет тарихында сүрлеуге салынбаған ақын мұрасын зерттеп, орны архив деректерімен дәлелдеген. Сонымен бірге Ақылбек Сабаловтың 48800 өлең жолы бар түпнұсқа қолжазбасын, Мәжит Дәулетбаевтың 1100 жол қолжазбасын, Ілияс Молдажановтың белгісіз болып келген поэмаларын, тарихи поэма «Бөгенбай батырдың» 1896 жолы бар жаңа нұсқасын, «Қазақ шежіресінің» [80-бет] қолжазба тізімін анықтап, Қаракерей Қабанбай батыр жыры туралы тарихи мәліметтерге ғылыми түсініктер жазғанын аталған еңбекте С. Қорабай да атап айтады. Абай басылымдарына жазған Қ. Мұхамедханов түсініктерін қарап отырғанда, қазақ мәтіндеріне, оның ішінде ақындарына байланысты мәтінтанулық зерттеулер жүргізудің үлгілерін көруге болады. 1995 жылы жинақта: «Мұхтар Әуезов былай дейді: «...жұртшылығымыз үшін бірнеше тарихтық дәл деректер, мәліметтер айтайық, Мүрсейіттің өзі жасы жағынан алғанда Абайдан 10-15 жас кіші адам болған. Өмірі Абайдың өз қасында өткен емес, Абай ағайындарының бірнеше ауылдарында кезектеп бала оқытып жүрген. Ал, Абай жинағы тек 1896 жылы ғана қағазға топталып жиналатын болған. Ол істі істеген Мүрсейіт емес, Мағауия, Ақылбай, Кәкітай, Көкбайлар. Бұлар алғашқы істі Абайдың өзінің тапсыруымен сол 1896 жылы бастайды. Сонда 1896 жылға шейін Абай өлеңдерін қайда кеткен? Ондағы Абайдың қарындашпен жеке қағазға жазған өлеңдері Абай маңындағы жас ақын, өнерпаз хат таныған ақын шәкірттердің, жастардың қолды-қолына тарап кетіп отырған. Кейін 1896 жылы көшірілгенде сол тарап кеткен өлеңдері жиналған, бірақ, бәрі түгел жиналып үлгермеген» [2, 281-б.],» - деп көрсетеді Қ. Мұхаметханов. Міне, осылайша қазақ мәтінтануының үлгілері орныға бастаған.

Қ. Мұхамедхановтың «Абайдың шығармаларына ғылыми түсініктер» [3, 8-9 бб.] атты еңбегінің 67-75 беттерінде «Түсініктемелер жайында бірер сөз» берілген. Бұл қысқа ғылыми очерк деуге болатын жазбадан түсініктемелердің мәтінтанулық зерттеулер үшін маңыздылығы анық ашылып берілген. «Жинаққа кірген ақын шығармаларының қай кезде жазылғанын, жазылуына себеп болған жайларды, алғаш рет қашан, қайда жарияланғанын, шығарманың идеялық мазмұнын, көркемдік қасиетін қоса көрсетіп, әр кезде басылған жинақтарда кездесетін сөз қайшылықтарына текстологиялық талдау жасау, сол сияқты түсінік қажет ететін жеке сөздердің мән-мағынаын айқындап ашып беру – Академиялық басылымның ғылымдық құралы (научный аппарат) саналатын түсініктемелер (комментарий) бөлімінің басты шарты.», - дейді [67-б.]. Содан кейін әр жинақтағы түсініктемелерге сараптама-талдау жүргізіп, әр басылымдағы түсініктердің ерекшеліктерін, кемшіліктерін көрсетеді. Абайдың кейінгі басылымдарында 1933, 1939, 1945 жылдарда бар толық түсініктемелердің мүлдем қысқартылып кеткенін де осы жазбадан білуге болады. Айталық, ғалым «Кім екен деп келіп ем түйе қуған» өлеңін байланысты түсінік жайында былай дейді: «1933-жылғы және 1939,

1945 жылғы жинақтарда берілген түсініктемеде: өлеңнің айтылған уақытын (1855), айтылуына себеп болған уақиғаны көрсетіп, Тұрағұл Абайұлы мен Мұхтар Әуезов толық баяндап берген болса, осы берілген дұрыс және толық түсініктеме 1977-жылғы жинақта қабылданбаған», - дей келіп: «Қысқасы, 1977-жылғы жинақтағы Абай өлеңдеріне берілген түсініктемелердің, осы айтылғандай, үстірт, тиянақсыз екенін көреміз», [68-б.] олардың «жалаң сөздермен шектелгенін, ал «мұның дұрыс еместігін» дәлелдеген пікірлерді көруге болады. Текстологиялық зерттеулер жүргізуде қолжазбалардың маңыздылығын да осы қысқа мақалада тап басып көрсетеді.

«Тыңнан текстологиялық тексерулер жүргізілді» деген мәселеге келетін болсақ, текстологиялық тексеруде сүйенген ең негізгі дерек Мүрсейіт қолжазбалары болғанын көреміз. 1977-жылғы жинақтың «Алғы сөзінде»: «Ең алдымен ...Мүрсейіт Бікейұлының үш көшірмесін (1905, 1907, 1910) негізгі дерек ретінде атаған дұрыс» [6-бет] айтқанмен: «Абай өлеңдерін көшіріп жазуда Мүрсейіт еңбегі үлкен екені белгілі. Бірақ ақын өлеңдерін көшіріп жазған жалғыз Мүрсейіт қана болмағанын естен шығармау керек. Мұхтар Әуезов айтқан: «Қазаннан, әскерлік қызметтен қашып келіп, Абайға туысқан-дос болып кеткен татар молдалары: Ғабитқан, Кішкене молла (Мұхамметкәрім), Махмұт (Кішкене молланың баласы) және қазақтани шыққан: Мүрсейіт, Самарбай, Ыбырай, Хасен, Дайырбай сияқты бала оқытушылар Абайдың өлеңдерін көп көшіріп, таратып отырды», - дей келіп, «Жаңағы молдалардың: Ғабитқан, Кішкене молла сияқты жасы үлкендері Абай өлеңдерін ертеректен жинастырып, көшіріп жүргенін...» атап айтады [4, 27-б.].

Абайды зерттеп жүргендер әдебиетшілер арасында Мүрсейіт Абай шығармаларын ақынның көзі тірі кезінде, тікелей түпнұсқасынан көшірген деген қате түсінік бар. Мысалы, М. Мырзахметов: «Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары» атты кітабында (Алматы: Ғылым, 1982) былай дейді: «Мүрсейіт Абай шығармаларын 1896-жылдан бастап көшіре бастады. Ол Абай шығармаларын асыл түпнұсқадан тікелей көшірумен бірге, ақын шығармалары оның қолына Абай маңындағы жақын адамдар арқылы жетуі де мүмкін ғой...», - деп жазыпты [12-б.].

Сондай мәтінтанушылық үлгі мен ізденістердің енді бірін Махамбет мәтіндерін қалпына келтірушілерден байқауға болады.

Мысалы, Махамбет өлеңдерінің қолжазба нұсқалары болмағандықтан, ел ішінде айтушы, жинақтаушы, оларды арнайы мекемелерге тапсырушылардың арқасында жинақталғаны белгілі. Махамбет өлеңдері «Мұрат ақынның Ғұмарқазы оғлына айтқаны» (Қазан, 1908), «Шайыр, яки қазақ ақындарының басты жырлары, жиюшы Ғабдолла Мұштақ (Бөкейлік)» (Орынбор, 1912) секілді кітаптарда жарияланғаны белгілі. 1908 жылы Қазанда жарық көрген Мұрат ақын айтқан деген мәтіндерден бастап, «Шайыр» (1912 ж.) жинақтарындағы бірді-екілі өлеңдері Махамбет өлеңдерінің мәтіндерінің

түзілуіне негіз, ұйытқы болды. Аталған жинақтар ішіндегі өлеңдерден кейін ел арасындағы белгілі ақындар аузындағы Махамбет жырларын хатқа түсіріп, жүйелеуші, жинап, бастырушы – Халел Досмұхамедұлы.

Х. Досмұхамедұлы 1924 жылы «Ақ жол» газетінің 416-ншы санына қосымша ретінде жарық көрген «Сәуле» журналында («Қазақ әдебиеті-білім құрылымы», №3) «Махамбет батырдың сөзі» деген топтамамен ақынның 24 жырын жариялаған. Қ. Сыдиқов осы аталған тұңғыш басылымға бағасын былай деп береді: «Махамбет өлеңдерін шәкірті Қуан жырау, Кішкене Қобыланды ақындар жатқа білген. Олардан Мұрат ақын үйренген. Мұрат білетін өлеңдерді Ығылман жаттаған. 1925 жылғы жинаққа енген Махамбет өлеңдері Ығылман аузынан жазылған. Бұл жинақтың ақын өлеңдерінің басылымдарын дайындағанда, бірден-бір сүйенетін нұсқа болатын себебі де сондықтан» [5, 36-б.]. Кейіннен 1925 жылы Ташкент қаласында Х. Досмұхамбетовтің еңбегі арқасында жеке жинақ болып ақын өлеңдері басылып шықты, осы басылым зерттеу жүргізу барысында факсимиле ретінде немесе канондық мәтін ретінде пайдаланылды.

Әртүрлі саяси жағдайларға байланысты Махамбет жырларын жинастыру да, жариялау да 1939 жылға дейін қолға алынбады. 1939 ж. академик Қ.Жұмалиев латын қарпімен, «Махамбет өлеңдері» деген атпен және кітаптың алдына бірнеше тарау-тақырыптан тұратын алғысөз жазып, екінші басылымын бастырып шығарды. Осы 1939 жылдан бастап, Махамбет өлеңдеріне тақырып қойылып шығатын үрдіс қалыптасты.

Кейіннен Қ. Жұмалиевтің тікелей атсалысуымен, жетекшілігімен 1948, 1951, 1958 және 1962 жылдары Махамбет мұралары жеке кітап болып, басылды. Ал 1948 жылдан бастап ел арасында Махамбеттің сөзі айтылып жүрген жаңа өлеңдермен қоса жарияланып отырды.

Кейіннен, 1974 жылы және 1979 жылдары Махамбет жырларын Б.Аманшин өзі редакциялап, бастырды. Өкінішке орай, Махамбеттануда талай тың беттер қосқан жазушы ақын мұрасын жариялауда ғылыми деңгейден көріне алмады. Ақын мұраларының лингвистикалық мәтіні, түпнұсқалық қалпын бұзбауды ұстанбай, орынсыз тәжірибеге бой алдырды. Бұл басылымдарда Махамбет өлеңдері жалаң логикалық пайымдаулармен оңды-солды бұтарланды, біріне-бірі араластырылып, субъектілік көзқараспен жаңа тақырыптар қойылды. Құрастырушы ретінде Б. Аманшиннің Махамбет өлеңдерін жариялауға бей-жай қарамағанын, өзіндік түсінік, тұжырыммен келгенін айту керек. Ол алдымен, Х. Досмұхамедұлы мен Қ. Жұмалиев басылымдарына ревизия жасады, сын көзімен қарады, өзінше талдап, саралады. Оны 1974 жылғы Махамбет өлеңдері басылымындағы «Түсініктердегі» мына жолдарды оқып, көз жеткізуге болады:

«Белгілі әдебиетші ғалым Хажым Жұмалиев Махамбет өлеңдерінің 1939 жылғы басылымын даярлағанда, бұл жырлардың жоғарыда көрсетілген

тұңғыш басылымындағы орналасу тәртібін өзгерткен. Ол «Махамбеттің Баймағанбет сұлтанға айтқаны» деген бөлімінің 15-16-17-18, 20-21-22-23-24 баптарын алып, осы аттас өлеңнің құрамында қалдырған да бұл бөлімнің қалған (1-ден 14-ке дейінгі және 19-шы) баптарын жеке-жеке өлең түрінде беріп, әрқайсысына өз жанынан ат қойған. Сосын осы бөлімдегі бір өлеңді (25-бап) жинаққа енгізбей, алып қалған. 1925 жылғы басылымдағы «Махамбет батырдың басқа сөздері» деген бөлімдегі 38 бап (тармақ) өлеңнің де әрқайсысына ат қойып, кейбірінің орындарын ауыстырған. Енді біреулерінің бірді-екілі жолдарын алып тастаған, жекелеген сөйлемдерін өзгерткен. Мәселен, «Соғыстағы» «Орыс добын үш атты» дегенді «Ханның тобы үш атты» деп, «Айнымандағы» «Атаңа нәлет Жәңгірдің бір ауыз айтқан сөзі үшін» дегенді «...қан жылатқан заңы үшін» деп өзгерткен. «Мырзалар» дегенді «ерлер», «қалмақ» дегенді «төре», «мұсылман» дегенді «қара қазақ» деп алған», - деп, мәтіндік талдау жасайды [6, 106-110 бб.].

Міне, бұл Б. Аманшиннің Махамбеттің кезекті жаңа жинағын құрастыруға барынша даярланып, мұқият әзірленгенін көрсетеді. Ол сонымен бірге I және 2-нұсқа (яғни проф. Х. Досмұхамедұлы мен акад. Қ. Жұмалиев қолынан шыққан басылымдар) аралығындағы құрылымдық өзгерістерді де талдап көрсетеді: «Х.Жұмалиев сосын бұл 1939 жылғы басылымға өзі жинаған екі өлеңді («Махамбеттің Жәңгірге айтқанын» және «Бағаналы терек жарылса») қосады. Махамбет жырларының Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тіл-әдебиет институты 1948 жылы шығарған басылымын даярлағанда, Х. Жұмалиев бұған ақынның жаңадан табылған он екі өлеңін қосты. Оларды ғалым 1938 жылы Орал облысының бұрынғы Орда ауданын аралағанда, көрікүлақ қарттардың аузынан жазып алған. Махамбет өлеңдерінің 1958 жылғы басылымына бұл кітапты даярлаған Х. Жұмалиев тағы тоғыз өлең қосты. Бұларды 1945-1957 жылдары Ф. Зәріпов, М.Тілеужанов, Б. Аманшин ел аузынан жинап, әртүрлі қолжазбалардан алып, мерзімді баспасөзде («Қазақ әдебиеті» т.б. газеттерде») жариялаған» [6, 110 бб.]. Бұдан соң Б. Аманшин: «Біз Махамбет өлеңдерінің осы қолыңыздағы кітабын баспаға әзірлегенімізде, ақын жырларының сол 1962 жылы «Ереулі атқа ер салмай»» деген атпен шыққан ең соңғы басылымын негізге алдық», - деп, өзінің Қ. Жұмалиев жарыққа шығарған соңғы басылымға иек артқанын нақты айтады. Одан әрі өз ойын сабақтай келе, Б. Аманшин: «Сосын Махамбеттің өмірі мен творчествосын зерттеудегі соңғы деректерге сүйеніп, ақын жырларының құрылымына да, текстіне де қажеттігі күмәнсіз деп тапқан біраз түзетулер енгіздік» және «Бұл басылымда Махамбет өлеңдерінің бұрынғы текстеріне ол шығармалардың идеялық-көркемдік қасиетіне нұқсан келместей дәрежеде бірсыпыра түзетулер мен өзгертулер енгізілді», - деп, өзінің Махамбет мәтіндеріне өзгеріс енгізгенін айтып, мойындайды. Б. Аманшин өзі енгізген түзетулер туралы кең түсінік жазады, енді соларды келтірген дұрыс.

1. Бұрынғы басылымдарда Махамбеттің қай өлеңі қай мезгілде шығарылғаны ескерілмей, яғни хронологиялық тәртібі сақталмай, кітапта ілгері-кейінді орналастырылып келді. Ақын жырлары әр жолы атақты «Ерулі атқа ер салмай» өлеңімен ашылатын да оған жалғас «Соғыс» басылып жүрді. Көтерілістің соңғы кезеңінде туған бұл екі шығарманың ақынның бұлардан бұрынырақтағы өлеңдерінің алдында басылуы қай-қай жағынан да дұрыс емес-ті. Бұл басылымда Махамбет жырлары, алдымен, осы тұрғыда тәртіпке келтірілді.

Ақынның жарқын өмірінің анық фактілеріне сүйеніп, оның әсіресе көтеріліс кезіндегі, одан кейінгі күнгірт жылдарда басынан кешкен оқиғаларды ескере отырып, солардың мезгіліне сәйкестіре Махамбет жырларын, бұрынғы дағдылы орындарын ауыстырып қайта түздік. Мәселен, халық толқуы әлі басталмаған шақта, бейбіт өмір, жастық шақ қызықтарын уағыздаған «Қоғалы көлдер, құм, сулар» сияқты өлеңдерді жинақтың бас жағында келтірдік.

Ақын өмірінің соңғы кезеңінде, қайда жүрсе де қайта-қайта түртпек көріп, қуғынға түсіп, назаланған шақтарын бейнелеген «Тар қамау», «Қызғыш құс» қатарлы жырларын жинақтың соңғы жағында орналастырдық. Қазақ тарихшыларының, әдебиет зерттеушілерінің ізденулері нәтижесінде жинақталған деректерге сүйеніп, Махамбеттің кейбір өлеңдерінің дәл қай жылғы, қай айдың, қай күні шығарылғанын, немесе енді бір өлеңдерінде суреттелген я айтылған оқиғаның қай жерде, қашан болғанын кәзір дәл атауға да мүмкіншілік бар. Бірақ мұндай өлеңдер көп емес, сондықтан кітапта алақұлалық болмас үшін ол өлеңдердің аяғына әлгідей анық белгілі даталарын қойғамыз жоқ.

2. Тақырыбы, мазмұны, идеясы біртұтас, ырғағы мен ұйқасы бірыңғай бола тұрғанмен бұған дейін әрқайсысы әр жерде дербес өлең болып я басқа өлеңдердің құрамында аққа қара жамағандай оқшау жүрген шумақтар мен жолдар, жеке сөздер қисынды орындарына қосылды. Мұның неге және қалай істелгені төменде сол өлеңдерге берілген түсініктерде айтылды.

3. Бұрынғы текстерге соңғы зерттеулер нәтижесінде табылған тың жолдар қосылды. Кейбір жолдардың кейін табылған жаңа (дәлірек, күштірек) нұсқасы берілді. Енді бір шумақтардың, жеке жолдардың өлеңнің өз ішінде орындары ауыстырылды.

4. Бұл басылымға ақынның жаңадан табылған өлеңдері қосылды. Бұл соңғылары көп емес, оларға да әрқайсысының тұсында қайдан алынғаны көрсетіліп, түсінік берілді.

5. Ақын өлеңдерінің 1925 жылғы Ташкенттегі және 1939 жылғы Алматыдағы басылымдарында бар да кейін еш себепсіз түсіп қалған «Махамбет батырдың Шернияз шешенге айтқан жұмбағы» қайтадан қосылды. «Махамбеттің хаты» жаңадан енгізілді.

Міне, Б. Аманшин ұстанған мәтінтанымдық бағыт-бағдар осылар.

1979 жылы Б. Аманшин Махамбеттің туғанына 175 жыл толуына орай «Жырсемсер» атты жинағын шығарды. Оның алғы сөзінде : «Қолыңыздағы кітапта Махамбет өлеңдері сол соңғы 1974 жылғы басылым бойынша еш өзгеріссіз берілді», - деп, мәлімдейді [Махамбет. Ерулі атқа ер салмай. Өлеңдер. Баспаға әзіплеген Б. Аманшин. – Алматы: Жазушы, 1974.-144 б.-14-б.]. Осы басылымда махамбеттануға қатысты «Библиография» толықтырылғанмен, алдыңғы басылымдағы түсінік берілмеген.

Махамбет мәтіндеріндегі тілдік ауытқулар жан-жақты сөз болатынына қарамастан, осы арада Б. Аманшин жариялаған нұсқадағы басты-басты құрылымдық өзгерістерге тоқтала кетелік.

«Ат – жігіттің майданы» - «Бұрын «Арғымақ, сені сақтадым» деген өлеңнің соңында бірге басылып келді. Ол өлеңмен мазмұны қабыспайтындықтан, ырғағы, ұйқасы бөлек болғандықтан, өз алдына өлеңге бөлінді», -деп көрсетті Б. Аманшин [111-б.].

«Аспандағы бозторғай» - «Бұрынғы текстінің соңғы жеті жолыв алынып қалды. Оның орнына «Пыр-пырлай ұшқан қасқалдақтың» он бір жолы қосылды. Бұл соңғы өлеңнің қалған он тоғыз жолы «Күн болған» деген атпен басылды [111-б.].

«Арғымақтан туған қазанат» - «Бұрынғы аты «Тайманның ұлы Исатай». Аяғындағы бес жолы «Мінкен ерге» қосылды [112-б.].

«Айғайласып жауға ти» - «Бұрын «Толғау» деген өлеңнің құрамында басылып келді. Жаңадан ат қойып, бөлек өлең жасадық [112-б.].

«Арқаның қызыл ізені» - Өлеңнің бұрынғы текстісіндегі «өлгенде бекер жыламан» кейінгі үш жолы мағынасына қарай «Қарағай шаптым шандоздапқа» қосылды. Одан кейінгі бөлігі бөлек өлең түрінде басылды («Көшер еді-ау біздің ел» [112-б.].

«Орай да борай қар жауса» - Соңғы алты жолы «Қайда барға» қосылды. Бұрынғы осыған жалғас жүрген «Ерлердің ісі бітер ме» деген өлең осы өлеңге қосылды. Өлеңнің соңғы екі жолы 1925 жылғы басылымымен түзетілді (112-б.).

«Туған ұлдан не пайда» - Мағынасына қарай бұрынғы текстіндегі басқы бес жолы өлеңнің аяғына, соңғы төрт жолы басына шығарылды (112-б.).

«Соғыс» - ...Бұл жолдар (7 жол өлең келтіріледі. - Ө.Ф.) бұрынғы аяқталмай қалған шумақтың қисынды жалғасы екені көрініп тұр. Біз бұл шумақтың Қ. Мырзағалиев материалындағы нұсқасын алып, оған бұрынғы текстінің мұнда жоқ екі жолын қостық. Сосын бұл үзіктің, жоғарыда айтылғандай, мазмұны жағынан да, ырғағы, екініні тұрғысынан да «Соғысқа» жанасымы жоқ болғандықтан, өз алдына дербес өлең түрінде бердік те атын «Өтініш» деп қойдық- [115-116бб.].

«Тар қамау» - Бұрынғы басылымындағы басқы бес жолына Қ. Мырзағалиев материалдарынан сегіз жол қосып, «Қоштасу» деген

атпен бөлек өлең жасалды. Қалған жолдары «Толарсақпен саз кешіппен» біріктірілді [116-б.].

«Бағаналы терек» - Бұрынғы басылымындағы басқы алты жолы қайталау болған себепті алынып қалды. Соңынан санағанда үшінші жолы («Халықтың кегін қусайшы») оған жалғас екі жолдың әлсіз баламасы, соңғы айтушылардың қоспасы тәрізді. Сондықтан ол жолды алып тастадық [116-б.].

«Әй, Махамбет, жолдасым» - Бұл өлеңді Махамбет жырларының 1948 жылғы басылымына Х. Жұмалиев енгізген. Махамбеттікі екені күмінді өлеңнің бірі. Бұл басылымында ақынның стиліне үш қайнаса сорпасы қосылмайтын әрсіз, жасық шумақтарды (56 жол) алып тастадық [117-б.] және т.с.с.

Осындай «осы өлең жасалды» [124-б.], «жаңадан түзілді» [124-б.], «осы өлең түзілді» [124-б.], «басқа өлеңдердің ішінде жүрген шумақтардың орнына салынды» [124-б.] секіліді мәтіндік өзгерістерге бару себебін Б.Аманшин былайша түсіндіреді: «Махамбет өлеңдері бұған дейін не хронологиялық, не тақырыптық принцип сақталмай, о баста алғаш қағазға түскендегі ұмар-жұмар қалпында басылып келгені белгілі. Бұл жолы ақын шығармаларының бұған дейінгі дағдылы құрылымына тың көзге кейбірі тым батыл яки орынсыз, енді бірі ұсақ-түйек көрінуі ықтимал бірсыпыра өзгерістер, түзетулер енгіздік [6, 129-130 б.].

Осы орайда 1925 жылғы басылымды жүзеге асырған проф. Х. Досмұхамедұлының еңбегін «О баста алғаш қағазға түскендегі ұмар-жұмар қалпында басылған» деп бағалауды орынсыз деп білеміз. «Біздің бастырып отырғанымыздың негізіне Мұрат ақыннан естіп едім деп, Шөрекұлы Ығылман ақынның жазып бергені алынды», - дейді ол [7, 64-б.]. Сонымен бірге Х. Досмұхамедұлы: «Біздің қолымызда ел ішінен жиналған осы өлеңнің («Баймағамбет сұлтанға айтқаны»)» бірнеше нұсқасы бар» және «Қолымыздағы нұсқаларды салыстырып құрастырғанда ...», - деп жазғанынан ғалым қолында басқа да нұсқа, жазбалардың болғанын көрінеді. «Бала күнінен осы сөзге құлағы қанық Махамбеттің еліндегі ақсақал-қарасақалдары біздің келтіріп отырған өлеңімізді дұрыс дейді», - деп жазып отырған Х. Досмұхамедұлының өлең жинағын құрастыру барысында барлық жағдай мен мүмкіндіктерді екшегені байқалады.

Әрине, Махамбет өлеңдерінің ел тішінде сақталу жайы мен мәтін түзу мәселесін проф. Х. Досмұхамедұлын да ойландырған. «Махамбеттің жыраулығы күшті болған. Махамбеттің сөзі көп болған. Ел арасында сақталған сөздерінің бірқатарын осы кітапшада келтіріп отырмыз» және «Қолымыздағы нұсқаларды салыстырып қарастырғанда, бабтарға бөлгенде сөздің орыны ауысып кетуі мүмкін», - деген жолдардан [64-б.] оның ақын мәтініне өте ыждағаттылықпен қарағандығы, бар мүмкіндігінше мәтіндік салыстыру жасағандығы көрінеді.

Махамбет өлеңдерінің 1925 жылғы факсимиледен өзгеріп, ауытқулармен, түрлі тіл деңгейлік қателіктермен жарық көре бастағанын мәтінтанулық салыстырулар жасап, көруге болады. Мәтінтанушының мақсаты - осы ауытқулар мен қателіктердің себептерін көрсету, сөйтіп барып канондық мәтінді қалпына келтіру. Адресаттың қателікке ұрынуына жол бермей, тарихи шындықты қалпына келтіру, тілдік норма мен әр кезеңдегі әдеби тілдің кодификациялануын жүйелеу, сөйтіп барып әдеби тілдің емлелік ережелерінің түзілуі мен сөз мағыналарының, терминдердің қалыптану сатыларын анықтау, тілдің генетикалық қаттаулары түзілуінің әлеуметтік себептерін белгілеу, т.б. Осындай мақсаттарға жету үшін тілдік амал-тәсілдерді қалай пайдалануға болатынын көрсету үшін, қолайсыздықтардан құтылу амалдарының үлгісін түзу үшін Махамбет өлеңдерінің мәтіндерін немесе әр жылдары жарыққа шыққан басылымдарын (тізімдерін) салыстырып көрелік.

1925, 1939, 1948, 1951, 1958, 1962, 1974, 1976, 1989, 1991, 2001 жылдары жарық көрген басылымдарда кездесетін өзгешеліктер мен айырмашылықтар біршама. 1925 жылғы басылымды негізге ала отырып, осы негізгі нұсқа толық сақталған 1989 жылғы басылым бойынша салыстырулар жүргізіліп, талданды.

«Көрсетілген басылымдарға тән айырмашылықтардың бірі - алғашқы өлең ретінде бұл басылымдардың біразында «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңі басылып келуінен басталады. Бірақ канондық басылым болып табылатын 1925 жылғы басылым:

1. «Махамбет батырдың Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі»,
2. «Ереуіл атқа ер алмай»;
3. «Махамбет батырдың Шернияз шешенге айтқан жұмбағы» және
4. «Махамбет батырдың басқа сөздері» деген төрт бөлімге бөлінген.

«Махамбет батырдың басқа сөздері» өлеңі 1925 жылғы басылымда жеке және түсініктемесі болғанмен, кейінгі басылымдарда өлең алдындағы қара сөзбен берілген түсініктеме алынып тасталған немесе қысқартылып, басылым соңындағы түсініктермен бірге елеусіздеу ғана беріліп келген» (8, 56-б.). Академик Қ. Жұмалиев дайындаған басылымдар «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңімен басталады, ал қара сөзбен берілген түсінікті құрастырушы өз сөзі ретінде өлеңнің соңынан ұсынады. 1951 жылғы басылымда түсінік мүлде жоқ.

3-нұсқада «Ерулі атқа ер салмай» деген өлең 29-өлең болып берілген. Бұл турасында құрастырушы Б. Аманшин: «Ақын жырлары әр жолы атақты «Ерулі атқа ер салмай» өлеңімен ашылатын да оған жалғас «Соғыс» басылып жүрді. Көтерілістің соңғы кезеңінде туған бұл екі шығарманың ақынның бұлардан бұрынырақ тағы басқа өлеңдерінің алдында басылуы қай-қай жағынан да дұрыс емес-ті. Бұл басылымда Махамбет жырлары, алдымен осы тұрғыдан тәртіпке келтірілді. Бастан кешкен оқиғаларды ескере

отырып, солардың мезгіліне сәйкестіре Махамбет жырларын, бұрынғы дағдылы орындарын ауыстырып қайта түздік», - дейді [6, 110-б.]. Кітаптың соңындағы түсінікте құрастырушы өзгертулерге барынша кең тоқталып, түсінік беріп отырған.

«Ерулі атқа ер салмай» өлеңінің тақырыбы әр жылғы нұсқаларда 3 түрлі үлгімен жазылған:

- 1.Ереулі (1 және 2-нұсқаларда);
- 2.Ерулі (3-нұсқа);
- 3.Ереуіл (4-нұсқа).

Өлең мәтіндеріндегі қалған ерекшеліктер арнайы талдаулардың арқауы болады. Ереулі, ерулі, ереуіл сөздерін ерекше бөліп көрсетудің себебі, бұл өлең көбінесе Махамбет ақын шығармаларының жалпы атауы ретінде алынып келуімен байланысты болып отыр. Жалпы осы сөздің айтылуы мен жазылуына байланысты 25-тен астам ғылыми және мерзімді басылымдарда мақалалар жарық көрген, бірақ соның өзінде бір тоқтамға келу қиынға түскені байқалады. Қазақ көркем мәтіндерінің мәтінтанулық жағдайы, әсіресе, ауызша жеткен мәтіндерді түпнұсқалық қалпына келтірудің оңай еместігі (көбінесе мүлде мүмкін еместігі) осыдан-ақ аңғарылады.

Көркем мәтін - көп қырлы, көп аспектілі мәтін, күрделі тілдік бірлік, авторлық шығармашылықтың нәтижесі. Оны қалпына келтірудің өзіндік қиындықтары осы көпаспектілігіне байланысты туындайды. Өйткені көркем мәтін С.Р. Рейсердің пікіріне қарағанда: «Является в равной мере предметом изучения и текстологии, и истории, и теории литературы, но точка зрения и цель, с которой один и тот же материал изучается, различны» [9, С.12]. Шындығында солай екені дау тудырмайды. Әр жылғы басылымдардағы ауытқулар мен өзгерістердің пайда болу себептерін лингвистикалық тұрғыдан анықтап, көрсету үшін әдеби ұстанымдар мен қисындар, тарихи жағдайлар мен фактілер, ресми іс-қағаздары қажетіне қарай пайдаланылды.

Ал ақын өлеңдерінің реттілігін мәтінтану тұрғысынан қарастыру мақсаты туындағанда, алғашқы жарық көрген, ақын өмір сүрген мезгілге ең жақын 1925 жылғы, одан кейін 1939 жылғы және 1948 жылғы академик Қ. Жұмалиев жинастырып жарыққа шығарған басылым, сонымен бірге өзгертулері ең көп, тіл тарихының және мәтінтанудың ғылыми канондық принциптері көбірек бұзылған, құрастырушы тарапынан көп өзгерістер енгізілген 1974 жылғы және 1925 жылғы факсимилеге ең жақын түзілген 1989 жылғы басылымдар алынды.

Әрине, осы арада 2003 жылы баспа бетін көрген «Махамбет шығармаларының төрт томдық академиялық жинағын» айтпасақ болмайды (Алматы, «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2003). Бұл басылымда өлеңдері мен күйлері - 1-томда, Махамбет өлеңдері мен толғаулары (Махамбет Утемисов. Стихи и толғау. – Алматы. - НИЦ «Ғылым», 2003) 2-томда, ақын

шығармалары туралы зерттеулер мен мақалалар – 3-томда және құжаттар мен деректер – 4-томда топтастырылған. Басылымды баспаға әзірлеп, ғылыми түсінігін жазған А. Егеубаев: «1925 жылы баспа бетін көрген Қалел Досмұхамбетұлы әзірлеген жинақтың бірқатар редакциялық ерекшеліктері бар. Қ. Досмұхамбетұлы «Исатай-Махамбет» кітабында өлеңдерді негізінен ортақ тақырыппен топтастырып, әр толғауды рет санымен белгілеп, арнайы тақырыпсыз тізбелеп жариялайды. Кейінгі басылымдарда, 1939 жылдан бергі кезеңде әр өлеңнің жеке-жеке тақырыбы айқындалып, мәтіндік сараптамалар жасала бастаған. Одан бергі саяси-қуғын сүргіннен кейін Қалел Досмұхамбетұлы еңбегін бағалау тұрмақ, аты-жөнін айту мұң болған заман туды. Ол сұрқай жылдар ақын шығармаларының текстологиялық сипатына көлеңкесін түсіріп өткені анық сезіледі. Бірқатар сөздер, тармақтар, шумақтар идеологиялық «сүзгіден» өтпей, түсіп қалғаны, редакцияланғаны мәлім жай», - деп көрсетті [10, 8-9 бб.]. Әрине, төрт томнан тұратын жинақтан бұрын «Махамбет Өтемісұлы өлеңдерінің лингвотекстологиясы» деген академик Ә.Т. Қайдардың жетекшілігімен қорғалған кандидаттық диссертацияда (8) бұл мәселелер алғаш рет өз дәрежесінде сөз болған еді. Махамбет мәтіндеріндегі түрлі тілдік ауытқулар, олардың ауытқу себептері, әр жылғы басылымдардың ерекшеліктерін көрсету мен жекелеген сөздер мен сөз тіркестерінің төркінін ашу, түпнұсқалық вариантын қалпына келтіруді ғылыми сараптамалар арқылы ғана жүзеге асырудың жолдары алғашқы талпыныс ретінде осы еңбекте қарастырылды. Ол еңбекте қамтылмай қалған, ғылыми негізі ашылып үлгірмеген жайттар алдағы зерттеуде толықтырылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ісімақова А. С. Абай текстологы Қайым Мұхамедханұлының ғылыми түсініктемелері жөнінде//Кітапта: Қ. Мұхамедханов Абайдың шығармаларына ғылыми түсініктер. – Алматы: Общественный фонд Центр образования и культуры имени Каюма Мухамедханова, 2009. - 227с.
2. Мұхаметханов Қ. Абай шығармаларының екі томдығы. Ғылыми түсініктер. - Алматы, 1995.
3. Мұхаметханов Қ. Абайдың шығармаларына ғылыми түсініктер. - Алматы: Общественный фонд Центр образования и культуры имени Каюма Мухамедханова, 2009. - 227с.
4. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. –Алматы: Ғылым, 1967.
5. ҚазССР ҒА-ның Хабарлары. Филология сериясы, - 1990.-№3.
6. Махамбет. Ерулі атқа ер салмай. Өлеңдер. баспаға әзірлеген Б. Аманшин. – Алматы: Жазушы, 1974. - 144 б.
7. Исатай-Махамбет. Бірінші бөлім. – Ташкент, «Қазақстан мемлекеттік баспасының Күншығыс бөлімі», 1925. - 162 б.

8. Әнес Ғ. Махамбет Өтемісұлы өлеңдерінің лингвотекстологиясы. – Канд.дисс. қолжазбасы. - Алматы, 2002. - 113 б.
9. Рейсер С.А. Основы текстологии.- Ленинград: Просвещение,1978. - 175 с.
10. Махамбет шығармаларының төрт томдық академиялық жинағы. Бірінші том. Өлеңдері мен күйлері.-Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2003. - 448 б.

Резюме

В статье рассматривается вопрос роли рукописей в исследовании текстологии.

Resume

The article deals with the role of manuscripts as the most important factor in the research of textual criticism.

ӘӘЖ 070(574)(09)

ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ: XX ҒАСЫРДЫҢ I ЖАРТЫСЫ

Н.Қ. Жүсіпов

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

XX ғасырдың бірінші жартысында фольклорды теориялық тұрғыдан зерттеу жұмысы Қазан төңкерісінен кейін қолға алына бастады. Бұл кезеңде фольклор мен әдебиеттің өзара байланысын, сондай-ақ қазақ фольклорының жекелеген жанрларын зерттеуге көңіл бөлу өсті. Кеңестік фольклористикада фольклор мен әдебиеттің өзара байланысына ерекше назар аударылды. Бұл мәселені зерттеу жұмыстарының негізі сонау 1920-шы жылдары қалана бастады. Бұл кездегі ғалымдар көзқарастарында қарама-қарсы екі пікір қалыптасты: бірі- әдебиетте фольклордың ізі жоқ дегенге табан тіресе, енді біреулері- керісінше, әдебиетте фольклордың элементтері кездеседі дегенді алға тартты.

Сонымен қатар фольклордың теориялық мәселелері де зерттеле бастады. Мәселен, қазақ фольклорының әр түрлі жанрларының өзіндік жеке ерекшеліктерін ажырату, саралау, сараптау т.б. жұмыстарының негізі қаланды. Көбінесе ертегілер, батырлар жыры, тұрмыс-салт жырлары т.б. тәрізді фольклор жанрлары қарастырыла бастады.

Қазақ фольклортану ғылымы тек Кеңестік дәуірде ғана түбегейлі қалыптасты деуіміз Қазан төңкерісіне дейін қазақ фольклоры жайында жүргізілген кейбір зерттеу еңбектерін жоққа шығармайды. Мәселен,

Ш. Уәлиханов, В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, П.М. Мелиоранский, Ә. Диваев т.б. тәрізді ғалымдар мен ағартушылардың жалпы қазақ фольклоры туралы, оның кейбір жанрлары жайында айтқандары бар. Әрине, мұнда пікірлер үлкен ғылыми зерттеу еңбектерінің міндеттерін атқармаса да, қазақ фольклортану ғылымының қалыптасуына үлкен әсер еткені күмәнсіз.

Мәселен, қазақ халық поэзиясын жинаумен зерттеуде Г.Н. Потаниннің қосқан үлесін бағалағанда, ең алдымен, оның ертегі, эпосты зерттеуге қаншалықты мол еңбек сіңіргені көзге түседі. Г.Н. Потаниннің жиған-тергендерінің арқасында фольклордың құрамы- өлемнің жаратылысы, рудың шығуы туралы және қиял-ғажайып, тұрмыс-салт, мысқыл-сықақ ертегі, аңыздармен толықтырылды. Салыстырмалы әдістің кемшіліктеріне қарамастан Г.Н. Потаниннің қазақ, ұйғыр, моңғол және Сібір мен Алтайдағы түркі тілдес халықтардың поэзиясындағы өзара жақындықты анықтауы да аса бағалы [1].

Халық мұрасын қолма-қол жинау арқасында, әрі халықтың өмірі мен әдет-ғұрпын ұзақ жыл бақылаудың нәтижесінде Ә. Диваев өзінің зерттеу жұмыстарына негіз етіп халықтан алынған дәйекті материалға сүйенді. Қазақ халық поэзиясын зерттеуші ғалымдар мен замандастары В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, И.Н. Березин, А.В. Васильев, П.М. Мелиоранский сияқты Ә. Диваев те қазақ поэзиясының ерекшеліктері туралы көп ойланды. Қазақ халық поэзиясының шығармалары басқа да халықтардың фольклоры сияқты «халық көзқарасының сәулесі», оның рухани бейнесі мен ұлттық характері екендігін ол жақсы түсінді [2].

1920-шы жылдардың басында қазақ халқының ауыз әдебиеті жайында көтерілген мәселелер баспасөз беттерінде үлкенді-кішілі мақалалар, зерттеулер түрінде жариялана бастады. Мұнда қазақ фольклорын жинау, жариялау, зерттеу, бағалау мәселелері көтерілді. Мұның өзі халық ауыз әдебиетін зерттейтін қазақ фольклортану ғылымының қалыптасуына негіз салды. Сол тұста қазақ фольклоры туралы жазылған кішігірім мақалалардан басталған фольклортану ғылымы идеология майданында таптық күрес, фольклордың тарихи және оның қоғамдағы рөлі жайында көтерілген мәселелерге белсене араласты.

Сол кездегі Кеңес үкіметі қолдауына сүйеніп, үстемдік алған солақай пікірлер Қазан төңкерісіне дейін жарияланған фольклор үлгілеріне:

- шығыстан келді;
- ұлтшыл-буржуазиялық көзқараста деп сынға алды;
- халыққа қатысы аз;
- феодалдық қоғамға бас иеді деп;
- діни-шығыстық шығармаларға ғана назар аударады;
- ғылымға буржуазиялық талап негізінде ғана келді;
- қарапайым халық мәдени бағалықтарды қалыптастыра алмайды;
- байлар үстемдігі;

- тап тартысы тұрғысындағы т.б. сыңайдағы сыңаржақ пікірлер үстемдік етіп, фольклордың біржақты ғана зерттелгені де белгілі. Соның салдарынан да фольклорды зерттеу халықтың ұлттық ерекшелігін түсіну үшін қажет деп, сөз жүзінде мойындалған болса да, іс жүзінде фольклорды жинау мәселесіне арнайы қомақты еңбектер жазылған жоқ.

Идеологиялық күрестің негізінде қалыптаса бастаған Кеңестік қазақ фольклористикасы 1920 жылдардың өзінде-ақ төмендегідей мәселелерге айрықша көңіл бөлді:

- а) ескі мәдени мұраны игеру
- ә) халық ауыз әдебиетінің тарихын зерттеу т.б.

Ескі әдеби мұраның иесі үстем тап емес, еңбекші халық екенін дәріптеген таптық мақсаттағы мақалалар дені сол кездегі «Еңбекші қазақ», «Лениншіл жас» т.б. сияқты газет-журнал беттерінде жарияланды. Мәселен, Сәбит Мұқанов «Қазақ әдебиеті әм Ыбырай» деген мақаласын «Қызыл Қазақстан» журналының 1924 жылғы №7-9 сандарында жариялайды. Мұнда халық ауыз әдебиеті әрі бай, әрі әдемі әдебиет дей отырып, оны тудырушы үстем тап емес, еңбекші халық мүддесін жырлаған жыршы-ақындар екенін айтады. Осы ретте С. Мұқанов халық әдебиетінің ең көрнекті өкілдері деп Орынбай, Шөже, Арыстанбай, Шал, Біржан, Ақан, Ыбырай сияқты ақын, жыршы, өншілердің есімін атай отырып, олардың шығармаларын әрі жинау, әрі жарыққа шығару жайын сөз етеді. Сондай-ақ ғалым Бейсембай Кенжебаев та «Абай өлеңдерінің 1923 жылғы басылуы туралы» мақаласында (Еңбекші қазақ. 1925, №359-360) халық ауыз әдебиетінің негізгі мұрагері еңбекші қазақ екенін айтады. Демек ескі мәдени мұраны таптық мақсатта халық мүддесіне сәйкес бағалап, таптық тілекке сәйкес зерттеу, пайдалану туралы мәселелер 1920 жылдардың өзінде-ақ көтерілді. Ал, ескі мәдени мұраның бәрін «халықтық» деп жарияламай, тек олардың ішінен ең асылдарын, идеялық және көркемдік сапасы жоғарыларын тек еңбекші таптың мүддесіне сай келетіндерін ғана тандап алу мәселесіне ерекше назар аударуы т.б.- бәрі сол тұстағы қазақ фольклортану ғылымында біржақтылық, асығыстық т.б. тәрізді кемшіліктерді тудырды. Қазақ фольклорын таптық тұрғыдан, еңбекші халықтың арман-мүддесі тұрғысынан зерттеп бағалау ісіне С. Сейфуллин [3] кейін 1920 жылдардағы С. Мұқанов, Б. Кенжебаев тәрізді біраз әдебиетші фольклористер назар аударды.

1920 жылдардағы қазақ фольклортану ғылымының көтерген екінші бір үлкен мәселесі- қазақ халық ауыз әдебиеті тарихын зерттеу болатын. Бұл мәселеге ерекше көңіл бөлген М. Әуезов қазақ фольклоры туралы бірнеше зерттеу жазды: «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» (1922 ж.), «Қобыланды батыр» (1925 ж.), «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1927 ж.) т.б. Бұл еңбектерде: қазақ әдебиетінің даму жолдары, қазақ жазба әдебиетінің XVIII-XIX ғасырда қалыптаса бастағаны, бұл әдебиеттің алдында халықтың ғасырлар

бойы жасаған бай халық ауыз әдебиеті жатқаны, ол кейінгі жазба әдебиеттің бастамасы екендігі т.б. сөз болады. Сонымен қатар М. Әуезов қазақ жазба әдебиетінің кейбір өкілдерінің шығармашылығы халық әдебиетімен тығыз байланыста екендігін дәлелдейді. Қазақ ауыз әдебиетін іштей жанрларға жіктейді, әрбір жанрдың өзіндік ерекшеліктерін сөз етеді. Қазақтың эпостық жырларына арнайы тоқталып, олардың белгілі бір оқиғаларға, әлеуметтік жағдайларға байланысты туғандығын көрсетеді

Қазан төңкерісінен кейін Кеңестік оқу ағарту саласында кадрлардың жетіспеуі өз алдына, тіпті оқу орындарындағы оқулықтардың жұтандығы сол кездегі қазақ зиялыларын толғандырған басты мәселелердің бірі болғандығы анық. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін де белгілі ғалым М. Әуезовтың «Халық ауыз әдебиеті туралы» мақаласы 1924 жылы «Жас қайрат (Ташкент) журналының 4 санында (Б.19) жарияланған [4]. Бұл мақалада автор уақыт өткізбей халық ауыз әдебиеті үлгілерін тездетіп жинап алуға шақырады. Халық ауыз әдебиетін жинауға қолайы бар адамдар, оқыған шәкірттерді тарта отырып, автор оларға қазақ елі тұрмысының ерекшелігіне орай ескі мұраны жан-жақты жинастыру міндетін жүктейді. Ғалым Мұхтар Әуезов халық әдебиетіне өлең, жыр, ертеке, мақал, жанылтпаш, бесік жырлары, діндар өлеңдер, үлгілі әңгімелер, жың, шайтан, аруақтар туралы айтылған әр түрлі хикаялар, халық дәрігерлігі, олардың пері, сикыршылар, албастылар һәм басқа да осылар сияқты сөздердің бірсыпырасын жатқызады. Демек фольклорды өзінше іштей жіктей отырып, және оның алғаш анықтамасын да береді: «...халық әдебиетінде жоғарғылардың кім айтып, кім шығарғандығы, анық емесі мәлім болмайды. Ескі білетіндерден кім ұғып жаттап айтса, сол ие болып, бірден-бірге тапсырылып жүре береді. Ондай белгілі иесі болмаған сөздер жалпы халыққа ортақ мүлік есебінде қалып отырады.

Сондықтан жоғары айтылған адамның құлқына, тіршілігіне пайдалы, жалпы халыққа ортақ сөздер - халық әдебиеті деп аталады», - дейді [4, 42 б.]. Міне, ғалымның бұл пікірлері мақаланың ағартушылық мақсатта жазылғанын көрсетеді.

Сәкен Сейфуллиннің 1929 жылы «Қазақ әдебиеті туралы хат» атты мақаласы [5] да, негізінен, оқу-ағарту мақсатында жазылған. Автор қазақтың халық әдебиетін жинаушылардың көбейе бастағанын сөз ете отырып, елдің жаңа тұрмыс дәуіріне аяқ басқанын, мектеп, медреселері көбейгенін жазады. Автор қазақтың мәдениет, әдебиет тарихын зерттеу мақсаты-Қазақстанның халық ағарту орындарының алдында тұрған ең басты мәселесі болу керектігін айтады. Ол үшін С. Сейфуллин: «Халық тарихын, әдебиет тарихын тәртіптеп жазып шығаруға әдебиет тарихының деректері керек. Болған тиісті мағлұматтар, біраз ескі мағлұматтар, біраз тарихи әдебиет деректері қазір қазақ университеті қарамағында бар. Бұл ескі мағлұматтар дегеніміз, тарихи әдебиет дегеніміз мыналар: ескі сөздер, билер сөздері,

ескі батырлар әңгіме-жырлары, киссалар, ертекертері, неше түрлі өлендер, әдет-ғұрып жырлары, мәселен: беташар, ау-жар, тойбастар, бесік жырлары, жоқтаулар, айтыстар, ескі әңгіме-жырлар, аңшылық әңгімелері, бақташылық әңгімелері, бақсы әңгіме-жырлары, тағы басқа осы тәрізді әңгіме-жырлар», - деген тәрізді фольклор үлгілері оқулық жазу үшін қажетті мәтін көзі боларын ескертеді. Ал, бұл жиналған фольклор үлгілері, С. Сейфуллин пікірінше, өз кезегінде университетте қазақ әдебиеті тарихынан оқылатын дәрістерге енеді, сонынан жеке оқулық кітап болып басылады. Демек С. Сейфуллин қазақ фольклорының барлық жанрларын бір жерге жинап, бастырудағы мақсаты- ол мектеп, медресе, университеттер үшін қажетті оқулық жазу екендігін анықтады. Ендеше бұл үгіт-насихат құралын атқарған мақала әсерінен барып, сол кезде жиналған фольклорлық үлгілердің оқу-ағарту сипатындағы зерттеу жұмыстарына негіз қалағаны сөзсіз. Мақала соңында халықтық шығармаларды қайда жіберу керектігін де көрсететін Сәкен Сейфуллиннің Алматыдағы мекен-жайы көрсетілген. Бұл еңбектер қазақ фольклорын кеңінен, ғылыми тұрғыдан баяндауға арналған алғашқы зерттеулер екені сөзсіз.

Ендеше, 1920 жылдары дүниеге келген Кеңестік қазақ фольклортану ғылымы аз уақыттың ішінде көп жұмыстар атқарды. Қазақ халық ауыз әдебиетін дұрыс пайдалану, ескі мұраны бағалау, қазақ фольклорының тууы мен даму тарихын зерттеу жайында аса маңызды мәселелер көтерді.

1930 жылдары қазақ фольклортанушы ғалымдары көтерген енді бір мәселе- қазақтың жазушылары шеберлікті қазақ фольклорынан үйрену қажеттігі айтылуы. Мәселен, С. Мұқанов «Қазақтың пролетариаттық әдебиеті туралы» (1931 ж.) еңбегінде [6] социалистік жаңа заманды, екпінді құрылыстар, адамдардың еңбегін шабыттана жырлау үшін қазақ ауыз әдебиетіндегі «жыр» өлшемін ұсынады. Демек сол кездің өзінде-ақ С. Мұқанов халықтық әдебиеттен жазба әдебиетінің алары әлі де мол екендігін дәлелдеуге тырысқан. Дәлел ретінде қазақ фольклорының «Қобыланды», «Алпамыс» сияқты жырларында батырдың жорық, шабыс, айқас, тартыс кезінде көз ілеспес ерлік қимылдары «жыр» арқылы берілгендігін көрсете отырып, Кеңестік өмірді, ерлік, екпінді қимылды түйдектете жырлауда өлеңнің «жыр» түрі өте мәнді екендігін дәлелдейді. Осы арқылы әдебиетте халық поэзиясындағы «жыр» түрін қолдануды ұсынады.

Халық ауыз әдебиетінен үйрену мәселесін, сондай-ақ С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, М. Әуезов, та т.б көтерген. Олар: халықтың тіл байлығын, сөз саптау мәнерін; фольклордағы сюжеттер, фольклорлық образдарды пайдалану т.б. мәселесіне назар аударды.

1930 жылдардағы қазақ фольклортану ғылымының тағы бір көңіл аударған мәселесі- Кеңестік дәуірдегі халық шығармашылығы болатын. Бұл мәселеге сол кезде Одақ көлемінде Кеңестік партия мен үкімет ерекше

мән беріп, қамқорлық жасады. Халық арасынан шыққан өнер иелеріне барлық жерде ерекше жағдай жасалғаны тарихтан белгілі. Әдебиетшілер мен фольклортанушылар Кеңестік халық поэзиясының көрнекті өкілдері: Жамбыл, Нұрпейіс, Доскей, Шашубай сияқты ақындардың шығармасын зерттей бастады, әрі олардың шығармаларын оқу-ағарту мақсатында қолдануды көздеді.

Жалпы әлемдік фольклортануда әр халықтың фольклорын кімдер жинады дегенде, оның ұлттық ғалымдарын алға тарту үстем болса, Қазан төңкерісінен кейінгі Кеңестер елінде орналасқан партия жетекшілері мұның бастауында орыс ғалымдары тұрды деген біржақты пікірге бағыттап отырды. Кейбір ғалымдар фольклорды- халықтың көркем шығармалары деп те бағаласа, билеуші қайраткерлер ығымен жүрген енді біраз-ғалымдар Қазан төңкерісіне дейін шыққан фольклорлық еңбектерді маркстік-лениндік негізде қайта жазу керек деген ұйғарымды да күн тәртібіне қойды.

Қорыта келгенде, XX ғасырдағы Кеңес өкіметі тұсында жарияланған біраз мақалаларда, негізінен, фольклорды оқу-ағарту мақсатында мектеп, медресе, университетке қажетті оқулық, хрестоматия үшін пайдалану идеясын дұрыс көтерді. Ал, ескі мұраны бағалау тәрізді сипатта басылған мақалалар дені т.б. – халық ауыз әдебиетін тарихын зерттейтін қазақ фольклортану ғылымының негізін қалауда игі әсер еткені күмән тудырмайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Потанин Г. Ерке, сын неба.// Средняя Азия.-1916; Греческий эпос и ординский фольклор. // Этнографическое обозрение. - 1904.- №2.-С.65.
2. Диваев Ә. Несколько слов о свадебном ритуале киргизов Сыр-Дарьинский области.- Қазан:1900.- 19 б. ; Сборник материалов для статистики Сыр-Дарьинский области.- 1905. -Вып.12; Предание о хазрети Исмаил-ата. // Туркестанские ведомости. - 1901.-№20, 24,25. т.б.
3. Сейфуллин С. Шығар. -4-т.-Алматы: 1962.-Б.338-344.
4. Әуезов М. Халық әдебиеті туралы хат. // Жиырма томдық шығармалар жинағы. 15 т.-Алматы: Жазушы, 1984.-Б.42-45.
5. Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті туралы хат. //Бес томдық шығармалар жинағы. 5т.-Алматы: Жазушы, 1988.-Б.107-108.
6. Мұқанов С. Өсу жолдарымыз.-Алматы: 1960.-Б.122.

Резюме

В статье анализируются научные труды, издававшиеся в первой половине XX века.

Resume

In the article are analyzed the scientific works are published in the first half of XX century.

СОДЕРЖАНИЕ ОБУЧЕНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОМУ КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ

А.Ф. Зейнулина

Павлодарский государственный университет им. С.Торайгырова

Язык – не только носитель культуры и ее величайшее явление, но и важнейший политический инструмент. Языковая политика государства является важным фактором укрепления политической стабильности полиэтнического Казахстана, поэтому государство придает приоритетное значение вопросам развития языковой политики в республике.

Можно вполне определенно сказать, что основная цель языковой политики Республики Казахстан достаточно определилась. Она состоит в практической реализации государственного статуса казахского языка, сохранение за русским языком в полном объеме основных функций, гарантированных ему Конституцией РК, развития других языков народов Казахстана.

Язык государственный – это язык, которому в определенном государстве законодательно придается статус обязательного употребления и который пользуется специальной поддержкой со стороны государства в целях его развития и распространения. На государственном языке функционируют государственные органы власти, ведутся делопроизводство, официальные переговоры, переписка и т.д.

Специалисты выделяют два типа воздействия общества на сферу языка – стихийное и сознательно-целенаправленное.

Известный социолингвист Ю.Д. Дешериев пишет: «Воздействие на языковую структуру социальных факторов, обусловленное логикой общественного развития, принято называть стихийным воздействием социальных факторов, понимая под этим «естественное», не предпринятое преднамеренно человеком, обществом их воздействие на функционирование языка».

Наиболее яркими примерами такого воздействия факторов общественного развития на языковые процессы служат: 1) диалектная дифференциация языка, обусловленная дифференциацией общества; 2) социальная (классовая, сословная) дифференциация – она также ведет к образованию различий в языке (язык аристократии, язык рабочих, язык крестьян и т.д.); 3) профессиональная (тоже социальная в смысле обособления определенных групп людей по профессиям) дифференциация языка – она тоже ведет к образованию специфических черт в языке представителей различных специальностей (профессионализмы).

Преподавание государственного языка требует творческого, активного подхода к изучению предмета. На занятиях, которые проводятся, как правило в малочисленных группах, у преподавателя есть реальная возможность проследить проявление стимулирующих и тормозящих эмоциональное состояние студентов методов во время процесса обучения, глубже изучить склонности и особенности характера студентов, определить их возможности в достижении поставленной цели. В большинстве случаев при обучении учебному предмету используются в основном и даже исключительно слух и зрение, остальные же органы чувств остаются без внимания.

При изучении казахского языка аксиологический подход реализуется при постановке преподавателем оперативных и тактических целей обучения, разработке учебных программ и планов конкретных занятий, в которые включаются материалы о современных достижениях в определенных областях науки, производства и культуры, о важности общечеловеческих ценностей. Преподаватель, обучающий государственному языку, совместно со студентами ставит вопросы целеполагания, связанные с решением конкретных задач, акцентирует внимание на важности освоения методов их решения на информационном, репродуктивном или творческом уровнях усвоения знаний, важности адекватного отношения к себе как к развивающейся личности. Выполнение конкретного задания завершается анализом результат по степени достижения цели, т.е. фиксируется посредством рефлексии усвоения учебной информации на соответствующих уровнях усвоения.

Коммуникативный характер обучения казахскому языку формирует коммуникативную компетентность, так как общение предполагает формирование как специальных, так и общенаучных умений. Общение регулирует поведение личности, побуждает к тем или иным речевым действиям, к воздействию; способствует формированию ценностных ориентаций, взглядов и убеждений личности; служит средством речевого оформления поведения людей, их взаимоотношений, проявляется, в частности, в соблюдении речевого этикета.

Главной целью коммуникативно-ориентированного обучения казахскому языку является формирование коммуникативной компетенции в тех видах речевой деятельности, которые необходимы для осуществления общения в реальных сферах и ситуациях. По сути дела, задача обучения иноязычному общению сводится к формированию речевой способности, коммуникативной компетенции обучаемых.

В качестве общей перспективной цели обучения казахскому языку выделяется коммуникативная компетенция личности, а в качестве конкретной цели – обучение иноязычному общению. В теории педагогика ставился вопрос о формировании «образовательной компетенции» обучающихся как основы и необходимого средства, позволяющего индивиду «создавать себя и играть

различные роли в жизни» также дискутировался вопрос о формировании «иноязычно-учебной компетенции» - владение техникой и стратегией изучения изучения казахского языка, формирования у обучающихся способов самостоятельного приобретения знаний и развития навыков и умений в казахском языке.

Обучение казахскому языку может и должно быть средством создания способности участия в общении, формирующем личность. Например, узкопрактические цели обучения иноязычному чтению (распознавание заданной в тексте мысли) должны стать компонентом «внешней» цели (не только реакция на заключенную в тексте мысль, но и воздействие на другого, в смысле изменения поведения и дальнейшее планирование своих действий. То есть вершиной речевой иноязычной деятельности должно стать «поступочное» звено. Однако данное звено может состояться только при условии сформированности предметного компонента коммуникативной компетенции студента. Наличие именно профессионального компонента служит тем необходимым основанием которое подводит обучающегося к размышлению над извлеченной информацией, что в свою очередь, требует от него принятия решений, связанных с этой информацией и имеющей вербальную или актуально - поступочную манифестацию. Это может быть расширение представлений студента о проблеме, возрастание зрелости в оценках, и т.п., приводящее к изменению профессиональной деятельности.

Без глубокого понимания того, что такое культура, без разработки культурологического подхода в педагогике невозможно решение многих актуальных проблем образования и воспитания. Само понятие «культура» близко таким основным понятиям педагогики, как «образование» и «воспитание». Казахский язык нельзя изолировать от культуры, средством выражения которой он является. Преподаватель казахского языка является посредником между разными культурами, что предполагает одинаково хорошее знание как титульной, так и других культур. Наиболее наглядно это проявляется при изучении страноведческих тем, аутентичной литературы, достижений науки и техники.

Подготовка компетентного специалиста соотносится не только с новыми методами и иным содержанием обучения, но и с личностным характером педагогического взаимодействия. поэтому к необходимым условиям компетентности - ориентированного обучения следует также отнести:

- уважение и принятие студента как самоценной личности, обладающей разнообразными потребностями, интересами, стремящейся к достижению жизненных целей, имеющей собственную позицию и право ее реализовать;
- обеспечение личностной включенности студентов в процесс обучения: направленность на самопознание, развитие субъективного опыта, рефлексивное отношение к изучаемым предметам и явлениям, процессу обучения, самому себе, к будущей профессиональной деятельности;

- создание атмосферы размышлений, анализа, поиска новых значимых целей, диалога разных позиций, открытости, поддержки, признания и подчеркивания достижений.

Студенту технического вуза необходимо показать, что для восприятия и понимания эстетических ценностей будущей профессиональной деятельности, их создание требует определенной подготовленности, развития эстетического вкуса и соответствующих способностей. Именно вуз, совершенствуя эстетическое воспитание, должен культивировать эстетическую значимость профессиональной деятельности. Это достигается благодаря целенаправленной работе преподавателей, организаторов языкового воспитания в вузе, результатом которого является переход студентов на более высокий уровень эстетической воспитанности, готовности.

Профессиональное образование предполагает достижение элементарной и функциональной грамотности, достижение общего образования, профессиональной готовности, овладение культурой деятельности, осознание материальных и духовных ценностей, формирование «индивидуального менталитета» (С.Я. Батышев).

Среди иерархий профессиональных качеств мы выделяем осознание материальных и духовных ценностей национальной культуры как части общечеловеческой, ибо в настоящее время растет тенденция возрождения и сохранения национальной культуры. С другой стороны, человек определяется по отношению к Родине, по отношению к культурным ценностям своего народа. Только через познание собственной языковой культуры он может познать общечеловеческую культуру.

Поэтому время, перспективы развития суверенного Казахстана требуют переосмысления подхода к изучению художественной культуры казахского народа и его эффективному использованию в целях образования и воспитания студенческой молодежи.

Языковое воспитание, являясь органической частью всего учебно-воспитательного процесса вуза, может решать дидактические задачи: приобретение и усвоение теоретических знаний, овладение студентами эстетических эмоций, чувств и отношений, развитие творческих способностей.

Богат эстетический потенциал гуманитарных дисциплин «казахский язык», «Иностранный язык». Всех их отличает богатство, разнообразие, меткость, графическая и риторическая красота, поэтика фонетических, семантических и социо-культурных повторений.

Таким образом, в каждой учебной дисциплине социально-гуманитарного и естественно-научного циклов присутствует эстетический потенциал.

Преподаватель казахского языка должен не только обучать студентов, но и в процессе обучения развивать и воспитывать их. Поэтому в

современном контексте занятия русского языка в техническом вузе могут и должны восприниматься как источник знаний в разных областях не только общечеловеческой культуры, но и национальной. Основным объектом приобщения студентов технических вузов к культурному наследию казахского народа является текст. Преподаватель целенаправленными усилиями может создать развивающую среду, способную приобщить студента к национальной культуре, вызвать у него потребность постоянного общения с текстами – источниками знаний о культуре своего народа.

Работа над связным текстом позволяет органично сочетать воспитательный, обучающий и развивающий аспекты педагогического воздействия. Развивая идею приобщения студентов к казахскому народному костюму как духовной ценности народа и культурному наследию нации, преподаватель казахского языка на практике может реализовать ее через расширение дидактического диапазона занятий, путем отбора или составления текстов, отражающих историю казахского народного костюма, его особенности. Работа над текстом на занятиях казахского языка способствует обогащению культурного багажа и совершенствованию эстетического чувства. Это достигается, если текст интересен современному студенту, может оказать эстетическое воздействие на читающего, вызвать у него эмоциональный отклик, воспитать хороший вкус. Чтение текста, его анализ может приблизить студента к разгадке авторского замысла, углубленному восприятию – все это может сделать работу с текстом событием, пробуждающим интерес к слову, развивающим чувство языка. Некоторых студентов знакомство на занятии с текстом заставит иначе воспринимать самих себя, окружающую жизнь, природу, слово, книгу, культуру своего народа.

Если текст на занятиях казахского языка создает развивающую речевую среду, способную приобщать студентов к истории казахского народного костюма, то значимым в тексте становится абсолютно все.

Таким образом, мы определили возможность языкового воспитания студентов технических вузов на материале казахского народного костюма средствами дисциплины «Казахский язык», выявили педагогический и эстетический потенциал казахского народа.

Одно из важнейших форм изучения казахского профессионального языка является самостоятельное чтение, по домашнему чтению удастся не только проконтролировать понимание содержания, но и познакомить студентов с новыми языковыми моделями, имеющими коммуникативную ценность. При этом не следует забывать, что главной целью занятий по домашнему чтению является обсуждение содержания произведения. Поэтому все задания и упражнения должны способствовать решению коммуникативных задач: пониманию содержания текста, извлечению необходимой информации и обсуждению прочитанного. Наряду с учебными задачами, преподаватель на

занятия по домашнему чтению решает и психолого-педагогические проблемы, главная из которых – привитие интереса к чтению на государственном языке. Преподаватель должен очень тщательно продумывать задания, чтобы, с одной стороны, занятие было интересным, рассчитанным на интеллектуальную деятельность обучающихся, а, с другой стороны, текст не должен содержать много трудностей. Преподаватель учит смысловой догадке, а также привлекает знания по словообразованию, для того, чтобы студенты реже пользовались словарем при чтении, ведь частое пользование им может превратить чтение в тягостный труд. Поэтому преподаватель обращает внимание на отбор произведений, а при необходимости может снабдить студентов словариком к данному отрывку с переводом. Естественно, это делается в основном на начальном этапе. На занятиях по домашнему чтению особое внимание мы уделяем синтетическому чтению, однако, имеет место и анализ языковых явлений. Мы используем следующие типы упражнений: а) на расширение словарного запаса за счет новых лексических единиц текста; б) на закрепление речевых образцов с опорой на изученные грамматические явления; в) по содержанию текста. Упражнения проводятся в основном именно в такой последовательности, однако, упражнений по содержанию текста, то есть по синтетическому чтению, должно быть значительно больше, чем лексических и грамматических упражнений, так как главной целью домашнего чтения является обсуждение содержания произведения.

Традиционно обучение государственному языку в вузе было ориентировано на чтение, понимание и перевод специальных текстов, а также изучение проблем синтаксиса научного стиля. Сейчас необходимо думать о перемещении акцента в обучении на развитие навыков речевого общения на профессиональные темы и ведения научных дискуссий, тем более, что работа над ними не мешает развитию навыков, умений и знаний, так как на них базируется. Таким образом, речь идет о реализации речевого акта говорения в процессе устной коммуникации между двумя или более лицами. Запись прослушанного и использование написанного текста как источника устного речевого акта легко осуществимы в условиях учебной аудитории.

Схема обучения казахской устной речи по специальности может строиться с учетом следующих положений: 1. Определение коммуникативных признаков для большинства типов текстов данной специальности и средств выражения этих признаков, то есть коммуникативных моделей; 2. Определение наиболее полного перечня коммуникативных признаков и моделей устной речи по изучаемой специальности и выработка системы упражнений для их активной тренировки; 3. Анализ различных коммуникативной – ориентированных видов текстов по данной специальности, отбор отдельных видов текстов в учебных целях, определение их основных коммуникативных особенностей, моделей и разработка эффективной системы упражнений для тренировки

отобранных структурных единиц; 4. Выработка и доведение до степени автоматизации у студента учебных алгоритмов по всем видам речевой деятельности; 5. Устная коммуникация от монолога к диалогу и, наоборот, с применением задач и игр проблемно-поискового характера.

Преподаватель казахского языка должен хорошо знать особенности научных и технических текстов по изучаемой специальности и по мере надобности знакомить с ними обучаемых. В первую очередь это наличие специальной терминологии, особой общенаучной лексики, специфической служебной лексики, тех или иных сложных грамматических конструкций.

Основой для обучения в условиях неязыковой среды будет служить текст на казахском языке. Преподаватель должен отобрать те виды и типы текстов по изучаемой специальности, которые помогут студенту реализовать коммуникативные возможности говорения. Например, можно различать тексты: - по средству передачи: устные и письменные.

- по характеру изложения; описание, сообщение, рассказ, рассуждение, рассмотрение и их комбинации в специальных видах текстов, таких как аннотации, рецензии и т.п.; - по степени специализированности и отношения к адресату: исследовательские, такие как монографии, научные статьи, обучающие, то есть статьи и тексты из учебников, справочников, словарей т.п.

Казахский научный, профессионально - ориентированный текст, в общем, характеризуется языковой экономией, выражающейся, например, в номинантном характере предложения, особенностях терминологических систем, специальных языковых штампах; своеобразной наглядностью (графические средства членения текста и абзаца); обстоятельностью изложения (схемы, таблицы, повторы, замена одних структурных единиц другими).

Текст как основная учебная единица при обучении казахскому языку должен, особенно на первых порах и для студентов со слабыми знаниями, озвучиваться и прослушиваться многократно и повторяться целиком, различными блоками. Лишь тогда обучаемый сможет научиться определять основную тему и его логическую структуру, то есть распределение элементов «тема-тема», что и должно быть базой акта коммуникации по специальности. Главное состоит в умении позднее правильно задать вопрос (логически и грамматически) и более или менее полно ответить на поставленный вопрос, т.е. уловить и поддержать беседу, помнить об основных проблемах и логике их изложения.

Особую актуальность приобретают вопросы определения общего, универсального и особенного, идиоэтнического в родном и изучаемом языках индивида. В результате контрастивного анализа средств выражения предикативности в казахском, русском и английском языках установлено, что, рассматриваемые языки обладают одинаковым репертуаром грамматических категорий выражения предикативности как языковой

универсалии. Определены основные предикативные средства кодирования в рассматриваемых языках.

Лексические средства включают следующие группы слов:

- а) слова, выражающие субъект высказывания (личные местоимения, существительные, субстантивированные формы прилагательных, причастий и числительных);
- б) слова, выражающие предикат высказывания (глагольные и именные лексемы, употребленные в функции предиката);
- в) слова, уточняющие темпоральные признаки высказывания – наречия времени.

Грамматические средства кодирования представлены морфологическими показателями, выражающими концепты личного и временного дейксиса:

- а) средства выражения сферы лица и числа;
- б) средства предикативного согласования: субъектно-предикатное согласование, связанное с ролевой когнитивной сферы;
- в) средства выражения связи сферы лица со сферой наклонения и времени.

Результаты проведенного контрастивного анализа средств выражения объективной модальности, времени и лица в казахском и русском, казахском и английском языках стали основой прогнозирования процесса усвоения предикационных знаний и выявления возможных трудностей при изучении казахского языка как неродного и как иностранного.

Моделирование процесса овладения вторым языком базируется на формировании у инофонов «языкового видения» субъектно-предикатных конструкций изучаемого языка, понимаемое как экстериоризация сформированных в родном языке знаний, связанных с выражением мысли и оформлением ее в виде предложения. Ставится главная задача – перевести эти интуитивные знания на новую основу путем осмысления идиотнических особенностей предикативности в изучаемом языке, отражающих специфику связи предикативных средств кодирования с концептосферами модальности, времени и лица. Автоматизация предикационных знаний в результате управляемого и регулируемого процесса их многократного осознаваемого использования в различных речевых ситуациях обеспечивает в дальнейшем спонтанную речевую деятельность инофона. Предикационный минимум, необходимый для овладения вторым языком, представлен в виде Модели «языкового видения» субъектно-предикатных конструкций, которая отражает содержание, объем и последовательность усвоения предикационных знаний.

Интеграция Казахстана в мировое образовательное пространство в условиях глобализации, решение стратегических задач системы образования в новых экономических, геополитических и социокультурных реалиях, модернизация казахстанского образования требуют осмысления и серьезных изменений в языковой подготовке будущих специалистов.

Изучение профессионального казахского языка приобретает исключительную значимость и является обязательным и неотъемлемым компонентом комплексной общей профессиональной подготовки специалистов, в основе которой закладываются психолингвистические основы восприятия полиязычия.

Обучение языкам нацеливает на подготовку конкурентноспособных специалистов, на привитие обучающимся умения самостоятельно добывать, анализировать, структурировать и эффективно использовать полученную информацию для максимальной самореализации.

ЛИТЕРАТУРА

1. Государственная программа функционирования и развития языков на 2001-2010 годы // Юридическая газета. – 21 февраля 2001 года.
2. Кадыралина Ж. Казахский язык – фактор консолидации многонационального казахстанского общества // Саясат, 2002 г. - № 3-4. – с. 88-91. С. 90.
3. Мухамедиева Н. К. Кәсіби қазақ тілі. А., 2003 ж.
4. Колшанский Г.В. Коммуникативная функция и структура языка. – М.: Наука, 1984. – 264 с.
5. Олейникова О.Н. Европейское сотрудничество в области профессионального образования и обучения. Копенгагенский процесс. М., 2004. - С. 70.

Түйіндеме

Аталмыш мақалада кәсіби-қазақ тілін оқытудың білім мазмұны мен оны жетілдірудің тиімді әдістемесі қарастырылады.

Resume

This article considers some problems of methods and contents of teaching the state language.

ӘӘЖ 81'1:811.512.1

КҮРДЕЛІ АТАЛЫМДАРДЫҢ ТҮРКІТАНУДАҒЫ ЗЕРТТЕЛУІ

Б. Қасым

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ.*

Қазақ халқының өзімен бірге жасасып, өмір сүріп келе жатқан қазынасы – тілі. Ұлт деген қасиетті ұғымның бір көрінісі – тілі. Сан ғасырлық тарихы

бар халықтың «тіл – қатынас құралы» болып табылады. Ұлттық тілдің дамуы ұлттың даму тарихымен тікелей байланысты. Тіл – халық тарихы. Ол – өркениет пен мәдениеттің даму жолдары. Бұл жайында сөз зергері Ғ. Мүсіреповтің даналық ойын келтіре кетейік. «Қай халықтың болса да қоғамдық өсу-өркендеу жолында көтеріле алған биігі мәңгілік болып ана тілінде сақталып отырады. Қай халықтың болса да басынан өткен дәуірлері, қилы-қилы кезеңдері ана тілінде із қалдырмай өте алмайды. Ана тілі ғасырлар бойында жасала да береді, жасара да береді. Тіл диалектикасы – жасаған сайын жасара беруінде. Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі» (курсив – Б.Қ.). Демек, халық – өзінің тіл қазынасының иесі ғана емес, оны жасаушы, игілігіне жаратушы, көзінің қарашығындай сақтаушысы. Тілдің әлеуметтік-қоғамдық өмірдегі қажетін, сұранысын өтейтін, қоғамға қызмет ететін қоғамдық құбылыстардың қатарына жататыны, оның осы қырымен сипатталады. Тіл – адамдардың қатынас құралы және қоғам өмірінің барлық саласына қызмет ететін болғандықтан, қоғам өмірінде өткен немесе болып жатқан өзгеріс, жаңалықтар тілге де әсерін тигізеді, белгілі мөлшерде ізін, таңбасын қалдырады.

Аналитизмнің тіл дамуында маңызы ерекше. Сөз тіркестерінің мағыналық даму нәтижесінде атаулық сипат алуы – көнеден келе жатқан үдеріс. Тіл де қоғамдық үрдістермен бірге дамиды, жетіледі, өзгерістерге енеді. Оны әр кезеңнің, әр дәуірдің тілдік деректерінен анық көруге болады. Оған мына тілдік деректерді (фактілерді) келтіруге болады: *балбал → сынтаг → сын тас (КТб., 16), *он оқ → халық (КТб., 12), *йер-суб → жер-су (КТб., 20), *елтебер → елбасы (КТб., 53), *көзі-қашы → көзі-қасы (КТб., 50), *ісіг-күчіг → күш-қуат (КТб., 3), т.б. [1; 174]. Келтірілген тілдік деректердегі біріккен сөздер мен қос сөздердің жасалу үлгісі ежелден барын, сөзжасамдық тәсілдер екені ұғынылады. Бұл тәсілдің тілдің дамуында маңызы зор. Таным тұрғысынан заттар мен құбылыстарға ұғымдық сипат беруге қолайлы, ыңғайлы, тиімді жол. Ал оның табиғатын, жасалымын, мән-мазмұнын, қолданымдық қызметін зерделеу тіл ғылымының ең өзекті мәселелерінің бірі болып саналады.

Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тіл білімі ғылымының алдындағы биік мақсат-міндет – қазақ тілі байлығының бас арқауы саналатын лексикасының (дара және күрделі сөздер) құрамы мен құрылысын, мағынасы мен қолданымсын, тәсілі мен сөзжасам, сөзтудырым заңдылықтарын өмір талабына сай қайта қарау, саралау. Сонымен қазақ тіліндегі күрделі сөздер де ғасырлар бойы жасалып, үздіксіз дамып, жетіліп келе жатыр дәуімізге толық негіз бар.

Күрделі сөз – сөз атаулының ең жоғары, дамыған түрі. Қай халық болмасын өз ойын айшықты, көркем беруге тырысады. Халық атау беруде

тіршіліктің кілті саналатын заттар мен құбылыстардың түрлі қасиеттерін белгі және бағалау тұрғысынан алады. Соның бір белгісі күрделі сөздерден де байқалады. Соның ізі, таңбасы күрделі сөздерде қалған. Тіл мамандары күрделі сөз мәселесі туралы айтып та, жазып та келеді. Бірақ күрделі сөздің анықтамасы, қағидасы, сипаттамасы, межесі тәрізді ұстанымдарын – басқа күрделі тілдік құбылыстардан аражігін ажырататындай заңдылықты дөп басып ұстау қиын. Әдетте, не нәрсенің болмасын айқын заңдылығы болмаса, оның дұрыс шешім табуы оңайға соқпайтыны белгілі. Күрделі сөздің тарихына көз жүгірткенде, ғалымдар тарапынан айтылған пікірлердің сан алуандығы осыдан ба деп ойлаймыз. Оның себебі де түсінікті. Расында да, күрделі сөздің бір қырынан қарағанда, басқа тілдік құбылыстардан пәлендей айырмашылығы аңғарыла да бермейді. Сол себепті оны анықтау, сыр-сипатын белгілеу, табиғатын түсіну өте ауыр соғады. Сондықтан да болар қай кезеңде де күрделі сөз лингвистиканың күн тәртібінен түсер емес.

Күрделі сөз тілде кең қолданымды құбылыс болғандықтан, оны назардан тыс қалды деуге болмайды. Түркі тілдеріндегі күрделі сөздер жайлы зерттеу ісі XIX-XX ғғ. аралығында, түркі тілдерінің алғашқы грамматикалары жасала бастаған кезде қолға алына бастады. Сол кездегі әдебиеттерге зер салсақ, негізінен күрделі сөздерді есепке алу кезеңі басталады. Бұл дәуірге И. Гиганов, А. Казамбек, И.М. Мелиоранский, В.В. Радлов, Н.И. Ашмарин, т.б. сынды зерттеушілердің еңбектерін жатқызуға болады. Бұл еңбектерде күрделі сөздің кейбір құрылымдық тұстары ғана айтылып, жалпы мәлімет тұрғысынан сипатталған. Ал осы мағлұмат келешек зерттеулерге негіз болды.

Бұл жерде біз, ең алдымен, алғашқы грамматиканы жасаушылардың бірі болып есептелетін И. Гигановтың есімін атауымызға болады. Ол өзінің «Татар тілінің грамматикасы» атты еңбегінде сөзқосым мәселесін ғылыми түрде зерттелмегенімен, тобыл татарлары тіліндегі күрделі сөз жайында мағлұмат берген И. Гиганов татар тілінде күрделі сөздің аздығын айта келе мынадай анықтама жасайды: «Сложные слова есть то, которое составлено из двух или нескольких слов» [2; 45]. Зерттеуші сол дәуірдің қиын міндетін игеру үшін тілдің табиғатын жетік біліп, түсіне білген әрі жазу таңбасы араб тілінде болғанына қарамастан, сөзді құрамына қарай жіктеген. Сонымен қатар, зерттеуші тілдік деректерді келтіріп, олардың күрделі зат есім, күрделі сын есім және күрделі етістік сияқты тіл құбылыстарын атап көрсеткен. Әрине, тілшінің деректерінде күрделі сөзге сай келмейтін тұстары бар, бірақ бұл кемшілік деп саналмай, қайта тілде күрделі құрылым, аналитизмнің бар екенін көрсетіп, мәлімет бергені үшін құнды болып табылады, әрі оның тілдің қазіргі дамуы үшін де пайдасы зор.

Ұқсас көзқарастардың ішінде А. Казамбектің күрделі сөз жайындағы көзқарасын айтуға болады. Ол түркі тілдерінің тілдік байлығын, күдіреттілігін, бейнелілігін айта келе, тілде бірнеше сөздерді тіркестіріп

қолданылу әдісі бар екенін айтады. Соның ішінде күрделі сөздің бір түрі күрделі етістікке (составное слово) тоқталады. Зерттеуші «составное слово» деген терминді қолдануда сөздердің құралу тәсілін көрсетпек болған сияқты. Онда сөзжасалымдық қасиет бар екенін анықтап, оны тұтас қалпында бір сөз ретінде таниды, оған дұрыс анықтама береді. Бұл тұжырымдар тілдің сол кездегі тұрғысынан қарағанда құнды пікірлер [3; 175-179]. Қазір түркітанымда «күрделі сөз, сөзқосым» деген ұғымдар әбден тұрақталып, күрделі сөзге қатысты кеңінен қолданылып келеді.

Түркі тілдеріне байланысты құнды тілдік деректерді жинап, соны пікірлер айтқан зерттеушілер еңбектерінің тіл ғылымының дамуына өзіндік үлесі бар. Әсіресе, олардың сөзжасамға қатысты түйіндеген ғылыми қағидаларының маңызы ерекше. Мұнда олар күрделі сөзге, сөзқосымға қатысты нақтылы деректер береді.

В.В. Радлов – жалпы түркі тілдері жайында артына мол мұра қалдырған зерттеуші. Ол «қазақ тілі – түпкілік түркі таза қалпын сақтаған тіл» екенін баса көрсеткен. Басқа тілден енген сөздердің өзі қазақ тілінің үндестік заңына бағынып, бірыңғай халық тілінің қорына енгенін айта келе, оның тазалығын, табиғилығын тани білген. Сондықтан зерттеуші қазақ тіліне назар аударып, сөздеріне зер салып, жинағанын атап өтеді. Солардың ішінде зерттеуші сөзқосымның табиғаты жайында біраз құнды ойлар қалдырған. Әсіресе, бір ұғымды білдіретін есім мен етістіктің тіркестерін күрделі сөз деп танып, оларды түркі тілдеріне тән құбылыс екендігін айқындаған. Тілдің әр түрлі дербес бірліктері дауысты дыбыстардың үндесіп келуінің нәтижесінде біртұтас болып жымдасады деген батыл тұжырым жасайды. Сонымен, В.В. Радлов түркі тілдеріндегі сөзқосымның барлығын мойындай отырып, бір сөздегі дауысты дыбыстардың үйлесімі екінші сөздегі дауыстыларға сәйкес келіп бағынады деген қорытынды жасайды. Зерттеуші сөзқосымды фонетикалық заңдылықтар тұрғысынан қарап, оны дыбыстардың үйлесімдігіне қарай бірнеше топқа жіктеген: есім мен есім, есім мен етістік, етістік пен етістік (курсив – Б.Қ.).

Сонымен қатар ғалым қос сөздерді оның түрлеріне қатысты зерттеп, «сложение» терминін, біздіңше, «сөзқосым» мағынасында жұмсаған секілді. Себебі, айтылған пікірлер мен келтірілген тілдік деректер соған сәйкес келеді. Қазір бұл термин лингвистикада күрделі сөздердің бір түрінің жасалу тәсілі ретінде танылады. Ал есім мен етістіктің тіркесін біртұтас ұғымды білдіреді деуінің жаны бар. Әлі күнге дейін бұл тілдік құбылыс сөзжасам деңгейінде зерделенсе де, күрделі сөз ретінде ғылыми тұрғыда зерттелуі қалыс келеді. Тек морфологиялық тұрғыдан қарастырылып келеді. Зерттеушілердің осындай айтқан пікірлері келешек зерттелімдерге жол ашары анық.

Жоғарыдағы зерттеушілердің көзқарастарын кейініректе жалғастырушы, дамытушы чуваш тілінің маманы Н.И. Ашмарин болды. Ғалым өз

енбектерінде күрделі сөз жайында біраз нақты тілдік деректер береді. Жоғарыдағы атап өткен еңбектерден тілшінің зерттеулері өзгеше. Ол тілдік деректерінің молдығымен, терең талдауымен ерекшеленеді. Алдыңғы ізашарлар күрделі сөзді фонетикалық немесе сөз құрамы тұрғысынан сараласа, Н.И. Ашмарин сөз таптары мен сөз тіркестері тарапынан зерделейді. Тілші чуваш тілінде алғаш рет «күрделі зат есім» (бөліп көрсеткен – Б.Қ.) деген терминді қолданады. Сөйтіп, зерттеуші чуваш тіліндегі күрделі зат есімдер екі сөзден құралып, екінші сынары еш өзгеріссіз, кейде екінші сынарға қосымшалар жалғанатынын айтады. Оған мынадай тілдік деректерді келтірген: *хйр-арам ‘ женщина ‘ (хер ‘ девица ‘, арам ‘ жена ‘), *езке-зике ‘ угощение ‘, (питье – еда), *сурдм-пус ‘ заря ‘ (сурам ‘ расщелина ‘, пус ‘ голова ‘ – букв. ‘ начало расщелины ‘), *курше-аршд ‘ соседи ‘ т.б. [4]. Автор зат есімдер қосақталып келіп, қос сөздер жасайды, олар бір күрделі ұғымды және жинақтық мағынаны білдіреді деген қорытынды жасайды (курсив – Б.Қ.). Тілші сөзқосымның бірнеше түрін атап өткенімен, күрделі сөз бен сөз тіркестерінің кейбір тұстарының аражігін толық ашып көрсетпеген. Ғалымның қолданысында «күрделі сөз», «күранды сөз», «қосарланып біріккен сөз», «сөз тіркесі», «күрделі ұғым» деген терминдер бір тілдік құбылыстың төңірегінде қолданылады. Автор негізінен әр түрлі терминді қолданғанымен, бір ғана мақсат көздеген. Ол – күрделі сөз. Оны автордың ой-түйінінен анық байқауға болады. Бүгінгі таңда түркітанымда жоғарыда аталған терминдер тіл ғылымының негізгі ғылыми терминдері болып саналады. Бұл айтылған пікірлер кейінгі зерттеулерде тілшілер тарапынан жалғасын тапты.

Жалпы алғашқы грамматистердің еңбектерін жинақтай келгенде, зерттеу күрделі сөздерді есепке алу бағытында жүргізілгенін көреміз. Олар тілде күрделі құрылым барлығын тани біліп, оның дара сөздерден табиғаты өзгеше екендігін аңғарған. Дегенмен бұл еңбектің қай-қайсысында да қазақ тілінің заңдылықтарын орыс тілінің заңдылықтарына сәйкестендіре, үйлестіре баяндалғаны белгілі. Еңбектің негізгі мақсат-мүддесінің өзі қазақ оқырманы үшін емес, орыс аудиториясы, соның ішінде орыс тілін үйренушілер үшін құрал жазу болатын. Сондықтан авторлардың басты көңіл бөлгені сөздердің құрамы, олардың көбінесе жұрнақтармен жасалу түрі, оның түрлену жүйесі десек артық айтқандық болмас. Демек, тілтанушылардың негізгі мақсаты – сөздердің түрленуі мен жаңа сөздердің жасалу (көбінесе, синтетикалық жолмен жасалу) тәсіліне бағытталды. Ал күрделі сөз тұлғасының лексика-грамматикалық сыр-сипаттары назардан тыс қалды. Бұл кезде тілдің тәжірибелік жағына баса мән берілді.

Дегенмен сол кездегі күрделі сөзге, күрделі құрылымдарға қатысты айтылған ойлар мен деректер бүгінде тіл ғылымында қолданыс тапқаны белгілі. Яғни, осы алғашқы зерттелімдер келешек ғылыми зерттеулердің бастау көзі болды деген қорытынды жасауға болады.

Тіл ғылымының кең тынысты зерттелуі Кеңес дәуірімен байланысты. Бұл кезеңде әлем лингвистикасындағы теориялық мәселелері, оның дамуы еліміздегі сан алуан ұлт тілдерінің даму заңдылықтарына мол үлесін қосты. Тіл білімінің бір үлкен арнасы болып есептелінетін түркітаным да өзіндік даму жолдарын бастан кешті. Ол күрделі мәселелерді игеруде алдына үлкен мақсаттар мен міндеттер қойып, оны ғылыми-теориялық тұрғыдан шешуге өз үлесін қосып келеді. Лингвистика үшін ғылыми-теориялық қағидалардың даму, қалыптасу іргетасы қалана бастады. Өз кезеңі үшін бұл шаралар мәнді де маңызды болып саналады. Соның бір көрінісі – күрделі сөздерді ғылыми тұрғыда зерттеудің басталуы.

Түркітанудың ғылыми нысаналарының бірі – күрделі сөз мәселесі. Тіл білімінде, соның ішінде, түркітануда күрделі сөзге қатысты пікір айтқан және арнайы зерттеу нысанасы еткен біраз еңбекті атауға болады. Көбінесе бұл еңбектерде күрделі сөздер құрылымдық және тәсілге қатысты сөз болды. Бұл арада түркітанушылардың біразының атын атаған жөн: Н.К. Дмитриев, А.Н. Кононов, Н.А. Баскаков, А.А. Юлдашев, Б. Орузбаева, С.Н. Муратов, Ө. Қайдаров, Ф. Садуақасов, Ф.А. Ганиев, қазақ тіл білімінде басқа мәселелерді зерттеу барысында күрделі сөзге ерекше мән беріп, оның табиғатын анықтау, мәртебесін шешу төңірегінде пікір танытқан ғалымдар А. Ысқақов, К. Аханов, Н. Оралбаева, В.А. Исенғалиева, т.б. тәрізді тіл мамандарының еңбектерін атаған жөн.

Біз осы өзекті мәселенің төңірегінде мәселе көтеріп, сырын ашуға атсалысқан тілші мамандардың бірі профессор Н.К. Дмитриевтің атын атағанды жөн деп санаймыз. Ғалым «Құмық тілінің грамматикасы» (1940) мен «Башқұрт тілінің грамматикасы» (1948) атты еңбектерінде күрделі сөз деген терминді қолданбайды. Мәселен, құмық тіліндегі сөздерді «қос сөзтіркестері» (парные словосочетание) сөзжасамның бір түрі деп қарайды. Автордың түйіндеуінде сөздердің тіркесіп келуінде сөзжасамдық мән барлығы, оның сөйлеу тіліндегі сөз қолданыстарынан түрлі айырмашылығы сипатталады. Зерттеуші қайталауды (курсивтер – Б.Қ.) жазба ескерткіш тілдерінде қолданылуына қарағанда, оны көне тәсілдердің бірі деп санаған. Тілшінің «сөзтіркестері» деген терминді қолданысына қарағанда, оны синтаксистің нысаны деп танығанын аңғаруға болады. Оған мынадай тілдік деректер келтіреді: бара-бара, қап-қара, т.б. Ал келтірген деректермен қос сөзтіркестері деген термин бір-бірімен сәйкес келмейді. Дегенмен ғалым қайталама қос сөздердің грамматикалық мағына беретінін байқаған. Келесі бір тұста тілшінің қос сөздердің мағынасы жайында айтылған нақты пікірлері, ойлары бар.

Қарақалпақ тілінің грамматикалық құрылысын зерттеген профессор Н.А. Баскаков сөзжасамның үш тәсілі барын айта келе, зат есімнің синтаксистік тәсілмен жасалатындығына тоқталады. Автор сөзжасамның

бұл түрін былай сипаттайды: «сочетанием двух или нескольких слов в одно лексическое целое» [6; 170]. Осы тәсілмен жасалған зат есімдерді біріккен (составной): кара кыс, кыурбакъа, джанывар (< джаны бар ‘животное ‘ букв. ‘имеющий душу ‘) және күрделі (сложный): ойын-ойын ‘игрушки’, төбетөбе ‘горы, холмы ‘ т.б. күрделі зат есімдер деп бөледі. Демек, біріккен зат есімдер генезисі жағынан анықтайтын және анықталатын сөздердің тіркесуінен жасалады. Олардың еркін сөз тіркесінен айырмашылығы – бір ғана ұғымды білдіреді деген қорытынды жасауға болады. Тілші осы тәсілмен қалыптасқан күрделі сөздер лексикалық жақтан тұтасып жатады, іштей мағыналы бөлшектерге бөлуге, я ажыратуға келмейді деп пайымдайды. Күрделі зат есімдердің бір түріне қос сөздерді жатқызады. Сонымен қатар лексикалық тәсілмен жасалған зат есімдерге темир джол (железная дорога), ай балта (секира), қыарағай ағаш (сосна), алтын сағат (золотые часы) сияқты күрделі сөздерді жатқызады. Біріншіден, тілші сөз тіркестері мен күрделі сөздердің аражігін аспаған, екіншіден, лексикалық тәсіл мен аналитикалық тәсілдің де қызметтері айқындалмаған, үшіншіден, келтірілген деректер айтылған тәсілдерге сай келмейді. Ғалымның күрделі сөзді бір лексикалық ұғымды білдіретін бірліктер деп тануын қуаттаймыз да, ал, қос сөздердің кейбір түрін лексикалық бірлік деп тануымен келісу қиын. Сол сияқты кейбір тұста күрделі зат есімдер мен сөз тіркестері араласып кеткен, оны жоғарыда келтірілген деректерден көруге болады: алтын сағат, қарағай ағаш сөз тіркестері. Автордың термин қолданысында да өзгешелік бар. Ғалымның түсінігінде күрделі сөз деген ұғым составное слово деген термин-ұғыммен берілген. Қазір лингвистикада бұл ұғым-термин біріккен сөз деген ұғымды білдіру мақсатында қолданылады.

Жоғарыда айтқанымыздай, түркітануда күрделі сөздің терминдері жөнінде пікір тұтастығы бір жерден шыға бермейді. «Күрделі сөз» деген термин өз мәнінде жұмсалмай, нақты құбылыстың толық мазмұнын көрсете алмай келеді. Әдетте, терминге қойылар талап бойынша олардың мағынасы дара, айқын болуға тиіс, яғни екіұшты мәні болмауы керек. Мұндай ұстанымдар кез келген күрделі сөзге қатысты мәселеде зерттеушілер тарапынан толық ескеріле бермеген. Тіпті бұл ұстанымдар түркі тілдерінің бөрінен де жеке-жеке сараланбаған. Оған жоғарыда күрделі сөздерге қатысты зерттеушілердің еңбектерін талдаудың барысында көз жеткізілді. Осындай ала-құлалық тіл байлығының қомақты бөлігін алып жатқан және елеулі үлесін қосып жатқан күрделі сөздерге нұқсанын тигізері сөзсіз. Осындай пікірлердің болуына қарамастан, көптеген түркітанушылар «күрделі сөз» деген ұғым сол лексикалық бірліктің табиғатын ашатынын аңғартады және осы терминмен атап жүр. Біз де зерттеу жұмысымызда осы терминді басшылыққа алдық.

Академик А.Н. Кононов «Қазіргі түрік әдеби тілі грамматикасы» мен «Қазіргі өзбек тілінің грамматикасы» деген еңбектерінде күрделі

сөздерге қатысты жеке грамматикаларда айтылып жүрген пікірлерді кеңейте түсті. Автор күрделі сөзді өз ішінде біріккен сөздер, нағыз күрделі сөздер деп бірнеше топқа бөліп, мәселенің түйінді жеріне назар аударды. Біріншіден, автор күрделі сөзге мынадай анықтама береді: «соединение двух или реже трех слов, дающих в синтезе новую лексическую единицу» және сөзжасам жүйесінде «синтаксико-морфологический тип словообразования» деп [7] сөзжасамның түрлі типтеріне сәйкес табиғаты грамматиканың екі саласы: морфология және синтаксиспен ұштасып жататындығын тілге тиек етеді. А.Н. Кононов күрделі зат есімнің бірнеше жасалу типтерін көрсетеді. Екіншіден, күрделі сөзді таза лексикалық бірлік деп таниды. Үшіншіден, күрделі сөздердің қалыптасу типтерін анықтаған. Ғалым күрделі сөздердің жасалу типтерін қарастырғанда синтаксистік қатынастарға қатысты анықтайды. Ал лексикалық бірлік жасалып, сөзжасам тұрғысынан қарастырған уақытта синтаксистік қатынас өз қызметін тоқтатады. Сондықтан, автордың бұл пікірімен келісу қиын.

Түркі тілдерін зерттеуші тіл мамандарының күрделі сөздердің барлық түрлеріне қатысты айтылған құнды пікірлері бар. Демек, күрделі сөз тілдің түрлі деңгейінде қарастырылса да, соған қатысты түрлі деректер бар. Түркітанушылардың күрделі сөзге үнемі көңіл бөліп отырғанын байқау қиын емес.

Күрделі сөз құбылысының түркі тілдеріндегі көрінісіне, зерттелу жайына назар аударылатын болса, белгілі түркітанушы А.А. Юлдашев күрделі сөздерге түркі тілдері өте бай екенін және ерекше орын алатынын айта келіп: «Түркі тілдеріндегі күрделі сөздер молдығына қарамастан, олар не термин тұрғысынан, не бірлік тұрғысынан грамматикаларда да, сөздіктерде де толық сипаттама алған емес», – дейді [8]. Автордың күрделі сөздер құбылысының табиғатын ашатын зерттеулер әлі күнге ғылыми тұрғыда жеткілікті дәрежеде жүйеленген де, зерттелген де емес деуінің әбден жаны бар. Ғалым осы салада арнайы зерттелу жұмыстарының аздығын, бұл проблема әлі де күн тәртібінде тұрғандығын, өз деңгейінде шешімін таппай келе жатқандығын тілге тиек етеді. А.А. Юлдашев түркі тілдерінің күрделі сөз құбылысының жалпы табиғатын, құрылысын ашатын қомақты ғылыми еңбектің жоқтығын айтып өтеді. Ғалым күрделі сөзді лексикалық ұғым ретінде тануды міндет етіп қойды: «...сложное слово предполагает такое отношение между компонентами, которое способствует своеобразной реализации их лексических значений и которое приводит к возникновению новой лексической единицы. Необходимым условием для возникновения новой единицы является возможность осуществления значений компонентов в новой семантической сфере, которая сопровождается нарушением синтаксических отношений между компонентами» (курсив – Б.К.) [9; 9]. Бұл келтірілген тұжырымдамадан ғалымның күрделі сөз жаңа сипаттағы лексикалық бірлік және оның қалыптасуына сыңарлар мағынасының семантикалық өрісі

негізгі шарты болады деген ойы аңғарылады. Автордың пікірінше, күрделі сөздің басты қасиеті құрамындағы сыңарлардың сапасында. Күрделі сөздер лексикалық мағынасы бар дара сөз сияқты жеке бірлік ретінде танылып, солармен бір деңгейде есептеліну керектігін айтады.

1971 жылы шыққан «Структура и история тюркских языков» деген ғылыми жинақта В.Г. Егоровтың «Словосложение в тюркских языках» атты мақаласында күрделі сөз сөзжасамның бір тәсілімен қалыптасқаны, лексикалық бірлік ретінде танылғаны, оның тілде жеке сөздердің қандай қасиеті болса, күрделі сөздердің де мағынасы және қызметі жағынан олармен бірдей, пара-пар деген дәлелді тұжырымдамасы көрініс табады [10]. Мұнда ғалым В.Г. Егоров түркі тілдерінде сөзқосымның қосарлау, біріктіру, тіркестіру арқылы жасалған түрлері бар екенін, оның сөз таптарына қатысын біршама талдап, саралап көрсетеді. Солардың ішінде қос сөздердің түркі тілдерінің тарихында алатын орны ерекше екенін және оларды сөздік қорды молайтудың қайнар көзі деп түйіндейді.

Сөзқосымның келесі түрін күрделі сөз дейді. Түркі тілдеріндегі күрделі сөздердің әр түрлі болатындығын айта келе, тілші күрделі сөзді «лексикалық бірлік», «нақты ұғым», «бір екпін», «біртұтас түрлену жүйесі» деген сияқты ұстанымдарды негізге алған. Сонымен қатар ғалымның термин қолданысында өзгешелік бар. Оны мақаланың аты да айтып тұр. Сөзқосымның түрлерін: қосарлану, біріктіру, тіркестіру деп бөліп көрсетеді. Өйткені, тілші күрделі сөзді сөзқосымның бір түрі деп қараған. Әрине, сөзқосым күрделі сөзді жасаудың бір тәсілі, сондықтан күрделі «түр» деп, сөзқосымды – күрделі сөз деген ғалымның тұжырымдамасымен және солай саралап тануымен келісу қиын. Бұның өзі күрделі сөздің термин мәселесінің де нақты шешілмегендігін аңғартады. Ал ғалымның лексикалық бірлік пен нақты ұғымды білдіреді деген пікірімен толық келісуге болады.

Қазіргі татар тілінің грамматикасын зерттеуші ғалымдар да күрделі сөздерді әрбір сөз табымен байланыстыра сөз етіп, күрделі сөздерді татар тілінің мамандары төрт түрге бөледі: күрделі сөз, қос сөз, құрама сөз, қысқарған сөз.

Әзербайжан тілін зерттеуші ғалымдар да күрделі сөздерді сөз таптарына қатысты қарастырады. Мәселен зат есім аналитикалық тәсілмен жасалады дей келе, құрылысы мен құрамындағы сөздердің бір-біріне қатысы жағынан оны үшке бөледі: нағыз күрделі зат есімдер, қос сөзді зат есім, қысқарған зат есімдер. Мәселен, тілші М.И. Әділов оларды жасалу тәсіліне қатысты: «...екі я бірнеше сөз өзара байланысқа түсу нәтижесінде тұтасып, ақыры бүтін бір мағына білдіретін сөз пайда болады», – деп тұжырымдаса, екінші бір тұсында күрделі сөздердің қалыптасуындағы негізгі заңдылығы ретінде тілдің ішкі дамуынан, құрылуынан және ұлттық сипатынан шығатынын ескертеді [11; 5] (курсив – Б.Қ.). Зерттеушінің күрделі сөзді айқындаудағы тілдің

ішкі даму ерекшелігі мен ұлттық сипатын ескерткен тұсы құптарлық жайт. Себебі, қай-қай тіл болмасын оның лексикасында ұлттық сипаты, жасалу ерекшелігі болатыны ақиқат. Жалпы жаңа мағыналы лексема я күрделі сөздің қалыптасуында ішкі даму – күрделі сөзді құрастырушы сынарлардың ішкі мағыналық құрылымының дамуын көрсетеді және ол уәжділік дәрежелерімен сәйкес келеді. Сондықтан сөздің мағыналық дамуы үнемі болып отыратын тілдік құбылыс, сол арқылы жаңадан лексема жасалып отырады деген түйін жасауға болады. Оны тіл деректері де дәлелдей түседі.

Күрделі сөздерге берілген анықтамаға жетер жолда күрделі сөз құбылысы әлемдік лингвистика ғылымында және жеке тіл білімінде ұзақ зерттелу кезеңдерінен өтті. Біріншіден, жалпы тіл-тілде күрделі сөз құбылысы бар ма; екіншіден, күрделі сөздер басқа тілдік құбылыстардан несімен ерекшеленеді; үшіншіден, күрделі сөз құбылысы әлем тілдерінің барлығына тән, ортақ құбылыс па; төртіншіден, күрделі сөздердің шығу тарихы, жасалу жолдары, тілде алатын мәртебесі, т.б. тәрізді сан қилы сауалдар, мәселелер төңірегінде ғылыми зерттеулер, даулы мәселелері жөнінде әр қилы пікірталастар, пікірсайыстар жүргізіліп келеді. Осындай ғылыми ізденістер нәтижесінде күрделі сөздер туралы мәселелердің біразы, атап айтсақ, құрылымдық жағынан, құрамы жөнінде өз шешімін тапқанымен, әлі де басы ашылмаған қыры-сыры мол, анықтайтын мәселелері, әсіресе, күрделі сөзді аталым тұрғысынан қарастыру, олардың қалыптасуындағы уәжділік заңдылықтарының басын ашу, айқындау және оны сол заңдылықтармен үйлестіру, т.б. сияқты мәселелері бар тілдік құбылыс.

Күрделі сөздердің күрделі құбылыс екені басы ашық нәрсе. Тіл ғылымында сөз атаулының белгілі сипаттары бірін екіншісіне жақындастыратын болса, екінші бір қасиеті бірі екіншісінен ажыратылып жатады. Бірнеше ортақ белгілер оларды өзара байланыстырып, бір тілдік жүйеде өмір сүруіне жағдай жасаса, екінші белгілері дербестік барлығын көрсетеді. Тіл біліміндегі бұл заңдылықтар қатар жүріп отырады. Сөздердің осындай белгілерін топтастырғанда олардың лексикалық мағынасы, құрылымдық (морфологиялық) белгісі мен түрлену жүйесі және синтаксистік қызметі есепке алынып отырады. Міне, тіл білімінде күрделі сөздерді анықтайтын осы үш белгі, негізгі ұстаным ретінде алынады.

Демек, тіл білімінде көп зерттеліп, жан-жақты қаралып жүрген осы мәселе жөнінде ғалымдардың пікірі бір арнада тоғыса бермейді. Осыған байланысты көптеген түркітанушылардың айтуы бойынша күрделі сөздердің құрамында тілдің басқа да құбылыстары бірге қаралып жүр деген пікірлер бар. Мұндай көзқарас тіліміздегі күрделі сөздерге де елеулі нұқсанын тигізетіндігі төмендегі ғалымдардың еңбектерінде сөз болады.

Түркі тілдерінің төл өкілі, белгілі лингвист, сөзжасам маманы Ф.А. Ганиев тұңғыш рет ғылыми тұрғыда татар тіліндегі күрделі сөздерге

талдау жасады. Ғалым түркітанымда тілші мамандардың көпшілігінің ойынан шығатын бір көзқарасты алға қойды. Ол зерттеушілердің көбі тілдің синтетикалық жағына көбірек мән бөлетіндігін айта отырып, тілдегі аналитизмді жоққа шығарушылардың барлығын, мамандар тарапынан аналитизмге зер салынбай келе жатқандығын ескерте кетеді. Сөзіміз дәлелді болу үшін автордың өз ойын келтірейік: «Другое свойство тюркских языков, их аналитизм, не учитывался абсолютно большинством языковедов. Однако аналитизм, как показывают факты, в системе и структуре языка играет не меньшую роль, чем агглютинативность. Аналитизм тюркских языков пронизывает всю их грамматическую и словообразовательную систему. Без учета аналитичности строя тюркских языков была бы весьма неполной, и многое в их строе невозможно было бы понять» (курсив – Б.Қ.) [15; 11]. Осы мәселе төңірегіндегі біздің пікіріміз де осы тұжырыммен ұштасып жатыр. Зерттеу барысында күрделі сөздің негізгі қасиеттерін анықтау десек, оны Ф.А. Ганиевтің мына пікірі айқындай түсетін секілді: «Атап айтқанда, сөзқосым мен күрделі сөздің теориялық саралануының тіл білімінде ұзақ тарихы барын көрсетеді. Соған қарамастан, бір қалыпқа түскен сөзқосым туралы зерттеулердің теориялық нақтылы ұстанымы мен бірыңғай өлшемі және күрделі сөзді жіктеудің біртұтастығы жоқ», – деп санайды [15; 15].

Тіл білімінде, соның ішінде түркітанымда күрделі сөздің қалыптасқан теориясын табу қиындығын жоғарыдағы пікірлерден анық көруге болады. Күрделі сөздің көптеген аспектісі даулы, құрылымдық жағынан талас тудырып, теориялық тұрғыдан шешілмеген қырлары бар екені даусыз. Сондықтан да зерттеушілердің басты бөлігі синтетикалық сөздің құрылымына көбірек көңіл бөлді де, аналитикалық тәсілмен жасалған туындылар көп жағдайда көлеңкеде қалып отырды.

Ф.А. Ганиевтің еңбегі жаңа бағыттағы зерттеулердің бірі екендігі түркітанымда белгілі. Аналитизмнің тілдің лексикалық құрылысы үшін де, грамматикалық құрылысы үшін де мәні зор. Зерттеушінің құнды пікірі деп аналитизмді (күрделі сөзді) тіл жүйесінде ғылыми түрде сөзжасам деңгейіне көтеруі болып саналады. Автордың пікірінше, күрделі сөздің жасалу тәсілінің бірі – сөзқосымды бұрыннан бар әдіс, ал екінші – күрделі сөз сөз тіркесінің лексикалану (конверсия) жолымен жасалатындығына әлі де көңіл бөлінбей келеді деген ойын құптай отырып, осы мәселенің жаңаша зерделенуі қажеттігімен түсіндіреміз.

Жоғарыдағы қарастырылған тұжырымдардың негізінде мынадай қорытынды жасауға болады: күрделі сөз – күрделі лексикалық бірлік ретінде кем дегенде екі сөзден жасалатын туынды сөздер, құрамы тұрақты, жаңа мағынаға ие болған, семантикалық бірлікте жұмсалатын дербес ұғымды білдіретін лексемалар.

ЭДЕБИЕТТЕР

1. Айдаров Ф. Күлтегін ескерткіші // Ана тілі. 1995.– Алматы.
2. Гиганов И. Грамматика татарского языка. – СПб., 1801.
3. Казамбек А. Общая грамматика турецко-татарского языка. – Казань, 1846.
4. Ашмарин Н.И. Материалы для исследования чувашского языка. –Казань, 1898, 1903 гг.
5. Оралбаева Н. Күрделі сөздер // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – № 2. – 1999.
6. Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. II Фонетика и Морфология. – М.: Наука, 1952.
7. Кононов А.Н. Грамматика современной узбекской литературного языка. – М.-Л.: Наука, 1960.
8. Юлдашев А.А. К характеристике тюркских сложных слов. – ВЯ., 1969. – №5.
9. Юлдашев А.А. Аналитические формы глагола в тюркских языках. –М.: Наука, 1965.
10. Егоров В.Г. Словообразование в тюркских языках // Структура и история тюркских языков. – М., 1971.
11. Адилев М.И. Сложные слова в современном азербайджанском языке: Автореф. ... канд. филол. наук. – Баку, 1958.
12. Жирмунский В.М. О границах слова // Морфологическая структура слова в языках различных типов. – М.-Л., 1963.
13. Смирницкий А.И. К вопросу о слове // Вопросы теории и истории языка. – М., 1952.
14. Кумахов М.А. К вопросу о границах слова в адыгейских языках // Морфологическая структура в языках различных типов. – М.-Л., 1963.
15. Ганиев Ф.А. Образование сложных слов в татарском языке. – М.: Наука, 1982.
16. Улукханов И.С. О степенях словообразовательной мотивированности слов // Вопросы языкознания. – М., 1992. – № 5.

Резюме

В статье затрагиваются проблемы и роль аналитизма в развитии языка. Так же рассматриваются моменты исторического происхождения номинативного значения в результате семантического развития словосочетаний.

Resume

In the article is observed the role of analytism in the development of languages. As a result of meaningful development of word combinations the nominatives has been originated from the past times.

ЖАН ЖӘНЕ АРУАҚ

Қ. Мәшһүр-Жүсіп

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Қатардағы оқырманға, яғни көпшілікке түсінікті болу үшін, алдымен «жан» ұғымына қайталап назар аударамыз. «Әйелдің бойына біткен балаға қырық күннен кейін «жан» салынады»- дегенде, келтірер дәлелдер аз емес. Соның ішінде қатардағы оқырман ұғуына лайық өзгеріс- қырық екі күннен кейін балада қозғалыс пайда болатыны. Осы орайда сұрақ тууы мүмкін: «40 күн өткенде, нәрестеге жан салынса, неге ол 42 күннен кейін барып қозғалысқа түсе алады?» Біз айтар едік: «Қазіргі ғылымды қанша кемелденді десек те, оның әлі менгерді дегенінен қамтымағаны әлденеше есе мол болуы ықтималдығы осы орайда алға шығады. Ендеше 40 күннен кейін салынған жанның көмегімен іштегі баланың 42 күннен соң қимылдай бастауы деректеріне сүйенгенде, біз 40 күн мен 42 күн аралығында балада қозғалыс мүлде болмауы туралы емес, мүмкін болған ондай бәсең әрекетті біздің жетілді деген техникамыздың әлі байқай алмай жатуы да ықтимал екенін ескеру қажет. Белгілі бір адам өлер алдында онда басқаның көзі шала алмайтын, тек дем таусылар қарсаңындағы пенде көре алатын құбылыс болуы ықтималдығын да есте ұстаған жөн. Мәселен, көз жұмар алдындағы пенденің бұрын о дүниеге аттанған адам аруақтарымен лебіздесіп, ол жақтағы әке- шешесі аруағын шақырып тілдесу фактісін алайық. Әдететгі пенделерге естілмейтін, тек жан тапсырар алдындағы адамда оның «үшінші құлағы» ашылуы мүмкіндігін жоққа шығара аламыз ба? Сол тәрізді қасындағы қарапайым адамдарға мүлде көрінбейтін, тек үзілгелі жатқан кісіде үшінші бөтін көзі ашылуы да тіршілік сырының көп қырлылығын паш етеді. Осы түсінікпен бағамдасақ, өлімге бетпе-бет келген адам біз көре алмайтын құбылыстарды, яғни баяғыда көз жұмған әке-шешесінің «жандары» келгенін көріп, біз ести алмайтын олардың сөздерін тыңдауы мүмкіндігін елемей: «Ол ауру болған соң, босқа сандырақтап жатыр!»- деген аңқау түсініктен арылатын кез жетті деп санаймыз. Міне, осы түсінікпен бағамдасақ, өлген адамның аруақтары бейіт басына құран оқуға барған біздерді көріп, есітіп тұрады да, біз көрмегендіктен, естімегендіктен, аруақтар тілдесуі, қозғалысы туралы сөз болған т.с.с. әңгімелерді біреулердің онашада қорыққанынан шатасып, жоқты құрастыруы ретінде қарап келдік қой. Енді ол адам бірде үрейленгеннен шатасса да, екіншіде шынымен оның біз көрмейтінді- көру, естімейтінді есту қабілеті пайда болуы мүмкіндігін зерделейтін уақыт жетті.

Міне, осы тұрғыдан бағамдасақ, бейсенбі күні түнде шелпек пісіріп, құран оқып жүрген ағайындардың үйіне аруақтар шынымен келеді, тек ол біздің қарапайым көзімізге көрінбейді. Ал, Мәшһүр-Жүсіп тәрізді әулие адамдардың періштемен сұқбаттасуын естіген оның атқосшысы Иманғали Маненовтың бірде:

-Ата, сіз біреумен әңгімелесіп отырсыз ғой. Оның сөзін біз естімейміз, сіз тындап тұрсыз. Соны бізге айтыңызшы!- дегенде, Мәшһүр-Жүсіп атамыздың:

- Оны білу саған қажет емес,- дегені де белгілі жәйт.

Мәшһүр-Жүсіп атамыз періштемен тілдесе білгендіктен де, өзі өлмей тұрып, жетісін, қырқын бергізіп, өзі: «Мәшһүр-Жүсіптің аруағына Құдай рахмет айласын!- дендер»- деп айтқаны да мәлім. Ол аз болса, кейін кеңес үкіметінің қазақ оқығандарын репрессияға ұшырататынын біліп, кіші баласы Мұхаммедфазылды ірі оқуға жібермей қойғаны, оқуы шағын болған соң да, әкеміз 1937 жыл қырғынынан аман қалғаны белгілі. Мәшһүр-Жүсіп сондай-ақ содан кейін соғыс басталатынын, қазақ жеріне орыстар қаптап келетінін (1954 жылғы «Тың игеру» науқаны тек егіс көлемін көбейту емес, алдыман орыстандыру үшін орталыққа керек болғаны да енді айқындалып жатыр емес пе?) - бәрін ескертіп кеткен.

Сонда бейсенбі күні үйге келіп қонып, бізден құран дәметушілер өлген адамдардың жаны ма, жоқ жанға арқа сүйеген аруағы ма? Біз оған кесіп жауап бере алмаймыз, тек жан мен аруақ байланысы бар екеніне көз жеткізе аламыз.

27.11.2005 жылы Павлодарда тұрған Назымхан атаның үйінде қонақта отырғанда, Қайырболат Жандеркеұлы Бикенов айтқан әңгіме:

-1948 жылы Екібастұз қаласында «Кольцевой»- деп аталатын тұста 10 үй тұрамыз. Менің руым-Күлік ішінде Сексен. Қасымда- Жакупов Тәкен, Хамитов Алтай деген жігіттер бар. Қыс ішінде қараша, желтоқсанның бірі болу керек біз «Жана-жол»- деген елді мекеннен шығып, Қарасуға қарайтын Әйтен деген жерге бет алдық. Мінгеніміз- УАЗ, андай-мұндай қарынды елең қылмайды, ағып отырады. Сол кезде мен айттым:

-Жігіттер, алдымен атаның басына (Мәшһүр-Жүсіп кесенесін «атаның басы»- деп сөйлейміз ғой) соғып, құран оқып, содан кейін әрі барайық. Тәкен айтты:

-Жоқ, ол болмайды. Жолда бұрылмай, тура жүрсек, Әйтенге тез жетеміз.

Біз келе жатырмыз. Жер бетін ақ қар жапқан. Бір кезде соқпақ жолдан нағыз қасқырдың ізі көрінді.

-Осы ізден айрылмайық!- деп шу-шу етіп, сол іздің соңынан ағызып келеміз. Бір кезде өлгі із таусылып, жоқ болып кетті ғой. Біз аң-таңбыз. «Іздің басы бар да, аяғы болмауы қалай?»- - дейміз. Содан кейін жан-жағымызға қарасақ, біз жүріп отырып сол «бармаймыз»- деген Мәшһүр-Жүсіп ата кесенесіне тіреліп тоқтаппыз. Сонда мен даурықтым:

- Бағана «бармаймыз»- деп едіңдер. Міне, ата өзі келтіріпті ғой!

Аналардың естері шығып кетті, түсе қалып, атаның кесесіне аяндады. Барып құран оқыдық.

Міне, Мәшһүр-Жүсіп атамыздың аруағының жоқ қасқырдың ізін көрсетіп, «құран оқысын!»- деп, тура өз басына алып келгенін осылай аңғарып едік,- деп, әңгімесін тұжырды Қайырболат.

Баянауыл ауданындағы Бірлік ауылы тұрғыны Мақпал Советқызы Ботинаның 2000 жылы өрбіткен әңгімесін келтірейік:

- Ағам Аамандық Советұлы Ботин Қарағанды университетін бітірді. Соқыршек болып, ауруханаға түседі. Соқырішегі жарылып кетіп, ағамыз көз жұмады ғой. Сонда ол өзінен көп бұрын о дүниелік болған атам мен әжемді көрген екен. Аамандық әжеме айтыпты:

-Мені сіздерге жіберді,- деп. Сонда әжем:

-Сен әлі жассың! Әке-шешене бар. Сен өмірдің қызығын әлі көрген жоқсың,- деген екен. ... Енді ағам бұрылып қараса, әкем мен шешем алыста тұр екен. Бұл соларға қарай қол созады, қолы жетпейді. Тағы әжеме барады. Әжем сонда ағама ұрсыпты:

-«Бар»- дедім ғой. Сен оқуынды бітіріп, әке-шешеннің үмітін ақта!- деп жүріп кетіпті.

Міне, бұл әңгімеден не түйе болады? Әрине, ажал тура келсе, әжесінің ара түсуі оны құтқара алмайды.

11. 02. 2010 жылы өрістеген Гүлдана Қаблахатқызы Елемесова әңгімесін келтірейік:

-1991 жылғы қараша айында әпкем Гүлім екеуіміз бейсенбі күні түнде бұрынғы дәстүр бойынша шелпек пісірдік. Сонда шертілген әңгіме:

-Біздің ауылда, яғни Баянауыл ауданы, Жұмат Шанин атындағы совхозда (қазір оны «Күркелі»- деп те атайды) Жаңбырбай деген кісі тұрады. Сонда естігенім: Жаңбырбай үйіне арақ сілтеп, көліп келсе, не бір адамдарға жаман қылық көрсетсе, түсінде әкесі қара киім киіп, теріс қарап шегіншектеп барып үйге кіреді екен. Ал, енді Жаңбырбай бір адамдарға қайырымдылық көмек жасаса, яғни не шөбін үйіссе, не бір сый-сияпат көрсетсе, түсінде әкесі ақ киіммен келіп, жарқын жүзбен есіктен шегіншектемей, тура басып, күлімсіреп келе жатады екен. Танертең сол көргенін шешесіне баяндаса, шешесі:

-Әкең разы болған екен!- деп шаттанады екен.

Бұдан не аңғаруға болады? Адамдар өлгеннен кейін, оның аруақтары тірі жүрген өз ұрпағының ісіне бей-жай қарамайды, өз құптауын, не мінеуін білдіріп, баласын оң жолға салғысы келіп тұрады. Демек аруақтар да осал күш емес: олар үнемі өз пікірін білдіріп отыра алады.

Осы орайда Мәшһүр-Жүсіп атамыздың өлген адам жанының екіге бөлінетіні, біріншісі- рух жан жан не жұмақта, не тозақта орын алса, екінші

рауан жанның бейіттерге жерленген адам сүйектерін күзетіп, өткен-кеткеннен құран дәмтетіні туралы ескерткендерін қайталап еске салғымыз келеді.

17.07. 2009 ж. Павлодар қаласында зейнетақы беретін орында кезек тосып отырғанда, туған Ернар Жәнісұлы Мұқатаев әңгімесін келтірейік:

-Бала кезімде атам қақсап отырушы еді: «Бейіттерден қорықпа, онда жын-шайтан болмайды. Ниетіміз дұрыс, ақ болса, қашан да Алла көмек береді. Кейде түнде ұйықтамаған бала атаулы сол бейіттер маңайында жүгіріп жүреміз. Сонда ай жарығы астында болу керек, 7-8 жастағы менен ересек 8-9 жасар бала Ерлан мені түртті:

- Көрдің бе? Анда (яғни бейіт маңында) біреу жүрген сияқты, - деп күбірледі.

Сол сөзді естіген соң, мен де бейітке жақындап үңілдім. Сонда аңдағаным- үсті-басына аппақ киім киген біреу жүрген тәрізді. Аяғы көрінбейді, бірақ қолының ербеңдегені байқалады. Басына көз салсаң, беттің иегі, бастың жоғарғы жағы көрінеді. Алдымен бір сұлбаны аужайладым. Кейін тағы жақындап барғанда, үш сұлба көрінді. Тым таяу баруға да, дыбыс беруге де, рас, қорықтым. Олар да бізге қарай жылжыған жоқ, тек өздері қараңдап, ерсілі-қарсылы жүрді де қойды. Кейде баламыз ғой, түні бойы шулап жүреміз. Сонда аңдағаным- күн шыға бастағанда, әлгі елестер жоқ болып кетеді. Осы көргендерімді ертеңінде атама мәлімдедім емес пе? Атам сонда: «Қорықпа! Олар саған жамандық жасамайды», - деді. Әжем болса, күйіп-пісіп:

-Ей, бейіт жаққа неге барасың? Барма, жолама оларға! - деді.

Атам шегеледі:

-Барам десе, бара берсін! Бірақ қорықпасын!

-Жүр, аруақтарды көрейік! - деп, кейде екі бала бейіттерге таясақ, ол аруақтар көрінбей қалатын. Ал, 4-5 бала жиналған сәтте көрінетін еді. Осыны айтсаң, біреулер сенбейді. Өзің қадалып сұрағасың, тәптіштеп отырғаным ғой.

Иісгүл Қалиқызының (1950 ж. туып, Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданындағы «Үлгілі малшы» ауылында 30 жыл дәрігер болып істеген) әңгімесі:

-Бір бизнесмен жігіт жеке меншік машинасымен келе жатып, аварияға ұшырап, екі ай ес-түссіз жатады. Бір күні түсінде қалың жиын, той болып жатқанын көреді. Онда бәрі тамақ ішіп отыр. Бір ақсақал елге қосылмай, босағада тамақ ішпей жалғыз отыр.

-Ақсақал, неге мұнда отырсыз? Неге жоғары шығып, дәмнен ауыз тимейсіз?

-Ой, шырағым, мұнда ас ішіп, мәз-мейрам болып жатқандар- балалары хатым түсіргендер. Ал, менің жалғыз ұлым бар. Ол ешқашан хатым түсірген жоқ. Менің жүдеп босағада отырғанымның мәнісі-сол, - деп, баласының мекен-жайын хабарлап, сөзін аяқтайды.

Ояна келсе, түсі екен. Таң қалып, көңіл сұрай келген бір досына көрген түсін баяндайды. Досы әзілдейді:

-Давай барайық. Сол айтылған жерде сондай адам бар ма екен?- дейді.

Бұлар барса, сол сөз болған орында расында сондай жігіт тұрады екен. Өзі жұмыс істемейді, әйелі де одан кетіп қалған. Бұлар сұрайды:

-Әкеңе хатым түсірдің бе?

-Қайдан түсірем, менде түк жоқ қой.

Сонда бай жігіт өзеурейді:

-Мен, расында шылқыған бай едім. Аварияға ұшырағанда, өліп кетсем, бар жиған-тергенім түкке тұрмайды екен. Кел, мен сенің әкеңе хатым түсіріп берудің бар шығынын көтеріп алайын- деп, хатым түсірткізіпті. Содан кейін әлгі кедейге жұмыс тауып беріпті. Ол жігіт арақ ішуін де қойып, әйеліне қайта қосылып, балаларын дұрыс өсірген екен дейді.

Міне, бұл да аруақтардың қарап жатпайтынын, ақылды деген зиялының түсіне кіріп, ұлына көмек ұйымдастырғанын т.с.с. дәлелдей алады.

Тағы бір мысал келтірейік. «Ата қонысы Баянауыл ауданындағы Жасыбай көліне қарасты Жанбақы деген жер болып келетін, руы- Уақ Таңат Қуанұлы Ахатовтың 2009 жылғы 22 маусымда ортаға салған дерегі:

-Менің әкемнің шешесі Әбенқызы (1905-1996) маған осы әңгімені 1995 жылы жеткізіп еді:

-Қосшығұлұлы Әбен деген менің әкем өлгеннен кейін менің анам Зейнолла деген молдаға тұрмысқа шығады. Менің шешем адуынды болған екен, бір күні «Бұл үйдің төрі қайсысы, көрі қайсысы?»- депті. Зейнолла менің шешемді, яғни тоқалын ертіп алып, ескі қорымдағы зиратқа алып барады. Түс кезі болса керек, бір дұға оқи бастайды. Сол кезде бейіт арасындағы сүйектердің жан дауысы шыға бастайды. Тіпті біреулерінің өзінің аты-жөнін атағаны анық естіледі. Сонда тәкаппарлықпен бір кезде артық өзеуреген менің шешем (Майда Әбенқызы) күйеуінен кешірім сұрап, жалынып:

-Енді айтқаныңды орындаймын!- дейді.-Бұдан былай қырсығып сөйлегенімді де қоямын!- деп уәде береді.

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің студенті Мөлдір Бораншашқызы Дауанның (1983 ж. туған) 22.05. 2006 жылы айтқан әңгімесі.

-2004 жылы 24-27 қыркүйекте Москва қаласындағы №13 қалалық ауруханада менің омыртқама операция жасалды. Әйтеуір наркоздан кейінгі ұйқы кезінде сезінгенімді баяндайын. Ұзақ уақыт носилкада жатыр екенмін деймін. Сол кезде төңіректі қара тұман басқан. Әйтеуір жер бетінде екендігім сезіледі. Жанбыр жауып өткен тәрізді болып, біртүрлі салқын леп білінеді. Оң жағымда басымнан аяғымға дейін тізіліп түрегеп тұрған кілең

өліктер екен деймін. Мәселен, бұрын өлген менің туысқандарым тұр екен. Ең алдында- атам Мұхаммед Нәсір Дауан (80 жасында 1996 жылы көз жұмған). Оның қасында-әжем Мағира (ол кісі 82 жасында 2003 ж. өлген). Оған іргелес орын алған туған інім (1999 ж. 11 жасында қайтыс болған). Осы үшеуін анық көрдім. Сол жағымда да- кілең өліктер, көзім көрген таныс туыстарым. Олардың ішінде-әке-шешем де бар. Бәрі еңіреп менімен қоштасып жатыр. Мен ойлаймын: «Неге бұлар менімен қоштасады?» Сол кезде оларды жұбату үшін орнымнан тұрып, артыма қарасам, менің өлі денем жатыр екен деймін. Өзім түрегеп сол өлі денеме қарап тұр екенмін деймін. Сол кезде бажайлаймын: «Мен өлімін бе, тірімін бе?» Ізінше менде қорқыныш пайда болды. Олар жабылып:

-Ботам, сен бізді неге тастап кеттің?!- дейді. Мен дауласам:

-Мен тірімін,- деп.

Бір қызығы- мен оларды естіп тұрмын, ал олар мені естімейді. Сол кезде өлген атам бұйырады:

-Жылдам жинал, кетеміз!- дейді.

Маған әжем ұсады:

-Сені ешкім шақырған жоқ, сен қаласың- дейді.

Мен бұрын қайтыс болған бауырларымды ұстап алып, пайымдап тұрмын: «Сағындым ғой, осылармен кетіп қалайын ба?»

Сол кезде әжем түйлігеді:

-Сен қаласың, сенің шаруаң өлі біткен жоқ.

Сол кезде мен ренжіп, төсегіме қайта барып жаттым. Сонда төбеден төрт періште қап-қара болып ұшып келеді. Мен шамалаймын: «Бұлар жан алатын әзірейіл екен!»- деп.

Носилканың бас жақ құлағында- екі періште, аяқ жақ құлағында- екі періште. Мені олар асханаға әкетіп бара жатқан тәрізді. Әйтеуір жерден 5-6 метр көтерілгенде, Ардақ деген досым топты жарып, мені қуып, еңіреп жүр:

-Сен еліңе керексің ғой!- дейді.

Сол кезде Ардақты мүсіркеп, аяқ жағымнан бастап, кеудеме дейін бір күш тарағандай болды. Енді бір сәтте мен қатты күшеніп, өзімді байлаған жіптерді үзіп жібердім де, төбеден жерге қарай ұмтылып:

-Я хочу жить!- деп бақырып, секіріп түстім. Сол уақытта туыстар бір-бірімізді ұстап, солқылдап жыладық. Мен сонда көзімді ашып қалдым. Қасымда тұрған медбикелер болса, менің сөзіме орай:

-Да, да, ты будешь жить!- деп, қайтадан укол беріп, мені жатқызды.

Міне, бұл әңгімеден не түйеміз? Белгілі бір туысына қауіп төнгенде, аруақтардың біразы тағдырға мойынсұнушылық танытса, енді біразы тағдырға бағынбай, жас адамды өлімге қимайтынын әйгілеп тұр. «Сол ниеттес аруақтардың тілегін Алла ескеріп, осы бір жас адамды өлімнен

алып қалды»- деп бағымдасак, тағы да тек тірі адам емес, аруақтарда да игі ниеттер болатынын, ол тілектерді Алланың ескеруі мүмкіндігін, сөз жоқ, аңғарамыз.

Аруақ дегеннен шығады. 1932 жылғы аштан өлгендердің біразы шала көміліп, олардың бөлінген аяқ- қолдары әр жерде ашық жатуы мүмкін екенін ескерсек, сол дене бөлшектерін жалаң аяқ басып өту де зобалаң туғыза алатынын ескермей кете алмаймыз. Сол кезде Павлодар облысы Баянауыл ауданы «Бірлік» деген селода тұрған Қабибала Оразалиннің (руы- Күлік ішінде Шобалай, 1941 жылы туған, мамандығы- зоотехник) әңгімесін келтірейік:

-1961 жылдың май айының аяқ кезі. Әкем бір жерден «қи әкел»- деген. Мен Баянға жүн апардым. Өміржан сонда қалды, мен кейін қайттым. Інірде әкейдің қи туралы тапсырмасы есіме түсті, Қараадырға бұрылдым. Қыстауда ешкім жоқ, бәрі жайлауға көшіп кеткен болу керек. Мен машинамен кеп тұра қалдым. Машинаның артқы бортын аштым. Бір кезде дөнем дір ете түсті. Өзім бірдеңеден сескенгендей болып, борттың бір жағын ғана жаптым да, кабинаға кіріп алып, оның әйнек-есігін бекіттім. Құдықтан біреу шыққандай болды. Өзі жарық отқа ұқсайды. Мен қара терге түстім, машинаға от алдырдым. «Тұздың бұлағы»- деген жерге келгенде, тұз да қып-қызыл болды. Бөрінен қызыл қан шығып жатқан тәрізді. Бір кезде бізге беттеген машина шамының жарығы көрінді. Сол машина жарығын көрген соң, маңайдағы елпілдеген жарықтар басыла бастады. Ал, машина ағып өте берді. Мен де машинаны жүргізіп үйге жеттім. Үйге кірдім де, құладым. Жатып, ұйықтап кетіппін. Көз ашсам, әкем қасымда отыр. Содан ауырып, бір аяқ, бір қолым жансызданғандай, қимылсыз қалды. Майқайындағы ауруханаға мені жатқызды. Менің қасымда Жасыбайдан келген бір шал болды. Мен түні бойы сөйлеп, ұйықтамаппын. Таңертең сол ақсақал сұрады:

-Әке-шешен бар ма?

-Бар.

-Сен маған бұған дейін не көргенінді түгел айт!- деді шал. Мен баяндай бастадым. Шал тұжырды:

-Саған басқа ем керек.

Майқайыңнан бір немере ағайым келді, әкей де жетті. Ал, мен орнымнан тұра алмаймын. Әкей дәрігерлермен сөйлесіпті. Ол уақытта ауруханадан қайта шығу да қиын. Сол кезде Ақшимаң деген жерде Қайса деген емші тұратын. Әкем мені соған апарды. Ол кісі менің тамырымды ұстады да, бір домбыра алып, бір күй тартқандай болды. Содан кейін әкеме айтты:

Бір жерде ұлың кезінде дұрыстап көмілмеген өлік жас бала сүйегін басып кеткен екен. Мен қазір үшкіремін. Содан кейін маған үш қабат келесің,- деді.

Сонан соң алдымен жансыз қалған оң қол, кейін оң аяқ жазылды.

Қазір ғылымда дәлелденгендей, түстің көпшілігі күндізгі бітпеген істің жалғасы тәрізді алдамшы бірдемелер болса да, оның арасында адамға ескерту түрінде көрінгендері болатынын да ескерген жөн. Мәселен, Серік Ғабдұфайызұлы Исабековтың (30.10.1950 ж. туған, ұлты татар) 23.11.2005 ж. айтқан әңгімесін келтірейік:

-1990 жылдар болу керек. Ұйықтап жатып, бір кезде өзім аспанға ұшып, көтеріле бастаған екенмін деймін. Аспанда бұрын өлген кісілер ұшып жүр екен. Мен оларға барғаным жоқ. Енді бір алқапта шуылдамаған үнсіз топ жинала қалған екен. Мен соларға жақындағанда, олардың ішінде мен әжемді таптым. Үстінде барқыт камзол, басында- орамал, аяғында- мәсі. Мен таяған соң, олар жинала бастады. Менімен тілдеспейді. «Неге тілдеспейді?»- деп уайымдадым да, мен де қайтып кеттім. Ояна келсем, түсім екен.

Тағы бірде түсімде көтеріліп ұшып, бір жерге барғанда, ондағылар маған:

-Қал осында,- деді.

Мен:

-Балаларым жас, мен қалмаймын!- дедім.

Оянасам, бір қолыммен- жастықты, екінші қолыммен қызым Әлияны күшақтап жатырмын.

Түйін: «Ол жақтағылардың «Қал!»- дегеніне айтушы адамның түсінде қалмауы оның өмірінің ұзаққа созыларына меңзеу бола алады».

Қазір бұл жақтағы мұсылмандардың басым көпшілігі арақ ұрттаған кісіні жаратпаса, о дүниедегі аруақтардың көпшілігі ғана емес, бәрі де ішуді мақұлдамайды дегуге де негіз бар. Соның бір көрінісі- Мәшһүр-Жүсіп шығармаларын жинауға, яғни Мәшһүртануға елеулі үлес қосып келген, қазір Баянауыл селосында тұратын Төлепберген Алдабергеновтың (1932 ж. туған) 30.08.2006 ж. айтқан әңгімесі:

-Бұдан 3-4 жыл бұрын Шұғаев Қабыкен деген кісі қайтыс болды. Жерлеу кезінде өлген адамның жалғыз ұлы Хамидолла (жасы 50-де) мас күйі бұлғалаңдап келіп, менің қасыма тұруға ынғайланды. Мен қатқыл үнмен:

-Мұнда тұруға болмайды, сен ішіп алғансың!- деп, оны қайтардым. Жездесі Жұмат та оған зіркілдеді. Ол сүмірейіп кейін шегінді. Жерлеу аяқталып, бәріміз өз үйімізге тарастық. Біз кеткен соң марқұмның сол жарымес ұлына ерген 2-3 жас жігіт қосылып, арақты сілтеген ғой. Арақты тамақтап, бұл шіркіндер ұйқыға бас қойғаннан кейін, өлік шыққан бөлмеден шынғырған бала даусы естілген соң, бәрі атып тұрады. Шам жанып тұр. Қараса, ол бөлмеде ешкім жоқ. Бұл жігіттер шынғырған дауыстан атып тұрса, іргелес орын алып ұйықтап жатқан 15-16- дағы қыз бала оянбапты. Ертеңінде бұлар сұраса, ол ештеңе естімеген. Сөйтсе, арақ татпауы өз алдына, бұл бала мешітке барып, дәрет алып, төсекке бас қойған екен. Міне,

бұл жаңағы ұлдардың арақ ішкеніне аруақтардың риза болмауының белгісі ғой деп шамалаймын. «Аруақтар босқа жатпай, өздеріне ұнамағандарға зардап шектіре ала ма?»- деген сауалға тірелсек, тағы да Мәшһүр-Жүсіп атамыздың кесенесінде сақталған шайнек, лампыны алғандарға не болғанын да бағамдауды жөн көрдік. 1932 жылы туған Слямбек Қамашевқа сөз берейік:

-Менің әкем айтып еді. 1939-1940 жылдардың бірінде Қасым деген азамат біреудің жұмсауымен Ескелдіге, яғни Мәшһүр-Жүсіп денесі жатқан кесенеге барғанда, шайнек пен лампа алып, оны сол сұраған адамға апарып беріп, қойды өріске шығарады. Осы Қызылшілікте кешкісін қойды айдап, үйіне келіп, аттан түсейін десе, түсе алмайды. Ол айғай салып әйеліне айтады:

-Аттан түсе алмай тұрмын!- деп.

әйелі көмекке біреулерді шақырып, ақыры бәрі жабылып аттан түсіріп, үйге әкеліп төсекке жатқызған екен. Содан ол ауырып жатып алған. Тіпті өне бойы тесіле бастаған. Ақсақалдар кейіген:

-Неге алдың? Енді соны қайта апару керек.

Ондайда апарушы біреу лып етіп табыла қоя ма? Түнде түсінде Мәшһүр-Жүсіп атаны көріп, бұл еңіреген:

-Кешіре гөр, алғанымды қайта апарып берейін,- деген.

Мәшһүр-Жүсіп атамыз ол сөзге жібімеген:

-Өз жазанды өзің көтеріп, осылай жата бер!- деп, зәрлі үнмен тіл қатқан.

Содан ол адам 4-5 жыл ауырып, қиналып жатыпты. Әкей айтады:

-Денесі иістеніп кеткен соң, оның қасына ешкім бармады. «Мерез»- дейді ғой, ірің шығып тұрады. Содан кейін жерлейтін адам табылмай, әкей аузымұрнын таңып ап, оны жуған. Содан кейін жерлеген.

Бұдан шығатын қорытынды: «Аруақ атаулыны өлген жансыз дене есебінде қарап, оларды қорлайтын іс істеуге болмайды. Бұл дүниедегі артық кеткендер көбінесе қолма-қол жазаланбай, бұл жақта шалқып, масайрап жүргенмен, о дүниеде мәңгі тозақ отына көміледі. Сонымен бірге ара-тұра болсын, қолма-қол жаза болатынын біз осы мысалдан көріп отырмыз».

Алланың құдіретіне шәк келтірудің өзі ауыр күнә екені өз алдына. Алла ісіне, Алла жұмсаған періштелер әрекетіне бақылау жасамақ болғандардың қолма-қол жазаланғаны туралы бізде дерек бар. 1937 жылы туған, руы-Тұлпар, 1961 жылдан Мәшһүр-Жүсіп кесенесіне 18 шақырым тұратын «Жаңа жол» совхозында есепші болып істеген, кейін 1964 жылдан бастап қазіргі Екібастұз ауданы Комсомол совхозына жақын «Үшкеліншек»- деген жерде қызмет атқарған Бүркітбай Мадиннің, менің, Қуандықтың, пәтеріме келіп отырып, берілген сауалдарға орай 2006 жылдың 14 маусымында шерткен әңгімесі:

-Мен біреуге зират салуға 5 дағыстандық алып бардым. Олардың бірі мынадай әңгіме айтты:

-Бір ақсақал қайтыс болып, оны жерлеу кезінде екі студент пысықсып, жұртқа білдірмей, көрге тыңдайтын аппарат орнатып, оған жалғаған сымының бір ұшын сол көрден елу қадамдай жерге жеткізіп, оған тағы бір тыңдағыш жалғайды ғой!

Өлік көміліп, жұрт тарап, яғни ең соңы қырық қадам көрден алыстаған соң, әлгі екеудің біреуі екіншісіне: «Үндеме!»- деген белгі береді де, екіншісі тыңдағышқа құлағын төсей қалады. Сол кезде үшінші біреу олардың қимылын сырттан бақылап тұрады. Сол сәтте «белгі» берген біріншісі де, тыңдамақ болған екіншісі де жалп етіп, жерге құлап түседі. Бақылап жүрген үшінші сорайып жатқан оларға жетіп барса, екеуі де қайтпас сапарға аттанып кеткен екен.

Бұл әңгімені естіп отырған менің, яғни Қуандық Мәшһүр-Жүсіптің ой қорытындым былай болды: «Шындап қарастырсақ, жер бетіндегі адамдардың бәрінің білгенінен де білмегендері көп болып қала береді ғой. Біз далбасалап кітап жазамыз, оның жетістіктерімен қатар ағаттықтары да кейін көп болып шығуы ықтимал екендігін де ескерген жөн болар. Сөйтсе де Аллаға ғана сыйынып, Алладан ғана көмек-жәрдем тілей отырып, Алла берген азын-аулақ қабілетімізге сүйеніп, адамдарды Алла жолына бағыттау мақсатындағы игі ниетпен ғана өзімізше түйін жасасақ, бұл ойымызды Алла құптар (адамдар сенсе де, сенбесе де, өздері білсін) деген ниетпен мына ойларымызды ортаға саламыз: «Адамдардың нағыз шындықты білуге ұмтылуы дұрыс. Алайда Алла жолын жер бетінде насихаттаушы дін иелерінің ескертуіне шүбә келтіріп, оны қазіргі «жетілді» деген техника көмегімен тексермек болуды Алла тарапынан құптау жоқ екендігі осы әрекет кезінде ап-айқын білінді емес пе?! Ендеше Құранда айтылған дін қағидаларына шек келтіру сол азаматтар түгіл ең білімпаз деген ғалымды да көгертпейді деуге негіз толық!»

Сөз соңында адам көрмейтін құбылыстарды адамнан санасы көп төмен ат көруі туралы әңгімені ұсынсақ, ол да Алла құдіретінің сыры сан алуан екеніне дәлел қоса алады. Тағы да келіп отырған қонақтардан әңгіме сұрағыш әдетім бойынша (кейбір адамдардың мені «мылжың шал» деуіне де негіз аз емес-ау!) белгілі бір әңгіменің тууына себепші болсам керек. Біздің пәтерге келіп отырған Баянауыл ауданы, Күркелі деген село тұрғыны Рысты Рақымбайқызы Қасымова (10.08.1955 ж. туған) әңгімесі:

-Бұрынғы «Южный» совхозы Шоман елді мекенінде күздікүні өрістен мал кеш келді. Мен қойдың алдынан шығып, оны қораға айдап, қамасуға жұбайым Қаблахат Елемесұлына көмектеспек болдым. Бұл кезде қас қарайып, күн батып кеткен. Қаблахат ат үстінде маған:

-Сен жылқыны қайтарсаңшы!- деді.

Жылқы болса, зиратқа таяу жайылып жүрді. Мен жаяу барып қайыруды ойладым. Сол кезде зират басында у-шу естілді: еркек, әйел дауыстары аралас шығып жатты да, мен шошып кетіп, кері томпаңдадым. Сөйтсем, у-шу дауысты Қаблахат та естіген екен. Алыстау тұрған оған, әрине, бәсең естілсе, ал, жаяу жүрген маған сонша қатты естіліп еді. Мен соны Қаблахатқа дауыстап ескертіп едім, ол:

-Қорықпа, зиратта ондай-ондай бола береді,- деп, өзі атқа мініп барып, жылқыны қораға айдап келді. Әрине, жылқыны түнде қораға қамап аламыз, себебі алдында жылқының шетке шыққанының жоғалап кеткені де болған. Жосалыда тұратын бір туысымыз біздің осы әңгімемізді естігеннен кейін:

-Мен қазір зираттың қасынан түнге қарай атпен жүре алмаймын. Атым жүрмей қояды,- дейді.

Осы орайда адам өлгеннен кейін, жанның: «рух жан», «рауан жан» болып бөлінетіні, рух жан не жұмақ, не тозақтан орын алса, рауан жанның бейіттегі өлген адам денесін күзететіні туралы Мәшһүр- Жүсіп атамның жазғанын қайталап еске аламыз. Демек әңгіме айтушыға естілген шу «рауан» жандардың кешкі серуені жемісі десек, соны адам көре алмаса да, ат көре алады. Ат көріп тұрғандықтан, аяқ баспай қояды да, тек тілі жоқ болғандықтан, бізге жеткізе алмайды. Ал, біз Алла берген ақылдың көмегімен Мәшһүр-Жүсіп атамның қалдырған түйіндерге жүгінудіміз керек.

Резюме

В статье анализируются высказывания М.Ж.Копеева о душе и духах, приводятся примеры, показывающие их сверхъестественные способности.

Resume

In the article we can see the analysis of Mashkhur Zhusips sayings about soul and spirits. The author gives examples of his incredible opportunities.

ӘӨЖ 811.512.122-26

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ ӨМІРШЕҢДІГІ

Б. Момынова

Әль-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті, Алматы қ.

Бүкіл ғылым атаулының негізі болып саналатын философияда виталдылық (vitalus - өміршеңдік) термині мен оның мәні бұрыннан белгілі. Биологиялық

тіршілік иесінің яки құбылыстың «өмір сүруге қабілеттілігі» ғылымда осы сөз арқылы жеткізіледі. Соңғы кездерде өміршендік термині тіл білімінде жиі қолданылады. Өйткені тіл жанды құбылыс, саналы тіршілік иесі адамға қызмет етеді, осы қызмет ету барысындағы тілдің мүмкіндігі мен әлеуеттілігі, яғни виталдылығын анықтаумен байланысты болғандықтан, ғылыми еңбектерден жиі ұшырататын болдық. Тілдің мүмкіндігі мен өміршендігін байқататын факторлардың бірі оның қолданыс аясының үнемі бір деңгейден, қалаған үрдістен шыға бермейтіні әдеби тілдің тарихынан белгілі. Қазақ әдеби тілінің тарихы дегеніміздің өзі - тілдің өмір сүруі үшін күресі. Алдымен халықтық дәуірді соған сәйкес ауызша әдеби тіл кезеңін басынан кешірген қазақ әдеби тілі кейіннен ұлттық дәуірге, яғни ұлттық жазба әдеби тіл дәуіріне көшкен кезде де тіршілік үшін, тіл тазалығы мен тіл мәдениеті үшін күресін тоқтатқан емес. Ал соңғы кездерде тәуелсіздік тынысты ашқанмен, жаһандану мен ғаламтордың, БАҚ қызметі белсенділігінің артуы (интернет, компьютер, телефон СМС-тері қызметі, т.б.), ғылым мен ғылым тілі арқылы терминдік қабаттың көбеюі, т.б. мәселелер тіршілік үшін күресті күшейту керектігін көрсетіп отыр. Өміршендік ұғымы көбінесе тілдің ішкі мүмкіндігінен гөрі сыртқы экстралингвистикалық әсерлерге байланысты болып келеді. Ал тілдің күш-қуаты мен әлеует-қарамының мүмкіндігі зор екенін таныту үшін әдеби тілдің өміршендігін лингвистикалық заңдылықтар мен қағидалар арқылы дәлелдеу бір сәт те естен шығаруға болмайтын мәселе.

Тілдің өміршендігі тілдің экологиясы (тілге деген технократтық көзқарастарға, менсінбеушілік пікірлерге тойтарыс беріп отыру), тілдің демократиялануы (әдеби тілдің ауызекі тіл нормаларына бет бұруы, мұның өзі әдеби тіл ұғымын енді қай тұрғыда қарастыру керек деген сауалды тудырады), тілдік норманың сақталуы (норма мен норма емес өлшемдердің критерийлерін, норманың кезеңдік сипаты барын білу, тіл деңгейлерінің нормативтерін оқыту), ауызша әдеби тіл мен жазба тілдегі тіл мәдениетін сақтау, үлкен мегаполис тұрғындары тілінің, яғни қала тілінің әлеуметтік-лингвистикалық жай-күйін, коммуникативтік қызметін түбегейлі зерттеу, сол арқылы әдеби тілдің әлеуметтік негізі туралы пікір-көзқарастарды қайтадан екшеу, БАҚ-ты пайдала отырып, норма бұзушылықтардың жолын кесу және балама терминдердің ұтымды және ыңғайлы варианттарын іріктеу, жаңа номинатив сөздер мен тіркестерді нормаландыру, сондай әдеби тілдің кодификацияланған, тұрақтандырылған әрі ырықтандырылған нормаларының бұзылуын талқыға салып отыру, сол арқылы қазақ әдеби тілінің қоғамға қызмет ету мүмкіндігін арттыруға, қазақ тілін жаңа технологиялар мен ірі қаржылық салалардың, яғни банктердің, экономиканың тіліне айналдыруға күш салу, т.б. сияқты мәселелерден құралады. Бүгін мойындасак та, мойындамасак та, өмірдің өзі дәлелдеп отырған факті - біздің ырықымызға бағынбайтын, дегенімізге көнбейтін экономика мен саясаттын

тілге әсер етуші факторлардың көбін қалыптастыратын күш екені анық болып отырғаны. Ал тілдің өміршендігінің ішкі факторына немесе қазақ тілінің байлығы мен мүмкіндігіне шөк келтіру қиын, бірақ сыртқы күштердің әсерін тіл саясатын жүргізуде ескермеуге болмайды.

Әдеби тіл тарихын саралай келгенде, ХУ-ХІХ ғасырдың соңына дейінгі тарихын Р. Сыздық, Б. Әбілқасымов, С. Аманжолов, Н. Сауранбаев, т.б. ғалымдардың еңбектері арқасында жан-жақты білдік, ал ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдеби тілінің тарихының зерттелуіне байланысты дәл осылай деп нық сеніммен айта алмаймыз. Өйткені, алдыңғы дәуірлерге қарағанда бізге ең жақын уақыт саналатын ХХ ғасыр аумалы-төкпелі, аласапыран кезең болғаны белгілі. Ол кездегі корифей-тұлғалар туралы деректер мен олардың артында қалдырған мұралары мен әдеби тілге қатысы жайлы толыққанды деректер мен іргелі зерттеулер енді ғана жазылып, зерттеу нысанына айналып отыр. Сондықтан бұл дәуірдегі тіл тазалығы, әдеби тілді танытушы тұлғалар, әдеби тіл стильдерін жетілдірудегі тұлғалардың қызметі, әдеби тіл және аударма, аударма және терминология, қазақ тілінің ғылым тіліне шын мәнісінде айнала бастауы (өйткені, алдыңғы дәуірлерде жартылай ғылыми және ғылыми-көпшілік стилішілік тармақтар басым болды), әліпби айтыстары, қазақ тілінің алғашқы емле үлгілерінің, С. Аманжолов бастаған әліпби комиттерінің жұмысы (оны кейінгі үлгілермен салыстыру, артық-кемшілігін көрсету) жоғарыда айтқандай көбінесе экстралингвистикалық жағдайларға, саясатқа байланысты жан-жақты айтылмай, зерттелмей келді. Қазақ халқы өртүрлі жағдайларға байланысты жер шарының біраз жерлеріне таралып, өзі қауымдастық болып, барған жерлеріне орнығып қалған халық. Олар өздері газет-журнал шығарады, өздерінің оқулықтары бар, терминологиялық комитеттері жұмыс істейді, сөйтіп өздері қолданатын әдеби тілдің кейбір алғышарттарын қалыптастырып алған. Сол диаспораның тілін зерттеу, олардың тілінен терминдерге, пән сөздеріне қатысты оңтайлыларын қабылдау сияқты проблемалар бізде дұрыс жолға қойылмай отыр. Айталық Қытайдағы қазақ диаспорасының балалары жоғары оқу орындарында қазақ тіл мен әдебиеті бойынша маманданады. Соларға барып дәріс оқу, қазақ тілінің өзекті мәселелерін айту - Қазақстан үшін парыз. Сонымен қатар сол қазақтарды ақпарат көзі ете отырып, қазақтың тұрмыс-салтына, материалдық және рухани лексикасына, тіршілік-жайына, фольклорына, аймақтық ерекшеліктерге байланысты құнды мәліметтер алуға болады. Сондықтан өзге елдің арасында жүрген қазақтың бір бөлшегі, қытай қазақтарының тіліндегі аймақтық сөздер туралы қалай да мәлімет алуды оларға лекция оқу кезінде көзделді, Алтай мен Іле қазақтарының тіліндегі аймақтық ерекшеліктерді жинастырған студенттер мынадай сөздерді тізіп келді:

Алтай
дардай

Іле
әлем

лат, лас, шытжаңа, мүсеуреп қалу, т.б. аймақтық ерекшелікті сөздеріне кірістіріп отыратыны байқалды.

Компьютерге, тұрмыстық техникаға байланысты терминдер қытай тіліне толық аударылған. Жергілікті қазақтар да соған орайластыра компьютерге байланысты және кез келген тұрмыстық техника атауларын қазақ тіліне аударып отырады. Қолтелефоды (мобильді телефон), бірақ студенттер қолфон деп қысқартып атайды, тетіктерін аудару да жергілікті қазақтар үшін өте жеңіл іс. Енді кейбір аудармаларын келтіріп көрелік: тінтуір–мышь, тілтақта-клавиатура, нұртабак-диск, бармақдиск-флешка, көрсеткі-экран, қатты диск-жесткий диск, вирус ену–кұрттап кету, рабочий стол–үстел бет, қосамжар дыбыс–медиадыбыс, терезелік–окно, мүше, торап ат, кілтсөз (пароль), тораптас, бекет жауапкері, бекет бастығы, әріпсәйкестіргіш, сәйкестіргіш, әріпалмастырғыш, достық жалғаным, лездік жалғаным, жолдама, нұрбелгі (курсор), бостық кнопка (пустой удар), ақылы деталь (интернеттегі ақылы материалдарды түсіріп алу), ақысыз, ортақ деталь, ғаламтор (интернет), торап жарнама, сұхбат үні, тораптық қазына, аманат, торап сөздігі, ерен електеме, кері қайтару, торап ескертпесі, т.б., сол сияқты сабақхана-аудитория, естелік жазу–лекция жазу, шоғыр мектеп–университет, ұлттықтар–ұсақ ұлттар (дисапора немесе өзге ұлттар), ұласпалы кино–көп сериялы фильм, қанбасым-қанқысымы, төреқамақ-домашний арест сияқты сөздердің аудармасын еркін қолданады. Қытай қазақтары компьютер тілін түгел қазақшалап, терминдердің сөздігін шығарып қойған.

Қазақ әдеби тіліне қатысты айтатын мәселе әлі де көп. Біздің тілегіміз тіліміз өміршең қалпын жоғалтпаса екен.

Резюме

В статье рассматривается вопрос перспективы развития казахского литературного языка на данном этапе развития.

Resume

The article deals with the question of perspective development of the Kazakh literary language.

УДК 81

ТІЛДЕГІ АУЫСУ ПРОЦЕССТЕРІ

Ж.Т. Сарбалаев

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Тілді, әлбетте, ғалымдар тірі организмге теңеп жатады. Бұл, расында да, солай. Егер тірі организмге даму, өзгеру, өлу құбылыстары тән болса,

тілдің табиғатына да аталған жайттар әсте жат емес. Тірі организмнің өн бойында болып жататын түрлі қозғалыстар, көнерулер мен жаңарулар тілдің құрылымында да үнемі жүріп жатады. Бұлардың арасындағы айырмашылығы сонда, тілдегі өзгерістер тірі организмге тән заңдар бойынша емес, өзінің ішкі даму көздері арқылы жүзеге асып отырады.

Тіл-дыбыстық жүйеден, сөздік құрамнан және грамматикалық құрылыстан тұратын біртұтас, жүйелі құбылыс екені белгілі. Диалектиканың негізгі өзегі болып табылатын даму, бір күйден екінші күйге ауысу тілдің барлық құрылымдық қабаттарында үнемі болып отыратын құбылыс. Соның нәтижесінде тілдік элементтер бірде көнеріп, бірде жаңарып, өз өрістерін кеңейтіп, соңы формаға ие болады. Аталған ауысу процесстерінің нәтижесінде тілде жаңа сапа, яғни, тілдің дыбыстық жүйесінде соны фонема, сөздік құрамда жаңа мағыналы сөз, грамматикада тың сөздер қалыптасып, тілдің қоғамдық-әлеуметтік тынысын кеңейтіп жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

Тілдегі ауысу процесстері дыбыстық жүйе мен сөздік құрамға қарағанда, әсіресе тілдің грамматикалық құрылымында жиі байқалады. Бұл- түсінікті де. Өйткені дыбыс та, сөз де грамматикада ғана бар қырынан жарқырап көріне алады. Осыған байланысты болса керек, лингвистикада грамматика тілдің ең негізгі өзекті бөлігі болып саналады.

Тіл білімінде, шынын айтқанда, ауысу процесстері әлі де болса өзінің толық шешімін таппаған мәселелердің қатарына жатады. Рас, шетел және орыс тілі білімінде бұл бағытта там-тұмдап болса да азын-аулақ еңбектер ұшырайды. Мысалы, орыс лингвистикасында Л.В. Щербаның, В.В. Виноградовтың, Н.П. Прокоповичтің, В.Б. Бабайцеваның, В.Н. Мигириннің, В.И. Кодуховтың, Г.Г. Уханованың еңбектерін ең алдымен атап айтқан жөн. Аталған зерттеушілердің еңбектерінде тілдің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық құрылымында болатын ауысудың кейбір түрлері, оған түрткі болатын қоғамдық әлеуметтік және лингвистикалық себептер теориялық тұрғыдан байыпты сараланған. Ал, қазақ тілі білімінде тілдегі ауысу процесстері енді-енді зерттеу нысанына айнала бастады десек, бұл артық айтпағандық. Белгілі ғалымдар, С. Исаевтың, М. Томановтың, А. Салқынбайдың, Бер.Сағындықовтың еңбектерінде сөз таптары арасында болатын ауысулардың кейбір түрлері хақында бағалы ғылыми тұжырымдар айтылған. Дей тұрсақ та, жалпы тілдегі ауысулар жайында, олардың теориясы, түрлері, сыр-сипаты туралы толыққанды зерттеулердің жоқтың қасы екені рас. Осы орайда, бізге лингвистикалық ауысу процесстерін жеке сала ретінде қарастыру керек деген В.Н. Мигириннің мына бір тұжырымы көңілге қонады: Накопленный материал в области изучения языковой структуры и процессов, протекающих на разных ее уровнях, приводит к выводу, что лингвистика должна идти по пути постепенного разграничения на две

основных раздела: 1) на лингвистику, изучающую структуру языка, и 2) на лингвистику, изучающую процессы языкового развития. Допустимо говорить о лингвистике структур и о лингвистике процессов. [1-5].

Шынында да тілдегі ауысу процесстерін тілдің жеке саласы ретінде алып қарастыру, біріншіден, тіл білімі ғылымының көкжиегін кеңейтеді, екіншіден, ғылымда күні бүгінге дейін даулы болып, басы ашылмай жүрген кейбір проблемалардың оң шешімін табуына мүмкіндік береді.

Енді сөз таптарының арасында болатын ауысу процесстерінің кейбір түрлеріне қысқаша тоқталып өтейік.

Тілдің даму барысында сөз таптарының құрамындағы сөздер үнемі қозғалыста болып, бір-біріне ауысып, өздерінің мән-мағынасын, қызметін өзгертіп отырады. Соның нәтижесінде тілдегі барлық сөз таптары басқа сөз таптарының есебінен толығып, сан жағынан еселеніп көбейіп отырады. Субстантивация, адъективация, нумерализация, прономинализация, адвербилизация, вербализация, конъюнктивация процесстері осының айғағы. Бұлар, жалпы алғанда, лингвистикалық ауысу процесстері. Бұл ауысу процесстері соңғы кездері сөзжасамның өнімді бір жолы – конверсияның әртүрлі формалары ретінде танылып, сөз тудыру амалдарының бірі ретінде қарастырылып жүргені белгілі.

1. Субстантивация. Бұл - өзге сөз таптарының зат есімдер тобына ауысуын білдіретін конверсиялық процесс. Қазіргі қазақ тілінде басқа сөз таптарының зат есімдер қатарына ауысуы, сөйтіп, зат есім мәнінде қолданылуы кең тараған құбылыс. Сөз таптарының ішінде субстантивация процессіне ұшырамайтыны кемде-кем. Бұл орайда, әсіресе, сын есім, сан есім, етістіктің кимыл есімі, есімше категорияларының жиі субстантивтенетіні ерекше көзге түседі. Мысалы көтерме, түстік, ауру, науқас, ыстық, шала, туысқан, жасаған, жанар, қайнар т.б.

Бұл фактілер зат есімдердің аталған сөз таптарымен лексикалық жақтан да, грамматикалық тұрғыдан да тығыз байланыста екенін көрсетеді. Сондықтан болу керек, басқа сөз таптарының субстантивтену мәселесі қазақ тілі зерттеушілерінің назарынан тыс қалмай, әр кезде жарық көрген әр түрлі оқулықтарда, ғылыми-зерттеу еңбектерде азды-көпті сөз болып келеді. Бұл бағытта, сондай-ақ, соңғы жылдарда күнделікті ғылыми басылымдарда бірқатар мақалалардың жарияланғандығын да атап өту лазым.

Өзге сөз таптарының жиі субстантивтеніп, соның нәтижесінде зат есімде тобына ауысуының өзіндік себептерінің барлығы анық. Бұл, ең алдымен, зат есімдердің лексикалық құрамынан молдылығына, атқаратын синтаксистік функциясының ауқымдылығына байланысты. Өйткені зат есімдердің сөйлемде тәуелсіз мүше – бастауыш қызметінде жұмсалуды оның басқа сөз таптарымен емін-еркін грамматикалық әрқилы байланыстарға, қарым-қатынастарға түсуіне мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде өзге сөз

таптары бір жағынан субстантивацияланып зат есімдер құрамына ауысып жатса, екінші жағынан, олар да өз кезегінде зат есім категориясынан сөздер қабылдай, өз өрістерін кеңейтіп жатады. Осы арада айта кететін бір жайт, ол - сөз таптарының барлығы бірдей бір-бірімен грамматикалық қарым-қатынасқа түсе алмайтындығы. Бір-бірімен грамматикалық байланыстарға түспеген сөз таптарының арасында, әрине, сөз ауысу болмайтындығы өзінен-өзі түсінікті. Мұндай жағдайда яғни сөз таптарының бір-біріне ауыспауына себеп, бөгет болатын нәрсе, біздіңше олардың сөйлемдегі функциясының шектеулі болуы. Үстеулер сөйлем құрамында пысықтауыштан басқа да синтаксистік қызмет атқару мүмкін. Бірақ ондай қызмет үстеулер үшін үйреншікті де негізгі қызмет бола алмайды. Үстеулер пысықтауыш мүше ретінде қимылдың, іс-әрекеттің сынын, мөлшерін, мезгілін, мекенін білдіреді де, осыған орай, етістіктермен тіркесіп, сөйлемде оның алдында тұрады. Сөйтіп, үстеулер заттың белгісінің белгісін білдіреді де зат есімдерден тікелей, тура байланысқа түсе алмайды. Сондықтан да басқа сөз таптарына қарағанда, үстеулер субстантивация процессіне самарқау тұрады. Қазіргі қазақ тіліндегі субстантивтер тобынан арғы негізгі үстеулер болып келетін сөздердің жоққа дерлік болып келетіндігінің себебі, біздіңше, осында сияқты.

Басқа сөз таптарының субстантивтенуі екі түрлі болады. Оның біріншісі – уақытша субстантивтену деп аталады. Басқа сөз таптарының уақытша субстантивтенуі, негізінен, стильге, контекске тән болып келеді. Стильдік қолданылу ыңғайына қарай өзге сөз таптары сөйлемде уақытша заттық мағынаға иеленеді. Уақытша субстантивтенген сөздер өздерінің бастапқы мағынасынан мүлдем қол үзіп кете алмайды, онда белгілі бір дәрежеде бұрынғы мағынасы сақталады. Мысалы: Жуанды қойып жуасты. /Абай/. «Жақсыға біткен ағайын». Жаман жақсы болмас /мақал/. Білегі жуан бірді жығады /мақал/.

Синтаксистік қолданысқа байланысты қалыптасқан мұндай «уақытша субстантивтенген» лексемалар реестр сөз дәрежесіне жетпейді. Сол себепті олар лингвистикалық сөздіктерде дербес, жеке реестр сөз ретінде берілмейді. Сөйлем құрамында ондай кезеңдік заттың мәнін беретін сөз ретінде субстантивтерді «контекстік немесе стильдік субстантивтер» деп атайды. «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» [2-27].

Өзге сөз таптарының субстантивтенуінің екінші түрі – толық (не-кемел) субстантивтену болып табылады. Толық субстантивтенудің барысында басқа категорияларға тән сөздер өздерінің сөз табынан біржола қол үзіп, зат есімдер қатарына түпкілікті ауысады да оның құрамын жаңа лексемалармен толықтырады. Толық субстантивтенген сөздер сол тілде сөйлейтін халық үшін зат есім болып танылады да, жалпы халықтық сипат алады. Ондай субстантивтер, әдетте, реестр сөз дәрежесіне жеткен деп саналады. Әрі олар түрлі лингвистикалық сөздіктерде зат есім сөз деп көрсетіледі. Мысалы, қазіргі

ана тіліміздегі туысқан, жасаған, жаратқан, ата, бай, келдей, көсеу, безеу, ауру, шалғы, шапқы, дөнес, қырат, аңтұрған, сықылды толып жатқан арғы негізгі есімше, қимыл есімі, сын есім болып келетін сөздер осы толық субстантивтенудің айқын дәлелі бола алады. Бұлар қазіргі кезде өздерінің бұрынғы категорияларының мүлдем қол үзіп, зат есімдер тобына біржола ауысқан.

Субстантивация процессінің нәтижесінде зат есімдер категориясына ауысқан сөздерді құрамы жағынан да екі топқа бөліп қарауға болады: а) жалаң субстантивтер; ә) күрделі субстантивтер. Жалаң субстантивтерге, негізінен құрамы жағынан бір ғана сөзден тұратын «басқа тектес» сөздер жатады: надан, қу, пысық, жақсы, жаман және т.б. Күрделі субстантивтерге кем дегенде екі не одан да көп сөздердің тіркесіп келуі арқылы жасалған болмаса екі түбірдің бірігіуінен пайда болған, синтаксистік қолданыстың барысында зат есімдерге айналған күрделі сөз тұлғалары жатады: ақсақал, бойжеткен, атшабар, бозқасқа, кубас т.б.

2. Адъективация. Бұл – басқа сөз таптарының сын есімге ауысуын білдіретін лингвистикалық процесс. Бұл процесстің нәтижесінде тілдегі сын есім категориясы өзге сөз таптарынан ауысып келген сөздермен толығып, өз ауқымын кеңейтіп отырады. Сондықтан да адъективация тіл білімінде сын есімдердің қорлану, даму көздерінің бірі ретінде танылады.

Адъективация жайында сөз болғанда, біздіңше, екі нәрсесің басын ашып, анықтап алу қажет. Оның бірі- бұл тілдің морфологиялық құрылымында ғана ұшырайтын тілдік құбылыс па, әлде онда тұрақты түрде өтіп жататын процесс пе деген мәселе де, екіншісі, оның сын есімінің сөзжасам жүйесіне қатыстылығы туралы. Біздің ойымызша, адъективацияны әрі лингвистикалық процесс, әрі сын есім тудырудың өнімді тәсілдерінің бірі бір жолы ретінде қарастыру дұрыс. Адъективацияның процесс болатын себебі – сын есімдер де тілдің бір бөлшегі санатында жалпы тілдік құрылымға тән дамудан тыс тұра алмайды. Тілдік даму барысында олар тілдегі өзге лексикалық –грамматикалық категориялармен сан қилы байланысқа түсіп, бірде сөз беріп, бірде олардан өз кезегінде өзі де сөз қабылдап, үнемі үздіксіз қозғалыста болады. Адъективация процессін мойындамау, екінші сөзбен айтқанда, тілдің дамуын танымау деген сөз. Екіншіден, адъективация сын есімдер тудырудың ең өнімді тәсілі болып саналады. Керек десеңіз сын есімдердің о баста өз алдына бөлек, жеке сөз табы болып қалыптасуы осы адъективация тәсілімен тығыз байланысты. Себебі, қазіргі тіліміздегі сын есімдердің өзегі болып табылатын «негізгі» немесе «байырғы» сын есімдердің барлығы да әуел баста есім не етістік тобынан ауысып, атрибутивтік мәнде орныққаны мәлім. Мысалы: көк, ақ, жас, бай, өзге, басқа, байтақ және т.б. сөздердің о баста сындық мағынада емес, заттық ұғымда қолданылып, кейіннен сын есімдер тобына ауысқандығы белгілі. Сол сықылды қызыл, сары, жасыл, ауру, кебу, жүдеу, бедеу, сасық, жасық, қайнар (бұлақ), жанар (тау), қашаған,

сүзеген, тебеген, өңкиген, дүңкиген, ұшқалақ, жаңғалақ тәрізді түрлі қатыстық мағыналарды білдіретін сын сөздердің де бір кезде етістіктің формалық тұлғалары болғандығы, бұлардың да соңынан адъективтивацияланып, атрибутив сөздер болып орныққандығы анық. Егер осы айтылғандарға шалажансар, әпербақан, жел өкпе, жел аяқ, көрсе қызар, ұр да жық, тіс қаққан, тас бауыр, без бүйрек секілді адъективацияланған күрделі сөздер мен фразалық тіркестерді қосатын болсақ, онда адъективацияның сын есім категориясын қалыптастырудағы рөлі тіптен ұлғая түседі. Сонымен, бұл фактілер адъективацияны ескіден келе жатқан процесс әрі сын есім тудырудың көне тәсілі деуге мүмкіндік береді.

3. Нумерализация. Бұл – басқа сөз таптарының сан есімдер тобына ауысуын немесе оның орнына қолданылуын білдіретін лингвистикалық процесс. Алайда бұл процесстің грамматикалық табиғаты, сипаты туралы ғылыми әдебиетерде бір-біріне қайшы әртүрлі ой-пікірлер айтылады. Мысалы, «Түркі тілдерінің салыстырмалы –тарихи грамматикасы» атты ұжымдық еңбекте нумерализация процесі «көлемдік, мөлшерлік, сандық ұғымда зат есімдердің қолданылуы» деген тұрғыдан түсіндіріледі [3,200]. Рас түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде де сан есім мәнінде қолданылатын центнер, қадақ, батпан, пұт, килограмм, тонна, гектар, адым, қарыс, кез және т.б. біраз зат есімдер бар. Бірақ тілімізде бұлардан басқа сандық, көлемдік, мөлшерлік ұғымда жұмсалатын жалқы, жарты, сынар, егіз, көп, аз, дара, қос, жарым тәрізді сын есімдердің, козы көш (жер), ет асым (уақыт), түн ортасы, кешқұрым (мезгіл), әу дегенше, қас қаққанша т.б. сияқты жасалуы жағынан әртүрлі сөз таптарына қатысты болып келетін күрделі сөз тұлғалары мен фразалық тіркестердің ұшырайтынын ұмытуға бола ма? Олай болса нумерализация процесін тек қана зат есімдердің нумеративтік қызметіне байланысты қарау дұрыс болып шықпайды. Осы орайда нумерализация процесіне анықтама беруде, біздіңше, мына бір пікірге жүгінген лазым: «Под нумерализацией понимается переход других частей речи в числительные или употребление других частей речи в роль числительных» [4,157]. Бұл анықтама нумерализация процесінің грамматикалық табиғатына, мазмұнына сай келеді. Біріншіден, бұл тұжырым нумерализация процесін сан есімдердің лексика-грамматикалық категория болып қалыптасуында атқарған тарихи рөлін танып білуге көмектесе, екіншіден, ол сан есімдердің тілдегі өзге де грамматикалық категориялармен қарым-қатынасын, түрлі байланысын анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен, нумерализация процесін екі ыңғайда қарастыруға болады: 1) басқа сөз таптарының сан есімдер тобына ауысуы мен айналуы 2) өзге лексика-грамматикалық категорияларға жататын сөздердің сан есім мәнінде қолданылуы не болмаса нумератив сөздердің пайда болуы.

Жалпы, сан есім – өзінің лексика-семантикалық мағынасы жағынан болсын, грамматикалық ерекшеліктері мен сөзжасам жүйесі тұрғысынан

болсын өзгеге ұқсамайтын өзгешелігі бар сөз табы. Мысал үшін сан есімнің сөзжасам жүйесіне тоқталайық. Онда сан есімнің басқа сөз таптарына ұқсамайтын өзіндік ерекшеліктері айқын көрінеді. Әдетте, тілдің лексикалық, грамматикалық жүйесінде белгілі бір сөз табынан сөз тудырудың әрқилы тәсілдері арқылы сол сөз табына болмаса өзге сөз табына қатысты жаңа сөздер жасалады, сөз таптары сөздік құрамды байытуда үлкен қызмет атқарып жататыны белгілі. Айталық, етістіктерден зат есім сөздердің жасалуы, керісінше, есім сөздерден етістіктердің пайда болуы, сол тәрізді зат есімнен сын есімнің, сын есімнен зат есім не етістік сөздердің қалыптасуы тілдің сөзжасам жүйесіндегі әбден орныққан заңдылықтарға жатады. Десек те, тілдің сөзжасам жүйесінде мейлінше кең тараған, нық орныққан бұл амал-тәсілдер сан есімнің сөзжасам жүйесінде ұшырымайды. Сан есімдер ешқашан басқа сөз таптарынан морфологиялық тәсіл арқылы жасалмайды және өзі де басқа сөз табына жаңа сөз жасауға ұйытқы бола алмайды. Сан есімдер өзінің ішкі ресурстары арқылы көбейіп, толығып отырады, басқа сөзбен айтқанда, олар өз сөзжасамының аясынан шықпайды. Мұны проф. Н. Оралбаева; « сан есімнің сөзжасамды байланысты негізгі ерекшеліктердің бірі деп санауға әбден болады», - деп дұрыс атап көрсеткен.

Бірақ сан есімнің сөзжасамына осылайша қарау, біздің ойымызша, тілдің қазіргі қалыптасқан жүйесі тұрғысынан келгенде ғана дұрыс. Тіліміздегі сан есім сөздерді тарихи қалыптасу тұрғысынан, сондай-ақ оларды жалпы тіл білімінің материалдарымен салыстыра қарағанда, көне түркі тілінің деректерін есепке алғанда, сан есімнің де сөз табы болып қалыптасуының өзге сөз таптарының грамматикалық категория ретінде пайда болу жолынан бөлек болмағаны, қайта оның дербес, бөлек грамматикалық категория болып орнығыуында нумерализация процесінің аса зор роль атқарғанын көреміз (ескерту, бұл жерде сан есімдердің сөз ретінде қалыптасуындағы адъективацияның, үстеулердің негізінен адвербиализация процесінің негізінде пайда болғанын және т.б. процесстерді ескерту қажет.). Өйткені тілдегі сан есімдердің негізі болып саналатын бірден онға дейінгі сан атаулары өздерінің қалыптасу тегі жағынан басқа сөз таптарымен, әйтпесе, зат есімдермен, етістіктермен байланысты болып келеді. Мұның тілдік негізі де жоқ емес. Себебі сөз таптары тілдің тарихи даму барысында бірін-бірі байыта отырып, қанаттаса дамиды. Мұндай тілдік жалпы заңдылықтан сан есімдер де шет қала алмайды. Олар да басқа сөз таптарымен синтаксис аясында сан алуан, әр қилы грамматикалық қарым-қатынастарға түседі. Мысалы, сан есімдердің субстантивтенуі (жеті, қырқы, жүзі), прониамалдануы (біреу), адвербиалдануы (ол екі сөйлемейді) секілді процестер айтқан сөзіміздің айғағы. Егер бұл айтылғандарға бесбармақ, елу басы, жүз басы, мың басы, Үшарал, Екібастұз, Бестау т.б. номинативтік зат есімдер мен топонимикалық атаулардың құрамындағы субстантивтенген сан есімдерді, екі жүзді, екі ұшты,

екі ұдай, бір рет, бір келкі, т.б. адъективтер мен үшеу ара, екі талай тәрізді адвербиалданған тұлғалардың қатарындағы сан есім формаларын қосатын болсақ, бұл байланыстардың ауқымы тіптен ұлғая түсетінін байқаймыз. Бұл орайда, дәлел үшін қазіргі қазақ тіліндегі бірлік сандар мен кейбір ондық атауларының әуел баста өзге сөз таптарынан ауысып келгенін, сондай-ақ шығу тегі тұрғысынан зат есім, сан есім, үстеу болып жататын нумератив сөздердің сандық мәнде қалыптасуын еске алсақ та жеткілікті.

4. Адвербиализация. Бұл - басқа сөз таптарының үстеулер тобына ауысуын білдіретін лингвистикалық процесс. Ол –ауысу процестерінің ішіндегі ең өнімдісі болып табылады. Адвербиализация, сондай-ақ, тілдегі сөз таптарының негізінде бірден, бір уақытта жасалмайтындығын және бірінінің негізінде бірі туып отыратындығын айғақтайтын процесс болып табылады. Себебі, тілдегі үстеу деп аталатын лексика-грамматикалық категория түгелдей өзге сөз таптарынан ауысып келген негіздер мен сөз формаларынан құралады. Мысалы, әрең, жақсы, жылдам, көп, аз, қатты, ескіше, жаңаша, шикілей деген сөздер сын есімдер тобынан адвербиалданса, жаздыгүні, қыстыгүні, кесек-кесегімен, жөнімен, шалқасынан, жатқа, ілгері, жоғары, төтесінен сықылды толып жатқан үстеулер о баста септік жалғауларындағы зат есімдердің көнеленіп барып үстеулер қатарына ауысуынан жасалса, жорта жағалай, арнай, қайта, ештеп, көріне, сеспей, т.б. тәрізді үстеулер етістіктің көсемше формаларының адвербиалдануынан қалыптасқан.

Адвербиализация процесі, біздің ойымызша, үстеулердің сөз табы болып қалыптасуының және оның жаңа лексикалық тұлғалармен толығының бірден-бір жолы. Десек, үстеулердің сөз табы болып қалыптасуының негізгі жолы- адвербиализация процесіне лингвистикада жете мән берілмей келеді. Ол ол ма, адвербиализация тіпті , үстеулердің жасалу жолының бір жолы ретінде, тіпті, ауызға алынбайды. Осы орайда, жалпы тіл білімінде үстеулердің екі түрлі тәсілімен: морфологиялық (синтетикалық) және синтаксистік (аналитикалық) тәсілмен пайда болғандығы айтылады. Мысалы бұл екі тәсіл- «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі»-атты кітапта : «үстеулердің негізгі жасалу жолдары» деп беріліпті [2, 322-364]. Олардың белгілі бір морфологиялық және синтаксистік тұлғаларда қалыптасуы бұрынғы сөз табының аясында жүреді де, бұлар үстеулер тобына ауысқаннан кейін «ешбір грамматикалық өзгерістерге енбейтін, септік, жақтық формаларды қабылдамайтын, яғни форма жағынан өзгеріске түспейтін сөздердің қатарына өтеді». [6-204]. Үстеулерге берілген кез-келген анықтамаларда оның негізінен, басқа сөз таптарынан ауысып келген сөздерден жасалатындығы, ешқандай морфологиялық өзгерістерге ұшырамайтындығы айтылады. Солай бола тұра, зерттеушілердің үстеулердің адвербиализация жолымен қалыптасқанын көрмей, оны синтетикалық және аналитикалық тәсілдермен жасалады деуі қалай? Үстеу сөздердің құрамында сөз тудырғыш аффикс бар

екен деп, оны сөзжасамның морфологиялық тәсіліне жатқыза беруге бола ма? Біздіңше үстеулердің синтетикалық (морфологиялық), аналитикалық (синтаксистік) жолымен жасалады деу тым ұшқары айтқандық. Үстеулердің қалыптасу жолына бұлайша қараушылық, әлбетте, әрбір сөз табының өзіндік ерекшелігімен санаспаушылық болып шығады. Асылы, әрбір сөз табының қалыптасуы, оның дамуы жайында пікір айтқанда, оның тарихына, сөз табы ретіндегі өзіндік өзгешеліктерімен санасқан жөн. Тілдегі грамматикалық категориялардың барлығын бірдей қалыптасқан белгілі бір үлгілерге салып түсіндіре беру үнемі оң қорытындыға әкеле бермейді. Үстеулерді де, осы орайда, морфологиялық, синтаксистік тәсілдер арқылы жасалады деу-дәл осы таптаурын көзқарастың салдары.

Басқа сөз таптарынан адвербиалдану процесінің нәтижесінде ауысып келген үстеулерді адвербиалдану сипатына қарай екі топқа бөліп көрсетуге болады. Оның алғашқысына- түпкілікті немесе толық адвербиалданған сөздер жатады. Түпкілікті немесе толық адвербиалданған сөздерге өздерінің бұрынғы сөз таптарынан семантикалық жақтан да, функциялық жақтан да мүлдем алшақтап, үстеулер тобына біржола көшкен лексемалар кіреді: ерте, енді, әлі, қарсы, әдейі, әзер, қасақана, ұдайы, үнемі, дереу, сәл, әнтек т.б. Бұлардың әбден адвербиалданғандығына тағы бір дәлел- бұлар тілдің қазіргі калпында тек қана сөйлемде пысықтауыш қызметінде қолданылады. Толық немесе түпкілікті адвербиалданған сөздердің синонимдік сынары болмайды. Бұл жағдайлар толық немесе түпкілікті адвербиалданған сөздердің үстеулер құрамына ауысуы- тілдің өте көне кезеңінде болған деп қорытынды шығаруға жетелейді. Толық немесе түпкілікті адвербиалданған сөздердің қатарына, сондай-ақ, шалқасынан, төтесінен, кеңінен, жүресінен, алда, артта, кейде, қапыда, лезде, босқа, текке, зорға, жатқа, шынымен, кезекпен, ретімен, жайымен, сықылды септік жалғауының адвербиалдануынан жасалған формаларын да жатқызуға болады. Бұл формалар септік жалғауларындағы дәл осындай тұлғаларымен омонимдес болып келгенімен, олардан семантикалық, функциялық тұрғыдан мүлде басқаша келеді. Мағыналық жақтан бұл сөздер үстеулердің түрлі топтарына енеді де, сөйлем құрамында тек пысықтауыш қызметінде жұмсалады.

Пысықтауыш қызметінде жұмсалған сөздердің барлығы бірдей үстеулер тобына ауыса бермейді. Олардың үстеулер тобына ауысуына бірден-бір себеп болатын фактор- басқа сөз таптарының пысықтауыштық қызметте ұдайы әрі тұрақты қолданысы. Пысықтауыштық функцияда ұдайы әрі тұрақты жұмсала бастаған басқа сөз таптары әуелгі кезде уақытша не жарым- жартылай ғана адвербиалданып, үстеулер қатарына ауысады. Мұндай уақытша, жарым-жартылай адвербиалданған сөздер өзінің бастапқы грамматикалық категориясынан қол үзіп кетпейді, сонымен семантикалық жақтан да, функциялық тұрғыдан да байланысты болады.

Сөйлем құрамында қолданылу ыңғайына қарай бірде өзінің функциясында, бірде үстеу қызметінде жұмсалады да, екі сөз табының арасында «аралық» позиция ұстайды. Мысалы, 1. Жақсы бала. Жақсы оқиды. 2. Қатты қағаз. Қатты күлді. 3. Бірге бірді қос. Бірге жүреді. 4. Өзен бойы жағалай тал- жағалай отырды. Мысалға келтірілген сөйлемдердегі асты сызылған сөздердің тұлғалануы бірдей болғанымен мағыналары мен қызметтері екі басқа. Келтірілген мысалдардың алдыңғы жұптары өздерінің тура мағынасында қолданылып, анықтауыштық қызмет атқарып, атрибутивтік, заттық мәнде жұмсалып тұрса, соңғы жұптардағы осы тұлғалас сөздер өзінің бастапқы мағынасынан алыстап, атрибутивтік, объектілік, адвербиалдық мәнге көшіп, қимылдың қалай жасалғанын білдіреді. Мұндай сөздердің қандай мағынада жұмсалғандығы контексте білінеді. Бұлар өзара омонимдік қатар құрып бір-бірімен лексика-грамматикалық байланысқа түседі.

Түйіп айтқанда, тілдің бүкіл құрылымдық жүйесінде (фонетикада, лексикада және грамматикада) үздіксіз болып жататын мұндай ауысуларды лингвистиканың жеке саласы ретінде қарастырудың мезгілі әбден жетті деп санаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мигирин В.Н. Очерки по теории процессов переходности в русском языке. - Бельцы, 1971.
2. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. Жауапты редакторы – проф. Н. Оралбаева. - Алматы, 1989.
3. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. - М, 1986.
4. Виноградов В.В. Русский язык. - М., 1972.

Резюме

В статье рассматриваются переходные процессы между частями речи.

Resume

The article considers transition processes between parts of speech.

ӘӨЖ 81:39 (574)

ЭТНОМӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

А.Қ. Тұрышев

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Мәшһүр – Жүсіп тек қана түркі тілдері туралы біліп қоймаған дүние

жүзі тілдері, діндері жөнінде де мағлұматы болған. Мысалы, «Дін туралы жер жүзіндегі адамдар дін жағынан екіге бөлінеді. Бірі-Құдайды бір дос (дос), бірі Құдайды бір демеуші. «Бір» деушілерге кітабы дейді. «Бір» демеушілерге «Бір» деушілер 3 түрлі. Файса, Мұса, Мұхаммед – бір деме – осылар. Будда, Бірахмен, Мәжуси, хубасқа түндей болды. Жер үстінде кітаптан, мішіріктер көп. Тіл туралы жер жүзіндегі болған адамдардың тілдері түрлі – түрлі. Санағандар: «Мың шамалы түрі бар» - дейді. Бұлардың дүниеге ең көп жайылғандары үшке бөлінеді. Бірінші-Һинд һәм Еуропа тілдері. Екінші-күншығыс Азия тілдері. Үшінші: Хам, Сам тілдері дейді. Сол сияқты Мәшһүр – Жүсіп ХІХ ғасырда «мәдениет» деген сөзді бірінші қолданған және мағынасын тура берген адам. «Кейбіреулері шаһарларда жиылып, егінмен ас қылады. Бұларды: «мәдени халық» - дейді, яғни «ғылымды жұрт» - дейді. Мәдениет – араб тіліндегі «мудун» сөзі біздің түсінігіміздегі «қала» мағынасын берсе, «медени» - «қала тұрғыны» деген ұғымды мензейді (Ә. Нұрмағамбетов, 1990: -Б. 9). Демек, «Мәдениет» - деген сөзді біз тілге қатысты аламыз да тек басқа қырынан қарастырамыз.

Ж.А. Манкеева «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері» - деген монографиясында: «Олай болса, мәдениет арқылы өрнектелген ұлт болмысы тек тіл арқылы танылады» - деп нақты көрсеткен.

«Этномәдениет» сөзінің этимологиясын екіге бөліп қарастырамыз. «Этнос» - тарихи қалыптасқан этникалық қауымдастық – тайпа, халық, ұлт. «Этно» күрделі сөздің бірінші бөлігі мағынасы халыққа байланысты: этногеография, этнодемография, этномәдениет, этнолингвистика, этнопедагогика, этнотілдік, этноәлеуметтік, этномінез - құлық айқындалады. Этномәдениет – этнографияның құрамдас бөлігі болып табылады. Этнография – белгілі бір халықтың этногенезін, заттық, рухани мәдениетін, тұрмыс – салт, әдет – ғұрып ерекшеліктерін зерттейтін ғылым. Академик Ә. Қайдаровтың: «Зерттеу мақсатына байланысты қазақты «этнос» деп қараудағы мақсат – оны төмендету емес, қайта оның басып өткен ұзақ та сатылы даму жолын (ретроспективті бағытта) саралай түсудің, тарихи этнотұлға ретінде танудың бірден – бір дұрыс жолы, кепілдігі» - деген сөзі зерттеудің бағыты дұрыс екендігін көрсетсе керек [1, 11].

Екінші компоненті «мәдениет» араб тіліндегі «мудун» сөзі біздің түсінігіміздегі «қала» мағынасын берсе, «медэни» - «қала тұрғыны» деген ұғымды мензейді. Осыдан «мәдениет» деген сөз пайда болған. Мәдениетті негізінен орта ғасырлық мұсылман мәдениетінің өркендеу кезеңінде қалыптасқан түсінікпен байланысты қарастыратын көзқарас қалыптасқан. Қазақтар ХХ ғасырға дейін «мәдениет» сөзін қолданбады деген Мәшһүр-Жүсіп шығармаларын оқымағаннан кейін айтыла салған. Тағы бірде Мәшһүр-Жүсіп «1929 –ншы жылдың 21-ші ноябрінде жеке басылған «Еңбекші қазақ» газеті №2-нші нөмірінде: «Ескі заманның мәдениетінен

мәжнүн есалаңдар безеді, депті. Оны Маркс айтты дегенге келеді. «Сотқа сот қосылса -салмасын, сөзге сөз қосылса - демесін». Бұл мәдениет ертегіні жаздық. Сайрам қаласының мешітіндегі тас бағанды орнатқан кім екенін жазам» - деген мәлімдеме жасайды (М-Ж. 8 том, 416 б.). Бұл – бір. Екінші – орыс отаршылдығы және қазақта тіпті «мәдениет» (культура) деген сөзі де болмаған, жабайы халықта мәдениет қайдан болсын деп қасақана қолданылмаған термин. Расында да «мәдениет» терминінің орнына әдет – ғұрып нормаларының ережесі ретіндегі көрсеткіші болып табылатын басқа синонимдер де қолданылып келді. Мысалы: Өлгеніңше өзінді тәрбиелеп бағайын (Қамбар батыр, 339). Тәрбие, әдет-ғұрып (Ш. Уәлиханов), дәстүр (Ы. Алтынсарин), хикмет, ғибадат, иман, ғылым сөздерін (А. Құнанбаев) пайдаланған.

Мәдениет осы мағынасында Еуропаның әлеуметтік ойшылдарының сөз қолдану айналымына XVIII ғасырда енді, дегенмен «мәдениет» деген ұғым туралы түсініктері ертерек қалыптасты. Ағартушылардың көзқарасы бойынша «мәдениет» «ақыл - ой» дегенді білдірді. Джамбаттист Вико (1689 - 1744), Иоганн Готфрид Гердер (1744 - 1803), Шарль Луи Монтескье (1689 - 1755), Жан Жак Руссо (1712 - 1778) «мәдениет» қоғамдық орындардағы тәртіпте және саяси мекемелерде «ақыл – ой» ретінде айқындалады деп есептеді. Ол, ғылым мен өнер жетістігімен өлшенеді дейді. Мәдениеттің мақсаты мен жоғарғы ақыл – ой бір – бірімен сай келеді: ол - адамдарды бақытты ету. Бұл мәдениеттің концепциясы болды – эвдемоникалық¹ деген атпен аталды. XIX ғасырдың екінші жартысында «мәдениет» деген ұғым ғылыми терминге айналды. Ол қоғамның жоғарғы дамуы деген қағидадан арылады. Енді «мәдениет» - «өркениет» және «қоғамдық – экономикалық формация», «жаһандану» деген ұғымдармен түйіседі. Сөйтіп, «мәдениет» пен «өркениет» ұғымы қатар қолданылып келді. «Қоғамдық – экономикалық формацияны» ғылыми айналымға енгізген Карл Маркс (1818 - 1883). Ол тарихты материалистік тұрғыдан түсіну негізін қалады. Көптеген жылдар бойы «мәдениет» пен «өркениет» арасы бірлікте қаралып жүрді. Тек қана алғаш рет неміс философы Иммануил Кант (1724 - 1804) шекарасын салды. Басқа неміс философы Освальд Шпенглер (1880 - 1936) бұл екі ұғымды тіпті бір – біріне карама – қарсы қойды. XX ғасырда «мәдениет» туралы ғылыми таңданыс мүлдем жойылады. Романтикалық бейне «мәдениетке» өте сирек шығармашылық нәр қосады. Рухани түсінік жөніндегі маңызын арттыра түседі. Оны күнделікті тұрмыс нормаларынан аршып алады. Француз философы Жан Поль Сартр (1905 - 1980): «Мәдениет ешкімді, ешнәрсені күткармайды және ақтамайды. Ол - адам қолымен жасалады, одан ол өзінің бейнесін іздейді, өзін таниды, тек қана осындай қиын айнадан ғана ол өзінің

¹ Эвдемонизм – этникалық бағыт, бақытты сезіну, ләззатқа бату (грек. eudaimonia) адам өміріндегі ең жоғарғы мақсат.

бетін көре алатын мүмкіндікке ие бола алады» - деген [2, 12]. Сонымен «мәдениет» туралы нақты анықтама жоқтың қасы. Бұл «мәдениеттің» көп мағыналығын білдірсе керек. Зерттеушілердің бағасы бойынша «мәдениеттің» мыңға жуық анықтамасы бар екен. Қазіргі заманғы мәдениетте: технология, шығармашылық, құнды концепциялық мәдениет таралған. Технологиялық көзқарас бойынша келсек, мәдениет қоғамдық өмірдің өндіріс саласын және қайта өндірудің белгілі бір деңгейін анықтайды. Шығармашылық концепция мәдениетті адам тіршілігінің нәтижесі мен өмір сүру тәсілі ретінде жалпы қоғамдық қозғалыстың көрсеткіші. Құнды (аксиологиялық) концепция мәдениеті өмір сүру моделінің кіршіксіз маңызын ерекше атайды – қоғамдағы орнын анықтайды, ал мәдениет ондағы толықтырушы, дем беруші ретінде соны іске, шынға асырушы болып табылады. «Мәдениет» ұғымы туралы философиялық сөздікте былай деп анықтама берген: исторически определенный уровень развития общества, творческих сил и способностей человека, а также в создаваемых ими материальных и духовных ценностях [3, 292-293]. Сондықтан да мәдениет әлемі, кез келген затты немесе құбылысты – табиғаттың сыртқы күшінің әсері емес, адамдардың өздерінің әрекетінің нәтижесі деп біледі, табиғаттың бергенін тек қана жетілдіруге бағыттайды, жаңғыртады.

Қазақтың ұлттық мәдениеті туралы бірінші рет А. Байтұрсынов «Түркітанушылардың Бірінші съезінде» (Баку, 1926) жылы стенографиялық есебінде жан – жақты ашып көрсетті. Ол: «Көптеген заттар олардың (Еуропа мәдениеті – А.Қ.) жоғарғы мәдениетті тұрмысы, заттық мәдениеті сияқты рухани мәдениеті де біздің халыққа әлі жетпейді» - дейді [4, 424]. М. Әуезов: «Ол күнде мәдениет жоқ, оның үстіне іслам діні ескіліктің барлық белгісімен қатты алысты» - деп жазды (1927) [5, 19]. М. Әуезов ұлттық мәдениеттің орнына «баяғы бағзы заман ескіліктері» тіркесін, М. Жұмабаев: «тәрбие», «ізгі құлық», «әдет» баламасын қолданады. «Мәдениет» сөзі «культура» - латын тілінде «жерді өңдеу», «табыну» деген ұғымды берген. Көшпелі түркі мәдениетінің айғағындай болған заттық, рухани мәдениеттің нақты көріністері жер жырту, егін егу сияқты, мыс балқыту, бау – бақша мәдениетінің түрлері, халық күнтізбесі ауыз әдебиетінде, тарихи жырлар лексикасында жақсы сақталған [6, 7]. Мысалы: «Алпамыс», «Қобыланды: жырындағы: Құстың жүні мамық – ты, Арпа, бидай қабықты; Көлденен жатқан аңғарды Жерошақ құрлы көрмеді; Шала – пұла пісіріп, Мосыдан алып түсіріп; Дихан еккен егінді, Есен алса теген – ді; Бір ағаштың басында Көгертпедің екі алма; Бір таба піскен нанды алып, Балаға нанды бермекке; Жем қояды шөбімен, Ешбірін Шұбар жемеді; базары пышақ балдақы. Нәсілін сенің қалмақы; Жаңы піскен шиедей, Көргенің іші күйеді; Кіші бесін болғанда; наурыздан соңғы жаздаймын; Алтын теңге аттырып, Теңгені атып түсірген; Әулиеге ат айтып, Қорасынға қой айтып; Жазған хатты көрсе деп, Тасқа

қалам басады; Ғайып ирен кырық шілтен Баланы қолдап демеді; Әліп таңба қыпшақтың, Атағы озған алаштан; «Көкпар» шауып күніге, Қыз ойнағын қып жатыр т.б. ҚКБС жыры Тверитин нұсқасында: Попросил он мать однажды Для него курмач* сготовить. Та, без слов исполнив просьбу, Позвала его покушать [7, 52]. Тал бойынан тарыдай мін таба алмай («Қыз Жібек» жыры) т.б. *Курмач – жареная пшеница, просо – деп анықтама берген.

ҚКБС жырын ең көне жырдың бірі деп есептесек, ондағы кездесетін «бидай» сөзі көшпенділерде мал шаруашылығымен қатар егін шаруашылығының да ерте заманнан дамығанын көрсетеді. «Қыз Жібек» жыры туралы да осыны айтуға болады. С.Е. Толыбеков: «Прогресс в земледелии был основан развития метриальной и духовной культуры всех народов. В этом смысле труд земледельца действительно был отцом богатства, а земля – его матерью» - дейді [8, 192]. «Мәдениет» мәселесі екі түрлі жағдайда қарастырылады: зайырлы және діни. Құдай ілімі ретінде «культура» бұдан былай «мәдениет» «культ» бұдан былай «ғибадат етуге» қарай: сенім, дәстүр, шын мәніндегі жоғарғы тұрмыс, өзгеше иеге тағзым етуге бірте – бірте шыққан. Қазіргі заманның белгілі діни ойшылы А. Мень жоғарғы Иеге сену бүгінгі сияқты көне заманда да кез келген мәдениеттің ішкі тұтастығының өзегі болып табылған дегенді айтады [9, 77]. Діндарлар осы қағиданы ұмытқан кісі мәдениетті адамбыз деуге мүлдем құқығы жоқ дейді. Сондықтан да болар «ғибадат» («культ») дыбыстық жағынан да мазмұны жағынан да «мәдениетпен» («культура») әбден сәйкес келетіні. «Культура» деген сөзді ең бірінші талдаған Н.К. Рерих (1874 - 1947). Ол екіге бөліп қарастырды: «культ» - табыну, бас ию, «ур» - зайырлы өмір, жарық дүние. Н.К. Рерихтің ұраны «Әлем мәдениет арқылы» болса, өз кезінде «Әлем жарық дүниені бағалау арқылы» болмақ керек демек, адам жан – дүниесіндегі жарық дүниеге сенуі арқылы келмек керек деген сияқты ұғынады. Тарих басқаша діни көзқарасы мүлдем болмаған бірде – бір қоғамды білмейді. Мәдениет – дәстүр құндылықтары сінген, адам түсінігі үшін заттық айғақ бар болса, сол жерден басталады. А. Меньнің сөзіне орайлас Толыбеков: «Казахи больше верили духу предков, чем богу. Эти два слова – арвах и кудай – они употребляли вместе как синонимы, причем на первом месте всегда стоял дух предков» - деп жазды [10, 195]. Алғаш рет әдебиетте «мәдениет» деген термин Римнің атақты философы, әрі шешені Цицеронның (б.д.д. 45 ж.) «Тускулан кеңесі» атты еңбегінде кездеседі. Қазақтың ұлттық төл мәдениеті көшпелі түркі мәдениетінің жалғасы болып табылады. Номадизм – көшпелі түркілердің шаруашылық қызметінің аса маңызды саласы. Номадизм - кеңістіктегі адамдар тобының көшіп – қонуы. Номадизм – шөп жейтін малды көбейту, су және маусымдық жайылым (қыстау, күзеу, жайлау) көшіп – қону. Бұл дегеніміз – заттық, рухани мәдениеттің қайнар көзі. Тері илеу, киім тігу, тағам түрлерін жасау, ат әбзелдерін жетілдіру т.б. Көне Қазақстан

аймағындағы көшпелі мал шаруашылығын б.д.д. 1 - ші мың жылдыққа жатқызамыз. Соның негізінде мал шаруашылығының үш типін анықтаймыз: көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшы. Көшпелілердің озық мәдениеті А. Медсөвтын «Гравюры на скалах» Алматы, Жалын, 1979 жылғы еңбегінде жан – жақты сипатталған. Онда ат (жылқы) көлік ретіндегі қызметі, өмір сүру динамикасындағы рөлі сипатталды [11, 20, 21]. Мал шаруашылығымен айналысқан түріктер әрдайым құдайлардың қоршауында болды. Сондықтан да олар малдың иесі бар деп түсінді. Мысалы: жылқы (Қамбар ата), түйе (Ойсыл ата), сиыр (Зеңгі баба), қой (Шопан ата) т.б. С.Е. Толыбеков: «Культ животных у кочевых народов, как одна из форм общественного сознания, надо полагать, не мог сразу исчезнуть даже после того, когда эти народы уже превратились в оседлых земледельцев или смешались с ними» - деген болатын [12, 197]. Түріктер үшін құдай: күн кейіннен Тәңір мен Ұмай болды. Көшпенділер үшін доңғалақты арба көшіп-қонып жүргенде үй - жай болса, жаудан қорғанатын қорғанның да рөлін атқарған. Қорғанның өз заңдылықтары болған. Ор (үй) қала есебінде жүрген. Түріктердің бұзылмас дала заңы құқық ережелерін сақтап отырған. Міне, осындай «ор» кейін «орда» да бір уақытта «тәрбие», «өнер», «ғибрат сенім» қатар жүрген. Сонымен жас түрікті полисте (қала) өмір сүру қағидасымен тәрбиелеген. Шыныққан түрікті, бала түріктен тәрбиелеп шығарған. Гректер мұны «пайдейя» терминімен (país - бала) деген. Демек, «пайдейя» тәрбие, оқу, үйрену, кең ұғымда білім алу, білімді, мәдениетті дегенді білдірген. Полистің толық қанды мүшесі «техне» «саяси техне» дегенде мәні ашыла түскен. Түрік - ат әбзелін жасауды, тері өңдеуді, мал шаруашылығына байланысты, кейіннен егін шаруашылығына қатысты «әліпбиді» өте жақсы меңгеруі шарт. Полис «әскери шынығу» азаматтық борышпен толығып отырған. Ол ұзақ жылғы тәжірибе жолы «схолье» арқылы келген. Грек ойшылы Геродот: массагеттер соғыстың екі әдісін біледі - садақ тартып та, найзамен де шайқасады; әдетте айбалтамен де қаруланған. Олардың заттары алтын мен мыстан жасалған бас киімдері, белдіктері және орамалдары алтынмен безендіріледі. Олар аттарға арналған өмілдіріктерді де мыстан жасайды, керісінше, жүгенді, ауыздықты және құйысқанды алтынмен әшекейлейді – деп жазды (Геродот. Тарих 9-том. Аударған Ф.Г. Мищенко М., 1888, 1-том, 113-114 беттер) [13, 8]. Есік көлі маңынан табылған «Алтын адам» Геродоттың алтынды ел дегенін тағы да әлем алдында дәлелдеп берді. «Сақ жауынгерінің үстіндегі киімінен табылған үлкенді – кішілі және әр түрлі пішіндегі 4 мың алтын әшекей бар ...» - дейді Кемел Ақышев өз сөзінде [14, 5]. Ертедегі көшпенділер туралы жазған Геродот (Массагеттар), Старабон (Сақтар мен Массагеттер), Аммиан Марцеллин (Гундар) ешқандай егін екпейді, ешқайсысы соқа ұстап көрмеген, тек қана жылқы ұстайды, балық аулайды деп жазады. Кейінгі археологиялық қазба байлықтардың деректеріне сүйенсек, ішінде дәні сақталған қыш құмыра

табылды. Бұл дегеніміз жартылай отырықшылдық ертедегі көшпенділерде болған. Бәрі бірдей көшіп жүрмеген. Бір бөлігі алтын мен мыс балқытқан, қару-жарақ соққан, ат әбзелдерін, тұрмысқа қажетті заттар жасаған. Ұсталар дүкен ұстаған онда егін шаруашылығына да байланысты заттарды жасап шығарған. «ін», «ұрық» дән егу мағынасындағы сөздер ерте кезде пайда болған. Осыған байланысты тағы да мына төмендегі мысалдарды келтіре кетсек артқы болмас: Екі күрек, екі үлкен кетпенменен, Және сегіз көшінмен мес бере көр (ҚКБС, 40). Ұсталар соққан кетпендей, Нұр тұқымын еккендей (ҚЖ, 70). Сол сияқты, заттық, рухани мәдениеттің көріністері боларлық: мылтық, қамшы, шапан, лашық, бұзау тіс қамшы, тоқсан саба, жөргек, қобы, қымыз, ақ орда, жыршы, мөр, сәлде, намаз, шолпы, найза, күмбез, сауың, ас, бәйге, көмбе, тақия, балта, етік, дүрбі, садақ, айыл, құйысқан, алтын тон, жүзік, шокпар, сойыл, бөрік, балға, егеу, жалау, қарқара, шідер, бешпет, теңге, қара болат, тасаттық, бөстек, әже, інген, табак, кілт, алтын сырға, білезік, көген, қанжыға, қылыш т.б. ұшырасады. Бұл сөздердің кейбірі көне дәуір белгілері болса, кейбірі бергін қосылған тіл қабаттары екендігі байқалады.

Г.Н. Тверитин аударған ҚКБС жырында: би, текемет, марал, домбыра, шайтан, сүйінші, ас, қазан, сорпа, саба, бауырсақ, қазы, құрт, бақсы, қобыз, бәйге, жаулық, ақын, қалам, алтын тарақ, қылыш, найза, асық, қуырмаш, барымта, арқан, бешпет, ши; жер – су аттары: Алатау, Аягөз, Шок – Терек, Қызыл – Қия т.б. этномәдениет лексикасы кездеседі [15, 117].

«Қыз Жібек» жырының [16, 1-49] 1887 жылғы Мұсабай нұсқасындағы заттық мәдениет лексикасы: оймақ, қарындас, қостан әйкел тағынған, күміс қоңырау, повозка, алтын сая, алтынды ер, шар болат, орда, аса жұрт, зергер, мырза, бәйбіше, уық бау, домбыра, жібек, шатыр, қосақ, көш, орамал, бөз, күйме, ақ балдақ қылыш, бөрі, қалың мал, сүт, қымыз, берен, бек, шашақты қара ту, қосшы, ақ сауыт, қорамсақ, қозыжаурын оқ, саржаның кірісі, ақ сырық мылтық, жорға, ақ найза, тал оқ, өткір пышақ, ақ сүңгі, нөкер, дулыға, нар, түйе, ат-тон, көк арба, жезде, балдыз, мәстек, зеңбірек, ақ мата, солдат, темір киім, шідер, көмір, темір, жетім құлын, қауын, арақ, бал, ұшба қағаз, шоқтығы, масақты оқ, қоян, үзбелі сапты жете, алқа, алтын түйме, бедеу, жеңге, күйеу, аттың майы, бикеш, сәукеле, белбеу, бет моншак, қоңыраулы найза, шарайна, қорамсақ, қозы жауырын оқ.

Рухани мәдениет лексикасы: жеті еңенді ұрайын, төрт түлік, барымта, салауат, сүйінші, әулие, бата, киесі, китке киіп жөнөді, хат, елші, хожа, алла, бояқ, қарабасым, тамыр, жұрт, патша, саумал, күзек, дұғай сәлем, иман, жырау, батыр, той бастау, айтыс, неке қияр хат, түл т.б.

Халық метрологиясы: сәске, екінші күн, бие саумал, бір шок қара, жүз теңге, таң сарғайып атқанда, нан піседі, уақыт, қос жорға, көш – жөнөкей, асқар төбе, таң атқанша, қос уыс, сәрсенбі күні сәскеде, ұзын өлке, уысы

толып, бір сайлау жер, бір шыбын жан, тастай маң қараңғы, азан, сексен аршын, жеті қабат жер асты, мойны қырық кез қара атан, алты құлаш, қоңыр дам жерлер толады, нан піседі деміне т.б.

1900 жылғы Жүсіпбек Шайхысламның [17, 49-122] нұсқасындағы заттық мәдениет лексикасы: тоқты, қант, шай, қатын, тұрманы, таға, алуа, бал, құнан қой, жая, жал, кірекеш, жортуылшы, хан, уәзір, дөнен, көбен, қысырақ, қамшы, құлан, көйлек, сары мая, мұрындығы сары жез, бұйда, жібек, сазан, ауыздық, нөкер, шашбау, қымқап зерлі кілем, арқан, дүрия бешпент, алтынды кемзал жидеше, сым, күміс, жорға, торқа, қом, жағдан, жабдық, сандық, кебіс, гауһар, жауһар, пәуеске күйме, қошқар, найза, бөрі, қылыш, тұлпар, өмілдірік, ұршық, шам, қоңырау, арба, тройке, кебіс, сырға, балта, нар, оймақ, кетпен, сым, тары, дамбал, жасауыл, шыны, кірәует, қоян, құнан қой, сары май, сүмбіле, мырза, жезде, апа, ақ берен, саулы інген, марқа, түйғын, қоржын, гауһар, лағыл алтын, күзен, қобыз, жарак, ат-тұрман, сауыт – жарак, алтын балдақ, ақ семсер, қынап, бадана көзді кіреуке, тоғыз қабат көк сауыт, алтын сауыт көбе, қозы жаурын жебе, қорамсақ, садақ, кіріс, мылтық, білте, қорғасын, сауыт, кебіні, кереге, көгі, арқан, фірәнкі, шұға, мақпал, жасыл ту, шатырасы, көйлек, түйме, алмас, семсер, сәукеле, тебінгі, құйысқан, көбе, жебе т.б.

Рухани мәдениет лексикасы: зекет, жайлау, оба, періште, мирас, сүйінші, тәнір, күм құйылсын көзіңе (қарғыстың түрі), тілі тимей ме?, әнбия, әулиелер, мінәжат, көл игесі Қамбар–ау, шөл игесі Қамбар–ау, Зылиха Жүсіп пайғамбар, пірі Биби Бәтима, хазірет Сұлтан, Баба түкті шашты Әзиз, баһар, көке, Ғайып иран қырық шілтен, бата аяқ, жеңгелік, айдай әлем, түс, жер бесік, асық ойнап, ахирет сапар, құрбандық, қызыр илияс, қырық шілтен, мінәжат, сәжде, көк түскен жер тақыр т.б.

Халық метрологиясы: қасықтап жиған мал, ділләсі, жамбысы, тоғыз, наурыз айы, айдық өткен нәшесі, сәске махал, шолпанның туған жұлдызы, бір көш, қырық нарға жүк арттырып, алтынды шыны кеседей екі көзінің шарасы, ерте мен кеш, бесінде, сом алтын, наурыз, жазғы түскен сағым, алты арыс, шаңқай талтүс, іңірде шайтан көшкендей, ділдә, қараша, көктем, қыс, жазғытұрым, жүз мың ділдә, сегіз пұт, үш айшылық жол, қырық бес күндік ортасы, шөл жазира, бесін махал, намаздігер, алпыс қадам, бисағат күн, құс қонбас құла жапан, жұлдызы шыға, он сегіз мың ғалам, ғарыш пен күрсі, қырық күн тойын, отыз күн ойын, құбыла, жіңішке әйел жолы, замана, он бес құлаш ақ семсер, айналды жұлдыздары енді оңға. т.б.

«Ер Төстік» ертегісіндегі: дәу қара қазанды суға сүңгіп алып шығатын Шалқұйрық ат, Төстік, Темір хан, садақ, тоғыз қабат кетпен, өрмек тоқу, темір таяқ, темір етік, мосы, бақыр, кереге басына ілінген көп сырға, Жылан Бапының ордасы, қайыс белбеу, сандық, егеу т.б.

Бұл мысалдар, қазақ тілі көшпелілік үрдістен қалған реликт; көшпенділер

шынайы мәдениетке жете алмаған, «мәдениет» деген қалаға ғана тиісті сондықтан ол отырықшылардың үрдісі деп жариялау, түркі халықтарының мәдени түбірі арийлік архетипте жатыр, олардың мәдени жетістіктері ирандық «баулудың» нәтижесі – деп, қарауға үлкен соққы бола алады [18, 170]. «Керкұла атты Кендебай» ертегісіндегі [19, 258]: Қазанқап, Кендебай, сауыт – сайман, аузына құлып салынған зындан, алтын кебіс, Дарияның үстінен құстай ұшқан Керкұла ат, пұл, алтын құйырық, қоржын, алмас қылыш т.б.

«Қобыланды батыр» жырындағы [20, 355]: Тайбурыл, дәрі, түтік, алмас, күміс; «Алпамыс батыр» жырындағы: Байшұбар ат, сенім иесі Ғайып ерен қырық шілтен, Қызырәлі жәбірәйіл, Бабай түкті Шашты Өзиз т.б.

Алынған мысалдар сонау алыс замандағы көшпенділер мәдениетінен сыр беретін негізгі айғақ боларлық кілтті сөздер болып табылады. Жылқыны кеңістікті жеңу мақсатында әсіресе, көшпелі халықтар шебер пайдалана білген. Мұны көшпенділерге көрші халықтардың миф – аңыздарынан да анық байқаймыз. Мысалы, ежелгі грек мифологиясындағы қанатты тұлпар Пегас бүкіл елді қан қақсатқан жауыз Химераны өлтіруге көмектеседі. Ал салт атты көшпенді скифтің метафорасы – кентавр Хирон өзінің досы атақты Прометейге көмек беру үшін мәңгілік өмірден бас тартады. Бұл сарын шумердің «Гильгамеш туралы» жырындағы Гильгамеш (Күлкөмеш болуы мүмкін – А.К.) көшпенді Энкидудың достығынан да аңғарамыз. Шалқұйрық, Керкұла, Тайбурыл, Байшұбар т.б. іс - әрекеттері жылқының (жыл құсынан) қысқарған, әуелі ұшқан, кейіннен қос мекенді болған, бара – бара жерді мекендеген алып самұрық құстардың қалдығы, тұқымы болуы мүмкін. Аузымен құс тістеген, құстай ұшып, құспен жарысып, қанатты пырақ т.б. тіркестер жай ғана айтыла салмаған сияқты. Геродот исседондардың шығысында аримаспилер, одан әріректе «алтын қорыған самұрықтар» - «грифтер» тұрады дейді (Геродот. История. IV, 16; «Вестник древней истории», 1947, №1, 298 б). Аримаспилердің көршісі «Алтын қорыған самұрық» және «қанатты иттер» тайпасы болған. Аристей және Геродот, кейіннен грек авторларының болжамында олардың елі алтынға бай болған, соны қорғау үшін жылқы кейіпінде бейнеленген аримаспилермен соғыс жүргізген. Неміс ғалымдары А. Гумбольдт және Л. Бек «самұрықтар» мекенін Алтай тауы деп жорамалдайды. Орыс саяхатшысы Н.А. Северцов «қанатты иттер» бейнесіндегі алып жыртқыш құс – құмай ол туралы шығыс деректерінде де айтылады дейді. Жазушы ғалым С.Марков құмай Азия алтынын қорыған ғажап та қатерлі грифтердің тірі бейнесі емес пе екен деп болжам жасап, оған осы күнге дейін Тянь – Шань қырғыздары арасында сақталған жұмыртқасынан күшіктер өрбитін самұрық – құмай туралы аңызды келтіреді (С. Марков. Земной круг. М. 1966, 22 б). Қазақтар арасында да италақаз туралы аңыз бар. Махмут Қашқари былай дейді: Барақ- жүндес ан

иті. Түркілердің түсінігінше, бүркіт қартайған шағында екі жұмыртқа туып, басады. Біреуінен барақ күшік шығап, аңгер болады. Екіншісінен балапан шығып, қыран болады. Бұл сол бүркіттің соңғы тұқымы болады деседі (1993: 183). Ә. Диваев, Қ. Халид, С. Мұқановтың еңбектерінде жақсы айтылған. М.М. Копыленко: «Среди этих эвфемизмов было и модифицированное наименование собаки ит – құс (‘собака - птица’ за которым скрывается неизвестная нам легенда)» /А.К. Ахметов, 1973, 7/ [21, 71] - деп жазды. Сөйтіп ат мінген Керқұла атты Кендебай жерден босап, ғарышқа самғағанын бірақ біледі. Жер – ана Кендебайды қанша жібергісі келмесе де, ол шексіз әлемге өзінің қадамын нық басады. Кендебайдың шексіз әлем алдындағы ала жіп тұсауы осылай кесіледі. Ер Төстік жер астындағы жылан Бапы ордасына «полис» еркін кіреді, жер үстіне еркін шығады «алып бәйтерек», «Шоқ терек» (ҚКБС) жырындағы үш әлемді «жоғарғы» аспан, «орта» кеңістік, «төменгі» жер асты өмірмен байланыстырады. Тірілер әлемі өткен кезбең, аруақтар аймағымен қатынасын үзбейді. Ер Төстік осы үш өмірді көреді, ой елегінен өткізеді. Белгілі ғалым А. Сейдімбеков: «Сөз жоқ, мұндай ертегілердің ең алдымен кен қазған өңірде дүниеге келуі күмән тудырмайды. Байтақ дала төсін мекен еткен ұрпақ көшпелі мал шаруашылығының ырғақты жүйесіне түскенге дейін отырықшы болып келгені Андрон, Бегазы – Дандыбай мәдениетінің айғақтарымен айқын дәлелін тауып отыр» - дейді [22, 58]. Кендебайдың (Кен + де + бай) өзі дүниеге келгенге дейін – ақ, зат материалдық дүниеге ие болған. Ер Төстік жер астына түскенге дейін – ақ шахтадан кен өндіріліп, алтын мен мыс балқытылып, құпия химиялық технологиясы көшпелі түрік мәдениетінің шырқау биік мәдениетін көрсететін ақиқатқа баяғыда айналған. Ә. Марғұлан: «Несколько позднее (IV тыс. до н.э.) на основе неолитической хозяйственной традиции постепенно зарождается новая металлическая культура, совершившая переворот в жизни древних неолитических племен Казахстана» - деп жазды [23, 31].

Бұл орайда, Кетпен, шот ап, ар қылдың жер қазуға, Жұмыс қылмай соқырдың күшіменен (Мәшһүр-Жүсіп, 126 б); Күрекпенен шоқ салса, Жақындамай сөнеді (Алпамыс, 207); Садақ тартып үйренеді, тартқан садағы тоғыз қабат кетпеннен өткізеді («Ер Төстік» ертегісі, 4 бет). Келтірілген мысалдағы қарамен жазылған лексика туралы Мұрад Аджи: Алысқа көз жүгіртсек мынаны байқаймыз қазіргі заман геологиясы және таулы істе көптеген ұғымдар мен терминдердің әлем жаңалығы болып түріктерден ауысқанын мақтанышпен айта аламыз: кайло, бутора, кирка т.б. дейді [24, 169]. А.З. Будагов сөздігінде: курекъ, лопата, лопатка (кость плечевая), кочегарка; китмэнь, ключъ замочный; въ числѣ осданыхъ орудій, встрѣчаются это слова въ значеніи: заступа или лопаты: щиты, заступы, топоры; кетмень, рыть заступомъ – деп түсініктеме берілген [25, 121, 173]. Кетпенді тек қана қазу жұмысына ғана қолданбаған, қалқан, қорған есебінде де пайдаланған. Кетпен – қорғанның кілті, қорғаныс қаруының түрі, бұл сөз

қорғаныс және күрек түрінде кездеседі, Вамб. ағылшын. кетпен «қазу», «қорғаныс» деген мағына береді дейді тағы бірде (Будагов, 173 бет.). Кетпен жауынгердің қару – жарағының бір түрі қалқан деген мағынада жұмсалған. Демек, Будаговтың анықтамасы өте дұрыс. Көркем әдебиеттегі этномәдени лексиканың мағыналары туралы Б. Хасанов: «Табиғаттағы пайдалы кендер мен бағалы минералдар және олардың әр түрлі өнімдері атауына байланысты метафоралардың ішінде ең көп қолданылатыны алтын және темір. Тұрмысқа қажетті құралдар мен жиһаздарға байланысты туған метафоралар да елеулі орын алады. Мысалы: балта, ұстара, қазан, қазық, шам, бесік т.б.» - дейді [26, 197]. Ал, бау – бақша мәдениеті жөнінде: Р.Г. Ахметьянов: «Ряд земледельческих терминов русского происхождения в татарский язык были заимствованы в период западно – кыпчакского единства, например, арыш `рожь`, салам `солома`, сала `село`, которые имеют параллели в Godex Cumanicus и в языке армяно – кыпчакских памятников. О древности земледельческой традиции татар свидетельствует, на наш взгляд, и то, что имена существительные урак `серп`, сабан `сабан`, сука `соха` употребляются также в значениях соответственно `жатва` и `вспашка`. Почти все названия овощей в татарском языке (карбыз `арбуз`, кыяр `огурец`, кишер `морковь`, чөгендер `свекла`, торма `редька` и т.п.) – древнего среднеазиатского происхождения» - дейді. Бұл дегеніміз, көне түркілерде бақша мәдениеті ерте заманнан бері дамып, ал славянь халықтары бау – бақшамен кейіннен айналыса бастағанын көрсетеді. Мысалы: Даңғыл, дабыл қақтырды, Кішміш, мейіз жегізіп Шұбар атты бактырды (Алпамыс, 234) Өзім қаштым дермісің? Мейіз берсем жермісің (Қобыланды, 82), Бір ағаштың басында Көгертпедін екі алма (Алпамыс, 211); М. Қашқари армұрт: алмұрт – деп жазған [27, 125]. С.Е. Малов: «Например, где же уйгурам на их солончаках знать и помнить название яблока – алма? И вот, у степных уйгуров, живущих близко к г. Сучжоу, вместо тюркского слова «алма» употребляется китайское «сагоза», но у горных уйгуров, проживающих дальше от крупного центра – города Сучжоу, сохраняется это слова «алма». У степных уйгуров, правда, сохраняется слово «алма», но с прибавлением «су» (вода) – «су» алма» - со значением уже «груша». Уйгуры, проживающие близко к Сучжоу, забыли название винограда, оно у них китайское «путо» (кит. путао), а у горных уйгуров виноград по тюркский – «узум» - дейді (Язык желтых уйгуров, 6 бет). Осы мысалдарда келтірілген кейбір лексика туралы заттық мәдениетке байланысты жазылған зерттеу еңбекте толық айтылады. Сондықтан да зерттеу жұмысқа қатысты ішінара бірен-саран ғана деректерді келтірдік. Ж.А. Манкеева: «Қазақ тілі лексикасының ең бір сүбелі қабаты – этнолексика. Оның бойында өткен өмір тарихын бейнелейтін әр түрлі саладағы сөз қазынасымен қатар халқымыздың өткендегі рухани да материалдық мәдениетінің көрінісі іспетті заттық мәдениет лексикасы да

сақталған» - дейді [28, 27].

Біздің тарихи мәдениетіміздің түп-тамыры алғашқы-қауымдық құрылыстан басталады. Алғашқы қауым – адамның балалық шағы. Адамзаттың тарихының көп бөлігі алғашқы қауымдастыққа келеді. Американдық этнограф Л.Г. Морган (1818 - 1881) адамдардың пайда болуын («Көне қоғам», 1877) алғашқы қауымдастықты «тағылық» дейді. У.К. Ясперса схемасында әлем тарихында алғашқы қауымдық дәуір «тарихқа дейін», «прометтік дәуір» - деп атаған. Біз 200000 жыл бұрын тұрған адамдардың жан - дүниесі туралы ештеңе білмейміз. Дегенмен, тарихи даму өмір сүру барысында адамзат биологиялық және психофизикалық жағынан өзгеріске түскен жоқ. Содан бері бар-жоғы 100 ұрпақ өтті. Біздің ата – бабамыз біз бара алмас дәуірде тобымен оттың маңында өмір сүрген сияқты. От және қару адамның адамға айналуының негізгі факторы болып табылады. Алла жаратқан жерде Адам ата мен Хауа ана пайда болды дейді аңыз. Алла адамды, жан – жануарды, аңдарды, егінді бір мезгілде жаратқан дейді тағы да. Адам көзі ашылғаннан бергі маймылдың өзгеріп адам болғанын көрген жоқ. Олай болса, адам маймылдан пайда болған деген жорамал теріске шығады. Ең алғашқы еңбек құралы 2,5 млн жыл бұрын пайда болған екен. Адамдар жасаған еңбек құралының материалынан археологтар алғашқы қауымдық әлемді: тас, мыс, қола және темір заманына бөлді. Көне заман тас дәуірі: (палеолит) (грек тілінде *palaios* – көне және *litos* - тас), мезолит (орта тас дәуірі) және неолит (жаңа тас дәуірі) - деп үшке бөлінеді. Тас дәуірінің хронологиялық шекарасы шамамен 2 миллионнан – 6 мың жыл бұрын қамтиды. Палеолит үш кезеңге бөлінеді: төменгі (ертелі), орта және жоғарғы (кеш дамыған кезең). Тас дәуірді 4 – 3 б.з.д. мыңға созылған (неолит) қола ауыстырды. Артынан (4 - б.з.д 1 мың жылдық жез (мыс) дәуірі созылды. Академик Ә.Марғұлан атап көрсеткендей: «жез» деген сөз (кейбір түркі тілдерінде – *jaz, jdz*) санскрит, грек, латын, гот сияқты ерте дүние тілдерінде пайдаланылған (Археологические исследования в Казахстане, 1973. - С . 4-5). Мұның өзі бұл жерлерге «жез» сөз ретінде «экспортталуы» мүмкін емес, Орталық Қазақстаннан металл ретінде жеткізіліп, өз атын сақтап қалғанға ұқсайды (кейінгі кезеңде ғана «купрус» - деп атаған) [29, 14]. Бұны темір дәуірі алмастырды. Палеолиттің аяқ кезіне қарай адамның қазіргі пішін – келбеті қалыптасты [30, 14]. Во – первых, на рубеже среднего и верхнего палеолита заканчивается эволюция ископаемых гоминит и появляется «настоящий» человек – *Homo Sapiens* [31, 142]. Қазақстан аймағындағы ең ертедегі адам баласының құралдары Сарысу өзенінің бойында неополитикалық Бөрібас I, II тұрақ табылды. Үңгір тұрағы Теректі әулие жартасқа, қабырғасына салынған суреттерімен және тағы аттардың, бизон мен барыстың суреттерімен таң қалдырды – деп жазды Ә.Х. Марғұлан [32, 20]. Сол сияқты Жезқазғаннан темір дәуіріне дейінгі мәдениетке жататын көне адамның қаңқасы табытымен

табылды. Ұлытауда қола дәуіріне жататын көптеген ескерткіштер атап айтқанда: Жанайдар, Тоғызбайкөл, Айбас - Дарасы, Едіге (Қорғантас), сол сияқты қола дәуіріндегі құрылыстар Ұлытау, Жанғабыл (Смырқон) Орталық Қазақстанның батыс шекарасынан айғақ боларлық көптеген заттар қазып алынды [32, 20]. Жаманөзенге таяу Ортау жақта шығыс және солтүстік шығыс тау бөктерінде ерте дәуірдің үш кезені ерте, орта, кеш кезені (қола) ескерткіштері жақсы сақталғаны анықталды. Ортаудың терен үңгірлерінде қола дәуір ескерткіші сақталса, маңындағы орда - қорғандарды қосатын тас жолдар салынып, гранит тас төселгені анықталды. Демек, бұл материалдар көне Қазақстанда мәдениеттің ерте басталғанын көрсетеді. Отырықшы елде ұсталық дүкендер жұмыс істеген. Олар қару-жарақ соққан, ат әбзелдерін жасаған. Көшпенділердің арбасын жөндеген. Көшпелі мәдениет таспен тері өңдеуді ойлап тапқан. Кейіннен қола, мыспен өңдеген.

Неолит дәуірінде шаруашылықтың екі түрі: мал өсіру мен егін салу мәдениеті қоса дамыды. Қола, мыс өндірушілермен «полистармен» мал шаруашылығымен айналысатындар сауда жасасып, мал, аң терісімен айырбас жасасып тұрған. Көл, өзен жағасындағылар балық шаруашылығымен айналысты. (Адамзаттың палеолит заманынан 15 – 10 мың жыл бұрын ең бірінші қолға үйреткен аны ит болды. Иттің шыққан тегі де қасқыр болған. Ит адамның ең сенімді досына айналды. Тұз тағысы, дала баласы түріктердің қолына тез үйренді. Қасқырдың айға қарап ұлуынан «ұл» «ұлы» сөздерінің шығуы мүмкін. Одан «ұлыс» сөзі туындауы мүмкін. Бұл туралы Кляшторный budarag ulus budun тіркесіндегі ulus «халық», «ел» дегенмен мағынасы жағынан ешқандай қатысы жоқ дейді [33, 129]. Е.Н. Жанпейісов «көне түркі ulus сөзі орыс тіліне XI ғасырда «волость» болып кірген. ULUS (ulus) > волость > болыс» - деп дыбыстық жағынан жаңғырған нұсқасын көрсетеді [34, 30]. Ұлыманың күшіктерін түріктер «ұлы» деген. Тотемдік түсініктер халық жадында архетиптік қызмет атқарған. Басқа бір рәміздер мен таңбаларға айналған. Мысалы, барыс (ібіліс) кейіннен көк бөріге алмасқан. Ата – тек тотем Көкбөрі жаугершілік пен еркіндіктің, батырлық пен қайсарлыққа шақырған символ болған. Бөрілердің өз ара қырқысып, жеміне таласы көшіріліп ұлттық ойын түрі «Көкпарға» түскен. Күн түрік дүниесі үшін құдай болды. Күн ұясына кіргенде оның орнын ай басты. Күннің жылылығын, нұрын түн мезгілінде ай атқарды. Айға байланысты: «Толық ай» сияқты адамның бет әлпеті толық болса, дөңгелек ай секілді жамалы, нұры - деген эпитеттерге ие болды. Әр айдың 14 түнін қырғыздар бедер «әдемі әлпет» - деп жазды (Будагов, 247 б.). Түн (қараңғылықтың) белгісі, зұлымдық тек қана түнде істеледі. Оған қарама – қарсы тұра алатын ізгілік иесі «ай». Бөрі екеш бөрі ай сәулесімен өзінің барар барысын, жемін андиды. Тұз тағысы бөрілер ұлу арқылы бір – бірімен хабарласады. Ұзақты күн дала кезген түрік бұл құбылыстарды жадына сақтап, өздері тотем санаған бөріні

айға табынған деп есептеп, өздерінің сенімдерін одан әрі күшейте түсті. Ай түрік үшін барар бағытын адаспай таба алатын, ауа райын болжай алатын қасиетті иеге айналды. Өлген адамның жаны ұшып, мәңгілікке кетеді деп ұқты. Ай символикасы мәдени гомогендік дәстүрмен тығыз байланысты. Мұсылмандық әлемде ай діни таңбаға айналды. Өлген адамның басына ай таңбасын қойды. Жер астындағы өмір жер үстіндегі өмір арқылы көктегі (аспан, күн, ай, жұлдыздармен) тоғысып жатады деген ұғым болды. Аспан планетасына байланысты түріктің өзіндік таным сипаты көп болды және ол әр уақытта өмірлік тәжірибеден алынып отырды. (Жұлдызшылар, жауырынмен бал ашқандар, жорушылар) т.б. өмірден сабақ алғандар болды [35]. Оларды Л.З. Будагов: астрологъ, предсказатель – дейді (17 б.). Өзінен кейінгі ұрпақтарына материалдық мәдениеттің қайталанбас үлгілерін қалдырған мемлекеттер дәуірлеп өсіп, кезеңі жеткенде күйреп өшіп те жатты. Көшпенді мәдениет те соның кейпін кешті. Көшпелі мәдениет ғаламат әлемнің ішінде өз орнын таба білген. Шексіз кеңістікте адам өзімен өзі және табиғатпен жеке қалып, оңаша сұхбаттасу, сырласу үстінде болған. Ол өзінің бүкіл рухымен, табиғатпен шынайы жақын екендігін сезінген. Қазақ мәдениеті еуразиялық Ұлы дала көшпелілерінің мұрагері болып табылады. Әрбір ұлт мәдениеті бос кеңістікте емес, адамдардың қоршаған ортасында әрекет етеді. XV ғасырда Еуразия даласында тарихи аренаға «қазақ» деген атпен көшпенділердің ұрпағы келеді. Олар көрші елдермен этносаяси, эномәдени қарым – қатынас орнатады. Тарихта «қазақ» есімі арқылы аталған ел әлі де толық зерттеліп болған жоқ. Қазақтың заттық, рухани мәдениеті алыста антикалық тайпалар қойнауында жатыр. Қазақтар көшпелі тайпалардың ұзақ жылғы бірігу мен бөлінуі нәтижесінде тарих сахнасына шығып, кең байтақ жерге ие болып қалды. «Қазақ» көне түркілердің саяси және мәдени нәтижеге жеткен бірден – бір мұрагері болып табылады. Сондықтан да болар зерттеушілердің көбі көне еуразия көшпелілерінің тарихын зерттегенде қазақ мәдени әлемінен тірек іздейтіні белгілі. Расында да қазақ этнографиясы көшпенділер мәдениетін ашатындай құндылыққа өте бай. Қазақтың этномәдениеті ерте көшпенділердің - ұялмай көрсете алатын, айта алатын айнасы іспетті. «Қазақ» этнонимі туралы тұңғыш деректі «Қобыланды батыр» жырынан: Қызылбасқа жан тартқан, Қазақ десе оқ атқан; Қазақ көппін дегенде, Көппін деп айтар тілім жоқ ұшыратамыз [36, 64, 84]. Одан кейін Міржақып Дулаттан таба аламыз. Ол: «Қазақ қырғыздың ата тегі туралы» атты еңбегінде Әбілқасым Фирдауси (940 - 1020) «Шахнамада»: «қазақ хандығы» деген ел көк теңіздің (Арал теңізінің) солтүстігін мекен етіп тұрған күшті және көп санды ел» - деп көрсеткен. Бұдан кейін «қазақ» 1245 жылы құрастырылған көне қыпшақ шығармасы (түркі – араб сөздігінде) кездеседі. М. Қозыбаев: «Қазақ» атауының даңқы қыпшақ одағы әлсіреген, қыпшақтан қазақ, ноғай, өзбек, башқұрт т.б. болып бөліне бастағанда ғана әйгілі болды» - деп жазды

[37, 2]. Академик Н.А. Баскаков «қазақ» атауының орыс тілінде тұңғыш рет 1395 жылы жазылғанын көрсетеді. Көне қазақ мәдениеті жез материалының негізінде қалыптасып, неолит заманынан бастау алған идеясы жаңа сапаға ие болды. С. Ақатай: «В век компьютера нам трудно понять, что каждое изобретение, простое на вид, давалось древним нелегко, за каждым из них стоят не только огромные умственные и физические усилия человека, но лежит опыт тысячелетий» - дейді [38, 10-11]. Сонымен мәдениетті тану үшін адамның әрекетін білу қажет. Қазақтардың мәдениеті тұрмыс - салты мен әдет – ғұрпы арқылы ғана танылады. Ал, оларды жоғарыда айтылған жайттар анықтайды. Мәдениет адамнан тыс өмір сүрмейді. Адам тұрмысының маңызын түсінген сайын, мәдениет сол заттың мәнін, қажетін оның дамуын тездетте түседі. Адам әлеуметтік болып жаратылмайды, шаруашылық қызметінің үрдісінде сондай болады. Білім беру мен тәрбие беру адамзат баласының мандайына жазылған еншісі, мәдениеттің жоғарғы формасы ол ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады. Мәдениет адамды, әрине, қоғамға бейімделуге, ымыраға келуге үйретеді. Қазақтар өзінің бастапқы мәдениеті қандай болса, сол мәдениеттен бастау алады да, өзінің замандастарынан тәжірибе жинай түседі. Және де сол қоғамның мүшесі ретінде сол мезетте оған өзінің қол таңбасын қалдырады, байытады. Мәдениетті болу үшін адам жеке басына байланысты формада болуы мүмкін: мектепке дейінгі оқу орындарында, жоғарғы оқу орындарында, кәсіпорындарда, саяхатта, отбасында, өзімен - өзі дайындалуында т.б. Мәдениетке ерекше рөл ойнайтын – радиоқабылдағыш, теледидар, баспасөз, компьютер т.б. бұқаралық ақпарат құралдары. Әлеуметтендіру үрдісін үздіксіз мәдениет пен адамның жеке басының бірлігінде қарастырған жөн. Бұл адамның жеке басының: мінез – құлқы, психикасы, темпераменті, оның менталитеті, ұлттық тәрбиесімен тығыз байланысты. Жеке бастың өзіне өзі есеп беруі жөнінде орыс философы Н.А. Бердиев (1874 - 1948) қызық тәжірибе жасады: ол - әлеуметтік үрдіспен және соның ізін ала бере мәдениет, өз ара күрделі антиномикалық (қарама - қарсылық) системасын құрайды дейді. Оның қарама – қарсылығы қарама – қарсылықта анықталады: 1) әлеуметтік пен жеке бастың тұлғасында; 2) мәдениетті нормалау және де сол бостандық, адамға (норма мен бостандық – екі полюс, мәдениеттегі екі күресетін бастаушы); 3) дәстүрлі мәдениет арасымен және оның жан – дүниесінде өтетін жаңғыру. Осы және тағы басқа қарама – қайшылықтар мәдениеттің барлығына мінездеме беріп қана қоймай оның дамуының көзі де болып табылады. Мәдениеттің негізгі көзін қарастыру арқылы оның ішкі құрылымының қандай екендігіне көз жеткіземіз. Мәдениеттің негізгі әлеуметтік құбылыс және әдеттегі негізгі құбылыс ретінде: статикалық мәдениет және динамикалық мәдениет деп екіге бөлеміз. Біріншісі, мәдениетті тыныштықта, өзгермейтінін және қайталайтынын мінездесе, екіншісі – мәдениетті үрдіс ретінде қозғалыс және өзгеріс үстінде

көреді. Мәдениет базис элементінің екі түрі: заттық және рухани болады.

Р.Г. Ахметьянов: «К этнокультурной лексике относятся, во - первых, названия природных явлений, характерных для той области, где живут носители данного (определенного) языка, во - вторых, лексика материальной культуры и, в-третьих, лексика духовной культуры, куда включаются: 1) термины родственных и семейных отношений, 3) слова относящиеся к духовной жизни людей (музыка, искусство, развлечения), образованию и воспитанию, 4) слова, характеризующие людей в системе общественных связей и ценностей, 5) слова, относящиеся к мифологии, фольклору и обрядам» - дейді [39, 3]. Заттық элементтің өзіндік құнын заттық мәдениет құрса, заттық еместі – рухани мәдениет құрады. Бірақ, олардың бөлінуі шартты түрде ғана болады. Көбіне шындық өмірде олар өте тығыз байланыста болады және өзара араласып тұрады. Заттық мәдениеттің маңызды ерекшелігі – оның өміршеңдігі емес, қоғамдағы заттық өмірі де емес, өндірілетін затта да емес, заттың қызметінде де емес. Заттық мәдениеттің бұл - қызметті адамның дамуына әсер ету көз қарасымен сипатталады. Адам баласының қандай мөлшерде талабы ашылып, мүмкіндік тауатынын, шығармашылық мүмкіндігін, тума талантын айқындайды. Р. Г. Ахметьянов: «Термины материальной культуры, как известно, отражают важнейшую сторону человеческой деятельности – производство материальных благ (пищи, одежды и жилища). Поэтому их разбор представляет первостепенную важность для изучения истории народа» - дейді [40, 170]. Заттық мәдениетке кіретін: еңбек мәдениеті, заттық өндіріс, тұрмыс мәдениеті, топос мәдениеті - өмір сүріп отырған жері (үй – жайы, қыстағы, аулы, қаласы), өзінің дене - мүшесіне деген мәдениетті құрмет, дене - шынықтыру мәдениеті. Заттық емес мәдениеттің құндылықтар элементін рухани статикалық мәдениет жағы құрайды: норма, ереже, тәртібінің нормасы мен үлгісі, заңы, рухани құндылықтар, түрлі әдет шаралары, дәстүрлер, символдар, мифтер, білім, идея, әдет – ғұрып, тілі, салт – дәстүрі т.б. Кез келген заттық емес мәдени нысандар заттық мәдениеттің араласқанын қалайды. Мысалы, білім алу үшін мұндай аралық делдал кітап болып табылады. Адамның шығармашылық еңбегімен, қолымен жасалған заттық және рухани шындық, «артефакті» - деп аталады (табиғи жасалған) [41, 50]. Сонымен артефакті – заттық немесе рухани бағалылығымен құнды. Ол – табиғи емес, табиғат жасамаған, бұл үшін сапалы заттық материалдың нысанын, энергиясын, табиғаттың шикізатын қолданып, табиғаттың заңымен келісе отырып қимылдайды. Жіті байқаған кісіге адамның өзі артефакті класына жатады екен. Бір жағынан табиғат эволюциясының жемісі, табиғи өткен жолы бар, заттық тіршілік сияқты өмір сүреді, тіршілік етеді, ол – рухани және әлеуметтік тұрғыда өмір сүреді, жаратушы сияқты өмір сүреді қимылдайды, рухани байлықтың тұтынушысы және тасушысы болып табылады, сол сияқты табиғат «өзінен

- өзі» жасауға қабілеті жоқ екендігі байқалады. Сонымен адам табиғаттың баласы ғана емес мәдениеттің де құлы, қаншама биологиялық тіршілік болса, соншама әлеуметтік, ал оның табиғаты қаншама заттық болса, соншама рухани болады. Адам өзі табиғаты жағынан сапалы табиғаттың өзінiкi болып табылады, заттық бәрінен бұрын биологиялық – физиологиялық болса, сол сияқты рухани, заттық емес, неғұрлым жетілген мәдениетімен және интеллектуалды еңбегімен, көркемдігімен, ғылымилығымен немесе техникалық шығармашылығымен белгілі болады. Бұнымен бірге адам өзінің табиғаты жағынан рухани – заттық тіршілік иесі, ол заттық мәдениеттен нәр алатын сияқты рухани мәдениеттің де артефактісі. Материалдық қажетін өтеу үшін ол – тамақты, киімді, үй – жайды, техниканы, материалды, ғимаратты, кешенді, құрылысты, жолды т.б. тұтынады және жасайды. Өзінің рухани талғамын өтеу үшін ол – көркемдік құндылықтарды, адамиеттік, эстетикалық талғамды, саяси, идеялогиялық және діни мұраттарды, ғылым мен өнерді жасайды. Сондықтан да адам шығармашылығы барлық каналдармен заттық сияқты рухани мәдениет те жан – жаққа тарайды. Мінеки, біз адамды межелі, жүйелі қалыптастырушы фактор ретінде, мәдениетті дамытушы ретінде қарастырамыз. Адам мәдениетті жасайды, қайтадан жасайды және де өзінің дамуы үшін пайдаланады. Табиғи әлемнің, «мәдениет әлемі» - деп аталатын «екінші табиғат», «табиғи жасалған» адам өмір сүретін, архитекторы да, құрылысшысы да адамның өзі. Бұл - адам аяғы баспаған планетадағы шындық. Бұл - адам өмір сүріп отырған уақытқа дейін созыла беретін ащы шындық. Адамның объективті бағалы шындығы оның шығармашылығының тұтастығымен байланысты. Оның бағалылығы жүйелі мәдениеті типтенеді де негізгі үш бағытта жүреді: генезистік, құрылымдық, функционалдық. Генезистік және даму мәдениеті тұтас үрдіс ретінде өзінің бойында өткен құндылықтарды сақтап, қабылдап, трансформациялайды және құндылықтарды байыта отырып материалдың негізі ретінде мәдениетті болашаққа жеткізеді. Құрылымдық тұтастық мәдениеттің құны иерархиялық бейнемен жымдасып келсе, екінші жағынан теңдік дәрежені сақтайды оның бірі – орталық және фундаментальді орынды алады, басқасы – екінші қатарда және қосалқы жағдайда болады, оның бірі - жалпы тотальді маңызы болса, басқасы – локальді және нақты болады. «Материальная культура, в другом смысле слова, - это человеческое «Я», пероодетое в вещь; это духовность человека, воплощенная в форму вещи; это человеческая душа, осуществленная в вещах; это материализовавшийся и опредметившийся дух человека» [42, 52]. Материалды мәдениет өзіне әр түрлі типтегі артефактіні қабылдайды, оның табиғи нысаны трансформаланғаны соншалықты нысан затқа айналып кетті, демек, зат, оның қасиеті және берілген мінездемесі адамның шығармашылық қабілетімен өңделген, сондықтан ол - өте нақты, толықтай «homo sapiens» ретінде адам қажетін қанағаттанарлықтай болуы керек. Академик

М.С. Каган бұл арада адамның «хомо сапиенстан» (қабілетті адам), «хомо фабер» (жетілдіруші) және т.б. – ал «хомо агенс» (әрекет етуші адам) деп алмастыруды ұсынды [43, 89]. «Руханилық пен ізгілік, әдемілік пен жақсылық тербелісі адамды нәзік тормен қоршаған; қоғамдық өмірде тек зат пен тауар ауысуы ғана емес, ең алдымен идеялар, мамандық, шеберлік тәжірибелерімен, сезімдік үлгілерімен де ауысу толастамақ емес. Мәдениет игіліктерін жас нәресте анасының ақ сүтін еміп, оның әлди жырымен сезім дариясына шомылып қана адамдық қасиеттерді бойына сіңіре бастайды» - деген сөздің жаны бар [44, 35]. Рухани мәдениет – кейбір мәдениеттанушылар мәдениеттің әр түрін атап, оларды тек қана заттық және рухани мәдениетке жатқызуға болмайтыны да болады дейді. «Разнообразна и богата духовная культура народа, составной частью которой являются многообразные формы народного поэтического творчества – фольклор, включающий в себя сказки, предания, легенды, песни, поговорки, загадки. Особое место занимают в поэтическом творчестве казахов героический и социально – бытовой эпос, айтысы. Эпический жанр, выступающий способом изустной передачи межпоколенной информации, возник в древности, в течение столетий обогащался, развивался и в основном отобразил условия кочевого быта, патриархально – родового уклада предков» - дейді [45, 101].

Ата – бабамыз қалыптастырған заттық және рухани мәдениеттің бір бөлігі уақыттың тезіне шыдап, келесі ұрпаққа өте бағалы және асыл мұра ретінде қалды. Бұндай мәдениет – «мәдени мұра» - деп аталады. «Мұрагерлік» – ұлтты біріктіретін өте маңызды фактор. Ол – елді қиын жағдайда ұйымдастырады. Ахметьянов: чуваштар мен татарлардың эпосы мен мұралары өзара байланысы жоқ және тілдік материалдарды аз береді екен. Себебі, чуваштар да, сол сияқты татарлар да өзінің ұлттық эпосын иеленбегенін өкінішпен еске алады. Бұл дегеніміз, түріктердің эпикалық поэмалары рулық – тайпалық бөлініспен байланысты болған. Ал, тайпалық одақ татарлар мен чуваштарда өзінің құнын XIV – XV ғасырларда – ақ жойған екен. Рулық- тайпалық құрылымның бұзылуымен бірге о дүниеге рулық дәстүр болып саналған ата – бабаның ерлігін жырлайтындарда кетіпті. Қыпшақ эпосы тек қана көрші татарларда – ноғайларда, башқұрт пен қазақтарда ғана сақталыпты. Сібір татарларында «Едіге» жыры сақталса, жалпы түркілік эпос «Алпамыс» татар мен чуваштарда қысқа ғана қарасөз үлгі сымағы ғана табылады екен [46, 184-185]. «Мәдени мұрадан» басқа, мәдени статикаға «мәдени ареал» ұғымы да кіреді. «Мәдени ареал» – әр түрлі мәдениеттің ішінен ең маңызды сипаттары бір – біріне ұқсас болып табылып жататын географиялық аймақ. Әлемдік масштабта мәдени мұрагерлік «мәдени әмбебапты» – шығарады. «Мәдени әмбебап» – нормы, құндылық, ереже, дәстүр, қасиет бұлар географиялық орынға, тарихи уақытқа және қоғамның әлеуметтік құрылымына тәуелді емес. Американдық антропологтар

жетпістен астам әмбебапты бөліп қарайды олардың арасында: жас ерекшелік градациясы, календарь, тазалықты сақтау, тамақ пісіру, еңбек кооперациясы, би, декоративті өнер, білім, этика, этикет, семья, той, заң, медицина, музыка, мифология, күн (число), күштеу санкциясы, жеке аттар, діни дәстүрлер және т.б. түрлері бар. «Мәдениет» бұл - атап өткендей аса күрделі, көп деңгейлі жүйе. «Мәдениетті» тасушысына байланысты бөлу дәстүрге айналған. Осы тәуелділікке байланысты «әлемдік» және «ұлттық мәдениет» болып бөлінеді. «Әлемдік мәдениет» – бұл біздің планетаны мекендеген барлық әр түрлі халықтардың ұлттық мәдениетінің ең жақсы жетістіктері. «Ұлттық мәдениет» өз кезегінде әр түрлі мәдени кластың синтезі ретінде, қоғамдағы белгілі бір әлеуметтік қабаттың және топтың мүддесінен шығады. Ұлттық мәдениеттің әр түрлілігі оның қайталанбауы және жасампаздығы руханилығынан (тіл, әдебиеті, музыкасы, майлы бояу, діни), сол сияқты заттық мәдениетінен (экономикалық ерекшелік жағдайы, шаруашылықпен айналысу, еңбек дәстүрі және өндіріс) шығармашылық пен тіршілік сферасында т.б. көрінеді. Қоғамның көптеген мүшелері мәдениетінің құндылығын, сенімді, салт – дәстүрді басшылыққа алады. Сондықтан ол – «доминант мәдениеті» - деп аталады. Бірақ, қоғам бірнеше топқа (ұлттық, демографиялық, әлеуметтік, кәсіби т.б.) бөліне бастағандықтан әрқайсысында ақырындап өзіндік мәдениет қалыптасады, дәлірек айтқанда құндылық жүйесі және өзін - өзі ұстау ережесі қалыптасады. Осындай «кіші мәдениет әлемі» – «субмәдениет» - деп аталады. Мысалы: жастар субмәдениеті, көрілер субмәдениеті, ұлттың азшылық субмәдениеті, кәсіби субмәдениеті, қалалық, ауылдық т.б. болып бөлінеді. «Доминант субмәдениеті» тіл ерекшелігі жағынан, өмірге көзқарасы, өзін - өзі ұстауы жағынан ерекшеленіп тұрады. «Субмәдениеттің» «доминант мәдениеттен» тек қана айырмашылығы болып қана қоймай, оған қарсы тұра алады, және де доминант құндылығымен әрқашан іліністе болады. Бұл – қарсымәдениет (контркультура) деген атпен жүреді. Қылмыс әлемінің субмәдениеті адамзат мәдениетіне қарсы болады. Мысалы, 60 - 70 жылдардағы жастардық қозғалысы «хиппи» Батыс Еуропа және АҚШ-тағы, америкалық құндылықтарды: атап айтқанда - әлеуметтік құндылықты, моральдық норманы және қоғамның тұтынушылық адамгершілік мұраттарын, ішіп – жеуді, саяси ымырашылдықты, сексуалды тұрақтылықты, конформизмді және рационализмді теріске шығарды. Қазақстандағы орыс тілді жастардың өз тілін, салт – дәстүрін, дінін білмей басқа дінге, секталарға енуі, батыстың кейбір мәдениетіне қол созуы, шетелдің порнографиясын, видеокасетасын дәріптеуі т.б. қосар едік. Бұған орай А.В. Гулыга: «Человек трояким образом осваивает окружающий его мир – практически, теоретически и практически – духовно. Отличительной чертой практически – духовного (ценностного) освоения действительности является его эмоциональная насыщенность» - деп жазды [47, 57].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – Б. 11.
2. История мировой культуры. Под редакцией профессора А. Н. Марковой. – Москва, 2000. – С. 12.
3. Философский энциклопедический словарь. – М., 1983. – С. 292-293.
4. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – Б. 424.
5. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі. 1991. – Б. 19.
6. Қарағұлова Б.С. Тарихи жырлар лексикасы. – Алматы, 2000. – Б. 7.
7. Песнь Козы – Корпече и Баян – слу. Авторизованный перевод с казахского Г.Н.Тверитина. – Алма – Ата: Казахстанское краевое издательство, 1935. – С . 52.
8. Кочевое общество казахов в XVII – начале XX веке. Издательство «Наука» Казахской ССР – Алма – Ата, 1971. – Б. 192.
9. Культурология. Под научной редакцией д. философских наук, профессора. Г.В. Драча. Ростов – на Дону: Фенекис, 1995. – С. 77.
10. Толыбеков С.Е. Кочевое общество казахов в XVII – начале XX веке. Издательство «Наука» Казахской ССР. – Алма – Ата, 1971. – С . 195.
11. Кокумбаева Б, Сағындықұлы Б. Кокумбаева Л. Мәдениеттану негіздері. – Павлодар, 2002. – Б. 20, 21.
12. Толыбеков С.Е. Кочевое общество в XVII – начало XX веке. – Алма – Ата: Казахской ССР Наука, 1971. – С. 197.
13. Қазақстан тарихының хрестоматиясы. Құраст. Н.Е. Бекмаханова, М.А. Зарифова. – Алматы: Рауан, 1992. – Б. 8.
14. Әлиханұлы Ж. Terra incognita (Белгісіз жер) «Егеменді Қазақстан» 2003, № 152-155 (23365) – Б. 5.
15. Песнь Козы – Корпече и Баян – слу. Авторизованный перевод с казахского Г.Н. Тверитина. Казахстанское краевое издательство. Алма- Ата: 1935, – Москва. – С. 3 – 117.
16. Қыз Жібек. – Алматы: Ғылым, 1963. – Б. 1- 49.
17. Қыз Жібек. – Алматы: Ғылым, 1963. – Б. 49-122.
18. Рабитов Т., Мүтәліпов. Ж., Құлсариева А. Мәдениеттану негізі. –Алматы: Дәнекер, 2000. – Б. 170.
19. Қазақ ертегілері. – Алматы: Балауса, 2001, – Б. 258.
20. Ақсауыт. Батырлар жыры. 1 том. –Алматы: Жазушы, 1977. – Б. 355.
21. Копыленко М.М. Основы этнолингвистики. –Алматы: Евразия, 1995. -С. 71.
22. Сейдімбеков А. Күнгір – күнгір күмбездер. – Алматы: Жалын, 1981. – Б. 58.
23. Маргулан А.Х. Сочинения. Том. 1. Бегазы – Дандыбаевская культура Центрального Казахстана. – Алматы: 1998. – С. 31.
24. Мурад Аджи. Полюнь половецкого поля. – Москва: ТОО «ПИК

«КОНТЕКСТ», 1994. - С. 169.

25. Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко – татарских наречий Том. II. – Санктпетербургъ. Типографія императорской академіи наукъ, 1871. - С. 121, 173.

26. Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы колданылуы. – Алматы: Мектеп, 1966. – Б. 197.

27. Махмут Қашқари. Түрік сөздігі. «Хант» баспасы, – Алматы, 1997. – Б. 125.

28. Манкеева Ж.А. Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы // ф.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертацияның авторефераты – Алматы, 1997. – Б. 27.

29. Есмағамбетов К. Көне Қазақстанды көргендер. – Алматы: Мектеп, 1979. – Б. 14.

30. Қазақ ССР тарихы. – Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1957. – Б. 14.

31. Культурология. – Ростов-на Дону: Фенекс, 1995. – С. 142.

32. Маргулан А.Х. Сочинение. – Алматы: 1998, – С. 20.

33. Кляшторный С.Т. Древнетюркские рунические памятники. – Москва: Наука, 1964. – С. 129.

34. Жанпейісов Е. М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі. – Алматы: Ғылым, 1976. – Б. 30.

35. Бабақұмар Х. Этнография (Жаурынмен бал ашқандар) // Ана тілі, 2003. № 15.

36. Ақсауыт. Батырлар жыры. – Алматы: Жазушы, 1977. – Б. 64, 84.

37. Қозыбаев М. Ата тарихы туралы сыр. (Дүние жүзі қазақтарының құрылтайы) Сарыарқа самалы. 1992. № 136 (2019) – Б. 2.

38. Ақатай Сабетказы. Евразийство в контексте казахской культуры. Заман – Қазақстан. 27 март, 1998. – Б. 10-11.

39. Ахметьянов Р.Г. Общая лексика духовной культуры народов среднего Поволжья. – Москва: Наука, 1981, – С. 3.

40. Ахметьянов Р.Г. Сравнительное исследование татарского и чувашского языков. – Москва, Наука, 1978. – С. 170.

41. Культурология. Под редакцией А.А. Радугина. – Москва: Центр, 2000. – С. 50

42. Культурология. – Москва: Центр, 2000. – С. 52.

43. Культурология. – Ростов-на-Дону: Феникс. 1995. – С. 89.

44. Ғабитов Т., Мүтәліпов Ж., Құлсариева А. Мәдениеттану негіздері. – Алматы: Дәңкер, 2000. – Б. 35.

45. Тимошенко В. Культурология. – Алматы, 2001. – С. 101.

46. Ахметьянов Р. Г. Сравнительное исследование татарского и чувашского языков. – Москва: Наука, – С. 184-185.

47. Гулыга А.В. Что такое эстетика? – Москва: Просвещение, 1987. –

С. 57.

Резюме

В статье впервые проводится исследование произведений М.-Ж. Копеева, в частности природы, истоков их этнокультурной лексики, прослеживается её связь с историей, литературой казахского и других народов и создаётся её классификация в соответствии с различными принципами её группировки, что является основанием для возвращения многих забытых слов, обычаев и традиций в этнокультуру казахского и других родственных языков.

Resume

The article is the first experience of M.-J. Kopeyev's works, particularly of the nature and origin of their ethno-cultural lexis. The author traces its connection with history and literature of the Kazakh and other peoples and creates its classification in accord with various principle of its grouping, which is the basis of returning of many obsolescent words, customs and traditions to the ethno-culture of the Kazak and other cognate languages

ӘӨЖ 81:39 (574)

РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

А.Қ. Тұрышев

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

«Рухани мәдениет» – адамдардың талғамына байланысты дамыды. Ол өзінің құрамдас бөлігі ретінде эстетика мен этика нормаларын қабылдауға мәжбүр болды. «Мораль» – нормасы ретінде «эстетика» мен «этика» адамның рухани сипатын анықтады. «Эстетика» – (грек - ощущение) - өнер туралы философиялық оқу. «Этика» – (грек. адамгершілік, дәстүр қағидасы, мінез нормасы) адамдардың бір – біріне деген қарым – қатынасы, жоғарғы мәдениеттілік келбеті [1, 323-324]. «Салт – дәстүр» - адамзаттың рухани көне құбылыстарының – бірі. Этнографиялық зерттеу мынаны көрсетеді: салт – дәстүр қоғамдағы архаикалық мәдениеттің доминанты болып табылады. Салт – дәстүр - әдеттегі саналы түрде адамзаттың аз өзгеріске түскен түрі. Әдет – ғұрып аса қарапайым мінез - құлықтардың бүтіндей, үйреншікті өмір салтының үлгілерінің негізінде қалыптасады. Олар қоғамда белгілі бір уақытта, орында, белгілі бір – оқиға – жағдайға байланысты қолданылып жатады. Ол үлгіге қарекеттің айқындалмаған бір бөлігі енгізіледі [2, 63]. Рухани мәдениеттің алғы шарттары ауыз әдебиетінен де табылып

жатады. «Разнообразна и богата духовная культура народа, составной частью которой являются многообразные формы народного поэтического творчества – фольклор, включающий в себя сказки, предания, легенды, песни, поговорки, загадки. Особенное место занимают в поэтическом творчестве казахов героический и социально – бытовой эпос, айтыс. Эпический жанр, выступающий способом изустной передачи межпоколенной информации, возник в древности, в течение столетий обогащался, развивался и в основном отобразил условия кочевого быта, патриархально – родового уклада предков» [3, 101]. Нормалар. Әдет – ғұрып нормаларына (шама, өлшем, ереже) іс - әрекетті аяғына дейін түгел емес, тек қана бір принципті, іс - әрекеттің параметрін қамтиды. Ол мінез – құлықты белгілі өлшемнің варианттарынан және күрделенуінен тұрады. Т. Парсонстың көрсетуінше нормаларды былай классификациялауға болады:

1. Жалпы қоғамда және оны құрайтын топтарда формалданған тәртіпті сақтауға арналған нормалар. Мысалы: ер балалар әскери қызметін өтеу, ұлттық қауіпсіздік комитетінде, ішкі істер бөлімінде, әскери дайындық, дене шынықтыру, техникалық салаларда т.б. Әйел балалар көбіне мұғалім қызметіне, ара - тұра дәрігерлік, тамақ өнеркәсібі (ер балалар да араласа бастады), үй шаруашылығымен айналысу т.б.;

2. Экономикалық нормалар шаруашылық қарекеті, мақсаттылықты, кәсіпқойлықты және пысықтылық пен тиімділіктің мөлшерінің қолайлы жақтарын береді;

3. Өз еліндегі жалпы саяси принциптердің жүйесін қолдайтын міндеттерді белгілейтін, заңдылықтар мен конституцияны бұзбай, күресті «ережені» сақтай отырып жүргізетін саяси нормалар;

4. Коммуникацияның тұрақты принциптерін, жеке адаммен түрлі топтардың өзара қарекеттерін қолдайтын мәдени нормалар. Ол өз халқының тілінде сөйлеу, оқу, жазу, музыканы сүю, өз мәдениетінің стилі мен рәміздерін қолдау. Егер кейбір нормалар өзінше соны немесе ерекше дәрежесін ала алмаса, онда қабылданған нормалар жедел қатардан шығып қалады да, қолайсыз мінез – құлық деп аталады.

Құндылықтар. Құндылықтар нормалардан кейін жүрсе де, олардан бір айырмашылығы жоғары деңгейде нысандардың хал – жағдайын, қажеттілікті, мақсатты таңдауды түсіндіреді. Құндылықтарды шартты түрде: Витальдық құндылықтар; Әлеуметтік құндылықтар; Саяси құндылықтар; Моральдық құндылықтар; Діни құндылықтар; Эстетикалық құндылықтар болып бөлінеді. М.М. Копыленко: «Язык любого народа хранит увлекательную повесть многовековых усилий познать, осмыслить и подчинить себе окружающую их действительность. Отсюда проистикает важность этнолингвистических исследований, проливающих свет на формирование конкретных предметов и абстрактных понятий» - дейді [4, 19]. Уақыттың жазба кодтар арқылы

көрсетілуі ақпараттық берілістің кеңістігін және ұзақтығын арттырады. Осы тұрғыдан алғанда объективті мазмұны бар таным жазу арқылы ғана дами алады. Текстер табиғаттың мәнді белгілерін ымдардан қабылдамайды. Олар көбінесе жаратушының айтқан сөздерінің таңбалары ретінде беріледі. Осы тұрғыдан қазақ халқының Қазан төңкерісіне дейін жазба мәдениеті болған жоқ, олар түгелдей дерлік сауатсыз еді деген тоталитарлық жүйедегі кең тараған пікірдің логикамен де, тарихи деректермен де қисына жоқ. Тарихшы Ә. Хасеновтың пікірінше, көне түрік жазуы скиф – сақ дәуірі мәдениетімен үндесіп, астасып жатты. Бұған қарағанда ғұндардың қаһарлы әміршісі Бадуюн шаньюдің қытай императорына қыр көрсете жазған хаттары, Атиланың Римге жіберген елшілерінің қолына ұстатқан грамоталары, қаңлы патшаларының заңы, жарлықтары көне түрік алфавитімен жазылмады ма деген болжам туады. Қазақтардың арғы ата – тектерінің түрік тілдес болғандығының және өзіндік әріптік жазуының бар екендігінің тағы бір айғағы 1982 жылы монғол археологтары тапқан – Хунну жазуы. Алтыннан шекіп жасалған деңгейде (медальон) көне руниканың 9 әрпінен тұратын 4 сөз жазылған: 1. Ой – сенгір. 2. Елші ыты. Аудармасы: 1. Ой – Сенгір. 2. Елшінің найзасы. Тарихшы Қ. Сартқожаұлының топшылауы бойынша, «1. Хуннулар дыбыс белгілейтін алфавиттік жазу қолданған. 2. Бұл жазу Хуннулардан бері ұрпақтан – ұрпаққа үзілмей жалғасып, X ғасырға дейін қолданылады. 3. Монғолия мен Тува, Қазақстан мен Қырғызстан жерінен ұшырасатын жүздеген руникалық айғақты бұдан былай тек VIII – IX ғасырдағы түркілерге ғана тән деп емес, енді Хунну, Тоба, Вэй, Сяньби, Жуанжуан қағанатына да қатысты мұра деп қарастыруға болады. 4. Хуннулар байырғы түркі (баба түркі) тілінде сөйлеген және мемлекеттік тілі түркі тілі болған» (Хунну жазуы - Әлем, 455 б.) [5, 146]. Қола дәуіріндегі тұрақтар мен пероглифтер (грек. *retros* – тас және *grphe* ойып салу) тасқа салынған алғашқы жазулар, суреттер, таңбалар ерекше орын алады. «Қапшағай таңбалы тасына көне Тибет ғарпінде шекілген дұғалықтар мен ежелгі түркі алфавитімен жазылған таңбалары қағазға түсіріп әрі тартымды да нәзік бейнеленген ... » [6, 216]. Қола дәуірінің тас мүсіндердің орыны тіпті ерекше, бас жағында жұлдыздар, етегіне адам бейнесі пішінделген сын тастар түркі ата бабаларының баға жетпес қол туындысы болып табылады. Космологиялық түсінігі сол кезеңде қалыптасқан түркі тілдес халықтардың ой әлемі мен рухани мәдениеті ерте қалыптасқандығын көреміз. Ескі түркі жазуларында «блбл» Орхон жазуында «балбақ» - деп те аталады. Балбал ескі түркі жазуларында кездесетін сөз. Таңбасы blbl – блбл араб жазуы сияқты арасына дауысты дыбысты қосып «balbal» - деп оқимыз. Енді бір таңбасы blbk - блбқ – bolpbak – болпық (болбақ) түркі тілдерінде кездеседі. Мұндай дыбыстық өзгерістер туралы К.Ш. Хусайнов, М.Х. Жубанов: этимология және дыбыс құрау (звукоизобразительность) сөздің шығу тегін мысалы,

балқаш > балқы, балшылдап, балдара, балдырла, балпылда, балпақ түркі тілдерімен салыстырылып, бұған орай: былқ, шылқ, бүлқ соңғы дауыссыз модификаторлы қызмет атқарады дегенді айтады [7, 69]. «Қозы көрпеш – Баян сұлу» жырының сюжетіне байланысты табылған ескерткіштер: «Шоқ терек», «Алтын айылбас», Ә. Марғұланның балбал тастар туралы түсіндірмесі көне қазақстан жеріндегі мәдениеттің жоғары болғандығын көрсетеді. Мәдениеті бар елдің жазуы болмады дегеннің өзі ақылға сыймайды. Тас камад, тұрақтар, мегалиттар (грек – megas (үлкен) lithos (тас), дольмендар (Бретон. dol – стол, мен - тас) «Ор мәдениеті» кейін «орда» болды (энолит заманы III – басы 2 – жартысы мен б.д. д. II мың) көне ғасырдың мәдениетінің жемісі. Кейбір зерттеушілер көне түркі жазуын көне шумер жазуына апарып тірейді. Әрине, шумер жазуы да өте көне жазудың бірі. Ол өзінің бастауын суреттерден алады. Аккад тұрғындары шумерлер болғандықтан олар әр тілде сөйлеген. Сондықтан оларды бірге шумер – аккат дейді. Суреттер – идеографиялық (грек. idea – идея, γραφο – бітікші) – ребустарға айналды. Тасқа, сазға, ағашқа жазылғандықтан бұл жазуды – клинопись - деп атады. Суретті принцип ептеп дыбысты беру принципімен алмасты. Сонымен жүздеген белгілер пайда болды. Олар дыбыс, буынды белгіледі. Бұлар алфавитті белгілер - деп аталды. Жазба шумер – аккадтардың өте үлкен жетістігі болды. Бұл жазбаны алдыңғы Азиялықтар да пайдаланды [8, 57-58]. И.А. Батманов: «Пласт слов: прослеживаемых в общей массе турецких языков, отличающихся лишь фонетическими разновидностями. Этот пласт сложился в относительно отдаленный период (до VI до появления орхонских надписей), сложение этот пласт в процессе интенсивного скрещивания разноязычных племенных образований. Пласт этот условимся называть «общетурецким» - дейді [9, 54].

Түркі мәдениетінің дүниежүзілік өркениетке қосқан сүбелі үлесі – Орхон – Енсей жазба ескерткіштері. Бұл жазуды скандинавтықтар ашып (И. Страленберг), мағынасын түсіндіргендіктен (В. Томсен) «руникалық» (құпия) деп аталды. Алғашқы сөз «тәңір» деп оқылды. Бұл ескерткіш егемендіктің, рухани мәдениетінің басы ретінде тарихи отанына қайтып оралды. Орхон жазулары жергілікті ру таңбаларына ұқсас, геометриялық пішіндегі 38 әріптен тұратын, идеограммалық түріктердің өзіндік жазуы. Бұл жазу түрік тілділердің фонетикалық ерекшеліктерін дәл жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен, қазақ мәдениетінің архетиптік уақытында осы мәдениеттің болмыстық тұрақтылығына үлкен әсер еткен жазу қалыптасты. Кейін түрік жазуын араб харіпі ауыстырғанымен, бұл мәдени қазына өз құндылығын жоғалтқан жоқ. М. М. Копыленко: «Мы, разумеется, смогли упомянуть лишь о малой части этнолингвистических исследований в сфере языка памятников древней письменности, фольклора и древней литературы. Но небольшое число их, затронутое нами, свидетельствует о том, что язык всех этих памятников несет на себе яркий отпечаток материальной и духовной культуры

«Күлтегін» - дейді [10, 71]. «Күлтегін» [11, 10-25] ескерткішіндегі заттық мәдениет көздері (топоним, антропонимдер бірге) кездеседі. Осы орайда академик Ә. Қайдаровтың: «Таким образом, становится ясно, что онимия любого народа содержит огромный информационный культурно – исторический потенциал и изучение собственных имен в связи с культурной историей общества в плане выявления и рассмотрения черты может и должно стать одним из кардинальных направлений в ономастике» - деген сөзін келтіргенді жөн көрдік [12, 5].

«Күлтегін» ескерткішінде: күн, түрік, Шаңтүң, теңіз, темір қапығқа, Тоғыз ерсен, Түпүтке, Йінчу, Байырку, йерке, алтун, күмүш, ісігіт, артқыш –тікіш, ташқа, бөдке, Табғач, Істемі, Қапуғқа, Иоллығ, Отүз татар, қытан, татабы, інісі, ечісін, Оғлу қанун тег, Табғач, інілі – ечілі, оғлун күн, Бөккі қаған, субу, Қанум Елтеріс қағануғ, Өгім Елбілге қатұнығ, төпесінте, сүсі, бөрі, қоң, Баз қаған, Қырқыз, құрықан, отуз татар, Қытай, балбал, Йашул үгүз, Шаңтүң йызықа, Түргіс, ечүміз, йер, суб, сіңілім, Қадырқан йышығ, Кенту, иарықлығ, сүнігліг, соңүкүң, Өчім қағанығ, Өгім қатунығ, тонсыз, Күлтегін, от суб, Алты чүб, сағдақ, Табғаш Он түтүк, Чача Сеңүнке, Тадыкын чурын, боз ат, торы ат, сауыт, қарығ, оқуын, удлыкын, Түргеш, Ертіс, балық, көзі – қашы, бедіз т.б.

Немесе, рухани мәдениеттің көздері: теңрі, қаған, шд, апыт, беглер, таркат, тоғыз, оғұз, будуні, тоғсыққа, ортусыңару, біргеру, курғару, йырғару, біліг, бедізчі, таш тоқытдым, түрт булуң, сү сүлепєң, еліг йыл, күн тоғсықда, елін- төрусін, иағу, йіті йегірмі, йетміс ер, йеті йүз, ечум – апам, қырк йеті, иегірмі, беш отүз, үч йегірмі, он оқ будун, Умай, бес түмен т.б.

«Тоныкөк» [13, 26-38]: буқалу, кейік, табусған, інгек, көлүк, абыз, теңірі, ұмай, түмен, апа қолданылған.

Мәдениеттің негізгі функциясы адамның – шығармашылығы немесе гуманистігі. «Орхон – Енесей» ескерткіші түрік мәдениетінің адам қолымен жасаған шығармашылығының ең шырқау биігі. Ал, қазақтың қалған мәдениеті осымен тығыз байланысты, не болмаса осы мәдениеттен туындап жатады. Бұны – трансляция функциясы (ұрпақтан – ұрпаққа беру), әлеуметтік тәжірибе (тарихи мұрагерлік, немесе ақпараттану) деп атауға болады. Мәдениет – шынында да адам жадының әлеуметі. Ол алдында айтылған таңбалардан, ауызша әдебиеттен, әдеби және өнер ескерткіштерінен «тілі» ғылымы, пәлсәпәсі, діні т.б. арқылы келешек ұрпаққа жетеді. Бұл - әрине ата – бабамыздың сүбесі бұзылмаған, қаттап қойған мәдениеті ғана емес. Тарих сынынан өткен ең бір сұрыпталған мәдениет болып табылады. Ұрпақ арасындағы сабақтастық мәдениеті үзілсе ол – «мәңгүрттікке» әкеледі. «Мәңгүрт» түркі сөзі оның түбір тұлғасы екі: «мәңгі» (басы айналу) мәңгі (ұдайы) деген мағына береді. «Манас» жырынан бастау алып, Ш. Айтматов енгізген «мәңгүрт» сөзі қараңғылықты анықтайтын әлемдік терминологияға

айналып жүре берді. М. Шахановтың «рухани мәдениет», «ғаламдану үрдісінің» («жаһандану» деп жүр) көлеңкесінде қалып қою қаупі бар деген жан айқайы «мәңгірттіктен» сақтандырудың алғы шарты болып табылады. Р. Бердібаевтің «көзқаманы» да осы іспеттес мағынаны береді. Танымдық (генсеологиялық) мәдениет функциясы - мәдениеттің ата – бабадан бері келе жатқан үрдістердің әлеуметтік ғасырлар бойғы тәжірибесін бір орталыққа жинақтау болып табылады. Реттеу (нормативті) мәдениет функциясы - қоғамдық және адамның жеке басының түрлі қызметін реттеу басты мақсаты. Адамдар заттық немесе рухани мәдениетті таңдап ала ма? Бұл арада - еңбектегі, тұрмыстағы, жеке басының мәдениетке деген құрметі, немесе адамдарға әсері, олардың іс - әрекеті қарастырылады. Реттеу мәдениет функциясы: мораль мен заң жүйесіне сүйенеді. Семиотикалық немесе белгі функциясы: белгі жүйелік мәдениетіне, білімге, оны игерумен айқындалады. Мәдениетке сайма – сай белгі жүйесін меңгермей мәдениет жетістігін білдім деу бос сөз. Тіл (ауызша және жазбаша) адамдардың қарым – қатынасының тетігі болып табылады. М.М. Копыленко: «Все шире распространяется убежденность в том, что «каждый язык («большой» или «малый») представляет собой неповторимую энциклопедию культуры его народа и имеет право на свое место в мировом сообществе языковых культур. К сожалению, ход истории время от времени ставит на грань исчезновения отдельные культуры и языки, чаще всего малочисленных этносов» /Мараш-Оғлы Ш: 1990, 146 // Kibrik A: 1991/ - деп жазады [14, 19]. Ауызекі жадьлық дағды көне түріктердің рухани мәдениетін жеткізген «тілі» болды. Түрік «жадыға» қатты мән берді. «Сөз» көне түрік үшін «құдаймен» тең болды. Құдайды сөз арқылы тапты. Ұзын – сонар дастандар мен батырлық жырларды әр түрік баласы жатқа білді. «Ұзын құлақ» дала аппараттарының рөлін атқарды. Адамдардың өз ара қарым – қатынас құралдарының бірден – бір көзі – ауызекі сөз, тіл болды. Ауызша сөзге негізделген қауымдық өмірде адам тек акустикалық (дыбыстық, естілетін) кеңістікте өмір сүрді. Негізгі коммуникация құралы тіл болғандықтан, тілге, ауызекі сөзге негізделген салт – дәстүрлер, мифтер, әдет – ғұрыптар немесе, жалпылама айтсақ, фольклор кенінен дамыды және ұрпақтар мирасқорлығының негізі де сол болып табылды. Ауызша дамыған тіл кірме сөздерден таза болды. Ақын – жырау шығармаларын еске түсіріңіз.

А. П. Седельников: «Среди тюрков, кочующих в Азии, киргизы – казаки – наиболее культурный народ, и несомненно, что ему предстоит лучшее будущее: количество его увеличивается и он оказывается восприимчивым к культурным приобретениям. О сравнительной культурности киргиз – казахов можно судить отчасти по характеру языка, по способности и форме излагать свои мысли, по богатству народной литературы и, наконец, по состоянию развития искусств» - дейді [15, 20].

Тіл – коммуникация құралы ретінде адамның тікелей қатынасуын

(айтуын, естуін) қажет ететін болғандықтан да адамдар ұжымы өзара ұйымшыл, бөлінбес бірлікте болды. Жазу – сызудың пайда болуы адамзатты естілетін дыбыстық акустикалық кеңістіктен көзге көрінетін визуалды көрнекі кеңістікке итермеледі. Ұрпақтан – ұрпаққа ұласқан ақыл – өсет, даналық ой, көпжылдық тәжірибе нәтижесі ендігі жерде тікелей ауызекі айтылмай, жазылған және көзбен көріп оқылатын мәтіндерге айналды. «Қаз қанатынан (қаурсынынан – А.Қ) жасалған қаламсап тіл үстемдігіне шек қойды; ол өмірдегі қасиетті құпияны жоққа шығарды; ол сәулет өнері мен қалаларды, жолдар мен әскерді, бюрократияны дүниеге әкелді. Ол сананы тылсым көлеңкеден жарыққа шығарып, өркениетке бастама болған түбегейлі метафора болды» - дейді (А. Кукаркин. Буржасное общество и культура. М., 1970. С. 336.) [16, 48-49].

Әліпбиге дейінгі қауымдық қоғамда адамның өмірге бейімделген негізгі сезім мүшесі – құлақ болды. Есту сенумен пара – пар болды. Билердің сөзін еске түсіріңіздер. Ауыздан шыққан сөз екі айтылмай орындалатын. А.М. Щерба: «Слова – комплексная единица более высокого уровня, чем слог. Оно может состоять из одного или из нескольких слогов» - деген [17, 110]. А. Джунисбеков бұл ойды әрірек апарып: «Казахская письменность – в основном фонематическая, т.е. каждая фонема обозначается отдельной буквой. Однако есть и исключение определяющиеся только правилами орфографии казахского языка, которая не всегда дает правильное предоставление о количестве фонем в составе слога, слова или морфем» - деп, терендете түседі [18, 9]. Фонетикалық әліпби құлақтың сиқырлы әлемін жайбарақат бейтарап көз әлеміне алмастырды. Ендігі жерде негізгі сезім мүшесі болып есту мүшесі – құлақ емес, көру мүшесі – көз келді. Жазу – сызу жоқ уақытта ұрпақтан ұрпаққа ұласқан тәжірибені ру көсемдерінің зердесі сақтап, адам өмірлік мәні бар жеке – дара отырып – ақ, кітапты оқу арқылы өткен – кеткен аталар даналығынан, мұрасынан үлгі алатын жағдайға жетті. Жеке адам, дара адам өзінің жеке тұлға екендігін түсіне бастады. Жаңа дәуірден бастап ХІХ ғасырдың соңына дейін мәдениеттегі тілге көңіл бөлінген жоқ. Тіл сананың, ойдың, рухтың құралы ретінде ғана, қосалқы бөлшек есебінде қарастырылып келді. Тек ХІХ ғасырдың басында ғана философияда, мәдениеттануда тілге деген бетбұрыс байқалды. Соның нәтижесінде тіл адам болмысының ең негізгі тәсілі екендігі айқындалды. Сана әрдайым белгілі тілдік негізде өмір сүреді, ол тілмен бірге дамиды.

Тіл – тек коммуникативті құрал емес, сонымен бірге адам болмысының, оның мәдениетінің көрінісі, өйткені мәдениет таңба, белгіден тысқары, яғни тілден тысқары өмір сүре алмайды. Адамды түгелдей дерлік таңбалық әлем қоршаған, өйткені адам болмысының өзі таңбалық, тілдік болмыс. Адам бір мезгілде таңбаны тудырушы да, оны талдаушы да. Тіл – тек денотативті (белгі, сигналдық) коммуникация құралы ғана емес, сонымен

бірге коннотативті (белгілі элементтік – мәдени, идеологиялық мәні бар) құрал. Тілде әр халықтың тарихы, оның өмір, тіршілігі, шаруашылығы мен мәдениеті жатыр. В.А. Звигенцев: «Язык, как мы знаем, существует главным образом в процессе мышления и в нашей речи как в выражении мысли, и кроме того, наша речь включает в себе также и выражение чувствований» - деп бекерге айтпаса керек еді [19, 205].

Дискурс – тілдік коммуникация түрі. «Дискурс» - қарым – қатынасқа, сұхбатқа имманентті (іштей тиеселі), сол кезеңнің қоғамдық өмірінде қалыптасқан нормалар, ережелер және негізгі құндылықтар жинағынан тұратын идеологиялық тіл. Кең шеңберде «дискурс» дегеніміз – уақыттың мәдени – тілдік контексі. Шындығында тіл – бәрімізге ортақ, бәріміз осы тілде сөйлейміз, бір – бірімізді түсінеміз. Бірақ, күнделікті өмірдегі сөз саптасымызға жіті көңіл бөлетін болсақ, онда біз мынандай қызық нәрсені байқаймыз - әрбір сөз өзінің нақты заттық, бұйымдық мазмұнынан басқа көптеген уақытша идеологиялық мағынаға да ие екен. Сол шексіз көптүрлі мағынаның болуы бір ұлтқа тиеселі ортақ тілді көптеген «социологтерге» бөліп – бөліп жіберді. Осы «социологтерді» М. Бахтин «әлеуметтік – идеологиялық тіл», «айтылған сөз» - деп, Р. Барт «жазу типі» - деп атайды. Адамның бірде бір сөзі тиянақталып, аяқталмаған, өйткені ой принципаалды түрде тәмамдалуы мүмкін емес. Әрбір сөз әрбір адам рухани әлемінде өзіндік өзгеріске ұшырайды. Тірі сана, тірі қарым – қатынас барысында тілді бұлжымас, қозғалмас жүйе деп қарастыру мүмкін емес. Адам үшін оны қоршаған тілдік орта да, ол адамның өзінің тілдік санасы да түгелдей дерлік көпдауыстылықтан, көпмағыналықтан тұрады. Сөз, ендігі жерде, тек бір нәрсені білдіріп қана қоймайды, сөздің өзінің «иісі», тіпті өзінің «дәмі» де бар [20, 52-54]. Академик Ә. Қайдаров: Этносты танып – білуге түс – тұсынан ат салысып, өзіндік үлесін қосушы қоғамдық ғылым салаларының бірі – мәдениеттану (культурология) десек, ол этнос болмысының ауқымды да маңызды саласымен шұғылданады. «Мәдениет» жеке адамның басына тән қасиеттен басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт – дәстүр, рухани – материалдық байлықтың бәрін түгел қамтитын өте күрделі ұғым. ... этнолингвизмдер мен мәдени лексиканың арасына тепе – теңдік белгісін қоя салуға да болмайды. Оның басты себептері: біріншіден, этнолингвистика этнос болмысына қатысты «тіл әлемін» түгел қамтуға тырысса, мәдениеттану пәні өз міндетін «мәдениет» ұғымымен ғана шектеуге тиіс; демек, ол қанша күрделі, ауқымды болса да, «бүтіннің бөлшегі іспетті дүние»; екіншіден, мәдениеттану мәдениет түрлерінің (әдебиет, жазу – сызу, колөнер, ән – күй өнері т.б.) пайда болуын, қалыптасуын, дамуын, өзіндік ерекшеліктерін талдап, таратып айтуды негізі міндетім деп санаса, этнолингвистика барша мәдени лексиканы іштей сала – салаға жіктеп, жүйелеп, мүмкін болғанша толық жинап алып, тілдегі өзінің

нақыш - өрнегімен сөйлете білу, сан алуан ұғым – түсініктердің мән – мағынасын ашып, номинация, дифиниция түрінде сипаттап, этностық таным – талғам тұрғысынан түсіндіруді мақсат етеді [21, 13-14]. Тіл адамның еркін ойлауына, өзінің ойын еркін айтуға жол ашты. О.Хаксли: «Тіл бізді тек қана адамгершілік тұрғысынан ғана емес, Ашу тұрғысынан да адам етіп шығарды» - дейді. Тіл қалай заттық мәдениеттің негізі? - деген сұраққа Э. Ренана жеке этностың немесе нәсілдің – «өзін - өзі билеу арқылы және табиғи талабының жемісі» - деп жауап берді. Леви – Строс тілді жасаған күш бұл - этникалық рух дейді. Тіл өзінің ішкі заңдылығымен дамиды. Оған табиғи құру, саналы күштеу саясаты жүрмейді. «Каждый человек находится во власти своего языка, являющегося для его этноса средством выражения» [22, 87]. Тілдің әртүрі таным үрдісінің де әртүрлі болуына әкелді, сол сияқты рухани мәдениеттің көптеген негізгі заңдылықтарын қоғамның алғашқы даму сатысында – ақ тудырды. Міне, осы барлық мәдениет туралы дәлел адамдардың рухани өмірінің тепе – тең жағдайда өтуін айтуға итермелейді. Тіл мен мәдениеттің мағыналық үрдісі құранда нақты айтылған: «Онда кім бұлардан басқаны іздесе, міне солар, шектен шығушылар. Олар аманаттарын, уәделерін қорғаушы. Олар намаздарына ұқыпты. Міне, солар мұрагерлер. Олар мәңгі қалатын фердауыс жәннәтына мұрагер болады. Расында адамды нағыз балшықтан жараттық. Сонан кейін оны жатырда тұратын тамшы қылдық. Сосын тамшыны ұйыған қан жасадық. Ұйыған қанды кесек етті сүйек жасадық та сүйектерге ет қаптадық. Сонан кейін оны басқа бір жаратылыс қып, жан салдық» - делінген [23, 342]. Адамзатқа атау берді, ол – оның символына айналды. Бұл атау өз бетімен өмір сүре бастады. Ол аздап қоршаған ортаға әсер етті. Оның табиғи қоршаған ортадан басқа затқа әсерімен түсіндірілді. Міне, кез келген мәдениеттің басы осылай басталады. Адам бірте – бірте тәжірибе жинақтап, шындала береді. В. Томсен: «Какое значение это бы имело для всей истории человечества! Теперь эти языки давно умолкли, и большинство из них унесло разрешение загадок, связанных с ними, навсегда с собой в могилу» - десе [24, 32]. Осы ойға ұқсас Ф. М. Березин: Литературный язык генетически связаны с городом, но они давно уже «выросли» из этой своей колыбели, и настолько это не могут заменять или представлять собою языковую культуру города» - деген еді [25, 103]. Адамның интеллектісі – оның саналы әрекеті, ақыл - ойы екендігін Б. Сағынова 1999 жылы атап өткен болатын өзінің кандидаттық диссертациясының авторефератында. Әрбір жанды емес зат, кез келген өсімдік, жан – жануар және адамның өзі нақты аталатын сөзге тәуелділігі арта түседі. Бұл ұғым бірте – бірте әлем туралы жалпы түсінікті шындыққа айналады. Бұл – метафизикалық шығармашылық қана емес, шындықтың жаңа типін, рухани мәдениеттің, т.б. көздерін ашады. «На первых этапах человеческой истории происходила реализация духовной и интеллектуальной активности человека»

«...деп [26, 84]. И.Г. Гердер (1744 - 1803) өзінің «Тілдің шығуы» (1772) - деген еңбегінде тілдің пайда болуын адамның тұрмысын анықтайтын табиғи заңдылықтарды оқып – үйрену негізінде түсіндіруді мақсат тұтқан. Тірі тіршілік иесі ретінде адам табиғи заңдылықтарға бағынады; бірақ жануар есебінде ол – табиғаттағы өмірге нашар бейімделген. Өлімнен оны тек қана «ойлампаздығы» құтқарады. Бұл адамның тіршілік етуде іс – жүзінде жануардан да асып түсетінін көрсетеді. Ойлампаздық, адамдар арасындағы қоғамдық байланыс, табиғат әлемінен олардың айырмашылығы тілінен көрінеді. Қоғамдағы бүтін ұғым және тіл адам өміріндегі ерекше форма болып табылады. Гердер үшін ол – адам мәдениетімен тең. Тарихи қалыптасуды және тілдің дамуын ол – мәдениеттің мәңгілік даму үрдісін әртүрлі мәдениеттердің ұрпақтан – ұрпаққа берілуімен ұсынады. Гердердің идеясы немістің және еуропалық пәлсәпашыларға және ғылымына қатты әсер етті. Олар мәдениеттің тарихи және этникалық формасын үйрену арқылы түрлі қырынан: салыстырмалы тіл білімі, мифологияны және фольклорды зерттеп қарастырды. Гегелдің (1770 - 1831) пәлсәпәлік жүйесінде мәдениет атымен аталмайды. Ол оны өмірдегі негізгі қажеттілік арқылы, шығармашылыққа диалектикалық рухани шығу арқылы «біледі». Шығармашылық – жаңаны ойлап табу, ол сондай жаңа болуы керек ескіні ұмытпайтын және жоймайтын, ол туралы әрқашан еске алатын, оны өзінде сақтай білетін, оны әр сәтте өзінің тарихы сияқты іске қосатын, өзінің болашағы сияқты сезінетін – дейді [27, 34-35]. «Наука – один из новых институтов в структуре культуры. Однако значение ее быстро растет, а современная культура воспитывает глубокие изменения под влиянием науки. Духовная эволюция через миф, религию и философию привела человечество к науке, где достоверность и истинность получаемых знаний проверяется специально разработанными средствами и способами. Наука, таким образом, существует как особый способ производства объективных знаний» [28, 67]. Көшпенділер мәдениеті әлімсақтан (әліп + сақ) басталатыны айтылды. Ғылымның негізі ретінде жартастарға аңның, аңшының кескіндерін түсіру – кескіндеме өнер ретінде танылды. Мұндай өнер сүйектерге ою - өрнек салу арқылы: кебежеге, сандықтың бетіне, ер – тоқымға, ат - әбзелдеріне түсіру арқылы дамыды. Кейіннен текеметке, киімдерге түрлі ою - өрнек салудың мазмұны арта түсті. Өнердің бір түрі «музыка» да осы: ою - өрнек арқылы айтылды. Седельников: «Обыкновенно передача песни сопровождается подыгрыванием на инструменте; из последних распространены: домбра – род треугольной балалайки с тремя струнами (бараньи жилы) и кобыз – овальная балалайка с колышком внизу (как у виолончели), на которой играют смычком; из духовых можно назвать зурну – деревянный длинный рожок» - дейді [29, 20]. Айтылған ойды терілген мысалдар: Взав кобыз с священной песней Долго прыгал по кибитке По коврам вокругмалюток (ҚКБС, 1935.

25 б.). Кобыз* – старинный казахский музыкальный инструмент (Тверитин). Алтыннан қалқан жарқылдап, Сыбызғы, сырнай шақылдап (Қамбар, 334); Керней, сырнай тарттырып, Қырық қақпалы қалаға, Тегіс хабар берді енді (Алпамыс, 223) жан – жақты толықтыра алады. Күй – адам баласының дыбыстарға еліктеу арқылы, ішкі – жан күйзелісінің қуанышының жарыққа шығару символына айналып, бара – бара қамыстың тербелгені, ағаштық сыбырлағаны үрмелі аспаптармен, қобыз, домбыраның өмірге келуіне түрткі болды. Қ. Жұбанов: «Қазақтың мәдениет, тарихы да жазылмаған. Сондықтан күйлердің қалай шығуы, қалай пайда болуы, қалай дамуы жайында тарихтың жазып қалдырған деректері жоқ. Қазақта күй түрінде айтылған сөз шағатай, ұйғыр тілдерінде, анатоль түрік тілінде «көк» болып айтылуы тиіс. Қазақтың «и» дыбысының бірқатары шағатай тілінде, ескі ұйғыр тілінде, түрікпен, әзірбайжан, анатоль тілдерінде «к», «г»- ге айналады. Түрік музыкасын тексерген профессор Беляев, Успенский екеуі бірігіп жазған «Түрікмен музыкасы» деген кітабында музыка мәдениетінің өсу жағдайын, мәдениеттің тарихи өсу процесінің қалай болатынын ескі тарихшылардың жорамалдау жолымен баяндайды. Бақсы – көптеген түркі тілдерінде музыкант (үдеші –А.К) мағынасын берген. «Қобыз» сөзінің басқы «к» дыбысы түсіп қалғанда «о» -ның орнына «а» дыбысын қолданғанда «абыз» болады. Қазақ инструментінің біреуі – «сыбызғы». Негізгі түбір болатын «сыбыс»... Қазақша қамыстың бір аты – сыбыс. «Қамыс» сөзіндегі «а» дыбысын «о» дыбысына айналдырсақ, қырғызша «қомыс», біздің «қобыс» болып шығады. ...Біздің қарауымызша, орыстың «домрасы», қазақтың «домбырасы», арабтың «тамбұры», бенгал елінің «тмыры», гректің «тамирі» - бір нәрсе» - дейді [30, 314-317]. М.М. Копыленко: «Заглавие детального, снабженного многочисленными рисунками повествования Сагатбека Медеубекулы о домбре включает указание об этнолингвистическом анализе. И в самом деле, последний раздел статьи касается происхождения казахского термина домбра, его соответствий в других тюркских и нетюркских языках, что значительно обогащает наше представление о замечательном музыкальном инструменте. Еще в большой мере «лингвистична» краткая статья А. Нурмагамбетова, в которой автор, выдвигая дополнительные весомые аргументы, соглашается с Н. Ундасыновым, опровергающим предложенную некогда Л. Будаговым персидскую этимологию термина домбыра. И настаивает на его исконно тюркской природе» - дейді [31, 21]. Комузь - Қобыз родь волынки или дудки, всякій музыкальный инструментъ; желъзн. музык. Комыргай – дудка, свистокъ – деп анықтаған (Будагов, 65). Взял домбру* заставил струны Тихо звучные заплакать (ҚКБС, 15). Домбыра* – музыкальный инструмент (Тверитин). «Күй» деген сөздің тегі «көкпен» байланысты болғанын біз де о баста айтып едік». А. Сейдімбековтің: «Эпостарымыздағы «адырнасын ала өгіздей мөңіреткен» - деп келетін жыр жолдары жырауларымыздың түсіне

кірген ассоциация емес, өмір шындығынан алынған» - деген сөзі ойымызды толықтырады [32, 148]. «Музыкальное начало не было отделено от движения, жестов, возгласов, мимики» [33, 30]. Демек, «дыбыс» пен «ым» сөйлеу тәсілі болған кезде «әуен» де табиғаттың дыбыстық құбылысы ретінде көшірме болып, адамның рухани қажетін өтеді. «Ұшқан құсқа үн қосты» - деген тіркес содан қалыптасты. Абыздар мен бақсылар көне дәуір мәдениетін таратушы, ерекше магия иелері болды. «Қобыланды батыр» жырындағы: Қыл қобызға жағады Қарағайдың шайырын немесе «Алпамыс» жырындағы [34, 71, 218]: «- Мынау серкелердің мүйізі, қабырға сүйегінен сырнай істеп қойдым, соны қыздардың жолына барып тарт, сені ұстап алып кім қылды деп сұрар, айтып қойма», Қобыландының қыл қобызы, Алпамыстың Кейқуатқа жасап берген «сырнайы» Батырлар қаладан шыққанда жанына үдешілер (Бабырша үдеші – музыкант деген) – қыл қобыздарын, сыбызғы, сырнайшыларын ертіп шыққан. Бұл дегеніміз түріктерде үдешілер мәдениеттің ерте заманнан жоғары болғандығын растайды. «Мимика – ішкі сезім тілі», «Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр» - дейді М. Жұмабаев [35, 196]. М. Балақаев: Мәдениетті адамның сөйлеу мәнері құлаққа жағымды болмақ – дейді [36, 74]. «Сөз мәдениеті» дегеніміз не? Кейде тәжірибеде «Тіл мәдениеті» дегенді қолайлы сезінеді. Екеуінің арасында бөлендей айырмашылық жоқ. Тіл мәдениеті тарихы өзінің бастауын өте алыстан алады. Ол өзінің тарихи көзін көне Шумер, Гректерден және көне Римдерден алады. Олар - сөз өнерінің теориялық және практикалық негізін қалады. «Сөз» өнері би – шешендердің тілі арқылы ауызша да, жазбаша да жетті. «Сөзге» тоқтау, айттым бітті «тіл кеспек болса да, бас кеспек жоқ» содан қалған. Тура биде туған жоқ болған. Билер институты дала заңын реттеп отырған. «Из истории ораторского искусства» тарауын қараңыз [37, 74]. Қазақ шешендік сөздерін арнайы зерттеген Әмина Маметова оның «Қазақ билерінің шешендік сөздері оның әдебиеттегі орны» (1945) кандидаттық диссертациясының ғылымда алатын орны ерекше. «Сөйлеу мәдениеті» (сөз мәдениетінің синонимі) орыс тілді әдебиеттерде үш түрлі мағынада қолданылады: а) сөз мәдениеті – құрылымы мен құрылысы, өзіндік құны оның коммуникативті қызмет жүйесін арттыра түседі; б) сөз мәдениеті – екіншіден, адамның білімі мен танымының жиынтығы, өзара қарым – қатынаста тілді қолданғанда мазмұнды сөйлеуге, қиналмай еркін сөйлеуге қолданылады; в) сөз мәдениеті – тіл мәдениеті саласындағы лингвистикалық білімі, коммуникативті сапасы [38, 6-7]. Сөз бен тіл мәдениет туралы айтқанда жарасым табады. Бірақ, бұл екеуін екі түрлі қарастыру да негізсіз емес. Тіл мен сөздің бірлігі мен айырмашылығы үлкен проблема. Бұл мәселелер «Жалпы тіл» білімінде қарастырылады. Дегенмен, тіл - қарым – қатынастың таңбалы тетігі; сөз – тіл таңбасының ізбасары,

берілетін ақпарат көздерінің сипатын, және тіл заңын орындайды; сөйлеу қызметі – адамның сөйлеу үшін бейімделген психо – физиологиялық организмнің жұмысы; мәтін – сөздің өте жетілген мазмұны, мазмұнды қалыптастырып, жеткізе білетін ауызша және жазбаша шығарма. Мәтіннің мазмұны – адамның ақыл – ойында қалыптасқан ақпараттың нақтылығы. В.В. Виноградов: «Но, кроме того, в каждой более или менее самоопределившейся социальной среде в связи с ее общественным бытием и материальной культурой складывается свой словесно – художественный вкус, связанный со специфическим отбором и оценкой разных выразительных средств общенародного языка» - дейді [39, 15].

Тіл мәдениеті қоғамдық орындарда адамның өз ойын нақты, мазмұнды жеткізуімен де айқындалады. 1950 жылдары Қазақстанда тіл мәдениетін зерттеу қолға алынды. Тіл мәдениеті халықтың жалпы мәдени дәрежесімен, әдеби тілдің қандай белесте екенімен тығыз байланысты. М. Балақаев: Әдеби тілдің жауы – анархия – дейді [40, 117]. Тіл мәдениеті өзінің табиғаты жағынан заттық және рухани мәдениетпен тығыз байланысты. Заттық және рухани мәдениеттер қазақ тілі арқылы ғана көрінеді, елден шыққан мәдениет, елі үшін тек қана өзінің ана тілі арқылы ғана іс – жүзіне асады. «Культура речи означает использование языковых средств, оптимальных для речевой ситуации» - дейді Л.И. Скворцов [41, 90]. Қазақтар үшін сөйлеуге тиімді сөз атадан – балаға мұра болып қалды. Ол – көбіне этномәдениетпен байланысты болды. Затқа сөз табу оның уәжімен тығыз байланысты. Зат бірден атауға ие болмай, көп жылдар тәжірибеден өтіп барып, белгілі құбылысқа байланысты уәжденіп барып атауға ие болды. К. Смағұлова бұған орай: «Қазақ халқының ең маңызды мәдени ұлттық ерекшеліктерінің бірі – жан – жақты қамтылған дәстүрлі мәдени үлгілеріндегі дағдылы ұлттық рәсімдері» - дейді [42, 37]. Тіл мәдениеті XI – XII ғасырларда сөз болғанын М. Қашқаридің еңбегінен білеміз. Ол: «Ең таза тіл – тек қана бір тілді біліп, парсылармен араласпайтын, жат – жұртқа барып – келіп, қарым – қатынасы жасамайтын адамдардың тілі» - дейді. Бұл – түркі тілінің тазалығы үшін күрес болса, оның тікелей мұрагері қазақ тілі үшін де қатысы бар деп ойлаймыз. XV ғ. Асан қайғыдан бастап барлық ақын - жыраулар қазақ тілінің тазалығы үшін күресті. XVIII ғ. Орыс тілінен қазақ тілін сақтап қалу үшін үздіксіз күрес жүрді. Осындай, нәтижелі тіл үшін күрестің салдарынан ғана қазақ тілі мың өліп, мың тірілді. «Әсіресе тіл мәдениетін сақтау, ана тілін жақсы білу - әркімнің азаматтық борышы, қоғамда атқаратын қызметінің тірегі» - дейді Құрманғалиева [43, 24].

Қазіргі әдеби тіліміз – халық тілінің жоғарғы формасы. Әдеби тіл дамыған сайын оның қоғамдық қызметі, стильдік тармақтары сараланып, нормалық жүйесі нығая түседі. «В области культуры русской речи в последние годы наиболее успешно развивались следующие теоретические направления: 1) вариантность норм; 2) функциональность в оценках нормативного характера; 3) соотношение внеязыковых и внутрилингвистических факторов

в становлении, развитии и функционировании литературных норм; 4) место и роль литературно – нормированных элементов в структуре национального языка; 5) культура речи в условиях двуязычия и многоязычия и некоторые другие» - деп жазылғанның кейбір элементтері біздің тілмізге де қатысты [44, 7]. Көп этникалық Қазақстан үшін әрине ұлттық тілді дамыту орынды. Қазақ тілі доминанттық рөл атқаруы керектігі айтпаса да түсінікті. Уақытша орыс тілі ресми тіл ретінде қызметін тоқтатқан емес. Басқа тілдердің де дамуына Қазақстан қамқорлық жасауда. Халықтар Ассамблеясы азшылық ұлттардың басын қосып, тұрақтылық пен бейбітшіліктің кепілі бола білуде. Н.Ә. Назарбаевтің: «Бірақ, қазақ тілін Қазақстандағы ұлттық топтардың барлығы да үйренетін болуы тиіс» - деген ұлағатты сөзі естерінде болар дейміз [45]. Еліміз егемендік алып, қазақ тілі әдеби тілге қатысты норманы сақтағанмен, мемлекеттік тіл ретінде өзінің толық қанды қызметін атқара алмай отыр. Бұған көптеген себептер бар. Тіл қоғамдық құбылыс оның дамуы тарихи үрдіске негізделген. «Әдеби тіліміздің сапасын арттырған сайын, тіл мәдениеті жақсара бермек» - дейді Қ. Есенов [46, 33]. Тілді тарихи мұра ретінде ұрпақтан – ұрпаққа жеткізуші ол – адам. Адамның өмірі этномәдени тұрмысымен байланысты екендігі айтылды. Біздің ғасыр - өзінің артықшылығымен тарихи ғасыр. Барлық ойлар мен біздің жауаптарымыз, шығармашылығымыз тарихи негізден басталып, тарих табалдырығында пісіп – жетіледі – деген екен 1841 жылы Белинский [47, 172]. Тіл мәдениеті туралы жазған Т. Қордабаевтің еңбектеріне де назар аударғанымыз жөн [48, 121 қараңыз: 167]. М.М. Копыленко: «Тем не менее наибольшее число этнолингвистических исследований касается именно лексика и фразеологии как такого яруса языка, в котором этнос находит наиболее яркое выражение» - дейді [49, 19]. Қазақтың этномәдениетіне байланысты Ш. Уәлихановтың: «Іле өлкесінің географиялық очеркі», «Қазақтың оқ – дәрісінің құрамы», «Егіншілік туралы», «Киіз үй», «Қазақтың молалары мен жалпы көне ескерткіштері жөнінде», «Қазақ шежіресі», «Тәңірі (Құдай)», «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы», «Аруақтар немесе онгондар - өлген ата – бабалардың рухы», «Қазақтардың космологиялық түсініктері», «Әуедегі құбылыстар», «Жаман көзден, ыбылыстар мен әр түрлі аурулардан сақтайтын - тұмар» т.б. атап өтуге болады.

Ы. Алтынсариннің: «Этнографиялық очерктерінде»: шарифат, үй сынық, жесір, тоқал, ілу, жыртқыс, кемпір өлді сүт ақы, сәукеле кигізу т.б. айтылады.

А. Құнанбаев шығармасында: күлдәрімен белін бұған, төркіні, жел ұшық, намаз шам, қалың, қансонар, томаға, найза, тымақ, насыбай, медресе, шөлмек, алтын бергек, елубасы, шар салып, жайлау, қыстау, аршопке, шапан, сабау, кереге, бөрік, тон, өлекшін, кәннің, бәйітсымал, қобыз, домбыра, шылдақана, малма сапсиды, ақ шомшы, керуен, күзеу, қарша, киіз, ұшпа, ком,

ылау, шүйінші, бойкүйез, бәңгі, шолпы, кәмшат бөрік, тұғыр, көйлек, кебін, үкі тақтық, барымта, қамқа, торғын тон, дулыға, сауыт, қылыш, шарайна, босаға, төр т.б. көптеген этномәдени лексика кездеседі [50, 677].

Ш. Құдайбердиев шығармасындағы этномәдени лексиканың кейбірін атап өтсек олар мыналар: ұрмақ, ұршықтай, шалбар, ноқталы, күсіп, төрт аяқты мал, қақпан, бота, құлын, лақ, козы, пішен, қынап, қанжар, жұлдыз, ай, жетіқарақшы, үркер, таразы, шолпан, темірқазық, қосбозат, шелді көз, уыздай келіншек, өміркеннен мәсі-етік, сукно, түлкі тымақ, ақ шарып, қымбат ішік, қыл шапан, бешпент, шалбар, сағат, калошмы, ер – тұрман, күміс, қалам, көрпе, қымыз, құрыш, мырыш, лапкесі, шылбыр, құдық, шыңырау, белбеу, сынық ине, таспа, қармақ, көже, талақ, желі, бағлаң, шақпақ, бүлдірге, мөңгүр, қора, бұқа, маймыл, өтеш, тауықтың айғыры, қанжыға, тарамыс, домбыра, гормон, дейбі, карта, сауыт, шатыраш, жесір, құрым үй, жебелі оқ, саптама, ақ сауыт, қын, қалпақ, тұзақ, күбі, ірімшік, шүмек, бақсы, ноқта, шебелет қалпақ, тар шалбар, қысқа сертек, шашақ сәкәкүл, таға, сақа, құндақ, нажағай, темірқазық, минут, шерік, қамшы, құрық, жанторсық, саптаяқ, таспық, сәлде, жайнамаз, еруліг, малта, ноқта, сәждә, кісен, асық, балгер, көсеу, желбау, ошақ т.б. [51, 547].

Тілдің сан – салалы қызметі туралы қажымай, талмай зерттеп жүрген ф.ғ.д, профессор Р. Сыздықова ... тілдің көркемдігін зерттеп, мақсаты мен талдау әдісі жағынан айырмашылығы бар: лингвистикалық стилистика; екіншісі – сөз мәдениеті – деп, жазды [52, 177]. Қазақ тілінің құпиясын байқаған Ө. Жәнібеков тіл мен адам психологиясын ұштастыра келіп: Байқап қарасақ адамның қайсы бір ұлтқа жататындығының өзі оның бет пішінінен ғана емес, халықтық дәстүрлермен байланыстылығынан да көрінеді екен. Асар – үмені, қонақ кәдені, ауылдың «алты аузын», бастапқыны (бастанғыны – болса керек-А.Қ.), келін ізетін, күйеу мізетін, той бастарды, беташарды, әужарды, басқа да кәде – жоралғыларды іштей ұғынып, жүрекпен сезінген адамның мерейі үстем болатыны тағы бар – дейді [53, 3].

Өнердің ерте кездегі мінездік сипаты синкретті болды. Синкрет – (грек. *synkretismos* - біріктіру) - әртүрлі көзқарастардың тоғысы. Көне діннің пайда болу жолы әртүрлі. Оларға: магия, фетешизм, тотемизм, эротикалық салт, жерлеу дәстүрі т.б. жатады. Негізгі түп - тамыры алғашқы адамдардың өмір тұрмысына апарды. Анемизм - Бұл терминді ғылыми айналымға ағылшындық этнолог Э.Б. Тайлор (1832 - 1917) енгізген. Ерте қоғамдағы адамның жеке құндылығының сенімі, сыртқы дүние әсерінің тылсым сырларымен астасып жатты. Алғашқы мифологиялық көзқарастармен тығыз байланысты болды. Анемизм (лат. *anima* – аруақ, жан) адамдардың табиғи сипаттарымен сапасымен айқындалады. Тайлор бұл сенім теориясының ядросы - барлық дін алғашқыда «тағы – пәлсәпә» «рух» «жанның» денеден бөліну қабілетіне байланысты болды. Бұл сенімнің бұлтартпастай дәлелі – түс көру,

галлюцинация, летарикалық түс көру кезеңі, жалған өлім, және тағы басқа түсініксіз құбылыстар жатады. Магия – діннің неғұрлым көне түрі. Магия (грек. *mageia* - волшебство) кейбір символикалық іс - әрекеттер мен дәстүрлер, сиқырлау және салт – дәстүрлер жатады. Ағылшын дінтанушысы, этнолог Джеймс Фрэзер (1854-1941) діннің алдындағы кезең дейді. Неміс этнологы, социологы А. Фирканд (1867-1953) діннің дамуының негізгі көзі деп қарайды. Орыс этнографы Л.Я. Штернберг (1861-1927) анимизмнің сенім – нанымның жемісі деп біледі. Фетишизм – (франц. *fetihe* – тұмар, амулет, идол) ерекше күш иесі сипатты жансыз заттарға табыну. Фетишизмнің табыну нысаны: тас, ағаш, т.б. заттар болуы мүмкін. Амулет – (араб. гамала - алып жүру) алғашқы кезеңдегі фетишизм мен магияға апарарды. Қазақтардың кейбірі түсінбесе де тұмар, аюдың тырнағын т.б. мойындарына іліп алады. Тотемизм – көптеген халықтың дінінде мал – жанға, ағашқа табыну ұшырасады. «Тағыларға» әлем жанды болып көрінді. Оның ішінде – мал – жан, ағаш та болды. «Тағы» өзінікі сияқты оларда да жан бар деп, олармен қарым – қатынас орнатты. Алғашқы адам малдың атымен өзін атады. Оларды өзінің «бауыры» деп атап, оның өліміне қайғырды, мұны: тотемизм – дейді. Тотемизм – (солтүс. Үнді ототем – оның табы) дегенді білдіреді. Тотемизм – ру мен өсімдіктер және жан – жануарлар (көбіне табиғат құбылысына байланысты) қандық байланысын, сенімді жатқызады. Рулық, фратриалдық (грек. фратрия-ағайындар), топтық, жыныстық және жеке тотемизм болады. Бұның қайсысы көне? Көптеген зерттеушілердің пікірі бойынша фратрий тотемін көне деп есептейді. Тотемизм – қазақтарда кездеседі. Мысалы: Әулиеге ат айтып, Қорасанға қой айтып (Қыз Жібек), Әулиеге ат айтып, Қорасанға қой айтып (Қобыланды, 39); Әулиенің сыбағасына жылқы атаған (күрбандыққа сойған) да, Қорасан (індет) кетсін деп қой сойған. Көбіне еркек малды атаған. Жас бала туғанда мойыны, бұғанасы, бел омыртқасы берік болсын деп, сойылған қойдың омыртқаларын тізіп жинап қойған. Туған ер баланың «жолдасын» көмгенде асықты қызылға бояп үш – төртеуін бірге көмген. Қойдың көрі жілігін шарбақ қораның шыталарына іліп қойған (Ш. Уәлихановты қараңыз) т.б. Бұлақты жерлерде, жалғыз жарым ағаш кездесе, «әулие ағаш» - деп әлем – жәлем ілген. Астана қаласында тотемизмнің белгісі болған «Алып бәйтерек» символикасы бой көтерді. С. Қасқабасов: «Адам мен жануарды бөлмеу, адамды екі кейіпті болады деп түсіну ол замандардағы миф кейіпкерін жартылай адам, жартылай жануар түрінде бейнелейді, яғни зооантропоморфтық образ жасайды. Бұл, әсіресе, тотемдік мифтерде кең етек алған, ал кейінгі дәуірлерде мифтің басқа да түрлерінде орын тепкен. Әдетте, көне тотемдік мифтерде бір рулы ел мен белгілі бір жануарлар тобының тотемдік атасы – бір аң деп баяндалады. Бұл мифтердегі кейіпкерлердің өзгеруі - әлі таза құбылу емес, бұл мақсатты құбылуға апаратын жол. Мақсатты құбылу кейін, мәселен, ертегі жанрының бір белгісіне айналады. Ал, тотемдік мифтегі қаһарман кейіпінің өзгеруі

шын мәніндегі құбылу деп саналмауы керек, себебі мұнда сол кездегі сана бойынша қаһарман адам кейіпінде де, жануар түрінде де көріне береді» - дейді [54, 69]. Тіл мен дін егіз ұғымдар. Діни лексика қазақ тілінен тыс өмір сүрмек емес. Діни лексика қазақ тілінің сөздік қорының бөлінбес құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақ тіліндегі діни лексикалар этномәдениетке дендеп енгені соншалықты оларды қазақ тұрмысынан бөліп қарастырудың өзі әбестік болар еді. Қазақ мәдениетін ислам дінінсіз көзге елестетудің өзі қиын. Араб жазуы қазақ мәдениетінің дамуына үлкен үлес қосты. В. Бартольд: «Арабский язык, как язык ислама и язык культуры, оказавшей несомненное влияние н культуру западной Европы, всегда привлекал к себе большее число исследователей среди европейских ориенталистов; научные успехи достигнутые этого отраслью знания, значительно превосходят успехи других отраслей востоковедения» - дейді [55, 154]. Қорқыт ата (VIII - IX ғ.) өмір сүргенмен шығармалары бергін жарыққа шықты. Сондықтан да шығармаларында оғыз - қыпшақ елінің салты мен тұрмысы кеңінен көрінеді. Қорқыт ата шығармасы Ислам діні дәуіріне деп келген соң мұсылман қағидалары, діни лексикалар ұшырасады. Темір досы, дін тұтқасы Мұхаммед көрікті, Мұхамедтің оң жағында намаз оқығанда Әбубәкір – Сыддық көрікті, «Ясин» аяты көрікті, пайғамбарлар, құран, күтба намазы, азан т.б. [56, 13-14]. Сол дәуірге жатқанымен, шығарамаларында діни лексика онша көп кездеспейді: Ислам шеңберіндегі суфизмдік ағымды ұстаған Әбунасыр Мұхаммед Ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Ұзлақ әл –Фараби Түркістандағы Фараб (Отырар) қаласында 870 жылдары туған.

Махмұт Қашқари сөдігінде көне түрік заттық және рухани мәдениет сөздері өте көп: ат, ок, ун, алб, от, ир, он, атыз, өкуз, ыдыш, уруғ, очак, азуқ, әтук, ічук, өрук, узум, еркөк такғу, арқар, орғак, алтун, улар, арпа, уғуршық, қын, канат, қылыч, көмәч, кобуз, қымыз, қамыш, кумуш, қорығ, балық, білік, тәзәк, төшәк, тішәк, көрук, көлук, келін, лачын, катун, тушақ, Ылан, көгән, қамчы, көкрә, тамға, қарға, көтмөн, қалқан, бузағу, қысғач, балдыз, сувлык, т.б. І. Кеңесбаев «Орта ғасырда қазақ халқының жазба дәстүрі болғанын бәріміз де құптаймыз. Өйткені өмірдің қиын тауқыметінен жазба дәстүріміз туыстас түркі тілдерімен астасып жатты» [57, 83] - дейді. Бұл келтірілген мысалдардан да айқын көрінеді.

Ахмад Яссауи шығармасында рухани мәдениет лексикасы кездеседі: өнер, білім, ой, ақыл, абырой, бақыт, уақыт, жұт, шырақ, жарық, әдептілік, құл, қызмет, нұр, құрмет, дәстүр, т.б. Ахмат Яссауи хикматларында: бисмиллох, хикмат, дафтари, ғариб, фақир, даргохиға, ғарибларын, Мадинаға Расул, мехнат, куъон, намоз, қазо, мухаббатни, шайтон, имон, нафсим, мактаб, суннат, кофир, нурға, рух, жибрил, хафтум, аласт, арвох, зикр, оллах, бобом, шароб, товба, азозил, иллийюн, иншоаллох, лаббайк, мул, укбо, олам, ориф, арш, азоб, жамол, чортер, чилтан, дарвеш, дин, адаб, ибодат, икки нур, каромат, мехмон, мефрож, нафс, зикр, муршид, нолмус, суфий софлык

бағыттағы және ара тұра ислам діни лексикалары ұшырасады [58, 254].

Ахмет Йүгінеки еңбегінде: дұға, кітап, дүние, жомарт, тілі, зиялы, саран, төкәпарлық, шапағат т.б.

Сүлеймен Бақырғани еңбегінде: құдай, құлшылық, тозақ, Алла, күнә, астағфиралла, дәрет, михнат, ғибадат, иман, құлшылық, зікір, шарифат, софылық, парыз, ораза, нәпсі, шапағат, мұсылман, әулие, уажиб, сүндет көбіне діни лексика кездеседі. Алтын орда – Қыпшақ дәуіріндегі әдебиеттен: Рабғузидің «Нух` алайһи с – салам хикаялары», «Сүлеймен алайһи с – салам хикаялары», «Харут пен Марут хикаялары»; Хусам Кәтибтің «Жұмжұма сұлтан» нағыз мұсылман дінін уағыздаған шығармалар. Өз кезінде, қазір де құндылығын жоймаған иманияттыққа, мұсылман мәдениетіне шақыратын еңбектер болып табылады. Діни лексика сияқты ислам мәдениеті де қазақ мәдениетінен бөлек дүние емес. Қазақтар қазақ тілінде сөйлейтіндер, діни тұрғыда сөйлейтіндер болып екіге бөлінбейді. Демек, қазақ мәдениеті, мұсылман мәдениеті деген де жоқ. Бір тұтас ислам мәдениеті шеңберінде өркен жайған қазақтың ұлттық мәдениеті деген бар. Сол сияқты қазақ тіліне етене сіңісіп кеткен діни лексика (терминдер) деуге болады тілімізде қалаптасып күнделікті сөйлеу тіліне айналды. Діни лексика тек қана адамды жерлеген рәсімдерде ғана қолданылады, қожа, молдалардың, мешіттің «кәсіби лексикасы» десек қатты қателесеміз. Діни қағидаларды «кәсіби лексикаға» айналдырып жүргендер шын мәніндегі «дүмше молдалар», «дінді апынға» қалай айналдырғанын білмей қалған, ислам әлемінен, мәдениетінен жүрдай, хабары жоқ, сауатсыз дін иелері екендігін неге жасырамыз. Жалпы, қазақ тілінде «тіл және дін» туралы аз айтылып келді, теориялық еңбектер жоқтың қасы. «Жалпы тіл білімі» [59] «Тіл білімінің негіздері» [60] - деген еңбектерде мүлдем сөз болмайды. Кенес дәуірі кезеңінде «діни лексика» мәселесі жабық тақырып болып келді. «Тіл және дін» туралы айту басынды қатерге тігумен пара – пар болды. Бір тұтас қазақ әдебиетінен ғасырлық мәдениет алынып тасталды. Қазақ әдеби тілінің дамуына ықпалы бар «діни лексикалар» туралы мүлдем сөз болмады. Бірақ, орта ғасыр жазба ескерткіштерінің тілі - Г. Абдрахманова [61, 49], А.К. Құрышжанов [62, 49], М. Оразов [63, 279], Э.Н. Наджип [64, 162], А. Ибатов [65, 211], Ескі түркі жазба ескерткіштері [66, 81, 123], туралы зерттеулер т.б. лингвистикалық талдауға түсті. Түбі «тіл және дін» - атты тарау толығынан қайта қаралады деген үмітімізде жоқ емес. Ислам діни конфуци – даосистік және үнді – будда және хрестиян дініне карағанда жас дін. Оның шығуы VII ғасырдың бірінші жартысына жатады. Араб жерінде көне арабтар тайпасы өмір сүрді [67, 194]. Исламның негізін қалаған Мұхаммед пайғамбар болды [68, 250]. Мұсылмандар бір ғана Аллаға ғана сенеді. Құдай, әлем туралы шындықты айту үшін арнаулы адамдар пайғамбарлар таңдап алынды. Ең соңғы пайғамбарымыз Мұхаммед болды [69]. Басқа ерте уақыттағы пайғамбарлар: Адам, Ной (Нұх), Авраам,

Мұхтар Құл – Мұхаммед [82] т.б. қазақ тілінің болашағы жайында сөз қозғады. Мемлекеттік тіл шыны керек «Баяғы жартас бір жартас» күйінен бір таңбады. Жетім бала «Көркемтайдың» күйін кешкелі қашан. әл-Фрабидің өзі тіл ғылымын басқа ғылымдардан жоғары қойды [83, 47]. Қазақ тілінің мемлекеттік статусы бола тұра неге өз дәрежесінде қолданылмайтыны туралы Б. Хасанов аталған мақаласында 17 сұраққа бейресми түсіндірме берді сонда барлық жайттар анық айтылған. «Конституциялық Кеңес тіл заңы саласындағы осы атап көрсетілген және атап көрсетілмеген қайшылықтарды біржолата жою үшін «Қазақстанның мемлекеттік тілі туралы» жаңа заң қабылдауын талап ету әділ болары сөзсіз» - дейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Краткий философский словарь. Под редакцией М. Розенталя и П. Юдина. Политиздат при ЦК ВКБ (б). 1940. – С. 323-324.
2. Төкенов Ө. С. Мәдениеттану негіздері. – Алматы: Дайк пресс, 2001. – Б. 63.
3. Тимошинов В. Культурология. – Алматы, 2001. – С. 101.
4. Копыленко М.М. Основы этнолингвистики. – Алматы: Евразия, 1995. – С. 19.
5. Ғабитов Т., Мүтәліпов Ж., Құлсариева А. Мәдениеттану негіздері. – Алматы: Дәнекер, 2000. – Б. 146.
6. Мұқтарұлы С. Шоқан және өнер. – Алматы: Өнер, – 1985. - 216 Б.
7. Хусайнов К.Ш., Жубанов М.Х. Проблемы фоносемантического деривации. – Алматы: Ғылым, 1998. – Б. 69.
8. Культурология. История мировой культуры. – Москва: UNITY, 2000. – С. 57-58.
9. Батманов И.А. Грамматика киргизского языка. Выпуск 1. – Казань: Киргизское государственное издательство, Фрунзе, 1939. – С. 54.
10. Копыленко М.М. Основа этнолингвистики. – Алматы: Евразия, 1995. С. 71.
11. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1991. – Б.10 -25.
12. Қайдаров А.Т., Керимбаев Е.А. Этнолингвистические аспекты казахской ономастики // Известия Ан КазССР Серия филологическая, 1990, № 3. – Б. 5.
13. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1991, – Б. 26 – 38.
14. Копыленко М.М. Основы этнолингвистики. – Алматы: Евразия, 1995, – С. 19.
15. Седельников А.П. Распределение населения киргизского края по территории, его этнографический состав, быт и культура // Абай, №8, 1993. – Б. 20.
16. Ғабитов Т., Мүтәліпов Ж., Құлсариев А. Мәдениеттану. – Алматы: Дәнекер, 2000. – Б. 48-49.

17. Щерба А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Ленинград: Наука. Ленинградское отделение, 1970. – С. 110.
18. Джунисбеков А. Сингармонизм в казахском языке. – Алматы: Наука, 1980. – С. 9.
19. Звигенцев В.А. История языкознания XIX и XX веков в очерках и извлечениях. Часть 1. Государственное учебно-педагогическое издательство Министерства просвещ. РСФСР. – Москва, 1960. – С. 205.
20. Рабитов Т., Мүтәліпов Ж., Құлсариева А. Мәдениеттану негіздері. – Алматы: Дәнекер, 2000. – 52 -54.
21. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – Б. 13 – 14.
22. Ведение в культурологию. – Москва: ВЛАДОС, 1995, – С. 87.
23. Құран кәрім. 1991. – Б. 342.
24. Томсен В. История языковедения до конца XIX века. Государственное учебно-педагогическое издательство Наркомпроса РСФСР. – Москва-1938. – С. 32.
25. Березин Ф.М. История советского языкознания. – Москва: Высшая школа, 1981. – С. 103.
26. Введение в культурологию. – Москва: ВЛАДОС, 1995. – С. 84
27. Культурология. – Ростов – на – Дону: ФЕНИКС, 1995. – С. 34 -35
28. Культурология. – Москва: ЦЕНТР, 2000. – С. 67.
29. Седельников А.П. Распределение населения киргизского края по территории, его этнографический состав, быт и культура // Абай, №8. 1993. – С. 20.
30. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, – Б. 314-317, 275 - 283.
31. Копыленко М.М. Основы этнолингвистики . – Алматы: Евразия, 1995, – С. 21.
32. Сейдімбеков А. Күнгір – күнгір күмбездер. – Алматы: Жалын, 1981. – 148.
33. Культурология. – Москва: ЮНИТИ, 2000. – С. 30.
34. Ақсауыт. Батырлар жыры. Екі томдық. – Алматы: Жазушы, 1977. – Б. 71, 218.
35. Жұмабаев М. Тандамалы. – Алматы: Ғылым, 1992. – Б 196.
36. Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы: Жалын, 1971. – Б. 74.
37. Адамбаев Б. Казахское народное ораторское искусство. – Алматы: Ана тілі, 1994. – С. 74.
38. Головин Б.Н. Основы культуры речи. – Москва: Высшая школа, 1980. – С. 6 – 7.
39. Виноградов В.В. Язык Гоголя и его значение в истории русского языка // Материалы и исследования по истории русского литературного языка. Том III . – Москва: Издательство академии Наук СССР, 1953. – С. 15.

40. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. – Алматы: Қазақстан, 1971. – Б. 74.
41. Скворцов Л.И. Теоретические основы культуры речи. – Москва: Наука, 1980. – С. 90.
42. Смағұлова К.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық – мәдени аспектілері // ф.ғ.д., ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертацияның авторефераты. – Алматы; 1998. – Б. 37.
43. Құрманғалиева С. Қазақ тілін тереңдетіп оқыту. – Алматы: Қазақ ССР-нің Ғылым баспасы, 1984. –Б 24.
44. Основы культуры речи. Хрестоматия. – Москва: Высшая школа, 1984. – С. 7.
45. Назарбаев Н. Ә. Ортақ үйіміздегі тыныштық – баршамыздың әрбір қазақстандықтың игілігі. Қазақстан Халықтары Ассамблеясының сесиясында президенттің жасаған баяндамасы. // Сарыарқа самалы. №9 (12956), 1999.
46. Өрелі өнер (Тіл мәдениеті туралы) – Алматы: Ғылым, 1976. – Б. 33.
47. Белинский историк и теоретик литературы. – Москва –Ленинград: Наука, 1949. – С. 172.
48. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Рауан, 1991. – Б. 121; Қазақ тілі білімінің қалыптасу, даму жолдары. – Алматы: Рауан, 1995. – Б. 167.
49. Копыленко М.М. Основы этнолингвистики. – Алматы: Евразия, 1995. – С. 19.
50. Құнанбаев А. Шығармаларының бір томдық жинағы. – Алматы: 1961. – Б. 677.
51. Құдайбердиев Ш. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1988. – Б. 547.
52. Сыздық Р. Сөз Құдіреті. – Алматы: Санат, 1977. – Б. 177.
53. Жәнібеков Ө. Ата-баба мұрасы: уақыт пен өмір талаптары тұрғысынан // Егеменді Қазақстан. 1992. 3 қазан. – Б. 3.
54. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. –Алматы: Ғылым, 1984. 69 б.
55. Бартольд В. История. Изучения Востока в Европе и России. Лекции, читанные в университете и в Ленинградском институте живых восточных языков. – Ленинград: Издание второе..1925. – С. 154.
56. Қорқыт ата кітабы. – Алматы: Жазушы, 1994. – Б. 13 -14.
57. Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімі туралы зерттеулер. – Алма-Ата, 1987. – Б. 83.
58. Ахмад Ясауи. Хикматлар. – Тошкент: Ғафур Ғұлам номидаги Адабиет ва санъат нашриети, 1990. – Б. 254.
59. Қордабаев Т. Жалпы тіл білімі. – Алматы: Мектеп, 1983.
60. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 1993.
61. Абдрахманова Г.Х. Қожа Ахмед Яссауидің «Диуани хикмет» тіліндегі септік жалғауларының сипаты // ф.ғ.к., кан. ғылым дәр. алу. үшін. жаз. диссерт. Авторефераты. –Алматы, 2000. 49 - б.

62. Құрышжанов А.К. Исследование по лексике <тюркского – арабского словаря - Алма –Ата, 1970. - С.49.

63. Оразов М. Семантика Казахского глагола (Опыт семантической классификации) // Диссертация на соискание ученой степени док. фил. наук. –Алма –Ата, 1983, - С. 279.

64. Наджип Э.Н. Тюркоязычный памятник XIV века «Гулистон» Сейф Сараи и его язык. Часть первая. –Алма-Ата: Наука, Каз.ССР, 1975. - С. 162.

65. Ибатов А. Кутбтың «Хусрау уа Шірін» поэмасының сөздігі. –Алматы, 1974. - 211 б.

66. Ескі түркі жазба ескерткіштері туралы зерттеулер. Ибатов А. Қышпак Берке Фақиһтың тілі, 81 б; Сағындықұлы Б. XII ғасыр ескерткіші «Ибат – ул – Хақайықтың тіл ерекшеліктері» 123 б; –Алматы: Наука издат. Каз. ССР, 1983.

67. Введение в культурологию. –Москва: ВЛАДОС, 1995. - С. 194.

68. Культурология. История мировой культуры. –Москва: ЮНИТИ, 2000. 250с.

69. Мұхаммед пайғамбардың өмірі. –Алматы: Жазушы, 1994.

70. Мустафина Р.М. Представления, культы, обряды у казахов. –Алма – Ата: Қазақ университеті, 1992; Өсеров Н., Естаев Ж. Ислам және қазақтардың әдет – ғұрпы. –Алматы: Қазақстан, 1992.

71. Жолдасбеков М. Рух эволюциясы Н. Назарбаевтың «Сындарлы он жыл» («Критическое десятилетие») атты тың туындысы хақында // Егеменді Қазақстан. 2003, № 35 - 36 (23236) - 3 б.

72. Нурпейсова Ш.А. К чистому роднику традиции (сұхбат) //Заман –Қазақстан. 1997. №19 (192).

73. Наурызбаева З. Духовность как источник нормативного регулирования традиционного общества // Заман Қазақстан. 1997. № 22 (195).

74. Наурызбаева Ә.Б. Мәдениет жаратушы – адам еңбегімен қымбатты (сұхбат) // Заман Қазақстан. 1997. № 8 (181); № 9 (182).

75. Иманбек Е.Б. Культурономика – образ будущего для Казахстана // Заман Қазақстан. 1997. № 14 (187).

76. Егеменді Қазақстан. 2003. № 127-130 (23340) // Египетте Араб республикасының астанасы Каир қаласында дүние жүзінің 70 – ке жуық елдерінің бас қосқан «Ислам уммасының болашағы» атты үлкен халықаралық конференция болып өтті.

77. Егеменді Қазақстан. Ұлт мәйегі – мәдениет. Мұхтар Құл –Мұхаммедтің «Ұлттық мәдениеттердің тарихи сабақтастығы» атты халықаралық конференцияда сөйлеген сөзі. 2003. № 139 (23349).

78. Қазақ Советтік Социалистік республикасының Тіл туралы Заңы. –Алматы: Қазақстан, 1989.

79. Айтбаев Ө. Сөз түзелді тындаушы сен де түзел // Егеменді Қазақстан. № 134 (23344). 2003 жыл. 31 мамыр.

80. Хасанов Б. Заңның күші – тілдің сұсы // Егеменді Қазақстан. № 150 (23360) 2003 жыл 21 маусым.

81. Ақатай С.О. Сүлейменовтың «Тарихқа дейінгі түріктер» деген кітабының «Түрік тілі мен жазуының шығу тегі хақында» (аударған) Түрік тілі мен жазуының шығу тегі хақында // Заман Қазақстан. №27 (434) 4 шілде, 2003 жыл.

82. Мұхтар Құл – Мұхаммед. Ұлт тірегі – тіл // Ана тілі. №19 (648) 2003 жыл, 15- мамыр.

83. Көбесов А. Әл Фараби. – Алматы: Қазақстан, 1971. - 47 б.

Резюме

При изучении истории, этики и культуры казахского народа прослеживается огромное богатство языка и его развитие рассматривается в данной работе в четырех разделах. Такое исследование дает возможность изучить общую историческую лексикологию.

Resume

In the study of history, ethics and culture of the Kazakh people one can trace great wealth of the language and its development. The author does this in the given work in four sections. Such research gives an opportunity to study general historical lexicology.

ӘӨЖ: 81,42

МӘТІН СТИЛИСТИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН БАҒЫТТАРЫ

А. Утанова

Қазақ гуманитарлық заң университет, Астана қ.

М. Шындалиева

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

XX ғасырдың орта тұсынан басталған әдебиетті стильдік тұрғыдан зерттеу мәселесі стилистиканы бірнеше салаға бөліп қарастыруды қажетсінді. Қазақ тіл білімінің атасы, ұлы ғалым А. Байтұрсыновтың еңбектерінде де стилистика мәселесі жіті қарастырылған. Ғылыми болмысты игеретін тәсіл – ғылымның қоғамдағы орны мен мәні өте биік. Ғылым болмысты игеруде жалпылама білімді анықтауға әрекеттенеді, анықтаған соң жалпылама білімді (ұғымды) ғылыми ізденістердің негізі ретінде қалыптастырады. Ғылымның

осы әрекеті табиғи, яғни ғылыми заңдылық, себебі жалпылама білімсіз объективтік табиғи болмыс толық және әділ зерттелуі мүмкін емес. А. Байтұрсынов ғылымның болмысты игеретін негізгі тәсіл екендігін, жалпылама ұғымды, білімді анықтаған соң, оларды өзіне негіз тұтатындығын өте жақсы түсінген, сөйтіп өз зерттеулерінде ғылымның тәсілділігін, ұғымның, білімнің жалпыламалығын жоғары деңгейде пайдаланған. А. Байтұрсынов қазақтың барлық сөзінің түбірі өзгермейтінін нақты мысалдармен дәлелдейді де, «ғылыми ақиқат», «жалпылама ұғым» деген сияқты өткір терминдер ұсынған. Бұлардан шығатын қорытынды – стилистика мәселесін ұлы ғалым ақиқаттан гөрі ұғым деген өлшемге лайық деп тапқан. Ахаң тіл үш негізгі қызмет атқарады: қарым-қатынас қызметі, хабарландыру қызметі, әрекеттендіру қызметі,- деп жазады [1, 189 б.]. Осы үш қызметтің кеуі (хабарландыру, әрекеттендіру) – ғылыми стильдің негізі болады. Яғни барлық ғылыми стиль мәтіндерінде жаңа ғылыми дерек, заңдылық жайында хабар болады. Және сол ғылыми дерек ереже, шарт, анықтама ретінде қолданылып, олар ойға тілдің әсер ету (әрекеттендіру) функциясы арқылы жеткізіледі. Ғылыми стильді лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлар қалыптастырады. Экстралингвистикалық фактор – ғылыми мәтіндердің тілдік ұғымдардан тыс ұғымдарды, шарттарды сақтайтындығы, яғни нақтылық, біройлылық, көркемсөздік, бейэмоциялық, жалпыламалық, күшейтпеушілік, жекелеңдірмеушілік, объективтілік, әділдік, шындық сияқты қалыптардан ауытқымауында жатыр. Барлық стильдің тілдік стандарттары мен сыртқы құрылымдық стандарттары да болады. А. Байтұрсынов мәтіндерді абзацқа бөлу, тиісті тіл материалдарын қатар-қатар орналастыру, іштей ұсақ тараушаларға бөліп алу, ойдың желісін сақтау сияқты мәселелер жалпы мәтіннің сыртқы құрылымдық стандартын қалыптастырады деп дұрыс тұжырымдама ұсынған. Белгілі бір қаламгердің шығармасындағы тілдік құбылыстарды қарастырудың негізгі бір саласы оның стильдік ерекшеліктерін тану мәселесімен байланысты. Стиль категориясы тіл білімінің барлық саласын қамтиды. Ол тілге де, әдебиетке де тән құбылыс болғандықтан, жалпыфилологиялық ұғым. Әсіресе, әдеби стильді сөз еткенде, әрбір жазушыға тән стильдің өзіндік ауқымы, дүниеге көзқарасы зерттеуге тұрарлық нысан болып табылады. Жеке стильде тек тілдік жүйе ғана емес, идеялық мазмұн да көрініс табады. Осыдан келіп әдеби стильдің лингвистикалық стильден ажырайтын бір ерекшелігі шығады. Әдеби стильдің көрсеткіші таңба, сөз, сөз тіркесі, сөйлем, жалпы мәтін бола тұрғанмен, олар жаңа эстетикалық типтегі белгілі бір идеялық мағынаның көрсеткіштері. Әдебиеттегі стиль мәселесі шығарманың идеялық мазмұнымен, жанрлық-құрылымдық, поэтикалық тілімен байланысты болады. Лингвистикалық тұрғыдағы стиль мәселесі де осылай саралауды, өзіндік компоненттерді ажыратуды талап етеді. Алайда әдебиеттану жағынан да,

лингвистика жағынан да стиль мәселесінің алшақ кетіп қалатын тұсы жоқ. Мәтін стилистикасы жазушы стилін айқындауда базалық рөлге ие болады. Ғалымдар оқытуға алынатын мәтіндердің стильдік ерекшелігіне де мән береді. Мысалы, Е. Никитина кітап тіліне байланысты әдебиет тілінің стилі, ғылыми стиль, көпшілікке бағытталған ғылыми стиль және баспасөз стилі деп бөледі. Ал оқытуға арналған мәтіндерді оқу мәтіндері деп бөледі. Қазақ тілінің стилистикасын зерттеуші ғалымдар Қ. Жұмалиев, Ф. Мұсабекова, М. Балақаевтар сөйлеу стилі, кітаби жазба стильдер, іс қағаздары мен ресми стиль, ғылыми стиль, көркем сөз стилі деп бөлгені белгілі. А. Жапбаров қазақ тіліндегі стильдерді былайша жіктейді: 1. Ауызекі сөйлеу стилі. 2. Кітаби жазба стиль. 3. Ресми іс қағаздар стилі 4. Ғылыми-техникалық әдебиет стилі. 5. Публицистикалық стиль. 6. Көркем әдебиет тілінің стилі. Көрсетілген мысалдар оқытуға алынатын мәтіндердің түрлі стильді қамтуы қажет екендігін дәлелдейді. Мәтін арқылы тілдік қатынастың барлық түрі үйретіледі: мәтінді оқыту әрекетімен бірге, мәтін бойынша әңгімелесу арқылы сөйлеу әрекетіне, мәтін бойынша сұрақ-жауап арқылы тілдесім әрекетіне, мәтін бойынша мазмұндама жазғызу арқылы жазу әрекетіне, мәтін бойынша ойын жеткізе айту әрекетіне үйретіледі. Ф.Ш. Оразбаева тілдік қатынасқа байланысты сөйлесім әрекеті (речевая деятельность) деп танып, оған төмендегідей анықтама береді: «Сөйлесім әрекеті белгілі бір ойды, хабарды, не деректі баяндау және оны екінші біреуге жеткізу арқылы онымен түсіністікке жету»- дейді. Ал тілдік қатынасқа байланысты сөйлесім әрекетінің өзін іштей беске бөледі: оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім. Автор бұл сөйлесім әрекетінің әрқайсысына анықтама бере келе, тілдік қатынасқа байланысты сөйлесім әрекеттерінің барлық түрі мәтін арқылы үйретілетінін баса айтады. Бұл айтылғандардан сөйлесім әрекетіне қажет, тілдік қатынас қызметін атқаруға керек тілдік тұлғалардың бәрін мәтін арқылы үйретуге болатыны анықталады. Осымен байланысты мәтін таңдауға белгілі талаптар қойылады. Ол талапты жалпы алғанда үшке топтауға болады: 1. Мәтіннің лингвистикалық мақсаты. 2. Мазмұнының танымдық ұстамы. 3. Әдістемелік нысанаға сәйкес болуы керек. Бұларды мәтін таңдауға қойылатын шарттар деп санауға болады [2, 141 б.]. Функционалдық стильдер – жұмсалыу мақсаты, атқаратын рөлі, қолданысы деген мағынаны білдіреді. Стиль өмірдің белгілі бір саласында қолданылып, тарихи қалыптасқан тілдік құралдар жүйесі болғандықтан, тілдің қатынас құралы ретіндегі неге, не үшін жұмсалатындығы өткен ғасырдың қыркыншы, елуінші жылдары зерттеле бастады. Зерттеушілердің қай-қайсысы да тілдің әлеуметтік қызметіне мақсаттық стильдердің қатысты екендігін жоққа шығармайды. Сондықтан академик В. Виноградов тілдің әлеуметтік қызметінің түрлерін қарым-қатынас (общение), хабарлау (сообщение) және әсер ету (воздействие) деп бөледі де, соларға сәйкес біріншісі – тілдің

күнделікті сөйлесу стилі, екіншісі – іс қағаздары, ресми құжаттар және ғылыми стиль, үшіншісі – көркем әдебиет пен публицистика стилі деп таниды. Тілдің әлеуметтік қызметіне қарай стильдік бөлінісі тіл элементтерінің: сөздердің, грамматикалық амалдардың, көріктеу құралдарының әр түрлі қарым-қатынас саласында, яғни коммуникативтік ортада жұмсалып тәсілдері, қолданылу жиілігі, тіркесу қабілеттері ескеріледі. Тілдік стильдерді ауызша және жазбаша стиль деп бөлуге болады. Функционалды стильдердің тарамдала түсуі жазба әдеби тілге, әсіресе ұлттық әдеби тілге тән құбылыс. Қазақтың ұлттық жазба әдеби тілі XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қалыптасты. Оған дейін әдеби тілде негізінен көркем поэзия стилі және проза түрінде айтылған ауызша шежіре стилі эпистолярлық стиль болды. XIX ғасырға дейін қазақтар қолданған шежіре стилінің де өзіне тән белгілері болды. Жалпы жазбаша шежіре стилін жартылай ғылыми стильге жатқызуға болады. Іс қағаздар стилінде сөйлемдер толымды, жақты болады. Онда қаулы етеді, қаулы етіледі, шешім қабылдады, тапсырылсын, міндеттелсін, шара қолданылсын деген сияқты дәл, қалыпты үлгілер қолданылады. Ғылыми стильде сөздер дәлме дәл болумен қатар, бірізділік қатаң сақталады. Сабатас сөйлемдердің басыңқы сыңарлары ойдың негізгі бөлшегі болып, бағыныңқы сөйлемге ерекше мағыналық қызмет жүктейді. Публицистикалық стиль терминдер мен қалыпты сөз тіркестерімен жасала тұра, метафоралық қолданыстар, тұрақты тіркестер сөздің тура және ауыспалы мағыналарын жиі қолданады. Көркем әдеби стильде образды әсерлі сөздер мен сөйлемдер жиі қолданылады. Тіл білімінде стилистиканың зерттеулеріндегі еңбектерге сүйенсек, стилистиканың нақты жүйеленіп, жалпы қабылданған анықтамасы жоқтың қасы. Бұның басты себебі стилистика саласының өзінің қалыптасу процесінде әртүрлі бағыттар құрамында баяу дамығаны байқалады. Осыған байланысты соңғы кездері стилистика ғылымының зерттеу нысаны көркем сөйлуді зерттеу шекарасының алшақтап түскенін көрсетеді. Жалпы алғанда, стилистикаға сөйлеу көркемдігі құралдары туралы және айтылым мазмұны, мақсаты, қарым-қатынас жағдаяты мен саласына тәуелді тілдік бірліктерді тиімді қолдануға негізделген тіл қызметінің заңдылығы туралы лингвистикалық ғылым деген анықтама беруге болады. Осыған орай қарым-қатынастың түрлері және әлеуметтік маңызы бар салаларға бөлінуін төмендегідей топтастыруға болады: ғылыми, көркем, публицистикалық, іскери т.б. Осыған байланысты бұлар функционалды стильдерге бөлінеді [3, 44 б.]. Кейде стилистикаға тек тілдің «бейнелі құралдары туралы ғылым» деген анықтама беріледі. Мұндай түсініктің әсерінен стилистиканың функционалды аспектісі тарылып, ал оның пәні тіл еңбектерінің стилистикалық болуымен ғана шектеледі. Барлық мүмкіндіктерді ескере отырып, стилистика тек функционалды стильдер туралы ғылым деп анықтама беру жеткіліксіз, өйткені, стилистика тарихында тілдің стилистикалық ресурстарын зерттеген

дәстүрлі бағыты дамығаны байқалады. Сонымен қатар, функционалды стильдерді қалыптастыруға әртүрлі бейнелеуіш құралдар қатысады, олардың құрамын зерттеу бірден стилистикаға келіп тіреледі. Осыған байланысты жоғарыда келтірілген анықтама тарихи тұрғыдан ақиқатты өмірге сай, әрі толық түрде берілген. Демек, бұл анықтаманы жалпы стилистиканың анықтамасы деп қорытындылауға болады. Ол стилистикалық зерттеулерде тарихи қалыптасқан негізі екі бағытына (аспектіге) сәйкес төмендегідей жіктелініп көрсетіледі: 1. Тілдік контекстен тыс стилистикалық ресурстары туралы (қысқаша айтқанда «ресурстар стилистикасы») – бұл аспект, құрылымды әрі қатарлы болып келеді; 2. Әр түрлі қарым-қатынас саласында тілді функционалдыру заңдылығы туралы (функционалды стилистика) – аспект коммуникативті болып табылады. Осы бағыттың негізімен көркем сөйлеу стилистикасын оның зерттеу объектісінің өзгешелігімен осы саладағы зерттеулердің кең ауқымды қамтуына қарай оны ерекше бөліп қарауға болады. Бірақ көркем сөйлеу жалпы өзіндік белгісі аспект ретінде қаралатын функционалды стилистика ішінен бірнеше түрге бөлінетінін ескеру қажет. 3. Бұдан ерекше сипатта қаралатын көркем сөйлеуді зерттейтінін, нақтырақ айтқанда «Көркем әдебиеттің тілі мен стилі» деген тағы бір бағыт бөлініп шығады. Негізінен алғанда, көркем әдебиет стилі туралы ғылым В.В. Виноградов еңбектерінен бастау алды. Ғалым стилистиканы «Көркем әдебиет тілі туралы» зерттеуінде ерекше пән ретінде жан-жақты сипаттаған. Осы бағыттағы зерттеулерге көркем әдебиет стилистикасы да жатады. 4. Нормативті және қолданбалы аспект туралы Г.О. Винокур еңбектеріндегі тұжырымдарға сүйенсек: «Мәдениетті жазу мәселесімен практикалық пән ретінде нормативті-лингвистикалық стилистика түсінігі байланысты» деп тұжырымдалған. Бұл мәселеге басқаша қырынан қарағанда, бұл аспект ғылымының ерекше бағытын құрамайды, оның міндеті-теориялық стилистика ұстанымдарын өмірге әкелу, стилистикалық сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеу. Бұған негіз тілдің стилистикалық ресурстары мен оның қызметі заңдылықтарын білу болып табылады, олар стилистиканың нормаға сай сөйлеуді құрудың тәжірибелік дағдыларын қамтамасыз етеді. Осыған байланысты оқу пәні ретінде практикалық стилистика және стилистиканы оқыту әдістемесі туралы айтуға болады. Қазіргі таңда тілдің стилистиканың ресурсын зерттейтін бағыт барынша дәстүрлі болып келеді. Бұл сипаттама, басқаша айтқанда, стилистикалық немесе құрылымдық стилистика болады. Ол тілдің стилистикалық бояу құралдарын бейнелеуіштік мүмкіндіктері мен сөздің, форманың, конструкциясының семантика-функционалды реңкін, сонымен қатар тілдік бейнелеуіш құралдарын т.б. зерттейді. Осы ғылымның негізгі аспектерінің біріне, яғни, тілдің стилистикалық тіл жүйесінің әртүрлі деңгейіндегі синонимиясына кейбір тілші-ғалымдар, мәселен, А.Ц. Горшков бұған қызметтік рөлдегі бағыт деген баға береді [4, 27 б.]. Орыс әдеби тілінің

калыптасу процесінде оның екі формасының, яғни жазбаша және ауызша формасының өзара ықпалы зор мәнге ие болғаны белгілі. Бір кездері славян тілдері түрлерінің ықпалында болған дәстүр бойынша кітаби жанрларда ғана қолданылған тілдік құралдар әдетте ресми стилистикалық сипатқа ие болған. Сонымен қатар шешендік өнердің экспресивтілік ренкі сипатын иеленген. Осы құралдар шарты түрде кітаби құралдар (немесе кітаби стильдер) деген атауға біріктіріледі. Ауызекі тілдің тіл бірліктері әдеби салада да қолданылады, олар еркіндік, тіпті тұрпайылықтың бай экспресивті бояу сипатын ұсынады. Олардың бәрін ауызекі тіл немесе қарапайым тіл (әдеби ауызекі тіл) деп атайды. Кітаби және ауызекілік тіл құралдары тіл жүйесінің әртүрлі деңгейінде болды (бірақ олардың саны бірдей емес): фонетикалық, лексикалық, фразеологиялық, сөзжасамдық, морфологиялық, синтаксистік. Кейде осы бірліктер бір-біріне және «бейтарап» (бойусыз) сөздерге де синоним болады. Осы құралдарды зерттеу сипатталып отырған стилистикалық бағыттың нысанын құрайды. Ол құралдар құрамын, тіл стилистикасының құрылымдық аспектісін бейнелейді. Негізінен, ол бастапқыда (диахронияда) бәрібір тілге байланысты болады. Тек стилистиканың даму тарихында ғана емес, сонымен қатар оқыту процесінде де «ресурстар стилистикасынан» өзге де стилистика бағыттарына ауысып кетуі заңды құбылыс. Функционалды стилистика қандай да бір байланыс саласындағы коммуникативті міндетке тәуелді тіл қызметінің заңдылығын зерттейді. Ол бәрінен бұрын функционалды стильдердің айтылу жүйелігі мен өзіндік қызметі және өзге де функционалды-стильдік ерекшеліктерді, яғни «стиль ішіндегі» жанрлық жағдаяттық және тағы басқаларды зерттейді. Оның міндетіне тілдің жеке стилистикалық мүмкіндіктерін қарым-қатынас мақсаты мен міндетіне, мазмұн сипатына, ойлау формасына және әрбір әлеуметтік саладағы қарым-қатынастың жағдаяттық ерекшелігіне байланысты зерттеу жатады. Оның зерттеу пәніне тіл қызметі және оны қолдану жатады, яғни оның құрылымы емес, тек тілдік құралдары, сонымен қатар экстралингвистикалық факторлар анықтаған тандау мен үйлесімдік ұстанымдары жатады. Оның нәтижесінде сөйлеу тілі (сөйлеу жүйелігі) ұйымдастырылады. Сонымен, функционалды стилистика дегеніміз – әртүрлі қарым-қатынас саласында, адамның іс-әрекеті түрлеріне сай қолдану заңдылығын, сонымен қатар функционалды түрлерде, оларға тілдік құралдарды тандау мен үйлестіруді шоғырландырылған сөйлеу жүйелілігін зерттейтін лингвистикалық ғылым. Бұл мәселе көптеген ғалымдардың пайымдауларында қазіргі заманғы стилистиканың ең негізгі және ірі де көлемді болашағы зор бағыты болып табылады. Дәл осы бағыттың қалыптасуы ХХ ғасырда стилистиканың жеке ғылыми пән ретінде қалыптасуымен байланысты. Функционалды стилистиканың ерекшеліктері мен негізгі мәселелерін зерттеудің маңыздылығы туралы отандық ғалымдарға қоса Чехия мен Словакияның тілші-ғалымдары,

сондай-ақ шетелдегі орыс тіл білімін зерттеушілер бірнеше рет пікір таластырып, тәжірибе алмасқаны байқалады. Осы мәселеге байланысты көрнекті тілші-ғалым Р. Глезеро тұжырымына сүйенсек: «Тілдің функционалды түрлілігін «функционалды стилистика» туралы ілім ретінде тілші-ғалымдардың жасаған стилистика туралы конференциясы әлемдік лингвистикада кеңінен мойындалғанын байқауға болады. Функционалды стильдерді зерттеу – өзекті мәселелердің бірі болып табылады» [5, 18 б.]. Қазіргі кезеңдегі функционалды стилистиканың өзектілігі мен дамуы құрылымдықтан функционалдыққа лингвистикалық зерттеудің жалпы сипатталуымен байланысты. Осыған байланысты прагматикалық бағыттарға, соның ішінде стилистикаға осы сипатталу жатады, өйткені стилистиканың негізгі қарастыратын мәселесі – мәтін, яғни тілдің функциолану заңдылықтары енетіні кездейсоқтық емес. Сонымен стилистиканың негізгі екі бағыты – «ресурстар стилистикасы» және «функционалды стилистика» - тілдің құрылымдық және функционалдық екі аспектісін көрсетеді. Функционалдық тек стилистикаға ғана қатысты емес, сонымен қатар оны тіл ғылымының басқа да салаларымен байланысты салыстырсақ, бір жағынан құрылымдық грамматика, екінші жағынан функционалдық, бұлар грамматика деген жалпы терминмен біріктіріледі. Көркем әдебиет стильдері туралы ғалым В.В. Виноградовтың пікіріне жүгінсек, лингвоәдебиеттанушылық сипаттағы тарихи ғылымды білдіреді: ол тарихи тұрғыдан дамуда әдеби тіл мен көркем әдебиеттің әртүрлі стильдерін зерттейді, ол бәрінен бұрын нақты бір даму деңгейіндегі әдеби тілдегі әдебиеттің стилистикалық бағытын, талабын қаншалықты қамтамасыз ете алатындығын қарастырады. В.В. Виноградовтың өзіне тән, тың пікірлерінің бірінде қалыптасқан ұлттық әдеби тілдің негізінде реализм стильдерінің даму мүмкіндігі көрсетілген. Ал негізінде ХІХ ғасырдағы орыс әдеби тілі осы бағытта болатын. Бұл бағытқа жеке сөйлеу стилистикасы немесе жазушы стилі мен жеке көркем шығарма стилін жатқызуға болады. Негізнен нақты мәтіндердің берілуі мәселесі қарастырылады (соның ішінде «қолдану стилистикасы», «қабылдау стилистикасы»). Мұндағы әдістің лингвистикалық мақсаты текстологиялық деп қарастыруға болады. Бұл лингвистика үшін де, әдебиеттану үшін де осы зерттеудің өзекті болуына мүмкіндік туғызбайды. Белгілі зерттеуші В.В. Виноградов негізін салған көркем әдебиет стилистикасының негізгі мәселелерінің бірі-көркем шығармадағы автор суреттерінің берілуін зерттеу болып табылады. 5. Әрбір сөйлеуші мен айтушының есінде болатын стилистикалық басты ұстанымдардың негізгісі – қарым-қатынас саласына байланысты тіл құралдарын орынды, әрі тиімді қолдану керек, одан кейін оның мақсаты мен міндетін, жағдаят, айтылым мазмұны, жанр және т.б. экстралингвистикалық факторларды да естен шығармаған жөн. Практикалық стилистика айтушы бойына стильдік түйістік ұғымына тәрбиелеу, әрбір функционалды стильдің нормалануымен

таныстыру, сөйлеудің (үздіксіз мәтін) өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес құрастыру қабілетін арттыру болып табылады. Лингвист ғалым В. Матерёус мектепте тек грамматиканы ғана емес, сонымен қатар стилистиканы да оқу қажеттігі туралы әділ де, нақты айтқан. Бұл сөйлеудің жоғары мәдениеттілігіне алып келетініне ешбір күмән келтірмейді. Бұрынғы және қазіргі заманда сөйлеудің ең «қиын» тұсына канцеляриумдердің орынсыз қолданылуы жататынын аңғаруға болады. Сол, «канцелярит» туралы К. Чуковский, К. Паустовский және т.б. жазушылар ана тіліне байланысты өз ойларын білдіргені белгілі. Практикалық стилистика бағытының пайда болуына ешқандай нақты теориялық негіз болмағандықтан «ортологиялық» (дұрыс сөйлеу мәселелері) бөлімінен шыға алмағанына тарих куә. Қазіргі заманғы практикалық стилистика өзінің функционалды бағытын тереңдетуі керек, ал оның пәніне барлық функционалды стильдерді және тіл мен сөйлеудің жалпы және «түрлік» функционалды әртүрлілігінде тіл құралдарының стилистикалық нормада қолдануын қарастыру қажеттігі туындайды. Қазіргі кезеңде практикалық стилистика коммуникативті сөйлеу қызметінде стилистикалық дағды мен қабілетті қалыптастыруға ықпал етуі тиіс, ал қабілет пен дағды адамдардың стилистикалық сөйлеу мәдениетінің деңгейін көтеру мақсатындағы әрбір тілші-стилистің жемісті жұмысы үшін қажет. Стилистика бағыттары арасынан салыстырмалы (немесе сыртқы) стилистиканы да ерекше бөліп қарастыруға болады. Бірақ ол салыстырмалы лингвистика (грамматика, лексикология) сияқты нақты емес, бұның ара-жігі тек Батыстық тіл білімінде ғана нақты көрініс тауып, жеке бағыт ретінде қарастырылғанын байқауға болады. Әдетте, ол салыстырып отырған тілдердің, мәселен неміс тілі мен француз тілі т.б. тілдердің ұлттық белгілерін, сипатын көрсеткенде ғана аталып көрсетіледі. Шындығында, соңғы кездері салыстырмалы түрде қарастырылатын тілдердің қызметі, заңдылықтары мен стилистикалық ресурстары салыстырмалы зерттеулерде кездеседі. Жоғарыда талданған пікірлерден байқағанымыздай, өз кезегінде салыстырмалы стилистика ресурстар стилистикасы мен функционалды стилистикаға ыдырап, бөлініп кетпейді. Соңғы кездері стилистикалық зерттеулердің тағы бір аспектісі пайда болды, ол функционалды стилистиканың бір тармағы іспеттес, атап айтқанда диахрониялық немесе тарихи стилистика, өлеуметтік тапсырысқа байланысты функционалды стильдердің (өзге де сөйлеу түрлерінің) қалыптасу процесі және тіл жүйесі стилистикасының тарихи дамуында стильдердің экстралингвистикалық факторларының өзгерісін зерттейді. Сонымен қатар, сол кезеңнен бастап мәтін стилистикасын ерекше бөліп алу тенденциясы байқалады. Бұл мәселе кеңінен жан-жақты талдауды қажет етеді. Қазіргі кезеңде мәтін стилистикасын тереңнен зерттеуге арналған еңбектер жеткілікті дәрежеде деуге болмайды. Мәтін стилистикасы термині тіл білімі саласында кеңінен қолданыс тауып отыр, алайда, мәтін стилистикасы

терминіне нақтырақ тоқталсақ, осы ұғымның өзіне ғылыми даму процесінде біржақты анықтама берілген жоқ. Теориялық тұжырымдар мен нақты тілдік талдау үлгілерінде мәтін стилистикасының анықтамалары В.В. Виноградовтың еңбектерінен бастау алып, Г.О. Винокур, Б.А. Ларин т.б. зерттеулерінде жалғастығын табады. Аталған зерттеушілердің еңбектеріндегі пікірлерге сүйене отырып, В.В. Одинцев тіл білімі тарихының жаңа сатысында стилистиканың қазіргі таңдағы жаңа бағыт лингвистикасының қатынасын анықтады. Өз еңбектерінде ол мәтін стилистикасына неғұрлым терең және теориялық тұрғыдан негізделген сипаттама береді. В.В. Одинцовтың еңбегіндегі анықтамасы бойынша: «Мәтін стилистикасы – сөйлеу шығармашылығы (көркем-әдеби), композициялық-стилистикалық түрлер мен сөз құралдарындағы сөз қызметінің құрылымдық стилистикалық мүмкіндігі. Мәтін стилистикасы сөз стилистикасының құрамына кіреді» [6, 11 б.], - деп жазады көрнекті ғалым. Бұл сипаттама осы бағыттағы зерттеу пәніне қатысты үш қағидаға назар аудару қажеттігі туындайды. Олар стилистиканың басқа бағытымен салыстырғанда, мәтін стилистикасының мәртебесін айқындар береді: Біріншіден, мәтінде тіл және сөз құралдарының үйлесімділігі туралы айтылып отырғандықтан, объектіге функционалды жақындау. Екіншіден, В.В.Одинцевтың пайымдауынша, мәтін стилистикасын зерттеудегі маңызды мәселе конструктивті жинақталған әдістер (мәселен, тізбекті және қатар мазмұндама: градация, қамыту, сұрақ-жауап және т.б.) мен сөздің функционалды-мазмұнды түрлері (сипаттау, әңгімелеу, талқылау және т.б. мәтіндік бірліктер мен композициялар). Үшіншіден, формасы мен мазмұны біртекті мәтіндерді талдау, белгілі бір шығарманың мазмұны мен формасын оны тереңдете оқу үшін талдау. Екі жағдайдан да көрінетін зерттеудің пәні мәтіндегі сөз бірліктері мен оларды ұйымдастыру ұстанымын үйлестіре білу болып табылады. Бұндайда автордың сөз типологиясына көп көңіл бөлгенін ескерсек (мазмұндаманың композициялық-стильдік түрінің коммуникация сферасымен сәйкестендірсе) зерттеудің функционалды стилистикалық аспектісінің басқа деңгейдегі (мәтінге дейінгі) тіл бірліктерімен өзара ара-қатынасында алда болған болар еді. Үшінші жағдайдағы зерттеудің мақсаты мен мәні басқаша [7, 62-65 б.]. Сонымен, мәтін стилистикасының құрылымы мен бітімі туралы түрлі зерттеулерді салыстыра отырып, стилистика тіл білімінің көптеген заңдылығын қамтитын аса ауқымды аралық пән екендігін танымыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Қазақстан, 1989. – 200 б.
2. Оразбаева Ф.Ш. Практикалық стилистика. – Алматы: Ғылым, 1985. – 180 б.
3. Шалабаев Б. Көркем әдебиет тілі және оны мектепте оқыту. – Алматы: Мектеп, 1982. – 190 б.

4. Вопросы языкознания. – Москва, 1983. – 205 б.
5. Стилистические исследования. – М: Наука, 1959. – 216
6. Скребнев Ю.М. Очерки теории стилистики. – М.: Просвещение, 1982. – 195 б.
7. Қоянбекова С.Б. Стилистиканың құрылымы және ғылыми бағыттары. – 203 б. // ҚазҰУ хабаршысы. – №4. – Алматы:Қазақ университеті, 2005. – Б.62-65.

Резюме

В статье описано медленное развитие в составе разных направлений в процессе своеобразного развития сферы стилистики. Подтверждено определение о стилистике, к которой относятся законы языковой деятельности.

Resume

In the article there are described the slow development in the composition of the different directions in the process of singular developments of the stylistic sphere. There are confirmed the determination of stylistics which is pertain to the laws of language activity

ӘӨЖ 659.13/.17

БАҚ -ТАҒЫ ЖАРНАМАНЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

М.Б Шындалиева.

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің,
Астана қ.*

Бүгінгі таңда баспасөздегі жарнама дәстүрлі БАҚ-тың бір бөлігі болып табылады. Ол ғылым мен техника жетістіктерінің ықпалы нәтижесінде бірнеше ғасыр бойы қоршаған әлемнің тіршілігімен бірге сан салалы өзгерістерге ұшырап келеді.

XX ғасыр басында баспасөз саласында жарнама қуатты маркетинг құралы болып саналса, XXI ғасыр оған өзіндік түзетулер енгізілді. Бұл кезеңде пайда болған радио, телевизия, директ-маркетинг, интернет баспасөздегі жарнаманың тікелей бәсекелесі ретінде қабылданды. Мәселен, алпысыншы жылдары бірқатар компаниялар газет жарнамасынан түгелдей телевизиялыққа ауысты. Ал, жиырмасыншы ғасырдың соңында жарнама таратудың ең тиімді бірнеше жолы айқындалады. Себебі, әрбір жарнаматасушы құралдың өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Сондықтан олар ерекшеліктеріне сай қолданылуы тиіс.

Баспасөз басқа бұқаралық ақпарат құралдарына қарағанда жарнама берушілердің барлық дерлік түрлері мен типтерінің мүдделерін анықтаушы болып табылады. Ғылыми зерттеулерге сүйенсек, адам ақпаратты жазбаша, яғни, баспа түрінде тез қабылдап меңгереді. Мұны жарнама берушілердің баспасөздегі жарнама қызметін пайдалануы айқындайды.

Газет пен журналдарға негізінен ұсынып отырған қызмет пен тауар сатып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда рационалды немесе рационалды-эмоциялық дәлелдері бар едәуір көлемді ақпаратты қажет ететін компаниялар жарнама береді.

Жарнаманың рационалды сипаты дегеніміз – иллюстрация немесе иллюстрациясыз берілетін көлемді мәліметтер мен сілтемелер, дәйексөздер мен деректерді қолдану. Жарнама беруші оқырманның әлдебір нәрсеге сеніп, көзін жеткізу мақсатында өзінің ұсынысын логикалық түрде құрап, егжей-тегжейлі тексереді. Газет-журналдардың мүмкіндіктері жарнама берушінің бұл әрекеттерінің басқа ақпарат құралдарына қарағанда нәтижелі болуына мүмкіндік береді.

Баспасөздегі жарнаманы үш негізгі топқа бөлуге болады: газеттегі жарнама, журналдағы жарнама, қосымшадағы жарнама.

Жарнама берушілердің көзқарасы бойынша, аталған категориялардың өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері бар.

Газеттегі жарнама – баспасөздегі жарнаманың ең көп тараған түрі. Бұл бірінші кезекте жарнаманың осы түрінде кемшіліктің аз болып, керісінше, артықшылықтың басымдылығына және әртүрлі газеттер ұсынатын мүмкіндіктердің ауқымына байланысты.

Көптеген жарнама берушілерді газеттің шығармашылық әлеуетінің төмендігі қанағаттандырмайды. Бірінші кезекте - баспа сапасының төмендігі. Осыны есепке ала отырып, апталық газеттер мен күнделікті басылымдар әр түрлі түстермен безендірудің және жоғары сортты қағаздарды пайдалана отырып басудың ең озық тәсіліне ауысып отырған.

Дегенмен, олардың электрондық ақпарат құралдарымен бәсекелесуі қиын. Бұл электронды бұқаралық ақпарат құралдарының тек көз алдымызға суреттеп көрсету сапасына ғана байланысты емес. Теледидар мен интернет әр түрлі түстерді ғана емес, белгілі бір жүйелі бірзділікті, кейде интерактивті тәртіпте дыбысталған қимыл-қозғалысты да көрсете алады. Осыған сәйкес, сатып алушы бұйымдар мен тауарлар, қызметтер, керек десеніз, технологиялар туралы экрандағы көрсетілімдерден өзіне жеткілікті түрде мағлұмат ала алады. Әлбетте, газеттерде мұндай мүмкіндік жоқ.

Баспасөздегі жарнаманың келесі бір кемшілігі – оның уақытқа байланысты тұрақсыздығында. Әдетте газет тек бір мәрте ғана оқылады. Хабарландыру да соған сай «тіршілік етеді» деп айтуға болады. Күнделікті газетте – бір күн, апталық газетте – бірнеше күн. Көп жағдайда газет

жастар аудиториясын толықтай қамти алмай жатады. Сондықтан жарнама берушілерге бұл топтағылардың қызығушылығын арттыру үшін басқа бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалануға тура келеді.

Жарнама берушілер кемшілік факторы ретінде оқырмандардың газеттегі жарнамаларды елемейін атап айтады. Олардың көпшілігі тек жаңалықтар мен редакциялық мақалаларды, сұхбаттар мен репортаждарды оқиды. Ал жарнамаларды, жеке хабарландыруларды көзбен шолып қана қояды. Қазіргі оқырманның газет оқуға уақыты аз. Көптеген оқырмандар газеттегі мақалаларға көз жүгірте өтіп, кейбіреулері тек бір айдарды оқумен шектеліп қана қояды. БАҚ-тағы жарнаманы зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, бүгінгі оқырман мерзімді басылымды күнделікті оқуға 12-14 минут уақытын жұмсайды екен. Сондықтан газет шығарушылар ең басты ақпараттарды неғұрлым тиімді ету үшін газеттің алғашқы бетіне, ал сараптамалық материалдар мен шолуды басқа беттерге орналастыруға тырысады.

Тәртіп бойынша, хабарландырулар арнайы жарнама блогында жарияланатындықтан, оқырмандардың көңілін аудару үшін басқа жарнамалармен бәсекелесуге мәжбүр болады. Мұндай жағдайда шағын жарнамалар өзімен қатар орналасқан үлкен хабарландырулардың қасында мүлдем еленбей қалуы әбден мүмкін. Сонымен қатар, жарнаманың дәл қай жерде орналасатындығы айқын болмайтын жағдайлар жиі кездесіп тұрады. Егер жарнама беруші арнайы орын үшін ақы төлемесе, онда оның жарнамасы басқалармен бірге немесе қаламайтын редакциялық мәтінмен қатарлас кептеліп қалмауы ықтимал. Десек те, баспасөздің басқадай жарнама тасымалдаушылардан тиімділігі мен артықшылықтарын атап өтпеуге болмайды. Жарнама берушілердің барлық категориялары үшін газеттегі жарнама құнының қымбат болмайтындығы өте жағымды дәлел болып табылады. Теледидарға жарнама беру үшін кез келген компанияның қалтасы көтере бермейді. Газетте жарнамалау орны ғана емес, сонымен бірге жарнама дайындаудың өзі арзанға түседі.

Жарнама берушілерге баспасөзде әртүрлі нұсқалы жарнамалар беруге болатындығы маңызды. Компаниялар өздерінің қаржылық мүмкіндіктері мен шығармашылық талғамына сай жарнама көлемін таңдай алады. Сонымен қатар, газеттер жарнаманы географиялық орналасуына байланысты барлық таралымдарда немесе олардың нақты бір аудандарға таралатын кейбір бөлімдеріне ғана жариялау тәсілдерін ұсына алады.

Газеттің радио мен теледидардан айырмашылығы, ол жарнамаланып отырған тауар немесе қызмет түрі жайында егжей-тегжейлі баяндауға мүмкіндігі бар. Шағын жарнаманың өзіне жеткілікті түрде қажетті ақпаратты сыйғыза отырып, түрлі мінездемелер, бағалар, байланыс телефон нөмірлерін, мекен-жайлар, купон және тағы басқалары кірістіре алады. Оларды телевизиялық немесе радиожарнамадан көрсетуге болады, бірақ естілгенде

немесе экранда жылдам көрсетілген ұсақ сандарды, бағаны, байланыс телефон нөмірін және мекен-жайды адам тез қабылдап, қас-қағым сәтте есте сақтай алмайды.

Газеттегі жарнама қызметі аз уақыттың ішінде тез пайдалануға болатындығымен ерекшеленеді. Кейде жарнаманы газеттің жуық арадағы сандарының біріне немесе келесі санға, тіпті хабарландырудың макет-түпнұсқасы дайын болмағанына қарамастан қайта беруге болады. Бұл жаппай сату, қандай да бір шұғыл хабарлама жайында немесе жарнаманы тестілеу туралы айтылған жағдайда өте маңызды. Газет шыққан күні-ақ жарнама өз нәтижесін береді. Ал келесі күндері оның қаншалықты сәтті шыққандығы туралы ой түйіп, сатылымдағы байланысты бақылауға болады.

Журналға жарнама беретіндер сатылымда өздері күтетін нәтиженің ойдағыдай болатынына көп ретте сене бермейді. Ал, жарнама басылған газет жарыққа шыққаннан кейін, көп кешікпей көптеген сатушылар дүкенге келушілер санын есептеп, сатылған тауарларды тізімдеуіне болады. Уақыты шектелген акциялар үшін газет жарнамасының әсер ету ықпалы маңызды. Басылымдағы жарнама уақытты үнемдеп, оқылу кезінде, белгілі бір уақыт аралығында тартымды әсер қалдырады. Атап айтқанда, күнделікті газетте бір күн, апталық газетте – жарияланған күннен бастап жеті күнге дейін жарнама жариялана береді. Газеттер теледидарға көрнекілікке жол беретіндігіне қарамастан, жарнама берушілерге шығармашылық ыңғай танытуда зор мүмкіндіктер ұсынады. Тапсырыс беруші компаниялар жарнама көлемін, түрпатын, бояуын таңдай алады. Сондай-ақ, еш қаржы шығынсыз хабарландыру мазмұнын түрлендіріп, баспасөз бетіне арнаулы шығарылымдарды орналастыруға, газетпен бірге өзінің анықтамалық қосымшаларын, үлгілерін таратуға, оқырмандардың барынша қызығушылығын туғызу үшін мүмкін болатын барлық амал-тәсілдерді пайдалануына болады. Газетте тауарлар мен қызметтердің тізбегін кең түрде жарнамалауға болады. Бұқаралық ақпарат құралдарының бұл түрі адам баласы тұрмыс-тіршілігінің барлық саласын қамтитындықтан, мұнда кез-келген жарнама орынды. Газетте жарияланатын мақалалардың қазіргі заманға сай жаңалығын ерекшелеп көрсетеді. Жарнамада жаңалыққа қатысты сілтеме болмаса да, жаңалық элементі оған қоғамдық, экономикалық, спорттық және басқа да соңғы жаңалықтар туралы баяндайтын редакциялық мақалалардан ауысады.

Баспасөзді негізгі жарнама құралы ретінде пайдалануға болады. Теледидардағы немесе радиодағы жарнаманы газетке меңзедудің еш қиындығы жоқ. Мысалы, «Толық мағлұматты сіздер осындай газеттің осындай санынан біле аласыздар...» деген мәтіндерді бүгінгі таңда жиі кездестіреміз. Сонымен қатар, жарнама жарияланған газетті директ-маркетинг құралы ретінде делдал мен клиенттерге тарату үшін пайдалануға болады. Газеттер аудиторияның кең ауқымын қамти алады. Олардың әрқайсысын бірнеше мыңнан бастап

миллиондаған тұтынушылар оқиды. Сондай-ақ, газет арқылы жарнамалар қоғамның барлық бөлігіне тарайды.

Белгілі бір географиялық орындарға таралып, көп жағдайда нақты бір аймаққа қатысты ақпаратты жариялайтындықтан, газеттегі жарнама жергілікті аймақты толығымен қамту мүмкіндігіне ие. Осылайша газет арқылы белгілі бір жергілікті нарық жағдайын анықтау ыңғайлы. Сонымен қатар, газет жарнама ықпалын іріктеуші қару болуы да мүмкін. Бір жағынан, ыңғайлас аудиториясы бар газетті таңдауға болады. Ал екінші жағынан, жарнаманы мүдделері ортақ адамдар үшін белгілі бір бетке немесе белгілі айдармен орналастыруға мүмкіндігі зор.

Газеттің басқа ақпарат құралдарынан ең маңызды ерекшелігі – аудиториясының айқын басымдығы. Баспасөз ақпаратты қабылдаудың мейлінше күрделі жолы болып табылады. Оның оқылуы едәуір интеллектуальды күш салуды талап етіп, аудиторияның белгілі бір білім деңгейін шамалайды. Білім неғұрлым жоғары болса, баспасөзге деген қызығушылық соғұрлым мол болмақ. Оған көбінесе қызмет бабына байланысты шешім қабылдайтын және адамдарға жетекшілік ететін, жас ерекшелігіне қарай – ересектер, жыныс ерекшелігіне қарай – ер адамдар мен әйелдер көп көңіл бөледі.

2009 жылы «Alvin Market» зерттеу компаниясы Қазақстанның он тоғыз ірі қаласындағы жарнама берушілер мен жарнама тұтынушылардың арасында баспасөздегі жарнама, радиожарнама, телевизиядағы жарнама, сыртқы жарнама, интернеттегі жарнама, есепшоттағы жарнама (коммуналдық, телекоммуникация үшін төлемдер) бойынша сауалнама жүргізді. Сауалнама барысында халықтың қандай әлеуметтік тобы жарнаманың қай түрін таңдайтыны, оқитыны, көретіні анықталған. Сауалнаманың баспасөздегі жарнамаға қатысты нәтижесіне сараптама жасаған.

Аймақтар бойынша: Баспасөздегі жарнаманың көп үлесі Алматы қаласына тиесілі. Қазақстанның оңтүстік аймақтары ең төмен белсенділік көрсеткішіне ие екен.

Жас ерекшелік бойынша: Баспасөздегі жарнамаға 35 және одан жоғары жастағы адамдар қызығушылық білдірсе, зейнет жасына жақындағандар (55-65 жас аралығындағы) ерекше ықпалмен қабылдайтын көрінеді. Ал 16 мен 19 жас аралығындағы жастар баспасөз жарнамасын оншалықты қажетсіне қоймайтыны белгілі болған.

Жынысы бойынша: Баспасөз жарнамасын көбіне әйел адамдар оқитын көрінеді.

Отбасы жағдайы бойынша: Көп жағдайда баспасөз жарнамасына балалары бар отбасылы адамдар көп назар аударатыны мәлім болған.

Әлеуметтік статусы бойынша: Жұмыс істейтін адамдар. (Мектеп оқушылары мүлде қарамайды екен).

Білімі: Жоғары білімі бар. Әсіресе, гуманитарлық жоғары білімі бар адамдар ерекше қызығушылық танытатыны анықталған.

Тұтынушылық оптимизмі бойынша: Баспасөздегі жарнамаға аса зор ықылас танытатындар өздерінің табыстарына көңілдері толмай, төмен оптимизм деңгейін көрсететін адамдар болып шыққан.

Баспасөздегі аудиторияның тұрақтылығы тиімділікті анықтайды. Адамдар теледидар көргенде әдетте арнаны жиі ауыстырады. Радио тыңдағанда, бір радиотолқынды келесісіне ауыстырып тұрады. Ал газет тәртіп бойынша бір қалыпта оқылады. Сондықтан газет аудиториясының құрамы туралы дәл айтуға болады. Осыған сәйкес жарнаманы баспасөзге бағыттау оңайға соғады. Оқырмандардың белгілі бір бөлігі газеттегі жарнаманы елпескермейтін болса да көпшілігі жарнамаланған тауарды тұтынуға әзірліктерін танытады. Газет жарнамасын пайдалануда оның дағдылығы, орнықтылығы маңызды рөл атқарады. Өйткені ол үш ғасыр бұрын пайда болды. Бұл теледидар мен радиоға қарағанда едәуір көп уақыт екендігі анық.

Баспасөз жарнамасы оқуға мәжбүрлемейді. Бұл да газет жарнамасының бір артықшылығы. Ол радио мен теледидарда кездесетіндей, ақпараттық лекті қиып өтпейді. Халық оны өз еркімен оқиды. Баспасөз аудиторияға кері әсер етпеу жағдайында көшбасшы болып табылатыны сондықтан. Егер тележарнамаға көпшілік қарама-қайшы көзқараста болса, радиожарнамаға бейтарап қарайды, ал газеттегі жарнамаға кейде бейтарап, кейде қызығушылық білдіреді. Көбіне баспасөздегі жарнамаға оң көзқараста немесе бейтарап қарайтындар егде адамдар, яғни, алпысқа тақағандар. Газет жарнамасын теледидар мен радиодан тағы бір ерекшеліктін жағы – газетке деген аудиторияның жоғары сенімі. Бұл «қауырсынмен жазғанды, балтамен шаппайды»,- деген нақылдың, яғни басылым сөзінің күштілігіне байланысты деуге болады. Радио мен телеэфирдегі өтпелі сөздерге қарағанда, газеттегі сөздер сақталып тұратындықтан, оны кез-келген уақытта қайта оқу мүмкіндігі оқырман сенімін арттыра түседі. Газет жарнамасы оқырмандарды тек мазмұнымен ғана емес, оқуға ыңғайлығымен қызықтырады. Басылымды кез-келген уақытта парақтап, бірнеше мәрте қарауға болады. Бұл жағынан алғанда, теледидар мен радио қалаған уақытта қайталап көруге немесе тыңдауға жағдай жасамайды. Сондықтан газет жарнамасы қайталауды аз қажет етеді және арзанға түседі. Одан басқа газет пен оның ішіндегі жарнаманы кез-келген жерден оқуға болады. Егер адам теледидардан немесе радиоқабылдағыштан қалт кетсе, онда бұл жарнама беруші үшін тапсырыстан айрылуы дегенмен пара-пар. Газетті адам өзімен бірге алып жүре алады, тастап кеткен жеріне қайта оралып алып кетуіне болады. Егер газеттегі жарнама адамды еліктірген болса, оны сақтауға, біреуге көрсетуге, талқылауға, беріп жіберуге болады. Осылайша жарнаманың ықпалын бірнеше рет күшейтуге тиімді әсер етеді.

Газеттер оқырманға жарнамаларды сұрыптауға мүмкіндік береді. Егер адамды белгілі тауар немесе қызмет түрі қызықтырған болса, онда ол түрлі жарнамаларды бір уақыт аралығында қарай алады. Әр түрлі топтағы жарнама берушілер өздерінің мақсатына қарай түрлі газеттерді пайдаланып, олардың географиялық таралуына, ақпараттық мазмұнына, оқырмандар аудиториясына, басылым таралымына, шығу мерзіміне, уақытына, таралу тәсіліне, форматына т.б. қолайлы сипаттамаларына сай таңдайды. Жарнама берушіні қашан да газеттің географиялық таралымы олардың тауарлары мен қызметтерінің таралуына қаншалықты сәйкес келетіндігі қызықтырады. Газеттер географиялық таралуына байланысты жергілікті, өңірлік, ұлттық және трансұлттық болып бөлінеді.

Жергілікті газет - шамамен бір елді-мекенге немесе оның жақын аймақтарына таралады. Бұл жағдайда аудандық, округтік немесе қала газеттері болуы мүмкін. Олардың көмегімен шағын аумақты қамтуға болады. Бұл газеттерде хабарландыру бағасы салыстырмалы түрде төмен. Жергілікті газеттердегі жарнаманың көп бөлігін сол жердегі дүкендер, мейрамханалар, спорттық, сауықтыру және ойын-сауық орталықтарынан түсетін ұсыныстар құрайды.

Өңірлік газеттер - шамамен нақты бір ірі елді-мекенге және оған тиісті аумаққа таратылады. Ол облыс, өлке болуы мүмкін. Өңірлік газеттер біршама аумақты қамтиды. Жарнама беруші ретінде негізінен белгілі бір тауар мен қызметті сол географиялық аймаққа сататын компаниялар таратады. Бұл фирмалар орта бизнес өкілдеріне жатады.

Ұлттық газеттер – мемлекеттің барлық аумағына таратылатын газеттер. Оларға негізінен «үлкен» бизнес өкілдері, ірі компаниялар жарнама бере алады.

Трансұлттық газеттер - әлемнің бірнеше еліне тарайды. Бұл басылымдарға әр елдің ірі компаниялары мен іскерлері жарнама береді.

Газет оқырмандар аудиториясының типіне байланысты көпшілікке танымал, мамандандырылған, іскерлер газеті болып бөлінеді.

Газет өзінің мазмұнына байланысты да ерекшелінеді. Егер газет негізінен редакциялық материалдарды: мақалалар, заметка, репортаждар, сұхбаттарды қамтыса, онда ол ақпараттық газетке жатады. Оған мысал ретінде, «Астана ақшамы», «Алматы ақшамы» газеттерін атауға болады.

Егер жарнамалық хабарламаларға ерекше көңіл бөлінсе, онда ол жарнамалық газет болып табылады. Оған «Караван», «Инфо-Цес», «Из рук в руки», «Недвижимость» т.б. Негізінен жарнамалық газетті «қызығып» сатып алушылар, яғни белгіленген бір нәрсені сатып алуға немесе сатуға ниетті адамдар оқиды. Таралым бойынша белгілі бір жағдайда газетті қанша адам оқитындығын анықтауға болады. Дегенмен, басылымның таралым саны толықтай ешқашан да оқырмандардың нақты санына сәйкес келмейді. Шамамен алғанда, әрбір газет санын үш-төрт адам оқиды. Сондықтан бір

газетте басқа басылымға қарағанда таралым саны көп болса да, оқырмандар саны төмен болуы мүмкін.

Жарнаманың қарқындылығын және оның белгілі оқиға мен уақытқа орайласып шығуына байланысты жарнама берушілер газеттің шығу кезеңін есепке алғаны дұрыс. Күнделікті газет тәртіп бойынша күн сайын шығады. Олар негізінен жаңалықты беруге зейін қояды. Апталық газеттер жұма сайын, сенбі немесе жексенбі күндерге жоспарланады. Апталық оқиғаларға түсіндіру, шолу жасаумен айналысады.

Жарнаманы берушілер тарату тәсіліне қарай аудитория құрамының тұрақтылығын, оның кірістерін білуіне болады. Таралымның неғұрлым көп бөлігі арнайы тапсырыс бойынша таралса, соғұрлым аудиторияның құрамы мен санын анықтап, жарнаманың нәтижелілігін күн ілгері көздеуге болады. Егер газет тегін таратылатын болса, онда алдын-ала тапсырыс беріп, сатып алмайтындардың қолына түсуі мүмкін. Сондықтан оны оқу міндетті де емес. Мұндай кезде аудиторияның әрекетін болжау қиынға соғады. Алайда кейде қалыпты жағдайдан тыс тегін «VIP-жазылымдар» болады. Оларды көбінесе әкімшіліктегі, ірі компаниялардағы беделді адамдар, қоғам қайраткерлері жаздырып алады. Кейде газет құрамдастырылып таратылады. Яғни, таралымның бір бөлігі алдын-ала жазылу бойынша, тағы бір бөлігі – жеке және енді бір бөлігі тегін таратылады. Ондай жағдайда жарнама берушілерге түрлі тарапқа таратылатын таралымның нақты санын білу маңызды болмақ. Тек сондай жағдайда ғана ол жарнамасының нәтижелілігіне сене алады. Негізінен газеттер толық форматты (А-2) және аз форматты (А-3) болады. Сирек жағдайда арнайы кіші А-3 («таблоидты») форматы кездеседі. Жарнаманың нәтижелілігіне қарай формат қосалқы мағынаға ие. Жарнаманың тиімділігіне оның тікелей әсері жоқ. Десек те, толық форматты газеттер көрнекті және жарнама үшін құнды, қымбат тауарлар мен қызметтерге ыңғайлы болып саналады. Жарнама берушілерге формат хабарландырудың түрі мен көлемі жағынан маңызды. Мысалы, толық форматты газетте жарияланып, j жолға арналған түпнұсқа-макет, кіші форматты басылымға келмей қалып, оны қайта жөндеуге тура келеді.

Енді журналдарға назар аударайық. Басылымның бұл түрі көп жағдайда газетке ұқсас келеді. Газетте кездесетін көптеген артықшылықтар мен кемшіліктер журналға да қатысты. Дегенмен журналдың кейбір өзіндік ерекшеліктері бар. Журнал газетке қарағанда уақыт жағынан кемшін түседі. Себебі, ол материалдарды басылымға шығару үшін бірнеше апталық дайындықты қажет етеді. Бұл уақыт аралығында жарнамаланатын тауар ескіріп, оның бағасы көтеріліп, басқа да шарттар мен талаптар өзгеруі мүмкін. Сонымен қатар, журналдың оқылуы баяу, демек, жарнаманың нәтижесі тез арада біліне қоймайды. Айлық журналдарда бір айдан бірнеше айларға дейін. Апталық журналдардағы жарнамамен жалпы аудиторияның

орташа есеппен алпыс пайызы журналдың кезекті саны сатылымға түскен күннен бастап бір апта ішінде танысып шығады. Төртінші аптаның басында ғана аудиторияның тоқсан пайызы журналды толықтай оқи бастайды. Соған сәйкес журнал жарнамасының әсер ету ықпалы газеттегідей болмайды. Журналдарда аудиторияны географиялық тұрғыдан қамту деңгейі төмен. Әдетте, журнал таралымы газеттегіден аз болады. Журналдарда газеттегі сияқты аудитория соншалықты жергілікті емес. Журналдың оқырмандары, қалыптасқан жағдай бойынша бір географиялық ауданда топталмаған, түрлері де аз. Журнал жарнаманы жолдан төмен беруге құлшыныс етпейді. Сондықтан журналдағы жарнаманың төлемақысы да соған лайық жоғары болады. Десек те, журналдағы жарнаманың ең басты артықшылығы ретінде оның сапасының жоғары болатындығын атап көрсетуге болады. Әсіресе, түрлі жылтыр журналдардағы бейнелер мен суреттердің қай қайсысы өңін өзгертпей басылады. Журналдар жарнама мәтіндерін газеттегідей жариялап қана қоймай, оларды тауарлар үлгісімен таныстыру мүмкіндігіне ие. Журнал заманауи озық технологиямен басылады. Журналды айлар бойы, тіпті жылдар бойы сақталады. Соған сай оқырмандардың қызығушылығы мол. Оқырмандар кейде белгілі бір тақырыптарды ынта қойып оқиды, сондықтан сауатты дайындалған жарнаманы маңызды редакциялық материал ретінде қабылдауға болады. Журнал барынша ұзақ және толықтай мағлұмат алуға болатын жарнамалық мәтіндерді жариялауға мүмкіндік береді. Оқырмандар журналды газеттегі сияқты жаңалық білуден бұрын уақыт өткізу үшін оқиды. Осыдан барып тұтынушылардың жарнаманы қабылдау сапасының жоғарылығы туындайды. Қазіргі заманғы озық технология журналға арнайы қосымшалар жасауға мүмкіндік береді. Редакция журнал бетіндегі нақты бір орын немесе бөлімдер арқылы нақты бір оқырманның назарын аудара алады.

Журналдарды газеттегідей географиялық таралуына, ақпараттық мазмұнына, оқырмандар аудиториясына, басылым таралымына, шығу мерзіміне, уақытына, таралу тәсіліне, форматына т.б. сай топтастыруға болады. Журналдың географиялық таралымы негізінен ұлттық болып келеді. Трансұлттық пен қалалық таралым сирек кездеседі. Оқырман аудиториясы қарай журнал газеттегідей мамандандырылған және көпшілікке танымал болып келеді. Бірақ мамандандырылған журналдар газетке қарағанда, әдетте, аясы тар топтағы адамдардың мүддесіне қызмет етеді. Журнал арқылы әр түрлі сипаттағы аудиторияға қол жеткізуге болады. Мәселен, олар жас шамасы, мамандық, қызығушылықтары, дінге қатысты қалауы, киім таңдаудағы өзгешелігі, тамақ талғамы, демалыс түріне қатысты топтастырылуы мүмкін. Жарнама берушінің қызығушылығын туғызатын әр түрлі топтағы адамдар үшін жеке-жеке журналдар бар. Газеттегідей журнал ақпаратты және жарнамалы, аз таралымды және көп таралымды болып бөлінеді. Әдетте, журналдар апталық және айлық болады. Сонымен

қатар, екі аптада бір рет, айына бір-екі мәрте немесе тоқсан сайын шығатын журналдар кездеседі. Журналдардың таралу үлгісі газеттегідей: алдын-ала жазылу бойынша, жеке түрде, тегін немесе құрама болып бөлінеді. Баспаға шығаруда пайдаланылатын негізгі формат – А-4. Қазіргі кезде А-4-ке жақын қалыптан тыс формат жиі қолданылып жүр.

Газеттер мен журналдар өзінің жарнамалық мүмкіндіктерін түрлі қосымшалардың көмегімен едәуір кеңейте алады. Оларды географиялық таралуына, ақпараттық мазмұнына, оқырмандар аудиториясына, басылым таралымына, шығу мерзіміне, уақытына, таралу тәсіліне, форматына сай топтастыруға болады. Тәжірибеде жарнама берушілер әдетте үш түрлі қосымшаны пайдаланады. Біріншісі, ақпараттық мазмұнға сай – тақырыптық. Екіншісі, географиялық таралымға сай – аумақтық. Үшіншісі, ақпаратты тасымалдаушыға қарай – электрондық болып бөлінеді. Тақырыптық қосымша ең көп таралған түрге жатады. Әдетте журнал базасында мерзімділікке (аптасына бір мәрте, айына, тоқсан бойынша т.б. кезендермен) немесе арнайы жағдайларға (мерекелерге, жаңа маусымның ашылуына, т.б.) байланысты шығарылады. Тақырыптық жарнама қосымшасы журнал немесе газет жолдарына қарағанда тиімдірек. Бұл оқырмандардың тақырыптық қосымшаны өте мұқият зерделейтініне байланысты. Көп жағдайда қосымшаны негізгі беттен бөлек алып қояды. Қосымшадағы жарнама қосымша үлгісіне байланысты және нарықтағы ахуалға сай бір жылға дейін өзінің тиімділігін жоймауы мүмкін.

Әдетте қосымша негізгі беттегі қағазда және сол форматта даярланады. Алайда, егер ол негізгі беттен сапалы қағаз және басқа форматта жасалса, газет пен журналда ерекшеленіп тұрады, соған сай өзіне көпшілік назарын аудартып, үлкен жарнамалық әсерге ие болады. Кейбір басылымдарда қосымша мүлде қолданылмайды, кейбіреуінде кей жағдайларда ғана, басқаларында жылдық бағдарламаларға сай жасалады. Жарнама берушілер өзінің жарнамалық әрекетін ұзақ уақытқа жоспарлағанда соңғы жағдайдағы қосымшаның мүмкіндігін пайдалана алады. Қосымшаның тақырыбы, әдетте, басылымның ақпараттық мазмұнымен сарындас болып келеді. Кей тұста олар ойластырылған сәтке, мысалы, «Жаңа жылдық сыйлық», «Бәрі де білім күніне», «8 Наурызға», «Күздік киім маусымы» т.б. байланысты.

Аймақтық қосымша жарнама берушілер үшін басылым таралатын барлық аумаққа емес, оның белгілі бір бөлігіне ғана ықпал етуге болатынымен пайдалы. Бұл жарнама берушінің тауарлары мен қызметтері белгілі бір аумаққа таратылған жағдайда немесе жарнама беруші тауарды өзі белгілеген шағын аумаққа жарнамалап, қаражатын үнемдегісі келгенде өте маңызды.

Қорыта айтқанда, жарнама БАҚ-тың ажырамас бір бөлігі. Ол ғылым мен техника жетістіктері ықпалының нәтижесінде қазір кез келген БАҚ-тың қаржы табуының көзі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Голядкин Н. Творческая телереклама. - М.: 1998. - 56.
2. Фостер Н. Найди свой путь в реальном деле. - М.: 1998. - 46.
3. Голядкин Н. Творческая телерекламы. - М.: 1998. - 366.
4. Дели Д, Линда Т. Учебник по рекламе: как стать известным не тратя денег на рекламу. М.: 1997ж. - 76.
5. Гринберг Политическая реклама: портрет лидера. - М.: 1996.

Резюме

В статье рассматриваются особенности рекламы в средствах массовой информации.

Resume

The article views the peculiarities of advertisement in the Mass Media.

ӘОЖ 882.151.212.2-31

ҚАЗАҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ РОМАН ЖАНРЫ**Ж. Камалқызы**

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ.

Роман табиғатын тануда М.М. Бахтин концепциясы негізге алынып жүргені белгілі. Бұл концепцияны қазақ ғұламалары А. Байтұрсынов, М. Әуезов өз еңбектерінде анық танытқаны да қазіргі ғылымда сөз болып жүр. Тек бұл екеінде ғана емес, ғылымның ақиқатын таныған кейінгі толқын қазақ ғалымдарында да бұл идеялар көрініс беріп отырады. Бірақ, әртүрлі қаулылар мен анықтамалар тасасында ұлттық әдебиеттің терең танымын тұқыртуға бағытталған кеңестік саясаттың нәтижесінде ғалымдар өз ойларын терең ашып бере алмағаны байқалады. Академик М. Қаратаев «Шынында да әдебиет бейнебір дария сықылды – оның да арнасы бар, ағысы бар, ағысының белгілі заңдылығы бар. Оның да шығар тегі, қайнар бұлақ көзі, тұс-тұстан қосылар талай – талай тарауы, құяр сағасы, телегей теңізі бар. Қазақ әдебиеті де сондай. Революциядан бұрын қазақтың ғасырлар бойы халықпен бірге өмір сүріп, өскен, дамыған бай фольклоры болды да, бірте-бірте кұралып, қосылып, жалғасып, үлкен арнаға құйылған жазба әдебиеті болды дейміз. Бірақ бұл жалаң процесс емес, күрделі процесс. Бірыңғай таза ауыз әдебиеті, бірыңғай таза жазба әдебиеті дейтін құбылыс жоқ. Бұл екеуі бір-бірінен нәр алып, өзара бір-біріне әсер етіп, әрі араласып, әрі қаз-қатар өмір сүріп келе жатқан құбылыс» [1;103].- дегенінде,

А. Байтұрсынұлының сөз өнерін «Асыл сөз» деп, бір атаумен атағанын құптап тұрғаны көрінеді. Қазақ фольклорындағы романдық ойлауды да жақсы түсінген. «Қазақтың көркем сөз өнері көп заман ауыз әдебиеті арнасында дамыды. Өйткені жазба әдебиеттің дамуына тиісті жағдай кейінгі кезге дейін болған жоқ. Сондықтан халық өзінің барлық ой-сезімін, жүрек отын, жан жігерін ауыз әдебиетіне салып, фольклордың барлық жанларын жан-жақты жетілдірді» [1;95.]. Өз ойларынан саяси астар іздеттірмес үшін маркстік философияға сілтеме жасайды. Романның негізі қазақ ауыз әдебиетінде нық қаланғанын ашық айтады. «Қазақ әдебиетінің ұлттық дәстүріне байланысты революциядан бұрын белгілі тарихи себептермен қазақтың жазба әдебиеті, әсіресе, оның проза саласы мен роман жанры өріс алып өркендей алмады дейміз. Бірақ оның есесіне халықтық фольклор мол дамып өсті. Әсіресе, қазақтың эпосы, ертегілері, тарихи поэмалары туындап, бай қазына жасады. Оның кесек, сом туындылары тарихи оқиғаларды кең эпикалық айдында баяндап, халықтық қаһармандардың ірі монументтік образдарын жасады. Бұл жағдай жазба әдебиетте эпикалық жанрлардың, оның ішінде, әсіресе, роман секілді монументтік форманың дамуына, сөз жоқ, себін тигізуі тиіс еді. Солай болды да» [1;233-234.]. Ғалым Қ. Жұмалиев: «Көп жырлардың қоғамдық, халықтық, идеялық мазмұны бүгінгі күндердің тілек-мақсаттарымен үндес [2;22.], -деп А. Байтұрсынов пен М. Әуезов ойларымен үндеседі. Белгілі ғалым Т. Кәкішев те осы пікірді қолдайды. «Көркем образ жасау амалдарына зер салсақ, батырлар жырындағы қаһармандардан Еуропа әдебиетіндегі рыцарлық романның келбетін көрер едік. Осының сәтті тәжірибесін Ө. Нұршайықов пен А. Сейдімбековтің батырлық жырларды қара сөзге айналдырғанынан-ақ қазақы романның ерте заманнан-ақ болғанын андағанбыз» [3;321.].

Дәл осы таным роман зерттеушісі болып қалыптасқан Р. Бердібай еңбектерінен де анық көрінеді. Және оның зерттеулерін романды зерттеуші өз тұтастарынан анағұрлым бөлектеп, бүгінгі роман зерттеушілеріне жол көрсетіп тұрарлық сонылығы да осында деуге болады. Қазақ эпосы мен романын қатар зерттеген ғалымның тарихи жырлар туралы зерттеулерінде бұл жырлардың жанрлық ерекшелігіне мән берген. Әсіресе, олардағы романдану үдерісін байқап, олардың романдық құрылымы жайлы құнды танымы көрінеді. Мысалы, Қабанбай батыр туралы мың жолдан артық жырға қатысты былай дейді: «Жыр ауыз әдебиеті дәстүрінен тым алыстап кете алмаған, сонымен қатар бірыңғай эпос ізіне де түспеген. Соның нәтижесінде әлеуметтік-тұрмыс романы секілді қызғылықты шығарма туған» [4;116.]. Бұл қорытынды ғалымдардың қазақ роман жанрының ауыз әдебиетінде қалыптасып, жетіліп, жазба романға ұласқанына сілтеме жасаған ғылыми концепцияны толығымен қуаттайтынын көрсетеді. Осы жырдың ауызша баяндалған роман екенін дәлелдеуге әбден болады. Р. Бердібай айтқан қорытындыны жырдан талдап түсіндіріп көруді өз жұмысымызда мақсат

еттік. Қабанбай батыр туралы жырдың романдық құрылымын сөз ету үшін «Қисса ер Қабанбай» деп аталатын жырдың көркемдігіне тоқталайық. Бұл жырда Қабанбай өмірінің соңғы кезеңіндегі оқиға таратылып айтылған.

Қисса осылай Қабанбай батырдың қалың қазақ үшін ерекше қымбат жан болғанын түсіндіруден басталады. Айтушы тыңдарманымен сырласып алады. «Шұбарым, арғымағым, жүлде алғаным» деп Қабанбайды бірінші жақтан өзіне иемденіп алады да, енді тыңдарманын да оған ортақтастырады: «...арысыңды, қорғайтын қан майданда намысыңды». Жырда Қабанбайдың тарихтан белгілі ірі соғыстары туралы сөз қозғалмайды. Қабанбайдың бар мінезін танытуға оның өмірінің соңғы кезеңіндегі бірнеше оқиғаны ғана алады. Мұндағы оқиғаның бастауы:

«Қас батыр Қабанбайдың бір інісін

Қырғыз шауып батырдың сағы сынды» »[5;76.]. Қабанбай батырды қатты қайғыртқан осы оқиғадан бастау алған жыр Қабанбай батырдың нағыз азаматтық келбетін танытатын көркем шежіре болып шыққан. Қабанбайдың жан дүниесі, қиналысы түгел берілген.

«Қан құсты қайғылы боп ер Қабанбай,
Жауымнан қалам ба деп кек ала алмай».

Қабанбайдың бүкіл қазақ ұлтына ортақ ірі тұлға екенін баяндап жатпайды. Оны танытатын шағын детальдар келтіреді.

«Қабекен қайғыланды дегенді есітіп
Келіпті өзі батыр хан Абылай».

«Намысын Қабекеннің әперем деп,
Келіпті қанжығалы ер Бөгенбай».

«Намысын Қабанбайдың әперем деп,
Керейден іздеп кепті ер Жәнібек».

«Бас қосты барлық батыр дегеннен соң,
Керейден өзі жәдік Жантай кепті».

«Бас қосты барлық батыр дегеннен соң,
Келіпті көкжарлыдан Көкжалбарақ».

«Бас қосты барлық батыр дегеннен соң,
Келіпті мұрынтайдан би Мұрынбай».

«Намысын Қабанбайдың әперем деп,
Келіпті шаншықұлдан Бердіқожа».

«Бас қосты сонша батыр дегеннен соң,
Келіпті бағанадан батыр Шүрек».

«Бас қосты сонша батыр дегеннен соң,
Тоқпақтан іздеп кепті ер Қасабай».

«Бас қосты барлық батыр дегеннен соң,
Келіпті Тоғас-Қосай ер Дәулетбай».

...Келіпті Қаз дауысты ер Қазыбек.

...Үйсіннен іздеп кепті Райымбек.
 «Бас қосты сонша батыр дегеннен соң,
 Келіпті қаптағайдан Қарашоқай».
 «Бас қосты сонша батыр дегеннен соң,
 Келіпті төрт қос атпен тентек Матай».
 «Бас қосты сонша батыр дегеннен соң,

Келіпті терістаңбалыдан Жалғыз қарак» [5;77-78.]. Сол кездегі Қабанбаймен қатар өмір сүрген, қазақ ұлтының тәуелсіздігі мен намысы үшін батырмен бірге жауға аттанған ірі батырлар, ел сөзін ұстаған билер, елді бастаған атақты хан Абылайдың Қабанбайдың намысына ара түсуге жиналғаны - елдің тұтастығын, ұлттық сананың жоғары деңгейде болғанын танытатын бүгінгі күн үшін маңызды деректер. Сонымен бірге, бұлардың Қабанбай аулына шақыртусыз келуі - батыр мінезін даралап тұрған оқиғалар. Қабанбай батырдың қазақ ұлты тарихындағы орнын танытатын жайт. «Кейбір жырлар оқиғасының күрделілігі, кейіпкерлерінің молдығы, әлеуметтік қайшылықтарын ашу дәрежесі жағынан роман құрылысына жақындайды» [4;118.],- дейді академик Р. Бердібай. Қабанбай батыр туралы жырдағы жоғарыдағы суреттеулерден осыны көреміз. Сол уақыттағы тұрмыс анық суреттелген. Қабанбайдың бойындағы батырлықты, қолбасшылық қасиет пен шешендік өнер, билік, алысты болжайтын ақылдылық, сабырлылық пен мейірімділік сияқты қасиеттерді автор өте дәл суреттеулермен танытып отырады. Қазақ батырлары жатқан маңға олардың іздеп келген қырғыз манабы Өтеке аулымен өзі көшіп келеді. Бұл да Қабанбай бастаған жорықтың әділеттілігіне ишарат етіледі.

«Қырғыздың өз ішінен бүлік шығып,
 Бір тайпа ел сол араға келіп қапты» [5;80.].

Іздеген жауы өзі іздеп келген соң екі жақ ұрысқа кіріседі. Жасы келген батыр Қабанбайдан бұрын бірнеше атақты батырлар Өтекемен жекпе-жекке шығады.

«Алдымен оған шықты ер Дәулетбай,
 Қырғызды қайтпаймын деп жерге аунатпай.
 Найзамен Өтекені ілемін деп,
 Жығылды аттан ауып ер аумақтай», - дейді автор.
 «Бөгембай жекпе-жекке кез келгенде,

Бөгемді қолға ілмеді түйіп тастап», - деген жолдар ер Бөгембайды кемсіту емес. Атақты Қабанбайдың қарсыласының ешуақытта осал болмағанын таныту үшін айтылған. Қабанбай бейнесін ашатын жекпе-жек суреттеледі. Гипербола емес, нақты соғыс суреті беріледі.

«Қабекен айбаттана айғай салды,
 Ақ найза алты қырлы қолына алды.
 Ашумен кәрін төгіп ер Қабанбай,
 Жекпе-жек Өтекеге өзі барды.

Тіресіп екі батыр айқасады,
Қағысып найзаменен шайқасады.
Ала алмай бірін-бірі ары-бері,
Андысып, арбасады, байқасады.
Найзалар қағысады, шарқылдайды,
Төбінгі бір-біріне сартылдайды.
Қаһарлы ер Қабанбай қайраттанып,
Кекті ашу кеуде кернеп алқымдайды.
Қабекен Қубас атты жанып алды,
Күпәрді бұғанадан періп қалды.
Құлатып Әтекені құрыстырып,
Қаңбақтай үш көтеріп жерге салды»[5;81].

Қабанбайдың күші мен қайратын автор осылай қарапайым және шынайы бейнелейді. Романда қаһарман басынан өткен бірнеше оқиға суреттелуге тиіс екені белгілі. Осы оқиға аяқталар жерде екінші оқиға басталып кетеді. Әтекенің жалғыз қызы әкесінің өлі деңесін алып кетуге Қабанбайдың алдына келеді. Жырда қыздың әкесін жоқтауы берілген. Р. Бердібай: «Қабанбай батыр» жырының өзгешелігі - мұнда халықтың тұрмыс-салт өлеңдері: жоқтау, арнау, көңіл айту, қоштасу, арыздасу кең орын алған» [4;117.]. Яғни тек айтушы тілі емес, бар кейіпкерлердің өз тілі, дәстүр бойынша салт, ғұрып тұтас көрінеді. Сонымен бірге Қабанбай батырдың күшінің үстемдігі де сол қыздың аузымен беріледі. Қабанбайдың әділдігі мен жомарттығы осы қыздың тағдырын шешер тұста көрінеді. Жауымның қызы демей, оның зарына құлақ салып, оған қамқор болады. Астына ат мінгізіп, әкесінің өлігін беріп, жігіттерінен арашалап жүріп еліне қайтарады. Қаһарман мінезін таныту үшін оның психологиясын тереңірек ашу керек болған жағдайда, автор батырдың монологын пайдаланған. Батыр әлсізге қамқор, елге қорған бола алса ғана батыр, күшіне сеніп, көз жасына қарамаған жанды ұлттық эпостардың барлығында батырлар қатарына қоспайды. Қабанбай батыр еліне жорық жасаған Әтекені аямай, өз қылғанын алдына келтіруде қолы қалтырамайды, ал оның зарлы қызының көзжасына қалуды болашаққа артып кетер қиянат деп түсінеді. Бір диалогқа жүктелген қанша салмақ барын осыдан түсінуге болады.

Әрбір оқиға тұсында батырдың жаңа мінезі ашылып, толысып, толығып отырады. Роман жанрының талабына сәйкес, біртіндеп «жан диалектикасы» ашылып отырады. «Жырда Қабанбай ел кегін қуушы, жауын жекпе-жекте, адал айқас үстінде түсіруші болып көрінеді. оның адамшылық парасаты бірте-бірте ашылады» [4;108.], - дейді ғалым Б. Әбілқасымов.

Батырға сауға сұрай келген қайғылы қыз ерекше тайлақ жетелеп келеді де, Қабанбайға тарту етеді. Сол тайлақ батырдың інісі Дәулетбаймен араздасуына себеп болады. Автор сол бір тайлақтың ерекшелігін әдемі суреттейді. Бірақ қазіргі оқырман оның қасиетін онша бағалай алмайды ғой деп ойлаймыз. Атақты

батырдың сол бір қыз берген тайлақ үшін жорықтарға бірге шығып жүрген інісін өкпелеткеніне немесе інісінің тайлақты бермедің деп батырдан кетіп, ауа көшкеніне онша түсіне қоймайды-ау. Бұл бұдан екі жарым ғасыр бұрынғы оқиға екенін естен шығаруға болмайды. Әтекенің қызы бір елдің аяулы аруы жетектеп, ұлы батырға тарту еткен тайлақ сол кез үшін құны өзгеше бағалы болғандығында сөз жоқ. Мал арасында өсіп, оның сынынан қасиетін танитын өткен ғасырдың оқырмандарына анық бұл таластың сыры қазіргі оқырманға өте бір мәнсіз нәрседей болып көрінуі мүмкін. Одан кейінгі оқиға - Қабанбай батырдың науқасқа ұшырауы. Ешбір жауға дес бермеген қайран батыр аурудың, одан кейін келе жатқан ажалдың алдында тізе бүгеді. Бұл да романның өмірдің бар қабаттарын тінті суреттеу мүмкіндігі бар жанр екенін дәлелдейді. Дауасыз дерт Қабанбайдың өз шаңырағына ғана емес, түгел қазақ еліне ауыр тиеді. Дәстүр бойынша, еліміздің елдігін танытатын қасиет көрінеді. Басы хан Абылай болып ел жақсылары қасиетті батырдың көңілін сұрап келеді. Жырда осы бір ірі қасиеттер етрекше назар аудартады.

«Қабанбай қатты науқас дегенді естіп,

Келіпті көңілін сұрай хан Абылай».

«Қабекең науқас болды дегенді естіп,

Батырдың өзі тұстас бәрі келді».

«Сексеннің сегізінде Бұқар келді,

Көңілін Қабанбайдың сұрай келді.

Болса да жасы жеткен үлкен адам,

Солқылдап жас баладай жылай келді»[5;88.].

Қазақ ұлтының қамын ойлап, «көмекей әулие» атанған қарт жыраудың батырды қимай жылауы - елдің тірегі болған батырға деген құрмет пен елдің келешегін ойлаған қайғы екені жырдан анық көрінеді. Бұқар айтқан толғауда Қабанбай батырдың бар мінезі толық ашылған. Оның тарихи орны мен ұлт үшін істеген адал қызметі өлшеусіз, баға жетпес құнды екенін жыраудың тарихи толғауы растап тұр. Жырдың романдық сипатын да ашып бере алады. Романның басқа эпикалық жанрлардан негізгі ерекшелігі - оның тілінің көп қабаттылығы деп көрсетеді ғалымдар. Біз сөз етіп отырған жырда әр кейіпкер өз тілімен ғана сөйлейді. Әкесінен қапыда айрылып, қайғыда отырған бұла ару, ел дәстүрімен жоқтай келеді. Ағасына арқа сүйеп, өзінің де ағасының алдында қадірлі екенін білетін Дәулетбай еркелей келеді. Ал тоқсанға келіп қалған, алдынан адам шықпас қарт жырау батырына төніп келген қауіпті ойлап, жар астында бұғып жатқан жау барын да ескеріп, ел қамымен жылай толғап келеді. Міне, үш кейіпкердің тілі де, ойы да бір-біріне мүлдем жақындамайтындай қабат-қабат. Сол тіл арқылы тұтас өмір шындығы беріліп тұр. Қабанбай характерін даралап та, типтендіріп те көрсеткен Бұқар толғауына қараңыз.

«Айналайын Қабанбай,

Жау келгенде жарағым,

Алыстан асып дау келсе,
Түрүлі тұрған құлағым.
Жақыннан жарым жау шықса,
Белдеудегі пырағым.
Мын жылқыны суарған,
Төскейден аққан бұлағым.
Кеше түсте естідім, Қабанбай ауру дегенде,
Жетімсіреп жыладым.
Бір құдайдан сұрадым:
Арғыннан айттым жүз кісі,
Найманнан айттым жүз кісі,
Үйсіннен айттым жүз кісі,
Үш жүз кісі болар ма, Айналайын Қабанбай,
Қара мойын лағың»[5;90].

Қабанбайды аман қалдыр деп, құдайға қара мойын лақ емес, үш рудан үш жүз кісі құрбандық айтқан жырауды кім кінәлайды? Бұл бүкіл ел аман қалу үшін Қабанбайдай батырлар сау жүруі керек екенін танытатын әлеуметтік, тарихи шындық. Бүкіл елдің бірлігін танытатын аса құнды сөз. Бұқар мен Қабанбай бір рудың ғана адамы емес, бүкіл қазақ қоғамының ірі тұлғасы. Жыраудың өз сөзінде үш жүз адамды ойланбай бір батырға құрбандық етуін осылай түсінген дұрыс деп есептейміз. Сонымен бірге Бұқар жырау ағайын арасының да татулығын қолдаған кәдімгі таза қазақы ойдың иесі. «Ағайынды адамның өкпесі бар, кегі жоқ»,- деп өкпелеп кеткен Дәулетбайға «ептеп айтып алып келіндер»,- деп кісі жібереді.

Қабанбайдың тағы бір дара мінезі осы жерде көрінеді. Бауырына ұлттық дара қасиет бойынша аманат тапсырады. Артындағы ұрпағының «мұңлық», зарлық», «қорлық» күйін кешпесін деп інісіне тапсырады да, сол сөздердің мәнәсән ашады. Қабанбай данышпан қарияға айналады.

«Мұңлықтың жайын айтайын:

Ерде ақыл болар ма, қонысынан ауған соң?

Әйелде ас болар ма, біреуден сауын сауған соң?

Бұдан мұңлық өтер ме?

Қорлықтың жайын айтайын:

Жақынынан жау шықса, айғырың қалар арқырап,

Құлының қалар шырқырап, бұдан қорлық өтер ме?

Зарлықтың жайын айтайын:

Қозысы өлсе саулық қой - артында қалар маңырап.

Ботасы өлген түйенін, Түгемес зары аңырап,

Бұдан зарлық өтер ме?»[5;95].

Р. Бердібайдың сөзімен айтар болсақ: «Мұнда Қабанбай соғыс кезінде қорған болса, бейбітшілік кезде ел қамқоры сипатында берілген» [36;118].

Қабанбайдай аруақты батыр жай ғана төсекте жатып аурудан өлсе, мүмкін, арманда кетер ме еді, құлын сүйгіш Алла қасиетті жанның өлімін де тек өзіне лайық етіп бұйырыпты. Келесі оқиға - Өтекенің ұлы Садырдың кек алмақ болып ауырып жатқан Қабанбай аулына келуі. Бұл хабарды батырдың жан жолдасы, атқосшысы Шағалақ жеткізеді. Алдымен жайсыз хабарды батырдың аты сезеді дейтін эпостық жырлардағы сарын көрініс береді. Бұл сарын емес, шынайы табиғи қасиет. Жылқы малының ерекше болмысы деп түсінетін уақыт жеткен сияқты.

«Жүгіріп шықтым белеңге,

Кубас ат шөп жұлмайды дегенге»[5;95.],- деп қарулас досына, атақты әскербасына жамандықтың сырын тұлпарының мінезі арқылы танытады. Мұны бұрыннан атын баптап жүрген ежелгі серігі жақсы таныған. Шағалақ өзеннен өтіп жатқан мол әскерді көреді. Жау әдейі Қабанбай төсектен тұра алмай жатқанын біліп, оны өлер алдында қорламақ болған. Бұл - бүкіл қазақ ұлтына үлкен сын, қазақ қолы жеңілсе сүйекке салынған кетпес мін болмақ және Қабанбай өкінішпен өлмек. Қабанбайдың жай білектің ғана күштісі емес, күш пен ақыл, намыс пен парасат қатар қонған, басына бақ болып дарыған, аруақты батыр екені тағы бір дәлелденеді. Батырдың шын тілегін Алла қабыл еткендігін, оның жаратушының сүйген құлы болғандығын жыршылар әсіресе, сүйсіне жырлаған сияқты. Шағалақ болған жайтты хабарлап, сөзін былай аяқтайды:

«Састым ғой, аға, састым ғой!

Қабанбайдың көзі тірісінде елін шабам дегенге».

Намысын қорламақ болған дұшпан сөзін естіген батырдың жан киналысын автор былай береді:

«Мұны естіп Қабекен, Қабағат қатты сұстанды.

Қатуланды керемет, Жапырардай дұшпанды.

Қаһары қатты кісі екені, қаһарланып кетіпті:

Шашы ұзын кісі екен - маңдайын жауып кетіпті.

Кірпігі ұзын кісі екен - бетін жауып кетіпті.

Сақалы ұзын кісі екен - кеудесін жауып кетіпті.

Буырқанғанда сыртына түгі шығып кетіпті»[5;95-96.].

Қатты намыс қысып қаһарланған батырдың ішкі қуатының әсерінен барлық шашы, сақалы, кірпіктері тікелей ерекше бейнеге түскендей. Батырға тән өзгеше портрет жасалынған. Жанды, бет пішініндегі ішкі дүмпудің қуатты қимылдарын көрсететін сурет. «Төба шашы тік тұрды», «түгі бетіне шықты» деген тіркестер осындай құбылысты елестетуден пайда болды ма екен деген ойға жетелейді. Батыр Алладан денесіне қуат беріп, бойын қатайтуды тілейді. «Қабылдап Алла тілегін, Буынын әбден қатайтты»,- дейді автор. Мұны ойдан шығарылған қиял деуі де мүмкін. Біз сонша қуат беріп, ерекше аянмен өміріне бағыт беріп отырған Алла сүйікті құлының соңғы тілегін,

онда да өзінің жеке басы үшін емес, дүйім елдің азаттығы үшін күреске шықпақ болған тілегін орындаған ғой деп ойлаймыз. Бұл мүмкін, батырдың ішкі қуатының барлығын тігіретіп, жанды қимылға түсірген психологиялық қуаты да болуы мүмкін. «Буырқанғанда сыртына түгі шығып кетіпті» дегенде автор сол ішкі психологиялық құбылыстың әсерін көрсетіп отыр ғой. Батырға жеткен хабар өзі күтіп жатқан өлімнен әлдеқайда ауыр болатын. Сонда Қабанбайдың бейнесінде әлгіндей өзгерістер болатынына сенесің, автор осыған өзі де сенеді. Соңғы жорыққа кетіп бара жатқан батыр өмірлік серігі болған Кубас атымен сырласады. Монологы арқылы ұлтының болашағын ойлаған сарбаз бейнесі ашылады.

«Ей, Кубасым, Кубасым,
Қабанбай өлді дегізбе,
Төрт арыстың баласын
Енді ешкімге жегізбе»[5;97.]

Жетпіс сегізге келген батыр он алты жастағы Садырмен жекпе-жекке шығады. Соғыс толық суреттелмеген. «Бұғанадан найза жеп, бала жерге құлады» деп қана көрсетеді. Осыдан кейін Қабанбайдың да халі нашарлай береді. Соңғы өсиетін айтады. Інісі Дәулетбайға өз мүрдесін үш күн күзетіп тұруын өтінеді. Ал үш күннен соң оның мүрдесін әкетуге Меккеден ақбас атан келеді деген ой айтылған. Қабанбайды білетіндер айтып жүрген сөзді де, сол соңғы қоштасуында айтқан: «Алыс-туыс демеймін, Мұсылман-кәпір демеймін. Кім бұрын атымды атаса, Соны қолдап кетпекпін», - деген екен аруакты батыр, данышпан қарт. Романды бағалағанда, соңғы көзқарас бойынша, ондағы негізгі қаһарманның характерін тұтас көрсетілуіне, оның өмірі қаншалықты қамтылғанына мән беріліп жүр. Жырда Қабанбайдың соңғы кездегі өмірінде болған бірнеше оқиға суреттелгені шындық, бірақ толғау, монолог арқылы батырдың өткен өмірі де көрсетіледі. Ал оның бар мінезі анықтыққа жеткізе суреттелген деуге болады. Сондықтан, бұл «әлеуметтік-тұрмыс романы»(Р.Бердібай) деуге дәлелдері жеткілікті шығарма деп есептейміз.

Қорыта айтқанда, Қабанбай батыр туралы жыр батырдың бар өнегелі өмірін қамтыған, еліміздің тұрмысы мен салтын қоса суреттеген, батыр және оның айналасындағы ірі тарихи тұлғалардың дара мінезін, сол арқылы қазақ қоғамының ірі әлеуметтік тарихи мәселелерін көрсете алған. Композициялық сюжеттік құрылымымен ХҮІІІ ғасырда ауызша шығарылған қазақ романы десек, ешбір елден ұялмайтындай көркем туынды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қаратаев М. 3 томдық шығ.жин. 3-т. Алматы. «Жазушы». 1974.
2. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. 1-т. Алматы. 1958.

3. Кәкішұлы Т. XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің ағымдары. / кітапта: Нұрғали Р. 7 томдық шығ. жин. 5-т. Астана «Фолиант». 2005. 536 б.
4. Бердібай Р. Эпос мұраты. Алматы. «Білім». 1997. 320 б.
5. Қаракерей Қабанбай. Алматы. «Жазушы». 1991.

Резюме

В статье рассматривается жанр романа в казахской устной литературе.

Resume

The article views novel's genre in kazakh spoken literature.

НАШИ АВТОРЫ

Ахметов Е.Б. – старший преподаватель, кафедра Уголовного права и криминологии, Павлодарский государственный университет им. С.Торайгырова, г. Павлодар.

Абилов Алдажар – к.ф.н., Кызылординский государственный университет им. Коркыт ата, г. Кызылорда.

Гарифолла Анес - директор издательства «Арыс», г. Алматы.

Дальбергенова Ляззат Елемесовна - магистр пед. наук, старший преподаватель, кафедра немецкого языка и филологии, Кокшетауский Государственный Университет им. Ш.Уалиханова, г. Кокшетау.,

Жусупов Нартай Куандыкович – д.ф.н., профессор, Павлодарский государственный университет им. С.Торайгырова, г. Павлодар.

Зейнулина Айман Файзулловна - к.ф.н., профессор, зав. кафедрой казахского языка, Павлодарский государственный университет им. С.Торайгырова, г. Павлодар.

Имамбаева Г.Е. – к.ф.н., доцент кафедры журналистики и русской филологии, Инновационный Евразийский университет, г. Павлодар.

Камалкызы Жанымгүл - к.ф.н., доцент, Международный Казахско-Турецкий университет им. Х.А. Ясави, г. Туркестан.

Касым Б. - д.ф.н., профессор, зав. кафедрой казахского языка, Казахский национальный педагогический университет им. Абая, г. Алматы.

Маишур-Жусуп Куандык - д.ф.н., профессор, Павлодарский государственный университет им. С.Торайгырова, г. Павлодар.

Момынова Багдан - профессор, Казахский государственный национальный университет им. Аль-Фараби, г. Алматы.

Рысалды Кусаин Тынысбаевич - д.ф.н., профессор, зав. кафедрой грамматики немецкого языка, Казахский университет международных отношений и мировых языков им. Аблай хана, г. Алматы.

Сарбалаев Жаксыбай Турсынович - к.ф.н., профессор, Павлодарский государственный университет им. С.Торайгырова, г. Павлодар.

Трушев Айтмухамет Касымбаевич - д.ф.н., профессор, Павлодарский государственный университет им. С.Торайгырова, г. Павлодар.

Утанова Айзада - к.ф.н., доцент, Казахский гуманитарный юридический университет, г.Астана.

Шындалиева М. - д.ф.н., профессор, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана.

ПРАВИЛА ДЛЯ АВТОРОВ

(“Вестник ПГУ”, “Наука и техника Казахстана”,
“Өлкетану-Краеведение”)

1. В журналы принимаются рукописи статей по всем научным направлениям в 1 экземпляре, набранные на компьютере, напечатанные на одной стороне листа с полуторным межстрочным интервалом, с полями 3 см со всех сторон листа и дискета со всеми материалами в текстовом редакторе “Word 7,0 (‘97, 2000) для Windows”.

2. Общий объем рукописи, включая аннотацию, литературу, таблицы и рисунки, не должен превышать **8-10 страниц**.

3. Статья должна сопровождаться рецензией доктора или кандидата наук для авторов, не имеющих ученой степени.

4. Статьи должны быть оформлены в строгом соответствии со следующими правилами: - УДК по таблицам универсальной десятичной классификации;

- название статьи: кегль -14 пунктов, гарнитура - **Times New Roman Cyr** (для русского, английского и немецкого языков), **KZ Times New Roman** (для казахского языка), заглавные, жирные, абзац центрованный;

- инициалы и фамилия(-и) автора(-ов), полное название учреждения: кегль - 12 пунктов, гарнитура - Arial (для русского, английского и немецкого языков), KZ Arial (для казахского языка), абзац центрованный;

- аннотация на казахском, русском и английском языках: кегль - 10 пунктов, гарнитура - Times New Roman (для русского, английского и немецкого языков), KZ Times New Roman (для казахского языка), курсив, отступ слева-справа - 1 см, одинарный межстрочный интервал;

- текст статьи: кегль - 12 пунктов, гарнитура - Times New Roman (для русского, английского и немецкого языков), KZ Times New Roman (для казахского языка), полуторный межстрочный интервал;

- список использованной литературы (ссылки и примечания в рукописи обозначаются сквозной нумерацией и заключаются в квадратные скобки). Список литературы должен быть оформлен в соответствии с ГОСТ 7.1-84.-
например:

ЛИТЕРАТУРА

1. Автор. Название статьи // Название журнала. Год издания. Том (например, Т.26.) номер (например, № 3.) страница (например С. 34. или С. 15-24.)

2. Андреева С.А. Название книги. Место издания (например, М.:) Издательство (например, Наука,) год издания. Общее число страниц в книге (например, 239 с.) или конкретная страница (например, С. 67.)

На отдельной странице (в бумажном и электронном варианте) приводятся сведения об авторе: - Ф.И.О. полностью, ученая степень и ученое звание, место работы (для публикации в разделе “Наши авторы”);

- полные почтовые адреса, номера служебного и домашнего телефонов, E-mail (для связи редакции с авторами, не публикуются);

- название статьи и фамилия (-и) автора(-ов) на казахском, русском и английском языках (для “Содержания”).

4. Иллюстрации. Перечень рисунков и подрисовочные надписи к ним представляют по тексту статьи. В электронной версии рисунки и иллюстрации представляются в формате TIF или JPG с разрешением не менее 300 dpi.

5. Математические формулы должны быть набраны как Microsoft Equation (каждая формула - один объект).

6. Автор просматривает и визирует гранки статьи и несет ответственность за содержание статьи.

7. Редакция не занимается литературной и стилистической обработкой статьи. Рукописи и дискеты не возвращаются. Статьи, оформленные с нарушением требований, к публикации не принимаются и возвращаются авторам.

8. Рукопись и дискету с материалами следует направлять по адресу:
140008, Республика Казахстан, г. Павлодар, ул. Ломова, 64,

П а в л о д а р с к и й г о с у д а р с т в е н н ы й у н и в е р с и т е т
им. С.Торайгырова,

Издательство «КЕРЕКУ»

Тел. (8 7182) 67-36-69

E-mail: publish@psu.kz

Теруге 15.08.2010ж. жіберілді. Басуға 15.09.2010 ж. қол қойылды.
Форматы 70x100 1/16. Кітап-журнал қағазы.
Көлемі шартты 6,70 б.т. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: З.Ж. Шокубаева
Корректорлар: Б.Б. Әубәкірова, Б.В. Нұрғожина
Тапсырыс №1432
Сдано в набор 15.08.2010 г. Подписано в печать 15.09.2010г.
Формат 70x100 1/16. Бумага книжно-журнальная.
Объем 9,98 ч.-изд. л. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: З.Ж. Шокубаева
Корректоры: Б.Б. Аубакирова, Б.В. Нургожина
Заказ №1432

«КЕРЕКУ» баспасы
С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
E-mail: publish@psu.kz